



Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VII Кодексі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Кодекстің қолданысқа енгізу тәртібін 172-б. қараңыз.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

ЖАЛПЫ БӨЛІК

1-БӨЛІМ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Кодекстен және қабылдануы осы Кодексте көзделген өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында күші болады және ол барлық жеке және заңды тұлғаға қолданылады.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің ережелері, "Астана" халықаралық қаржы орталығы органдарының, олардың ұйымдарының және қатысушыларының қызметі үшін жағдайды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйымды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, оның ведомстволарына және оның құрылымына кіретін ұйымдарға, сондай-ақ қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға, акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын заңды тұлғаларға қолданылмайды.

3. Осы Кодекстің ережелері мемлекеттік құпиялар, Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын, мәслихаттардың депутаттарын, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау, жедел-ізвестіру, барлау, қарсы барлау қызметін жүзеге асыру, елдің сыртқы саяси қызметін, қорғаныс қабілетін және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының сот жүйесін қаржыландыру, активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органды қаржыландыру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының

зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

4. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекстен басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың кезекті қаржы жылына арналған тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерден ақша бөлу туралы актілері, осы актілердің қайтарымды негізде ақша бөлу туралы ережелерін қоспағанда, тиісті қаржы жылы аяқталғаннан кейін күшін жояды.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдары бойынша республикалық бюджет туралы заңға (жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне) қосымшалардың қолданысы келесі жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңның (жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінің) қолданысқа енгізілуімен күшін жоятын болады.

6. Республикалық бюджет туралы заң, жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың оларды іске асыру туралы актілері, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актілер тиісті қаржы жылының 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

2-бап. Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының негізгі мақсаты мен міндеттері және бюджет қаражатын алушыларға қойылатын жалпы талаптар

1. Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының негізгі мақсаты жүргізіліп жатқан бюджет саясатына сәйкес мемлекеттік басқарудың стратегиялық мақсаттарын, мемлекеттің міндеттері мен функцияларын оларға қол жеткізу немесе іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатының көлемдерімен үйлестіруді қамтамасыз ету болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының негізгі міндеттері:

1) бюджет жүйесінің жұмыс істеуінің, бюджет қаражатының құралуы мен пайдаланылуының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдаланудың негізгі ережелерін, қағидаттары мен тетіктерін белгілеу;

2) бюджеттік, бюджетаралық қатынастарды реттеу;

3) бюджет жүйесінің қағидаттары арқылы мемлекеттік қаржы мен бюджетті тиімді басқару үшін құқықтық негіздер құру болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының негізгі мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін мынадай талаптар көзделеді:

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, жергілікті атқарушы органдардың және бюджет қаражатын өзге де алушылардың Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға бюджетті жоспарлау процесінен тыс кезде бюджет шығыстарын ұлғайту туралы ұсыныстар енгізуіне тыйым салынады;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, жергілікті атқарушы органдардың және бюджет қаражатын өзге де алушылардың бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның, сондай-ақ қажет болған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның және мемлекеттік қазынашылықтың келісімінсіз Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының осы баптың 2-тармағында белгіленген міндеттерін орындау тетіктерін немесе құралдарын өзгертуге байланысты ұсыныстар енгізуіне тыйым салынады;

жергілікті уәкілетті салалық мемлекеттік органдардың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның келісімінсіз және осы Кодекстің 73-бабының 2-тармағында көзделген рәсімдерді сақтамай орталық салалық мемлекеттік органдардың бюджет шығыстарын ұлғайту, қысқарту және (немесе) қайта бөлу туралы ұсыныстарын келісуіне тыйым салынады.

4. Жергілікті қоғамдастық жиналысы қарайтын, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары арасындағы келіспеушіліктерді қоспағанда, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган арасындағы келіспеушіліктерді тиісті бюджет комиссиясы қарайды.

3-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бекітілген бюджет – Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат бекіткен бюджет;

2) бюджет – мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры;

3) бюджет жүйесі – бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджет процестері мен қатынастардың, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, бюджеттен тыс қорлармен қатынастардың жиынтығы;

- 4) бюджет қаражаты – мемлекеттік меншікке түсуі және жұмсалуды бюджетте ақшалай нысанда көрсетілетін мемлекеттің ақшасы мен өзге де активтері;
- 5) бюджет қаражатының игерілмеуі – бюджет қаражатының үнемделуін, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың бастамаларына арналған резервтің бөлінбеген қалдығын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген нысаналы трансферттердің қайтарылуын және есепті қаржы жылында бөлінген, осы Кодекске сәйкес толық пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерінің қайтарылуын шегергенде, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының бюджеттік бағдарлама бойынша төленген міндеттемелерден есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қалыптасқан асып кетуі;
- 6) бюджет процесі – бюджет процесіне қатысушылардың бюджетті болжау, жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау, секвестрлеу және түзету, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілікті, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу, мониторинг және нәтижелерді бағалау кезеңдеріндегі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында регламенттелген қызметі;
- 7) бюджет саясаты – мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқару жөніндегі шаралардың жиынтығы;
- 8) бюджеттен тыс қор – негізгі мақсаты республиканы немесе өңірді дамытудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іске асыру болып табылатын, мемлекет құрылтайшысы және жалғыз акционері болып табылатын заңды тұлға немесе қолма-қол ақшаны бақылау шоты нысанында құрылатын орталықтандырылған ақша қоры;
- 9) бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз орындалуы – бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге, оның ішінде бюджет қаражаты толық игерілген кезде қол жеткізбеу;
- 10) бюджеттік қатынастар – бюджет процесінде туындайтын қатынастар;
- 11) бюджеттік операциялар – бюджетті атқару процесінде жүзеге асырылатын операциялар;
- 12) есепті қаржы жылы – жоспарлы кезеңнің ағымдағы қаржы жылының алдындағы жыл;
- 13) жоспарлы кезең – ағымдағы қаржы жылынан кейінгі үш қаржы жылы;
- 14) кезекті қаржы жылы – ағымдағы қаржы жылынан кейінгі жыл;
- 15) қаржы жылы – бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып, 31 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі;
- 16) қаржыландыру – бюджет ақшасын оны алушыларға бөлу;
- 17) қысқа мерзімді кезең – ұзақтығы бір жылға дейінгі кезең;

18) мемлекет активтері – өткен операциялар немесе оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік меншікке алынған, құндық бағасы бар мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құқықтар;

19) мемлекеттік инвестициялық жоба – жаңа өндірістер құруды, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және (немесе) жаңартуды қоса алғанда, активтер құруға және (немесе) дамытуға бағытталған, осы Кодексте көзделген іс-шаралар кешені;

20) мемлекеттік қаржы – республикалық бюджеттің, жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, бюджеттен тыс қорлардың мемлекеттік сектордың активтері мен міндеттемелерін қалыптастыру, бөлу, қайта бөлу кезінде туындайтын қатынастар жүйесі;

21) мемлекеттік қаржының орнықтылығы – ұзақ мерзімді кезеңде мемлекет міндеттемелерін ескере отырып, оның міндеттері мен функцияларының іске асырылуын қаржыландыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік қаржының жай-күйі;

22) нақтыланған бюджет – атқарылуы барысында Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып бекітілген бюджет;

23) нәтижелердің көрсеткіштері – мемлекеттік органның даму жоспарын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларын немесе даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын іске асыру бойынша мемлекеттік органның, сондай-ақ өздерінің іс-шаралар жоспарларын немесе даму жоспарларын іске асыру бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін сипаттайтын нысаналы индикаторлардың, түпкілікті нәтижелердің жиынтығы ;

24) нысаналы индикатор – мемлекеттік органның даму жоспарының, квазимемлекеттік сектор субъектісінің іс-шаралар жоспарының немесе даму жоспарының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін көрсеткіш;

25) орта мерзімді кезең – ағымдағы қаржы жылынан кейінгі, ұзақтығы бір жылдан бес жылға дейінгі кезең;

26) теңгерімділік – қабылданатын міндеттемелердің бюджет жобасында белгіленгеннен артық емес деңгейде жоспарланатын бюджет қаражатының көлемдеріне сәйкестігі;

27) түзетілген бюджет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің шешімдері және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері негізінде атқарылу барысында енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып бекітілген (нақтыланған) бюджет;

28) түпкілікті нәтиже – көзделген бюджет қаражаты шегінде мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына және (немесе) нысаналы индикаторына қол жеткізуді сапамен өлшейтін бюджеттік бағдарлама паспортының көрсеткіші;

29) ұзақ мерзімді кезең – ағымдағы қаржы жылынан кейінгі, ұзақтығы бес жылдан отыз жылға дейінгі кезең.

2. Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының осы бапта көрсетілмеген басқа да ұғымдары осы Кодекстің тиісті баптарында айқындалатын мәндерінде пайдаланылады.

Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, осы Кодексте пайдаланылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да салаларының ұғымдары Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті салаларында пайдаланылатын мәндерінде қолданылады.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы ұғымдарының анықтамалары Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да салалары ұғымдарының анықтамаларымен сай келмеген кезде бюджеттік қатынастарға қатысты Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының ұғымдары пайдаланылады.

4-бап. Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің негізгі қағидаттары

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1) біртұтастық қағидаты – Қазақстан Республикасындағы бюджет процесінің бірыңғай рәсімдері мен техникалық шешімдерін пайдалана отырып, бюджет жүйесін ұйымдастыру мен оның жұмыс істеуінің бірыңғай қағидаттарын қолдану;

2) мемлекеттік қаржының орнықтылық қағидаты – мемлекеттің ұзақ мерзімді және орта мерзімді кезеңдердегі міндеттемелерін ескере отырып, оның міндеттері мен функцияларының іске асырылуын қаржыландыруды қамтамасыз ететін бюджет саясатын қалыптастыру;

3) толымдылық қағидаты – бюджетте және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық тиісті түсімдер мен шығыстардың толық көрсетілуі және есепке алынуы, бюджет қаражатын, сол сияқты бюджет қаражаты бойынша талап ету құқықтарының басқаға берілуін пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке жатқызуға жол бермеу;

4) негізділік қағидаты – бюджет жобасына қандай да бір түсімдерді немесе шығыстарды енгізу қажеттілігін және олардың көлемдерінің негізділігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер мен басқа да құжаттар негізінде

әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштеріне сәйкес бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын және мемлекеттің активтерін жоспарлау және пайдалану;

5) дәйектілік қағидаты – мемлекеттік органдардың бюджеттік қатынастар саласында бұрын қабылданған шешімдерді сақтауы, бюджеттік құжаттамада соңғы үш есепті қаржы жылындағы және жоспарлы кезеңге бекітілген (нақтыланған) бюджетте көзделген үш жылға мәліметтерді көрсету;

6) тиімділік қағидаты – мемлекеттік функцияларды іске асыруды және бюджет қаражатының көлемі аз кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді сапалы ұсынуды қамтамасыз ете отырып, шығыстар мен нәтижелер арасындағы оңтайлы арақатынасқа қол жеткізу қажеттілігін негізге ала отырып, бюджет процесін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын жоспарлау мен пайдалануды жүзеге асыру;

7) нәтижелілік қағидаты – бюджетті жоспарлау және атқару, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалану, мемлекеттік органдардың даму жоспарларында, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларында немесе іс-шаралар жоспарларында немесе бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған әкімшілік және басқарушылық шешімдер қабылдау;

8) бюджеттің дербестігі қағидаты – осы Кодекске сәйкес әртүрлі деңгейдегі бюджеттер арасында түсімдердің тұрақты бөлінуін белгілеу және оларды жұмсау бағыттарын айқындау, осы Кодекске сәйкес мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінің бюджет процесін дербес жүзеге асыру құқығы, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша алынған кірістерді және жергілікті бюджеттердің бюджет қаражатының қалдықтарын жоғары тұрған бюджеттерге алып қоюға жол берілмеуі, төмен тұрған бюджеттерге тиісті өтеусіз қосымша шығыстар жүктеуге жол берілмеуі;

9) кассаның біртұтастығы қағидаты – бюджетке түсетін барлық түсімді бірыңғай қазынашылық шотқа есепке жатқызу және көзделген барлық шығысты бірыңғай қазынашылық шоттан ұлттық валютамен жүзеге асыру;

10) транспаренттілік қағидаты – мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, бюджет процесінің қоғам үшін ашықтығы мен қолжетімділігі, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, мемлекеттік қаржы туралы мәліметтердің, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттердің және осы Кодексте айқындалған басқа да құжаттардың міндетті түрде жариялануы.

5-бап. Бюджет процесіне қатысушылар

Мыналар бюджет процесіне қатысушылар болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары;
- 2) өкілді органдар – Қазақстан Республикасының Парламенті және мәслихаттар;
- 3) мемлекеттік органдар;
- 4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары;
- 5) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджет саясаты, оның ішінде бюджет жүйесін дамыту саласында, мемлекеттік қаржыны басқару және кірістерді болжау, экономикалық саясат, инвестицияларды тарту саясаты, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік инвестициялық жобалар, бюджетаралық қатынастар, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш, мемлекеттік активтерді басқару, осы Кодексте белгіленген құзыреттер шегінде гранттар тарту және пайдалану саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 6) өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган – өңірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 7) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган – мемлекеттік жоспарлау және стратегиялық, бақылау, іске асыру және реттеу функциялары саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 8) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджеттік жоспарлау саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді, өз құзыреті шегінде бюджеттік жоспарлау бойынша әдіснамалық басшылықты, сондай-ақ бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 9) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, бюджеттен тыс қорлардың атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 10) мемлекеттік қазынашылық – бюджетті атқару жөніндегі орталық атқарушы органның бюджетті қазынашылық атқару жөніндегі уәкілетті органының функциялары жүктелген ведомствосы;
- 11) мемлекеттік қазынашылық органдары – мемлекеттік қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері;

12) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған мемлекеттік кірістер органдары;

13) жеке және заңды тұлғалардан республикалық немесе жергілікті бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін салықтық емес түсімдерді алуға жауапты және олардың түсуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар (бұдан әрі – салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдар);

14) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында функцияларды жүзеге асыратын, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

15) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган – бюджетті атқару, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

16) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес – негізгі міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану мәселелері бойынша жәрдемдесу, ұсыныстар әзірлеу, қарау және Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынымдар қалыптастыру болып табылатын Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңесті құру туралы шешімді, оның құрамын және ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді ;

17) бюджет комиссиясы – бюджет жобасын уақтылы және сапалы әзірлеуді қамтамасыз ету және бюджетті жоспарлау мен атқару бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылатын консультативтік-кеңесші орган.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Республикалық бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені, құзыреті мен құрамын бекітеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары тиісті жергілікті бюджет комиссияларын құрады, олар туралы ережелерді, құзыреті мен құрамын бекітеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы ведомстволық бюджет комиссиясын құрады, оның жұмыс органын айқындайды және ол туралы ережені, құзыреті мен құрамын бекітеді.

Бюджет комиссиялары өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

Республикалық бюджет комиссиясының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссияларының құзыретіне:

1) әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, мемлекеттік органдардың даму жоспарларының жобалары немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының жобалары немесе оларға өзгерістер мен толықтырулардың жобалары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттері және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) бюджеттер жобаларының көрсеткіштерін айқындау, бюджеттерді нақтылау, түзету бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша, оның ішінде осы Кодекстің 73-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің бесінші абзацында көзделген жағдайда ұсыныстар әзірлеу;

4) осы Кодекстің ережелерін іске асыру үшін әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

5) шығыстарға шолу, бюджеттік мониторинг нәтижелерін, нәтижелерге жүргізілген бағалауды қарау және олар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

6) осы Кодексте, сондай-ақ бюджет комиссиялары туралы ережелерде көзделген өзге де өкілеттіктер кіреді.

Ведомстволық бюджет комиссияларының құзыретіне:

1) мемлекеттік органның даму жоспарының жобасы немесе мемлекеттік органның даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулардың жобасы, бюджеттік сұранымдар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) бюджеттік мониторинг нәтижелерін, нәтижелерге жүргізілген бағалауды қарау және олар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) осы Кодексте, сондай-ақ ведомстволық бюджет комиссиялары туралы ережелерде көзделген өзге де өкілеттіктер кіреді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар тиісінше Республикалық бюджет комиссиясының және жергілікті бюджет комиссияларының жұмыс органдары болып табылады.

Тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі жергілікті бюджет комиссиясының төрағасы болып табылады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бірінші басшысы жергілікті бюджет комиссиясының хатшысы болып табылады.

Бюджет комиссиясының қызметін ұйымдастыру тәртібін тиісті бюджет комиссиясының жұмыс органы әзірлейді және айқындайды;

18) қоғамдық кеңес – "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын консультативтік-кеңесші, байқаушы орган;

19) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және олардың нәтижелеріне қол жеткізуге жауапты, өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген функцияларға, өкілеттіктер мен құзыреттерге сәйкес айқындалатын мемлекеттік орган.

Егер бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бір мезгілде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі және мемлекеттік мекеме болып табылса, ол бюджет қаражатын дербес пайдаланады.

Облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық полиция органдарын, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі органдарын және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарын қоспағанда, мемлекеттік органдардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелері бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бола алмайды;

20) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын Ұлттық әл-ауқат қоры, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, "Астана" халықаралық қаржы орталығы органдарының, олардың ұйымдарының және қатысушыларының қызметі үшін жағдайларды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйым;

21) дербес білім беру ұйымы – Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын, құқықтық мәртебесі және қызметінің айрықша құқықтық режимі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалатын, мүшелігі болмайтын коммерциялық емес ұйым;

22) бюджет қаражатын алушылар – бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері немесе квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы алатын және оны мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар.

Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражатын алушылар бюджет қаражатын нысаналы мақсаты бойынша жұмсауға және осы Кодекске сәйкес әзірленетін бюджеттік және өзге де құжаттамада айқындалған нәтижелерге қол жеткізу бойынша қабылдаған міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражатын алушылардың, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыйақы алу мақсатында бюджет қаражатын депозиттерге және басқа да қаржы құралдарына, оның ішінде шетелдегі қаржы құралдарына орналастыруына тыйым салынады;

23) Қазақстан Республикасының резиденттері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасында орналасқан заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында және (немесе) оның шегінен тыс жерлерде орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

24) қаржы агенттігі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген және осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының қаржы нарығында және (немесе) халықаралық қаржы нарығында қарыз алуды жүзеге асыратын ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет жүз пайыз қатысатын банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

25) бюджет процесі саласындағы интегратор – бюджет процесін цифрландыру мен автоматтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі функциялар жүктелетін, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын, жалғыз акционері мемлекет болып табылатын заңды тұлға.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Бюджет процесін цифрлық трансформациялау

1. Бюджет процесін ақпараттандыру объектілерін цифрлық трансформациялау бюджет процесінің барлық кезеңін қамтиды және ол осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

2. Бюджет процесін цифрлық трансформациялауды бюджет процесі саласындағы интегратор қамтамасыз етеді.

Жергілікті бюджеттерді бюджеттік жоспарлау процесін цифрлық трансформациялауды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

3. Бюджет процесі саласындағы интегратор:

бюджет процесін ақпараттандыру объектілерін құруды, сүйемелдеуді, дамытуды, олардың ақпараттық қауіпсіздігін және оларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

бюджет процесін цифрлық трансформациялау мәселелері бойынша ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсетеді;

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес бюджет процесін ақпараттандыру объектілеріне өкілді органдар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

4. Бюджет процесін ақпараттандыру объектілерінің стандарттары мен оларға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

2-тарау. БЮДЖЕТ ДЕҢГЕЙЛЕРІ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

7-бап. Бюджет деңгейлері

1. Қазақстан Республикасында мынадай деңгейлердегі бюджеттер бекітіледі, атқарылады және дербес болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңымен бекітілетін республикалық бюджет;
- 2) облыстық мәслихаттың, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының шешімімен бекітілетін облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті;
- 3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың шешімімен бекітілетін аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет;
- 4) жергілікті қоғамдастықтың жиналысымен келісілгеннен кейін аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың шешімімен бекітілетін аудандық маңызы бар қала, ауылдың, кент, ауылдық округ бюджеті.

2. Осы Кодексте айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясаттың жалпыреспубликалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры республикалық бюджет болып табылады.

3. Осы Кодексте айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және облыстық деңгейдегі, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті мемлекеттік органдарының, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті болып табылады.

Осы Кодексте айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейдегі жергілікті мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын

қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет болып табылады.

Осы Кодексте айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті болып табылады.

Облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері, аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттер, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері жергілікті бюджеттерге жатады.

4. Осы Кодексте белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасында төтенше мемлекеттік бюджет әзірленуі, бекітілуі және атқарылуы мүмкін.

Төтенше мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттер негізінде қалыптастырылады және Қазақстан Республикасында төтенше немесе соғыс жағдайы ахуалында енгізіледі.

8-бап. Талдамалық ақпарат ретінде пайдаланылатын бюджет түрлері

1. Қазақстан Республикасында талдамалық ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітілуге жатпайтын мынадай бюджет түрлері жасалады:

- мемлекеттік бюджет;
- шоғырландырылған бюджет;
- облыс бюджеті;
- аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті.

2. Өз араларындағы өзара өтелетін операциялар ескерілместен, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры мемлекеттік бюджет болып табылады.

Өз араларындағы өзара өтелетін операциялар ескерілместен, республикалық бюджетті, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарын, бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстарын біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры шоғырландырылған бюджет болып табылады.

Өз араларындағы өзара өтелетін операциялар ескерілместен, облыстық бюджетті, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджетін біріктіретін орталықтандырылған ақша қоры облыс бюджеті болып табылады.

Өз араларындағы өзара өтелетін операциялар ескерілместен, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық

округтер бюджеттерін біріктіретін орталықтандырылған ақша қоры аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті болып табылады.

Шоғырландырылған бюджетті, мемлекеттік бюджетті, облыстың және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін, сондай-ақ қос шотты болғызбау мақсатында бюджеттің бір деңгейінен екінші деңгейіне берілетін трансферттерді, бюджеттік кредиттерді және басқа да төлемдерді алып тастауға байланысты олардың атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру кезінде жүзеге асырылатын операциялар өзара өтелетін операциялар болып табылады.

9-бап. Бюджет құрылымы, бюджеттің түсімдері мен шығыстары

1. Бюджет құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) кірістер:

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

арнаулы түсімдер;

трансферттер түсімдері;

2) шығындар;

3) таза бюджеттік кредиттеу:

бюджеттік кредиттер;

бюджеттік кредиттерді өтеу;

4) қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо:

қаржылық активтерді сатып алу;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер;

5) бюджет тапшылығы (профициті);

6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті);

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):

қарыздар түсімі;

қарыздарды өтеу;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары.

2. Кірістер, бюджеттік кредиттерді өтеу сомалары, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер, қарыздар бюджет түсімдері болып табылады.

Салықтық, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, арнаулы түсімдер, трансферттер түсімдері бюджет кірістері болып табылады.

Арнаулы түсімдер мен нысаналы трансферттерді қоспағанда, кірістердің нысаналы мақсаты болмайды. Кірістердің жаңа түрлерін енгізу, қолданыстағыларының күшін жою немесе өзгерту осы Кодекске міндетті түрде өзгерістер немесе толықтырулар енгізіле отырып жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақыны қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес белгіленген кедендік баждар, кедендік алымдар, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес белгіленген арнаулы, демпингке қарсы, өтемақы баждары салықтық түсімдер болып табылады.

Алдағы кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтарды, арнаулы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес енгізілетін аванстық төлемдер де салықтық түсімдерге жатады.

Мыналар салықтық емес түсімдер болып табылады:

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге жатпайтын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі), Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделгендерден басқа, осы Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленген бюджетке төленетін міндетті, қайтарымсыз төлемдер;

трансферттерден басқа, бюджетке өтеусіз негізде берілетін ақша;

мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша.

Бюджетке:

1) мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан;

2) мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сатудан;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында немесе халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін жеке меншікке сатудан немесе оларды тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беруден не оларды өзге де тәсілмен өткізуден;

4) мемлекетке тиесілі материалдық емес активтерді сатудан түсетін ақша түсімдері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады.

Мыналар арнаулы түсімдер болып табылады:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы;

2) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген жер қойнауын пайдаланушылардың:

өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның инфрақұрылымын дамытуға;

Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға;

қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруға аударымдары;

3) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес салынатын, жер қойнауын пайдаланушылардан қоршаған ортаға жол берілетін антропогендік әсер ету нормативтерін бұзғаны үшін айыппұлдар;

4) жер қойнауын пайдаланушылардан және мұнай секторының ұйымдарынан зиянды өтеу туралы талап қою бойынша алынған қаражат, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес салынатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы айыппұлдар.

Трансферттердің бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан және (немесе) Арнаулы мемлекеттік қордан республикалық бюджетке түсуі трансферттердің түсімдері болып табылады.

Бюджеттен алынған кредиттер бойынша негізгі борышты қайтаруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың төленген мемлекеттік кепілдіктер, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер жөніндегі талаптарды орындауына байланысты бюджетке түсетін түсімдер бюджеттік кредиттерді өтеу сомалары болып табылады.

Бюджетке мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалардың, оның ішінде халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік кәсіпорындардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын, сондай-ақ мемлекеттік заңды тұлғалардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге де мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер болып табылады.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруға және (немесе) қарыз шарттарын жасауға байланысты бюджетке түсетін ақша түсімдері қарыздар болып табылады.

3. Шығындар, бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу, қарыздарды өтеу бюджет шығыстары болып табылады.

Қайтарымсыз негізде бөлінетін бюджет қаражаты шығындар болып табылады.

Осы Кодекстің 30-тарауына сәйкес берілетін бюджет қаражаты бюджеттік кредиттер болып табылады.

Заңды тұлғалардың, оның ішінде халықаралық ұйымдардың қатысу үлестері мен бағалы қағаздарын мемлекеттік меншікке сатып алуға бағытталатын бюджет қаражаты қаржылық активтерді сатып алу болып табылады.

Ішкі және сыртқы мемлекеттік қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бағытталатын бюджет қаражаты қарыздарды өтеу болып табылады.

4. Қарыздарды өтеуді қоспағанда, республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) қарыздар түсімдерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансферттер түсімдерін және шикі мұнайға салынатын кедендік әкету бажын алып тастағандағы республикалық немесе мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер мен республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің шығыстары арасындағы айырмаға тең.

Теріс белгісімен алынған шама – республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы, оң белгісімен алынғаны республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес профициті болып табылады.

Республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің) мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі.

Мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің) мөлшері бекітілмейді және талдамалық мақсаттарда пайдаланылады.

5. Таза бюджеттік кредиттеу бюджеттік кредиттер мен бюджеттік кредиттерді өтеу арасындағы айырма ретінде айқындалады.

6. Қаржылық активтермен жасалатын операцияларда:

- 1) қаржылық активтерді сатып алу;
- 2) мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер қамтылады.

Қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо қаржылық активтерді сатып алу мен мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Қаржылық активтерді сатып алу және мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Бюджет тапшылығы (профициті) кірістер мен шығындар, таза бюджеттік кредиттеу мен қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо арасындағы айырмаға тең.

Теріс белгісімен алынған шама – бюджет тапшылығы, оң белгісімен алынғаны профициті болып табылады.

8. Бюджет тапшылығын қаржыландыру қарыз алу және бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабу арқылы қамтамасыз етіледі.

Бюджет тапшылығын қаржыландыру көлемі алынған қарыздар, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары сомасының қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасынан асып кетуі ретінде айқындалады.

Бюджет тапшылығын қаржыландырудың мәні оң белгісімен белгіленеді және бюджет тапшылығының шамасына сәйкес келеді.

9. Бюджет профицитін пайдалану бюджет профицитін, қарыздар қаражатын, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарын қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсау арқылы жүзеге асырылады.

Бюджет профицитін пайдалану көлемі қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасының алынған қарыздар мен бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарының сомасынан асып кетуі ретінде айқындалады.

Бюджет профицитін пайдаланудың мәні теріс белгісімен белгіленеді және бюджет профицитінің шамасына сәйкес келеді.

3-тарау. БІРЫҢҒАЙ БЮДЖЕТТІК СЫНЫПТАМА

10-бап. Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың анықтамасы және құрамы

1. Сыныптама объектілеріне топтастыру кодтарын бере отырып, бюджет түсімдері мен шығыстарын функционалдық, ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша топтастыру бірыңғай бюджеттік сыныптама болып табылады.

2. Бюджет процесі бірыңғай бюджеттік сыныптама негізінде жүзеге асырылады.

3. Бірыңғай бюджеттік сыныптамада:

1) бюджет түсімдерінің сыныптамасы;

2) бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы;

3) бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы қамтылады.

4. Бірыңғай бюджеттік сыныптама Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, облыстық мәслихат, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихаты, аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың шешімдері негізінде жасалады.

Жергілікті мемлекеттік басқару құрылымы өзгерген жағдайда әкімнің шешімі бойынша бірыңғай бюджеттік сыныптамаға тоқсанына бір реттен асырмай, тоқсанның соңғы айында өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

5. Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

6. Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды.

11-бап. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы

1. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына негізделген, белгілі бір сипаттамалар бойынша барлық деңгейдегі бюджеттер түсімдерінің топтамасы бюджет түсімдерінің сыныптамасы болып табылады.

2. Бюджет түсімдері сыныптамасының топтамасы санаттан, сыныптан, кіші сыныптан және өзіндік ерекшеліктен тұрады.

12-бап. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы

1. Мемлекет функцияларының орындалуын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуын көрсететін функционалдық және ведомстволық белгілер бойынша бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын айқындайтын барлық деңгейдегі бюджеттер шығыстарының топтамасы бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы болып табылады.

2. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының топтамасы мынадай деңгейлерден тұрады:

- функционалдық топтар;
- функционалдық кіші топтар;
- бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері;
- бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар).

3. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) топтастыру арқылы жасалатын бюджет шығыстарының ведомстволық сыныптамасы қалыптастырылуы мүмкін.

13-бап. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы

1. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын операцияларды көрсететін бюджет шығыстарының экономикалық сипаттамалар бойынша топтамасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы болып табылады.

2. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының топтамасы санаттан, сыныптан, кіші сыныптан және өзіндік ерекшеліктен тұрады.

3. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының өзіндік ерекшеліктерінің құрылымын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

14-бап. Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) түрлері

1. Мазмұнына қарай бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар):

мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге;

трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге;

бюджеттік кредиттер беруге;

бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға;

күрделі шығыстарды жүзеге асыруға;

мемлекет міндеттемелерін орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) болып бөлінеді.

2. Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламаларда (кіші бағдарламаларда) олармен байланысты ағымдағы барлық шығыс, оның ішінде зерттеулерге, консалтингтік көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар қамтылады.

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құны бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдары айқындайтын тәртіппен белгіленеді.

3. Трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға):

- 1) бюджеттер деңгейлері арасындағы трансферттер;
- 2) мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлеріне төленетін ақшалай төлемдерден басқа, жеке тұлғаларға арналған трансферттер;
- 3) мемлекеттік мекемелерден басқа, заңды тұлғаларға арналған трансферттер;
- 4) жеке және заңды тұлғаларға арналған бюджеттік субсидиялар жатады.

Бюджеттер деңгейлері арасындағы трансферттер осы Кодекстің 15-тарауында реттеледі.

Мемлекеттік мекемелер жұмыскерлеріне төленетін ақшалай төлемдерден басқа, жеке тұлғаларға арналған трансферттер – жеке тұлғаларға олардың иелігіндегі кірісін ұлғайтуға не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген шығындардың немесе залалдың белгілі бір түрлерін толық немесе ішінара өтеуге арналған ақшалай төлемдер.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың төртінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 14.07.2025 № 206-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес республикалық бюджеттен дербес білім беру ұйымдарына, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, "Астана" халықаралық қаржы орталығының әкімшілігіне берілетін нысаналы аударымдар, мемлекеттік мекемелерден басқа, құрылтайшысы мемлекет болып табылатын заңды тұлғаларға арналған трансферттер болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларға арналған трансферттер түрінде бюджет қаражатын алуды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беруге байланысты Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасында белгіленген рәсімдерден өту талап етіледі.

Заңды тұлғаларға арналған трансферттер оларды алуға үміткер ұйымдардың стратегиялық құжаттарында нәтижелер көрсеткіштері жоспарланған жағдайда бөлінеді.

Заңды тұлғаларға арналған трансферттер:

- 1) бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға;
- 2) "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға бөлінбейді.

Заңды тұлғаларға арналған трансферттерді аудару тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арқылы жүзеге асырылады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын қоспағанда, заңды тұлғаларға арналған трансферттердің пайдаланылуы туралы есептілікті жасау тәртібін, оны ұсыну нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ заңды тұлғаларға арналған трансферттердің пайдаланылу барысы мен нәтижелері туралы берілетін ақпаратқа қойылатын талаптарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік функцияларды орындаудың және республиканың немесе өңірдің дамуының әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іске асырудың басқа тәсілі болмаған кезде ғана жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтарына бюджеттен берілетін қайтарымсыз төлемдер бюджеттік субсидиялар болып табылады.

Бюджеттік субсидияларды төлеу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша орталық мемлекеттік органдар айқындайды.

4. Күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) бюджеттік инвестициялардан басқа, шығыстардың экономикалық сыныптамасына сәйкес материалдық-техникалық базаны қалыптастыруға не нығайтуға, күрделі (қалпына келтіру) жөндеу жүргізуге бағытталған шығыстар және өзге де күрделі шығыстар жатады.

Лизинг шарты шеңберінде жүзеге асырылатын күрделі шығыстар күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша іске асырылады.

Лизинг шарты шеңберінде жүзеге асырылатын күрделі шығыстардың құны мен нысанасы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органы айқындайтын тәртіппен белгіленеді.

5. Бюджеттік кредиттер беру, бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру, мемлекет міндеттемелерін орындау осы Кодекске сәйкес іске асырылады.

6. Бюджеттік бағдарламалар мемлекеттік басқару деңгейіне қарай:

1) республикалық бюджет құрамында бекітілетін республикалық;

2) облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің құрамында бекітілетін облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет құрамында бекітілетін аудандық (қалалық);

4) республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қала бюджетінің құрамында бекітілетін қаладағы ауданның бюджеттік бағдарламалары;

5) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары болып бөлінеді.

Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар, сондай-ақ қаладағы ауданның бюджеттік бағдарламалары

және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары жергілікті бюджеттік бағдарламалар болып табылады.

7. Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) іске асыру тәсіліне қарай:

- 1) бір әкімші іске асыратын жеке бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар);
- 2) бюджетте белгілі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының құрамында бекітілетін және ағымдағы қаржы жылы ішінде әртүрлі бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында бөлінуге жататын бөлінетін бюджеттік бағдарламалар болып бөлінеді.

Мұндай бюджеттік бағдарламаларды бөлу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті орталық мемлекеттік органдар айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бірыңғай бюджеттік сыныптама құрамында тиісті белгі (код) беріле отырып, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) және бюджеттік даму бағдарламалары (кіші бағдарламалары) болып бөлінеді.

Бюджеттік даму бағдарламаларына (кіші бағдарламаларына) бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджет шығыстары жатады. Бюджеттің қалған шығыстары ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) жатады.

9. Мемлекеттік органның даму жоспарының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсатына, бірыңғай түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыру, трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру жөніндегі шығындар бюджет құрылымы сақтала отырып және көрсетілген шығындар жекелеген кіші бағдарламаларға бөліп шығарыла отырып, бір бюджеттік бағдарламаға біріктіріледі.

Бюджет құрылымының бөлімі шегінде мемлекеттік органның бекітілген даму жоспарының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының мақсатына қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарлама болған кезде, осындай мақсатқа қол жеткізуге бағытталған жаңа бюджеттік бағдарламаны енгізуге жол берілмейді.

15-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен оның мекемелерінің, жедел-ізвестіру қызметін, барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен олардың мекемелерінің, сондай-ақ күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнаулы мемлекеттік органдардың шығыстарын сыныптау

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен оның республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелерінің, барлау және қарсы барлау қызметін

жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың мекемелерінің, сондай-ақ күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнаулы мемлекеттік органдардың шығыстары мынадай бюджеттік бағдарламалар:

мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді орындауға, трансферттер беруге және күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бір бюджеттік бағдарлама;

бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының бір өзіндік ерекшелігі бойынша көрсетіле отырып, бір функционалдық топ бойынша сыныпталады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен оның мекемелерін, арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен олардың мекемелерінің жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға арналған шығыстары шығыстардың экономикалық сыныптамасының өзіндік ерекшелігі бойынша көрсетіле отырып, күрделі шығыстар мен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған шығыстарды қоспағанда, бір функционалдық топ бойынша, мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді орындауға бағытталған бір бюджеттік бағдарлама бойынша сыныпталады.

4-тарау. ШЫҒЫСТАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТЕТІКТЕРІ

16-бап. Мемлекеттік тапсырма

1. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын квазимемлекеттік сектор субъектілеріне және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де заңды тұлғаларға жекелеген мемлекеттік қызметтер көрсетуге және басқа да міндеттерді орындауға тапсырыс беру мемлекеттік тапсырма болып табылады.

2. Мемлекеттік тапсырмаларға мынадай өлшемшарттардың біріне немесе бірнешеуіне сай келетін тапсырыстар жатқызылуы мүмкін:

1) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін қамтамасыз етудің немесе қоғам мүдделерін қорғаудың өзге мүмкіндігінің болмауы;

2) қоғамдық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттік меншіктегі стратегиялық объектілерді, аса маңызды объектілерді, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін қолдану, пайдалану және күтіп-ұстау;

3) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тиісті нарығында бәсекелестіктің болмауы;

4) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің, зияткерлік меншік объектілерінің ерекшелігі мен бірегейлігі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген өлшемшарттарға сай келмейтін мемлекеттік тапсырманы жоспарлауға тыйым салынады.

3. Мемлекеттік тапсырманы жоспарлау осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан монополияға қарсы орган айқындайтын тәртіппен берілетін монополияға қарсы органның оң қорытындысы ескеріле отырып, бюджетті әзірлеу кезінде осы Кодексте белгіленген талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты, осы баптың 1-тармағында көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілері мен заңды тұлғалар мемлекеттік тапсырманы қосалқы мердігерлікке берген жағдайда, монополияға қарсы органның қорытындысында мемлекеттік тапсырманы қосалқы мердігерлікке берудің көлемі мен шарттары айқындалады.

Осы тармақтың ережелері басталған (жалғасатын) мемлекеттік тапсырмалар бойынша мемлекеттік тапсырманы жоспарлауға қолданылмайды.

4. Мемлекеттік тапсырманың құны бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдары айқындайтын тәртіппен белгіленеді.

5. Мемлекеттік тапсырма нәтижелерінің көрсеткіштері мемлекеттік органдардың даму жоспарларында және (немесе) тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттарында айқындалады.

6. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орындалуына республикалық бюджет жобасында бюджет қаражаты көзделетін мемлекеттік тапсырмалар туралы жиынтық ақпаратты қалыптастырады және оны республикалық бюджет туралы заң жобасына қоса берілетін материалдардың құрамына енгізеді.

7. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекеттік тапсырманы орындауға бюджет қаражатын бөлу жарғылық капиталды ұлғайтпай жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік тапсырманы орындау республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында азаматтық-құқықтық мәміле жасасу жолымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген конкурстық рәсімдер сақталмастан жүзеге асырылады.

Осы баптың 2-тармағы бұзыла отырып жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді сот мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

9. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілері мен заңды тұлғалар жыл сайын мемлекеттік тапсырманың орындалу барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын оның орындалуы туралы есептілікті қалыптастырады және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне ұсынады.

10. Мемлекеттік тапсырманың орындалуы туралы ақпарат республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі және осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

11. Мемлекеттік тапсырманы жоспарлау тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Мемлекеттік тапсырманы орындау және мемлекеттік тапсырманың орындалуы туралы есептілікті жасау тәртібін, оны ұсыну нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ мемлекеттік тапсырманың орындалу барысы мен нәтижелері туралы берілетін ақпаратқа қойылатын талаптарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

12. Осы Кодекстің 41-бабына сәйкес мемлекеттік тапсырманың орындалуы үшін жауаптылық республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, осы баптың 1-тармағында көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және заңды тұлғалардың бірінші басшыларына жүктеледі.

17-бап. Бюджеттік қатынастар саласындағы пилоттық жобалардың ерекшеліктері

1. Бюджеттік қатынастар саласындағы пилоттық жоба – бұл Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен оны іске асыру бойынша ұсынылатын шешімнің шынайылығын, уақыт шығындарын, шығыстарының көлемдерін, кемшіліктерін және әсерін анықтау мақсатында шектеулі ауқымда өткізілетін уақытша жоба.

2. Бюджеттік қатынастар саласындағы пилоттық жоба мынадай өлшемшарттарға сай келуге тиіс:

оны іске асыру үшін ұсынылатын шешім бірегей (инновациялық, жоғары технологиялық) болуға тиіс;

нақты мақсаттары мен күтілетін нәтижелерінің болуы;

уақытпен шектелген болуы;

аяқталған сипатының болуы;

оң экономикалық (әлеуметтік) әсерінің болуы;

шынайы болуы.

3. Бюджеттік қатынастар саласындағы пилоттық жобаны іске асыруды (енгізуді) және (немесе) оны басқаруды квазимемлекеттік сектор субъектілері жүзеге асыруы мүмкін.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджеттік қатынастар саласындағы пилоттық жобаны іске асыру (енгізу) және (немесе) оны басқару жөніндегі өкілеттіктері, тетіктері, жұмыс істеуі және қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы бюджеттік қатынастар саласындағы пилоттық жобаны іске асыруға (енгізуге) және (немесе) оны басқаруға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Бюджеттік қатынастар саласындағы пилоттық жобаны іске асыру (енгізу) тәртібі мен мерзімдерін тиісті орталық уәкілетті орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Бюджеттік қатынастар саласындағы пилоттық жобаны дербес, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісіне беру арқылы іске асыратын мемлекеттік орган оның іске асырылуын, оның ішінде күтілетін нәтижелерге қол жеткізу тұрғысынан талдауды және бағалауды жүзеге асырады, осыны ескере отырып, оның қорытындысы туралы ақпаратты және оны одан әрі іске асырудың орындылығы туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді.

5-тарау. РЕЗЕРВТЕР

18-бап. Резервтер туралы жалпы ережелер

1. Резервтер республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу кезінде олардың күтілмегендігіне байланысты жоспарланбаған және ағымдағы қаржы жылында кейінге қалдырмай қаржыландыруды талап ететін шығындарды қаржыландыру үшін республикалық, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет құрамында құрылады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен бюджет қаражатын бөлу қаржы жылы аяқталғаннан кейін күші жойылатын тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулыларымен, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құқықтық актілерімен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті бөлу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін бөлу және пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын келесі қаржы жылында толық пайдалануға жол берілмейді.

19-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резерв

1. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резерв трансферттер түсімдерін есепке алмағанда, кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет кірістерінің жоспарланатын көлемінің кемінде бір жарым пайызы мөлшерінде және үш пайызынан аспайтын мөлшерде жоспарлы кезеңнің бірінші жылына арналған республикалық бюджет құрамында қалыптастырылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резерв бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әкімшілендіретін жеке

бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша көзделеді және ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінеді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резерв Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларын және Қазақстан Республикасы Президентінің басқа да бастамаларын іске асыруға байланысты, ағымдағы қаржы жылында күтпеген және кейінге қалдырмай қаржыландыруды талап ететін шығындарды қаржыландыруға бағытталады.

4. Қаржы жылы ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервтен бюджет қаражатын бөлу Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша қаржы жылы аяқталғаннан кейін күші жойылатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жүзеге асырылады.

20-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтері

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінде:

- 1) төтенше резерв;
- 2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резерв;
- 3) шұғыл шығындарға арналған резерв;
- 4) соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резерв;
- 5) облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв қамтылады.

2. Жергілікті атқарушы органның резервінде:

- 1) төтенше резерв;
- 2) шұғыл шығындарға арналған резерв;
- 3) соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резерв;
- 4) тиісінше аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттердің немесе аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв қамтылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің жалпы көлемі трансферттер түсімдерін есепке алмағанда, кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет кірістерінің жоспарланатын көлемінің үш пайызына дейінгі мөлшерде республикалық бюджет құрамында қалыптастырылады.

Жергілікті атқарушы орган резервінің жалпы көлемі трансферттерді, қарыздарды және жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алып қоюларды есепке алмағанда, тиісті жергілікті өкілді органның шешімімен тиісті жергілікті бюджет түсімдері көлемінің кемінде екі пайызы көлемінде белгіленеді.

4. Резерв түрлерінің біріне көзделген бюджет қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган тиісті

бюджетті түзету арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган резервтерінің жалпы көлемдерін қайта бөлу арқылы тиісті резервтің жоспарлы мақсатын ұлғайтады.

5. Төтенше резерв Қазақстан Республикасының аумағында әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою, төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында және Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерге ресми гуманитарлық көмек көрсетуі үшін пайдаланылады.

Тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың қаулыларында көзделген әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жоюға арналған іс-шараларға төтенше резервтен бөлінетін шығыстарды қаржыландыруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің негіздейтін құжаттарды ұсынуына қарай бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асыруы мүмкін.

6. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резерв төтенше жағдайлар аймақтарында, эвакуациялау маршруттарында және эвакуацияланатын адамдар орналасқан жерлерде адамдардың өмірін сақтауға және денсаулығын қолдауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

7. Шұғыл шығындарға арналған резерв Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайларды жою мақсатында пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен айқындалатын өзге де күтпеген шығындарға пайдаланылуы мүмкін.

Арнаулы мемлекеттік қор есебінен қаржыландырылатын шығыстарды шұғыл шығындарға арналған резервтен қаржыландыруға жол берілмейді.

8. Соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резерв соттардың шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындауға пайдаланылады.

9. Қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв осы Кодекстің 113-бабына сәйкес кезекті қаржы жылында өз бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда төмен тұрған бюджеттерге бюджеттік кредиттер беруге пайдаланылады.

Кезекті қаржы жылында қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда төмен тұрған бюджеттің жергілікті атқарушы органының және (немесе) аудандық маңызы бар

қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының қарыз алуы бюджетті түзету арқылы қаржы жылы шегінде алты айға дейінгі мерзімге жүзеге асырылуы мүмкін.

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резервтерінен төмен тұрған бюджетке бюджет қаражатын бөлу нысаналы трансферттер түрінде жүзеге асырылады.

21-бап. Резервтердің пайдаланылуы туралы есептілік

1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бірлесіп, қаржы жылының қорытындысы бойынша резервтердің пайдаланылуы туралы есептерді қалыптастырады.

2. Резервтердің пайдаланылуы туралы есептер тиісті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген қаражатты бөлу себептерін, қол жеткізілген түпкілікті нәтижелерді көрсете отырып, олардың түрлері бойынша қалыптастырылады және тиісті шығындарға бюджетте баламалы көздердің жоқ екендігі және бюджетті әзірлеу кезінде оларды жоспарлаудың мүмкін еместігінің себептері туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

3. Резервтердің пайдаланылуы туралы есептілік осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

4. Резервтердің пайдаланылуы туралы ақпарат тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке енгізіледі.

5. Резервтердің пайдаланылуы туралы есептерді қалыптастыру және оларды жариялау тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

6-тарау. БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕРДІ БЮДЖЕТ ДЕҢГЕЙЛЕРІ АРАСЫНДА БӨЛУ

22-бап. Түсімдерді бөлу туралы жалпы ережелер

1. Түсімдерді республикалық, жергілікті бюджеттер арасында бөлу осы Кодекстің 78-бабында айқындалған бюджетаралық қатынастар қағидаттарына негізделеді.

2. Осы Кодекстен басқа Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде түсімдер есепке жатқызылуға тиісті бюджет деңгейін белгілеуге жол берілмейді.

Түсімдердің жекелеген түрлерін бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне беру осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде ғана жүзеге асырылады.

3. Түсімдерді республикалық бюджет, жергілікті бюджеттер, салықтық емес төлемдердің есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттары арасында бөлу осы Кодекстің 107-бабының 5-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

23-бап. Республикалық бюджетке түсетін түсімдер

1. Мыналар республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне сәйкес ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін корпоративтік табыс салығы;

2) қосылған құн салығы, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға қосылған құн салығы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға акциздер;

4) қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы;

5) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, бонустар;

6) кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықтарды және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіру салығы;

7) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, экспортқа рента салығы;

8) радиожилілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы;

9) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

10) теле-, радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қойғаны үшін алым;

11) ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым;

12) банк және сақтандыру нарықтарына қатысушылар үшін рұқсат беру құжаттарын , келісім бергені үшін алым;

13) көмірсутектер саласындағы жекелеген кіші қызмет түрлерімен айналысу құқығына байланысты лицензия бергені үшін лицензиялық алым;

14) "Астана" халықаралық қаржы орталығының инвестициялық резиденті болып табылатын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның резиденттігін растайтын құжатты бергені үшін алым;

15) әкелінетін және әкетілетін тауарларға кеден баждары;

16) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес төленетін кедендік алымдар;

17) ішкі нарықты қорғау шараларын қолдануға байланысты төленетін арнаулы, демпингке қарсы, өтемақы баждары;

18) осы тармақтың 15), 16) және 17) тармақшаларында санамаланған алдағы төлемдерді, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына импортталатын тауарларға қосылған құн салығы мен акциздерді төлеу есебіне Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес енгізілетін аванстық төлемдер;

19) консулдық алым;

20) осы Кодекстің 58-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мұнай секторының ұйымдарынан салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша түсетін салықтық түсімдер.

2. Мыналар республикалық бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) республикалық меншіктен түсетін кірістер:

республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза кірісі бөлігінің түсімдері;

республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

республикалық меншіктегі заңды тұлғалардағы қатысу үлестеріне төленетін кірістер;

республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

республикалық бюджеттің уақытша бос қаражатын қаржы құралдарына орналастырудан алынған және бірыңғай қазынашылық шоттағы ақшаның күн сайынғы қалдығына сыйақылар;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің уақытша бос бюджет қаражатын қаржы құралдарына орналастыруынан алынған сыйақылар;

республикалық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

республикалық меншіктен түсетін өзге де кірістер;

2) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) орталық мемлекеттік органдар тартатын гранттар;

5) мұнай секторының ұйымдарынан және салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке түсетін өзге де салықтық емес түсімдер.

3. Мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан республикалық бюджетке түсетін түсімдер болып табылады.

4. Жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға аударымдары республикалық бюджетке түсетін арнаулы түсімдер болып табылады.

5. Мыналар республикалық бюджетке түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады:

- 1) облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінен түсетін трансферттер;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін кепілдендірілген трансферт;
- 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін нысаналы трансферт;
- 4) Арнаулы мемлекеттік қордан түсетін трансферт.

6. Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, үкіметтік қарыздарды өтеуден түсетін түсімдер республикалық бюджетке есепке жатқызылады.

24-бап. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін түсімдер

1. Мыналар республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) республикалық бюджетке есепке жазылатын ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, корпоративтік табыс салығы;

2) жеке табыс салығы;

3) әлеуметтік салық;

4) жеке және заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы;

5) жер салығы;

6) көлік құралы салығы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) бірыңғай жер салығы;

8) мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыра қайнату өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген жеңіл автомобильдерге (мүгедектігі бар адамдарға арнайы жасалған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, мұнай еріткішке, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға акциздер;

9) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10) жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11) орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;

13) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

14) цифрлық майнинг үшін төлемақы;

15) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем;

16) өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдіктер ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

17) сыртқы (көрнекі) жарнаманы республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

18) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін алым;

19) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым);

20) телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым;

21) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

22) жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін алым;

23) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

24) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым;

25) жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

26) консулдық алымнан басқа, мемлекеттік баж.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

27) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Мыналар республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне төленетін кірістер;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды жалға беруден түсетін кірістер;

уақытша бос бюджет ақшасын депозиттерге орналастырудан алынған сыйақылар;

республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігінен түсетін өзге де кірістер;

2) республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) мұнай секторының ұйымдарынан және салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) жергілікті атқарушы органдар тартатын гранттар;

6) республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін өзге де салықтық емес түсімдер.

3. Мыналар республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін түсімдер;

2) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды жекешелендіруден түсетін түсімдер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

4) жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

4. Мыналар республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне түсетін арнаулы түсімдер болып табылады:

1) қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдары;

3) жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруға аударымдары;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес салынатын, қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің орналасқан жері бойынша есепке жатқызылуға тиісті, жер қойнауын пайдаланушылардан қоршаған ортаға жол берілетін антропогендік әсер ету нормативтерін бұзғаны үшін айыппұлдар;

5) жер қойнауын пайдаланушылардан және мұнай секторының ұйымдарынан зиянды өтеу туралы талап қою бойынша алынған қаражат, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес салынатын, қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің орналасқан жері бойынша есепке жатқызылуға тиісті қоршаған ортаны қорғау саласындағы айыппұлдар.

5. Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады.

6. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінен берілген кредиттерді өтеуден, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыздарынан түсетін түсімдер республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне есепке жатқызылады.

25-бап. Облыстық бюджетке түсетін түсімдер

1. Мыналар облыстық бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2) жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;

5) цифрлық майнинг үшін төлемақы;

6) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем;

7) өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдіктер ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

8) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым;

9) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін алым;

10) телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым;

11) ойын бизнесі салығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Мыналар облыстық бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

облыстық коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

облыстық коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне төленетін кірістер;

облыстық коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

облыстық коммуналдық меншіктегі тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды жалға беруден түсетін кірістер;

уақытша бос бюджет ақшасын депозиттерге орналастырудан алынған сыйақылар;

облыстық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

облыстық коммуналдық меншіктен түсетін өзге де кірістер;

2) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) мұнай секторының ұйымдарынан және салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) жергілікті атқарушы органдар тартатын гранттар;

6) облыстық бюджетке түсетін өзге де салықтық емес түсімдер.

3. Мыналар облыстық бюджетке негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

2) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды жекешелендіруден түсетін түсімдер.

4. Мыналар облыстық бюджетке түсетін арнаулы түсімдер болып табылады:

1) қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдары;

3) жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруға аударымдары;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес салынатын және қоршаған ортаға жағымсыз ететін объектінің орналасқан жері бойынша есепке жатқызылуға тиісті жер қойнауын пайдаланушылардан қоршаған ортаға жол берілетін антропогендік әсер ету нормативтерін бұзғаны үшін айыппұлдар;

5) жер қойнауын пайдаланушылардан және мұнай секторының ұйымдарынан зиянды өтеу туралы талап қою бойынша алынған қаражат, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес салынатын, қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің орналасқан жері бойынша есепке жатқызылуға тиісті қоршаған ортаны қорғау саласындағы айыппұлдар.

5. Мыналар облыстық бюджетке түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден берілетін трансферттер;

2) республикалық бюджеттен берілетін трансферттер.

6. Облыстық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, облыстық коммуналдық меншіктегі мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қарыздарынан түсетін түсімдер облыстық бюджетке есепке жатқызылады.

26-бап. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін түсімдер

1. Мыналар аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) республикалық бюджетке есепке жатқызылатын ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, корпоративтік табыс салығы;

2) мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, жеке табыс салығы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке төлеген және аударған, арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын және Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес орындаушылар болып табылатын дара кәсіпкерлердің кірістерінен алынатын жеке табыс салығы;

4) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

5) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығын қоспағанда, жеке және заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы;

6) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

7) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілген тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралы салығын қоспағанда, көлік құралы салығы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8) бірыңғай жер салығы;

9) мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыра қайнату өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген жеңіл автомобильдерге (мүгедектігі бар адамдарға арнайы жасалған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, мұнай еріткішке, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға акциздер;

10) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығын қоспағанда және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығы;

12) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензиялар бергені үшін алым);

13) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

14) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

15) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

16) жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін алым;

17) жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

18) консулдық алымнан басқа, мемлекеттік баж.

2. Мыналар аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне төленетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің басқаруындағы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің басқаруындағы мемлекеттік мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық меншіктегі тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық меншіктен түсетін өзге де кірістер;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар;

5) жергілікті атқарушы органдар тартатын гранттар;

6) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін өзге де салықтық емес түсімдер.

3. Мыналар негізгі капиталды сатудан аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін түсімдер болып табылады:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

2) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды жекешелендіруден түсетін түсімдер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

4. Облыстық бюджеттен және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінен берілетін трансферттер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады.

5. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарыздарынан түсетін түсімдер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке есепке жатқызылады.

27-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін түсімдер

1. Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) егер осы Кодекстің 26-бабының 1) тармағының 2) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы осы салық салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығы;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендердің жерлеріне салынатын жер салығы;

4) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілген тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралы салығы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) бірыңғай жер салығы;

6) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) сыртқы (көрнекі) жарнаманы;

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы;

8) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығы.

2. Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетіне түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін өзге де кірістер;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетіне түсетін өзге де салықтық емес түсімдер.

3. Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

4. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілетін трансферттер аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады.

28-бап. Салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдер

Бюджеттен тыс қорларға түсетін салықтық емес түсімдердің түрлері осы Кодекстің 13-тарауында айқындалған.

7-тарау. БЮДЖЕТ ДЕҢГЕЙЛЕРІ АРАСЫНДА ШЫҒЫСТАРДЫ БӨЛУ

29-бап. Бюджет деңгейлері арасында шығыстарды бөлу туралы жалпы ережелер

1. Бюджет шығыстарының бағыттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер негізге алына отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік органдар функцияларының тізілімі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі негізінде айқындалады.

2. Осы Кодекстен басқа Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде шығыстар қаржыландырылуға тиіс бюджет деңгейін белгілеуге жол берілмейді.

Шығыстарды бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне беру осы Кодекстің 70-бабы 6-тармағының талаптары сақтала отырып, осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілген және осы Кодекстің 83-бабының 2-тармағына сәйкес ағымдағы нысаналы трансферттер берілген кезде ғана жүзеге асырылады.

3. Бюджеттің белгілі бір деңгейінің шығыстарын бюджеттің басқа деңгейлерінен қаржыландыруға жол берілмейді.

4. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, аумақтық бөлімшелерінің және ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің шығыстары заттай нормалар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін штат санының лимиттері негізінде жоспарланады.

5. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының шығыстары заттай нормалар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін штат санының лимиттері негізінде жоспарланады.

30-бап. Республикалық бюджеттің шығыстары

1. Республикалық бюджеттің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) жалпы сипаттағы мемлекеттік функциялар:

Қазақстан Республикасының Президентін және оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және оларды күзету;

Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының жұмыс істеуі;

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз ету;

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын сайлауларды қоспағанда, референдумдар мен сайлауларды өткізу;

республикалық бюджеттің басқа бағыттары бойынша қаржыландырылатын мемлекеттік органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың жұмыс істеуі;

мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын жүзеге асыратын, басқа бағыттарға жатқызылмаған орталық атқарушы органдардың жұмыс істеуі;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтің әртүрлі салалары мен аяларында мемлекеттік сыйлықтар беру және мемлекеттік наградалармен наградау;

қаржылық қызметтерді көрсететін жетекші халықаралық орталық қалыптастыруды қамтамасыз ету;

2) қорғаныс:

мемлекеттің қорғанысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінен қаржыландырылатын іс-шараларды қоспағанда, жалпыға бірдей әскери міндетті орындауға байланысты іс-шараларды ұйымдастыру;

азаматтық қорғау және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қызметті ұйымдастыру;

мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жұмысын қамтамасыз ету;

азаматтық қорғаныс жүйесін ұйымдастыру;

жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру;

жұмылдыру резервінің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік материалдық резервтерді қалыптастыру және сақтау;

жаһандық, өңірлік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және жою;

кәсіби авариялық -құтқару қызметтерінің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

3) қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі: құқық қорғау қызметі;

облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

пробация қызметін қамтамасыз ету мен ұстауды қоспағанда, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

мемлекеттік құпиялардың қорғалуын қамтамасыз ету;

әділет саласындағы қызмет;

ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

күзетілетін адамдардың және объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

сот жүйесінің жұмыс істеуі;

сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы іс-қимыл;

4) білім беру және ғылым:

ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыру;

республикалық білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру;

республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізу;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімі бар мамандарды даярлау;

республикалық деңгейде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

республикалық орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес шетел мектептерінде білім алатын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету;

5) денсаулық сақтау:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаның екінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 14.07.2025 № 206-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын шығыстардың бағыттарынан басқа, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаны үшінші абзацпен толықтыру көзделген – ҚР 14.07.2025 № 206-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

республикалық деңгейде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде шұғыл медициналық көмек қызметін ұйымдастыру;

сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама жүргізу;
санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуі;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне және мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық қызмет көрсету;

жергілікті бюджеттерден және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан қаржыландырылатын шығыстардан басқа, азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы қызмет;

жұмылдыру резервінің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын беру және сақтау;

6) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру:

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар азаматтарға зейнетақы төлемдері;

жергілікті бюджеттер есебінен төленетіндерден басқа, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар және өзге де жәрдемақылар;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері болып табылатын әлеуметтік көмек және әлеуметтік төлемдер;

көші-қон саясатын іске асыру;

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік:

республикалық деңгейде мәдениет, спорт және туризм саласындағы қызмет;

республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу;

республикалық деңгейде қоғамдық даму, азаматтық қоғамды дамыту, этносаралық қатынастар, конфессияаралық келісім, жастар, отбасы және гендерлік саясат, ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қызмет;

8) ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаның екінші абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

су ресурстарын қорғауды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаның үшінші абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйі бойынша іс-шаралар өткізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаны төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, абзацтармен толықтыру көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

орман ресурстары мен жануарлар дүниесін сақтауды және дамытуды басқару, қамтамасыз ету;

республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау, мемлекеттік табиғи-қорық қорын қалпына келтіру;

республикалық деңгейде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу; гидрометеорологиялық мониторинг;

ауыл шаруашылығы және жер ресурстарын пайдалану саласындағы басқару;

республикалық деңгейде жер қатынастарын реттеу;

жануарлар ауруларының диагностикасы, эпизоотияға қарсы жұмыс;

мал шаруашылығын және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді, өткізуді дамыту;

өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруді, өткізуді дамыту;

ауыл шаруашылығы өндірісін агрохимиялық және агроклиматтық қамтамасыз ету;

агроөнеркәсіптік кешенді техникалық қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау;

топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар;

Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдарын және гидротехникалық құрылысжайларын дамыту үшін мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша шығыстарды субсидиялау;

9) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі:

елді мекендердің жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру объектілерін жаңғырту және дамыту, сондай-ақ елді мекендерді абаттандыру;

коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласын реттеу;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды өткізу;

10) өнеркәсіп, отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану:

мемлекеттік өнеркәсіп саясатын іске асыру;

өнеркәсіп және геология салаларын дамыту;

отын-энергетика кешенін дамыту;

республикалық деңгейде энергия, ресурс үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу;

жер қойнауын және жер қойнауын пайдалануды, сейсмологиялық ақпаратты мониторингтеу;

мемлекеттік геологиялық зерттеу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық жобалар шеңберінде қарыздар бойынша мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау;

11) көлік және коммуникациялар:

көлікті, көлік инфрақұрылымын, жолаушылар, жүк тасымалдарын және транзиттік әлеуетті мемлекеттік реттеу және дамыту;

республикалық маңызы бар қалада, астанада қалалық рельсті көлікті дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша шығыстарды өтеу;

ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымды және ақпараттық қауіпсіздікті дамыту;

аэроғарыш қызметі;

12) экономикалық қызметті реттеу:

сыртқы сауда қызметі, ішкі сауда салаларындағы мемлекеттік саясат;

техникалық реттеу, стандарттау, метрология және сертификаттау салаларындағы мемлекеттік саясат;

мемлекеттік инновациялық саясат;

жеке кәсіпкерлікті, өзін-өзі реттеуді дамыту;

бәсекелестікті дамыту және қорғау;

13) мемлекеттік міндеттемелерді орындау:

үкіметтік борышқа қызмет көрсету және оны өтеу;

мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау;

экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер жөніндегі міндеттемелерді орындау;

үкіметтік қарыздарды хеджирлеу мәмілелері бойынша шығыстар;

мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындау;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерін орындау;

мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша шығыстарды өтеу;

халықаралық қаржы ұйымдарына Қазақстан Республикасының мүшелігіне қатысты төлемдер, берілмейтін борыштық міндеттемелер (вексельдер) және донорлық жарналар бойынша мемлекет міндеттемелерін орындау;

"толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау;

14) трансферттер:

облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне берілетін трансферттер.

2. Республикалық бюджеттен осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша:

1) орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстарына, кадрларын қайта даярлау мен жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруға;

2) бюджеттік инвестицияларға, халықаралық ынтымақтастыққа, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерге, талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулерге және нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген орталық мемлекеттік органдардың өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтеріне, функцияларына, өкілеттіктері мен құзыреттеріне арналған шығыстар да қаржыландырылады.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыстары

1. Республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің шығыстары мынадай бағыттар бойынша қаржыландырылады:

1) жалпы сипаттағы мемлекеттік функциялар:

республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, ревизиялық комиссиялардың жұмыс істеуі;

2) қорғаныс:

республикалық маңызы қаланың, астананың аумақтық әскерлерінің аумақтық органдарын, күтіп-ұстауды, қызмет көрсетуді және жөндеуді, жанар-жағармай материалдарын, кеңсе тауарларын сатып алуды, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылытуға және көрсетілетін байланыс қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығындарды қоса алғанда, қызметтік үй-жайлармен, ғимараттармен, құрылысжайлармен, көлік құралдарымен, ақпараттың, телекоммуникацияның және байланыстың техникалық құралдарымен, жиһазбен және қазармалық мүкәммалмен қамтамасыз етуді, соғыс уақытының штаттық қажеттілік нормаларына сәйкес материалдық-техникалық құралдар запастарын жасауды, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің аумақтық әскерлерін арнайы өрістетуді жүргізуді, Қазақстан

Республикасы Қарулы Күштерінің аумақтық әскерлері бөлімшелерінің әскери міндеттілерімен бірге әскери жиындар өткізуді қоса алғанда, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, аумақтық қорғаныс дайындығы және аумақтық қорғанысы;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру (жинау) пункттерімен қамтамасыз ету, оларды күтіп-ұстау, дәрі-дәрмектермен, құрал-саймандармен, өртке қарсы, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ байланыс және күзет құралдарымен жабдықтау, медициналық және техникалық жұмыскерлермен, қызмет көрсетуші персоналмен қамтамасыз ету және медициналық комиссиялар құру жөніндегі әскери міндетті орындау шеңберіндегі іс-шаралар;

жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу және оларды жою;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары;

3) қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі:

республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

уақытша ұстау изоляторларының, әкімшілік қамауға алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарының, белгілі бір тұрғылықты жері және құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу орындарының, қызметтік жануарларға арналған питомниктердің жұмыс істеуі;

ішкі істер органдарының айдауылмен алып жүруі;

азаматтық, көшіп кету және көшіп келу мәселелері, шетелдіктермен жұмыс және заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі қызмет;

мемлекеттік нөмір белгілерін, жүргізуші куәліктерінің бланкілерін және көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу куәліктерінің бланкілерін дайындағаны үшін ақы төлеуді қаржыландыруды қоспағанда, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аумақтық органдар аппараттарының ахуалдық орталығының электрондық пошта қызметтеріне, бейне-конференц-байланыс және бейнебақылау жүйесіне арналған шығындарды қоспағанда, аумақтық ішкі істер органдарының жанар-жағармай материалдарын сатып алуын, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылытуға және байланыс қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығындарды қоса алғанда, қызметтік үй-жайларын және көлік құралдарын күтіп-ұстау, оларға қызмет көрсету және жөндеу;

пробация қызметін қамтамасыз ету және ұстау;

4) білім беру:

мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту;

кешкі (ауысымды) оқу нысанын қоса алғанда, оның ішінде интернаттық ұйымдар арқылы ұсынылатын міндетті жалпы орта білім беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

балаларды арнаулы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаның бесінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 04.12.2025 № 236-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқыту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаның алтынша абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 04.12.2025 № 236-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

республикалық маңызы бар қала, астана ауқымында мектеп олимпиадаларын өткізу ;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлау;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарды қоспағанда, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеп-қарау және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету;

дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу;

балаларға қосымша білім беру;

мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу;

жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз ету, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыру;

кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуі;

5) денсаулық сақтау:

республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қосымша қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес вакциналарды, иммундық-биологиялық және басқа да медициналық препараттарды сатып алу және сақтау;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын шығыстардың бағыттарын қоспағанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаны бесінші абзацпен толықтыру көзделген – ҚР 14.07.2025 № 206-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсету;

республикалық бюджеттен және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы басқа да іс-шаралар;

6) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру:

тұрғын үй көмегі;

мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету;

белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу;

жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру;

қарттарды және мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру;

халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу шараларын іске асыру;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету;

жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру;

тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік:

жергілікті маңызы бар театр және музыка өнерін қолдау;

жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени мұраның сақталуын және оған қол жеткізуді қамтамасыз ету;

мәдени-демалыс жұмысын қолдау;

мәдениет саласында жергілікті маңызы бар әлеуметтік маңызды іс-шараларды өткізу;

зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу;

әртүрлі спорт түрлері бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрама командалары мүшелерінің республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға дайындалуы және қатысуы;

мемлекеттік қалалық спорт ұйымдарының жұмыс істеуі;

шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру;

жергілікті маңызы бар архив қоры объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жергілікті деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу;

жергілікті деңгейде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту;

республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру шеңберінде іс-шаралар өткізу;

жергілікті деңгейде туристік қызметті реттеу;

республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туризм объектілеріне, сондай-ақ елді мекендерден тыс жердегі туризм объектілеріне және туристерді орналастыру орындарына дейін инженерлік инфрақұрылымды (жолдарды, көпірлерді, электр беру желілерін және басқа да коммуникацияларды) жобалау, салу және оларға қызмет көрсету;"

8) ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау;

ветеринарияны реттеу, ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салу және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

орманды күзету, қорғау, молықтыру және орман өсіру;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншіктегі су құбырларын салу, реконструкциялау және жөндеу;

су қорғау аймақтарын, ауызсумен жабдықтау көздерінің санитариялық қорғау белдеулері мен аймақтарын белгілеу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаның жетінші абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

республикалық маңызы бар қаланың, астананың ерекше авариялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидромелиорациялық жүйелерін қалпына келтіру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаның сегізінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

республикалық маңызы бар қаланың, астананың сумен жабдықтау жүйелерін, гидротехникалық құрылысжайларын салу және реконструкциялау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаны тоғызыншы абзацпен толықтыру көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау;

Қазақстан Республикасының Экология кодексіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу;

республикалық маңызы бар қалада, астанада жер қатынастарын реттеу;

елді мекендерді жер-шаруашылық тұрғысынан орналастыру;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген жағдайларда жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтеу;

9) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі:

республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру;

тұрғын үй қорын түгендеу;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9) тармақшаның алтыншы абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтау объектілерін, оның ішінде сумен жабдықтаудың тарату желілерін, тазарту, дренаж жүйелерін, кәріздік, оның ішінде кәріздік сорғы станцияларын, жылу және электр желілерін құру және реконструкциялау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9) тармақшаны жетінші абзацпен толықтыру көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

елді мекендерді газдандыру;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес республиканың сейсмикалық қауіпті өңірлерінде орналасқан тұрғын ғимараттардың сейсмикалық беріктігін қолдауға бағытталған іс-шаралар;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес авариялық тұрғын үйді бұзу;

елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын шығыстарды қоспағанда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы субсидиялау;

10) өнеркәсіп, отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану:

жергілікті деңгейде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық жобалар шеңберінде қарыздар бойынша мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау;

11) көлік және коммуникациялар:

әлеуметтік маңызы бар қалалық және қала маңындағы қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру;

қалалардың көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау, оның ішінде автомобиль жолдарын, сондай-ақ олардағы жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын ағымдағы жөндеу;

12) экономикалық қызметті реттеу:

жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;

өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру;

инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау;

әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;

13) мемлекеттік міндеттемелерді орындау:

жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету және оны өтеу;

мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау;

жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау;

мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындау;

коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша шығыстарды өтеу;

"толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау;

14) трансферттер:

республикалық бюджетке берілетін трансферттер.

2. Республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінен осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша:

1) жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстарына, кадрларын қайта даярлау мен жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруға;

2) жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік инвестицияларына, ғылыми зерттеулеріне;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтеріне, функцияларына, өкілеттіктері мен құзыреттеріне арналған шығыстар да қаржыландырылады.

3. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің құрамында қаладағы ауданның мынадай бағыттар бойынша шығыстары көзделеді:

- 1) қаладағы аудан әкімі аппаратының жұмыс істеуі;
- 2) шаруашылық бойынша есепке алуды жүзеге асыру;
- 3) шұғыл жағдайларда науқасы ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру;
- 4) мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету;
- 5) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету;
- 6) жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туған-туысы жоқ адамдарды жерлеу;
- 7) елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру;
- 8) елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру;
- 9) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы өзге де көрсетілетін қызметтерді іске асыру, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс орналастыру;
- 10) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру;
- 11) тұрғын үй көмегі;
- 12) белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу;
- 13) жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру;
- 14) қарттарды және мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру;
- 15) халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
- 16) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 17) жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету;
- 18) жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру;
- 19) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету;
- 20) коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтаудың, кәріздің, кәріздік сорғы станцияларының, газбен жабдықтаудың және жарықтандырудың тарату желілерін жобалау, салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу және жаңғырту;
- 21) автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу;
- 22) тұрғын үй қорын түгендеу;
- 23) шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру.

Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 26.06.2025 № 198-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-бап. Облыстық бюджеттің шығыстары

1. Облыстық бюджеттің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады :

1) жалпы сипаттағы мемлекеттік функциялар:

облыстық деңгейдегі жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, ревизиялық комиссиялардың жұмыс істеуі;

әкімдер сайлауын қамтамасыз ету және өткізу;

2) қорғаныс:

облыстың аумақтық әскерлерінің аумақтық органдарын, күтіп-ұстауды, қызмет көрсетуді және жөндеуді, жанар-жағармай материалдарын, кеңсе тауарларын сатып алуды, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылытуға және көрсетілетін байланыс қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығындарды қоса алғанда, қызметтік үй-жайлармен, ғимараттармен, құрылысжайлармен, көлік құралдарымен, ақпараттың, телекоммуникацияның және байланыстың техникалық құралдарымен, жиһазбен және казармалық мүкәммалмен қамтамасыз етуді, соғыс уақытының штаттық қажеттілік нормаларына сәйкес материалдық-техникалық құралдар запастарын жасауды, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің аумақтық әскерлерін арнайы өрістетуді жүргізуді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің аумақтық әскерлері бөлімшелерінің әскери міндеттілерімен бірге әскери жиындар өткізуді қоса алғанда, облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, аумақтық қорғаныс дайындығы және аумақтық қорғаныс;

облыстық ауқымдағы азаматтық қорғаныс іс-шаралары;

облыстық әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру (жинау) пункттерімен қамтамасыз ету, оларды күтіп-ұстау, дәрі-дәрмектермен, құрал-саймандармен, өртке қарсы, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ байланыс және күзет құралдарымен жабдықтау, медициналық және техникалық жұмыскерлермен, қызмет көрсетуші персоналмен қамтамасыз ету және медициналық комиссиялар құру жөніндегі әскери міндетті орындау шеңберіндегі іс-шаралар;

облыстық ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу және оларды жою;

3) қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі:

облыс аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

ішкі істер органдарының айдауылмен алып жүруі;

азаматтық, көшіп кету және көшіп келу мәселелері, шетелдіктермен жұмыс және заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі қызмет;

уақытша ұстау изоляторларының, әкімшілік қамауға алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарының, белгілі бір тұрғылықты жері және құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу орындарының, қызметтік жануарларға арналған питомниктердің жұмыс істеуі;

мемлекеттік нөмір белгілерін, жүргізуші куәліктерінің бланкілерін және көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу куәліктерінің бланкілерін дайындағаны үшін ақы төлеуді қаржыландыруды қоспағанда, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аумақтық органдар аппараттарының ахуалдық орталығының электрондық пошта қызметтеріне, бейне-конференц-байланыс және бейнебақылау жүйесіне арналған шығындарды қоспағанда, аумақтық ішкі істер органдарының жанар-жағармай материалдарын сатып алуын, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылытуға және байланыс қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығындарды қоса алғанда, қызметтік үй-жайларын және көлік құралдарын күтіп-ұстау, оларға қызмет көрсету және оларды жөндеу;

пробация қызметін қамтамасыз ету және ұстау;

4) білім беру:

аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы), аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі, ауылдық округтердегі мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту, оның ішінде аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде орналасқан мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, сондай-ақ облыстық маңызы бар қалалардағы аудандарда орналасқан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету;

аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан мемлекеттік білім беру ұйымдарында бастауыш, негізгі орта және кешкі (ауысымды) оқу нысанын қоса алғанда, жалпы орта білім беру және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беру;

ауылдық жерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және алып қайтуды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен облыстарда, аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан білім беру ұйымдары білім

алушыларының және тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыру;

мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу;

облыстық, аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейлерде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беру;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлау;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарды қоспағанда, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау;

балаларды арнаулы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаның он бірінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 04.12.2025 № 236-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқыту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаның он екінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 04.12.2025 № 236 -VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

облыстық, аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын өткізу;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеп-қарау және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету;

дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу;

жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз ету, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету;

әдістемелік жұмыс;

кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуі;

5) денсаулық сақтау:

облыстардың жергілікті өкілді органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қосымша қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес вакциналарды, иммундық-биологиялық және басқа да медициналық препараттарды сатып алу және сақтау;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын шығыстардың бағыттарын қоспағанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаны бесінші абзацпен толықтыру көзделген – ҚР 14.07.2025 № 206-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсету;

республикалық бюджеттен және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы басқа да іс-шаралар;

6) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру:

әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын әлеуметтік көмек түрлерін қоспағанда, қарттарды және мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру;

халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;

жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру;

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік:

жергілікті маңызы бар театр және музыка өнерін қолдау;

мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау;

мәдениет саласында жергілікті маңызы бар әлеуметтік маңызды іс-шараларды өткізу;

жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени мұраның сақталуын және оған қол жеткізуді қамтамасыз ету;

әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстық құрама командалар мүшелерінің республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға дайындалуы және қатысуы;

облыстық деңгейде спорттық жарыстарды өткізу;

мемлекеттік облыстық спорт ұйымдарының жұмыс істеуі;

жергілікті маңызы бар архив қоры объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жергілікті деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу;

жергілікті деңгейде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту;

облыстық деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру шеңберінде іс-шаралар өткізу;

жергілікті деңгейде туристік қызметті реттеу;

шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру;

республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туризм объектілеріне, сондай-ақ елді мекендерден тыс жердегі туризм объектілеріне және туристерді орналастыру орындарына дейін инженерлік инфрақұрылым объектілерін (жолдарды, көпірлерді, электр беру желілерін және басқа да коммуникацияларды) жобалау, салу және оларға қызмет көрсету;

8) ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстық деңгейде өсімдік шаруашылығын, тұқым шаруашылығын, мал шаруашылығын, ветеринарияны дамытуды, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен өткізуді реттеу;

ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

арнаулы сақтау орындарын (қорымдарды) күтіп-ұстау, салу және жөндеу;

бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді залалсыздандыру;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаның жетінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

облыстық маңызы бар коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаның сегізінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

облыстық маңызы бар су қорғау аймақтарын, су объектілері белдеулерін белгілеу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаның тоғызыншы абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

облыстық маңызы бар ерекше авариялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаның оныншы абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

облыстық маңызы бар сумен жабдықтау жүйелерін, гидротехникалық құрылысжайларды салу және реконструкциялау;

ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман өсіру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақшаны он екінші абзацпен толықтыру көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

облыстық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау;

Қазақстан Республикасының Экология кодексіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу;

облыстық деңгейде жер қатынастарын реттеу;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген жағдайларда жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтеу;

облыстық маңызы бар инновациялық тәжірибені тарату және енгізу бойынша іс-шаралар өткізу;

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;

9) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі:

елді мекендерді газдандыру;

профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын шығыстарды қоспағанда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы субсидиялау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9) тармақшаны алтыншы абзацпен толықтыру көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10) өнеркәсіп, отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану:

облыстық деңгейде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық жобалар шеңберінде қарыздар бойынша мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау;

11) көлік және коммуникациялар:

әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық облысшілік), сондай-ақ қала маңындағы теміржол қатынастары бойынша жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру;

облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау, оның ішінде автомобиль жолдарын, сондай-ақ олардағы жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын ағымдағы жөндеу;

12) экономикалық қызметті реттеу:

жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;
өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру;
инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау;
әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;

13) мемлекеттік міндеттемелерді орындау:

жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету және оны өтеу;
мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау;

жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау;

мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындау;

коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша шығыстарды өтеу;

"толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау;

14) трансферттер:

аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін трансферттер;
республикалық бюджетке берілетін трансферттер.

2. Облыстық бюджеттерден осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша:

1) жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстарына, кадрларын қайта даярлау мен жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруға;

2) жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік инвестицияларына, ғылыми зерттеулеріне;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген облыстық жергілікті мемлекеттік басқару органдарының өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтеріне, функцияларына, өкілеттіктері мен құзыреттеріне арналған шығыстар да қаржыландырылады.

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 26.06.2025 № 198-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

33-бап. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің шығыстары

1. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) жалпы сипаттағы мемлекеттік функциялар:

аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейдегі жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жұмыс істеуі;

2) қорғаныс:

аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру (жинау) пункттерімен қамтамасыз ету, оларды күтіп-ұстау, дәрі-дәрмектермен, құрал-саймандармен, өртке қарсы, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ байланыс және күзет құралдарымен жабдықтау, медициналық және техникалық жұмыскерлермен, қызмет көрсетуші персоналмен қамтамасыз ету және медициналық комиссиялар құру жөніндегі әскери міндетті орындау шеңберіндегі іс-шаралар;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу және оларды жою;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендердегі өрттердің профилактикасы және оларды сөндіру бойынша іс-шараларды қамтамасыз ету;

3) қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік:

елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) білім беру:

жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз ету, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету;

5) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру:

әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

тұрғын үй көмегі;

үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету;

мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекші, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілінің мамандарын ұсыну;

мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету;

белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу;

халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу шараларын іске асыру;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету;

тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну;

6) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік:

жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау;

аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі;
зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамыту;
аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейде спорттық жарыстар өткізу;
әртүрлі спорт түрлері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командалары мүшелерінің облыстық спорттық жарыстарға дайындалуы және қатысуы;
мемлекеттік аудандық (облыстық маңызы бар қала) спорт ұйымдарының жұмыс істеуі;
бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жергілікті деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу;
аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту;
аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру шеңберінде іс-шаралар өткізу;
шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру;
7) ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары:
аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейде жер қатынастарын реттеу;
аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын іс-шараларды қоспағанда, жайылымдарды сақтау және жақсарту, жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру;
8) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі:
профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу;
аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық меншікті қорғау жөніндегі шаралар;
ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру;
тұрғын үй қорын түгендеу;
Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету;
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару;
Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес авариялық тұрғын үйді бұзу;
бас жоспарды әзірлеу;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес республиканың сейсмикалық қауіпті өңірлерінде орналасқан тұрғын ғимараттардың сейсмикалық беріктігін қолдауға бағытталған іс-шаралар;

коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтау объектілерін, тазарту, дренаж жүйелерін, кәріз, жылу және электр желілерін құру, реконструкциялау және жөндеу;

елді мекендерді абаттандыруды, көгалдандыруды, жарықтандыруды және олардың санитариясын қамтамасыз ету;

жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туған-туысы жоқ адамдарды жерлеу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық жобалар шеңберінде қарыздар бойынша мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау;

9) өнеркәсіп, отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану:

аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық жобалар шеңберінде қарыздар бойынша мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау;

10) көлік және коммуникациялар:

аудандық (қалалық) маңызы бар автомобиль жолдарын, сондай-ақ олардағы жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау;

теміржол қатынастарын қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру;

11) экономикалық қызметті реттеу:

жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;

әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;

12) мемлекеттік міндеттемелерді орындау:

жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету және оны өтеу;

мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша тиісті облыс мәслихаты қабылдаған мемлекеттік міндеттемелерді орындау;

мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындау;

коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша шығыстарды өтеу;

"толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау;

13) трансферттер:

облыстық бюджетке түсетін трансферттер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне түсетін трансферттер.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша:

1) жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстарына, кадрларын қайта даярлау мен жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруға;

2) бюджеттік инвестицияларға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтеріне, функцияларына, өкілеттіктері мен құзыреттеріне арналған шығыстар да қаржыландырылады.

3. Облыстық маңызы бар қала бюджетінің құрамында облыстық маңызы бар қаладағы ауданның мынадай бағыттар бойынша шығыстары көзделеді:

1) облыстық маңызы бар қаладағы аудан әкімі аппаратының жұмыс істеуі;

2) шаруашылық бойынша есепке алуды жүзеге асыру;

3) шұғыл жағдайларда науқасы ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру;

4) мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету;

5) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын ұйымдастыру;

6) жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша және олардың жаппай демалатын орындарында дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін жағдайлар жасау;

7) дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен және мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектігі бар адамдар арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

8) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету;

9) жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туған-туысы жоқ адамдарды жерлеу;

10) елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру;

11) елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру;

12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген облыстық маңызы бар қаладағы аудан әкімінің өзге де мемлекеттік көрсетілетін қызметтері, функциялары, құзыреттері мен өкілеттіктері.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

34-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің шығыстары

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жұмыс істеуі;
 - 2) шаруашылық бойынша есепке алуды жүзеге асыру;
 - 3) шұғыл жағдайларда науқасы ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру;
 - 4) мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету;
 - 5) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру;
 - 6) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету;
 - 7) жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туған-туысы жоқ адамдарды жерлеу;
 - 8) елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру;
 - 9) елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру;
 - 10) жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау;
 - 11) аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау;
 - 12) елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру;
 - 13) жергілікті деңгейде халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
 - 14) жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу;
 - 15) ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру;
 - 16) азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын органдар жоқ кенттерде, ауылдарда және ауылдық округтерде азаматтық хал актілерін тіркеу бойынша қызметті ұйымдастыру;
 - 17) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын іс-шараларды қоспағанда, жайылымдарды сақтау және жақсарту, жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру;
 - 18) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке берілетін трансферттер;
 - 19) жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету және оны өтеу.
2. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша:
- 1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының, мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстарына, кадрларын қайта даярлау мен жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруға;
 - 2) бюджеттік инвестицияларға;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің және жергілікті өзін-өзі басқару

органдарының өзге де мемлекеттік көсетілетін қызметтеріне, функцияларына, құзыреттері мен өкілеттіктеріне арналған шығыстар да қаржыландырылады.

2-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТТЕУ НЕГІЗДЕРІ

8-тарау. ОСЫ КОДЕКСТІҢ МАҚСАТТАРЫ ҮШІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰЖАТТАРЫ

35-бап. Бюджет процесінде қолданылатын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары туралы жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары төмен тұрған деңгейдегі құжаттарды әзірлеу қажеттігі мен заңдылығы бір деңгей жоғары тұрған құжаттардан туындайтын, ал бір деңгей жоғары тұрған құжаттарды мониторингтеу мен бағалау төмен тұрған деңгейдегі құжаттарды іске асыру туралы анық ақпарат негізінде жүзеге асырылатын тұтас жүйені білдіреді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамына негізделеді.

2. Бюджет процесінде мыналар қолданылады:

мемлекеттік органдардың даму жоспарлары;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары;

республикалық немесе жергілікті бюджеттен шығыстар жоспарланатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары, іс-шаралар жоспарлары, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегиялары.

3. Ағымдағы қаржы жылы ішінде туындайтын, республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттерден қосымша шығыстарды талап ететін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген жаңа бастамаларға және өзге де қосымша іс-шараларға арналған шығыстар даму жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органның даму жоспарына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларына және (немесе) іс-шаралар жоспарларына енгізілгеннен кейін бюджетте жоспарланады.

4. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы, мемлекеттік орган – республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Кодексте көзделген рәсімдерді ескере отырып, тиісінше мемлекеттік органдардың даму жоспарларының жобаларын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының жобаларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларының жобаларын және (немесе) іс-шаралар жоспарларының жобаларын қарауды қамтамасыз етеді.

36-бап. Мемлекеттік органның даму жоспары және оны қарау тәртібі

1. Мемлекеттік органның даму жоспары мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапалы ұсынылуын қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарын іске асыруға бағытталған орта мерзімді кезеңдегі орталық мемлекеттік органның қызметін, функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді айқындайтын құжат болып табылады.

2. Даму жоспарларын әзірлемейтін орталық мемлекеттік органдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Мемлекеттік органның даму жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әрбір үш жыл сайын бесжылдық кезеңге әзірленеді және бекітіледі.

4. Мемлекеттік органның даму жоспарына мыналар енгізіледі:

1) нысаналы индикаторлар, оларға қол жеткізуді мемлекеттік орган қамтамасыз етеді және оның қызметіне және бюджет қаражатына байланысты болады;

2) нысаналы индикаторлар, оларға қол жеткізуді бірнеше мемлекеттік орган, өңір және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісі ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде қамтамасыз етеді және бюджет қаражатына байланысты болады;

3) макроиндикаторлар, оларға қол жеткізу ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде бірнеше мемлекеттік органның, өңірдің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіне байланысты болады және бюджет қаражатына байланысты емес.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген нысаналы индикаторлар даму жоспарында жекелеген қосымшалар түрінде көрсетіледі.

5. Мемлекеттік органдардың даму жоспарларына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары негізінде әзірленген инвестициялық жоспарлар қоса беріледі.

Мемлекеттік органның инвестициялық жоспары осы Кодекстің 148-бабына сәйкес әзірленеді және қолданылады.

6. Даму жоспарын бекіту үшін мемлекеттік орган ведомстволық бюджет комиссиясының оң ұсынысы бар даму жоспарының жобасын мемлекеттік органның қолданыстағы даму жоспары аяқталатын жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға қарауға енгізеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Кодекстің 46-бабына сәйкес жүзеге асырылатын нәтижелерді бағалау қорытындыларын ескере

отырып, мемлекеттік органдардың даму жоспарларының жобаларын олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы осы Кодекстің 43-бабына сәйкес жүргізілетін шығыстарды стратегиялық шолу қорытындылары негізінде мақсаттар мен нысаналы индикаторлардың басымдығы көрсетіле отырып қалыптастырылады және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне ағымдағы қаржы жылының 1 мамырынан кешіктірілмей жіберіледі.

Мемлекеттік органның пысықталған даму жоспарының жобасын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі осы Кодекстің 75-бабының 12-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламаның паспортымен бір мезгілде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға қарау үшін енгізеді.

7. Мемлекеттік органның даму жоспарының жобасын мемлекеттік органның басшысы мемлекеттік органның қолданыстағы даму жоспары аяқталатын жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітеді.

8. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мақсаттар мен нысаналы индикаторлар, олардың декомпозициясы туралы жиынтық сандық мәліметтерді қамтитын мемлекеттік органдардың бекітілген даму жоспарлары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты өзі айқындаған тәртіппен қалыптастырады және осы Кодекстің 90-бабында көзделген құжаттар мен материалдардың құрамына енгізу үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

9. Мемлекеттік органның даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге:

1) республикалық бюджет туралы заңдарды және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған не қолданыстағыларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құжаттары қабылданған не қолданыстағыларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымы өзгерген;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын іске асыру қажет болған жағдайларда жол беріледі.

10. Мемлекеттік органдар даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептерді дайындайды, оларды шоғырландыру үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

11. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізу, олардың декомпозициясы туралы жиынтық сандық мәліметтерді қамтитын барлық орталық мемлекеттік органның даму жоспарларының іске асырылуы туралы шоғырландырылған есепті өзі айқындаған тәртіппен қалыптастырады және республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке енгізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

12. Мемлекеттік органдардың даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептер негізінде осы Кодекстің 46-бабына сәйкес оларды бағалау жүзеге асырылады.

Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізетін бағалау "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлеу, келісу, бекіту, жариялау және оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, мемлекеттік органның даму жоспарының іске асырылуы туралы есепті қалыптастыру және мемлекеттік органның даму жоспарының іске асырылуын мониторингтеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

14. Мемлекеттік органның даму жоспары және оның іске асырылуы туралы есеп, мемлекеттік органдардың бекітілген даму жоспарлары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат, мемлекеттік органдардың даму жоспарларының іске асырылуы туралы шоғырландырылған есеп осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

15. Даму жоспарын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

37-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары және оны қарау тәртібі

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары негізінде тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ерекшелігі ескеріле отырып, олардың дамуын айқындайтын құжат болып табылады.

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына жергілікті бюджет кірісіне енгізілмеген түсімдер көлемі мен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға аудару жөніндегі, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушы жүргізген жұмыстар мен көрсеткен қызметтер бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде облыстық әкімдік, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі мен жер қойнауын пайдаланушылар арасында жасалған меморандумдарға сәйкес шығыстар көрсетілген іс-шаралар туралы ақпарат енгізіледі.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторлары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарынан декомпозицияланады.

4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына мыналар енгізіледі:

1) нысаналы индикаторлар, оларға қол жеткізуді жергілікті атқарушы орган қамтамасыз етеді және оның қызметіне және бюджет қаражатына байланысты болады;

2) нысаналы индикаторлар, оларға қол жеткізуді бірнеше өңір және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектілері ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде қамтамасыз етеді және бюджет қаражатына байланысты болады;

3) макроиндикаторлар, оларға қол жеткізу бірнеше өңірдің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіне байланысты болады және бюджет қаражатына байланысты емес.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген нысаналы индикаторлар даму жоспарында жекелеген қосымшалар түрінде көрсетіледі.

5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары негізінде әзірленген инвестициялық жоспарлар қоса беріледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспары осы Кодекстің 148-бабына сәйкес әзірленеді және қолданылады.

6. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ең төмен стандарттарды, елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін міндетті түрде қолдану арқылы әрбір үш жыл сайын бесжылдық кезеңге әзірлейді, оларды орталық салалық мемлекеттік органдар, өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган келіседі және тиісті мәслихат бекітеді.

7. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын келісу үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы орталық салалық мемлекеттік органдармен келісілген даму жоспарының жобасын мемлекеттік органның қолданыстағы даму жоспары аяқталатын жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға қарауға енгізеді.

Өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының жобаларын олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын қараудың қорытындысы бойынша

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасы келіп түскеннен кейін бір ай ішінде қорытынды қалыптастырады және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жібереді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын, осы Кодекстің 46-бабына сәйкес жүзеге асырылатын нәтижелерді бағалау тұжырымдарын, осы Кодекстің 43-бабына сәйкес жүргізілетін шығыстарды стратегиялық шолу тұжырымдарын ескере отырып, тиісті мәслихатқа осы Кодекстің 91-бабының 2-тармағында айқындалған құжаттар мен материалдардың құрамында енгізу үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты қалыптастырады.

8. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасы қолданыстағы даму жоспары аяқталатын жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі.

9. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына:

1) республикалық бюджет туралы заңдарды және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған не қолданыстағыларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құжаттары қабылданған не қолданыстағыларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымы және (немесе) әкімшілік-аумақтық құрылым өзгерген;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын іске асыру қажеттілігі болған жағдайларда өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

10. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылу мониторингін тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар беретін іске асырылу барысы туралы ақпарат негізінде іске асырылуы туралы есептерді қалыптастыру арқылы тиісті аумақтың бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып жүргізеді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылу мониторингі жыл қорытындысы бойынша жылына бір рет жүзеге асырылады және облыстық әкімдіктің, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдігінің

интернет-ресурсында есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін орналастырылады.

11. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде айқындалған тәртіппен даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептерді дайындайды және шоғырландыру үшін өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

12. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептер негізінде осы Кодекстің 46-бабына сәйкес оларды бағалау жүзеге асырылады.

Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізетін бағалау "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есепті қалыптастыру және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуын мониторингтеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

14. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары, оның іске асырылуы туралы есеп және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының іске асырылуы туралы шоғырландырылған есеп осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

15. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі және тиісті жергілікті мемлекеттік органның бірінші басшысы осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

38-бап. Республикалық немесе жергілікті бюджеттен шығыстар жоспарланатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары, іс-шаралар жоспарлары, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегиялары және оларды қарау тәртібі

1. Бюджет процесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленетін, республикалық немесе жергілікті бюджеттен шығыстар жоспарланатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарлары, даму жоспарлары, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегиялары қатысады.

2. Республикалық бюджеттен шығыстар жоспарланатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының жобалары осы Кодекстің 43-бабына сәйкес жүргізілетін шығыстарды стратегиялық шолу қорытындылары негізінде әзірленеді, мемлекеттік орган – республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен келісіледі және осы Кодекстің 90-бабы 2-тармағының 16)

тармақшасында айқындалған құжаттар құрамында бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізіледі.

3. Жергілікті бюджеттен шығыстар жоспарланатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарлары немесе даму жоспарлары мемлекеттік орган – жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен келісіледі және осы Кодекстің 91-бабы 2-тармағының 10) тармақшасында айқындалған құжаттар құрамында мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізіледі.

4. Әрбір қаржы жылының қорытындысы бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен осы баптың 1-тармағында көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есеп, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есеп және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының іске асырылуын бағалау қалыптастырылады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының іске асырылуын мониторингтеу және олардың іске асырылуын бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізетін бағалау "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының, даму жоспарларының, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларының орындалуы жөніндегі есептілік тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі және осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

7. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларын немесе даму жоспарларын, дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларын әзірлеу, келісу және бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, есептілік жасау тәртібі және олардың түрлері, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының, дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларының іске асырылуын мониторингтеу және бағалау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

8. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының, дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларының іске асырылуын мониторингтеу және бағалау нәтижелері осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

9. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің, дербес білім беру ұйымдарының бірінші басшылары осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

9-тарау. ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ ТРАНСПАРЕНТТІЛІК

39-бап. Есеп беру және транспаренттілік туралы жалпы ережелер

1. Уәкілетті органдардың есеп беруі бюджет саясаты саласында қабылданатын шешімдер және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауаптылықты білдіреді.

2. Бюджет процесіне қатысушылардың есеп беруі бюджеттік қатынастарда қабылданатын әкімшілік және басқарушылық шешімдердің айқындығын және олар үшін жауаптылықты қамтамасыз етуге арналған құралдар жиынтығы арқылы іске асырылады.

3. Бюджет жүйесінің транспаренттілігі бюджет туралы ақпараттың жұртшылық үшін, оның ішінде азаматтық бюджетті жариялау үшін айқындығы мен ашықтығын білдіреді.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің негізгі ережелерін ашатын, осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жұртшылық үшін қолжетімді нысанда жарияланатын ақпарат азаматтық бюджет болып табылады.

Азаматтық бюджетті республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау кезінде және оларды атқару процесінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, алынған бюджет қаражаты бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілері қалыптастырады.

Бюджетті жоспарлау және атқару сатыларында азаматтық бюджетті жасау, ұсыну және жариялау тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

4. Уәкілетті органдардың есеп беруі осы Кодекске сәйкес бюджеттік құжаттаманы әзірлеу және жариялау арқылы жүзеге асырылады.

5. Азаматтардың бюджет процесіне қатысуы осы Кодекстің 70-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне сәйкес халық қатысатын бюджетті іске асыру, жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да тәсілдермен қамтамасыз етіледі.

6. Бюджет процесіне қатысушылардың есеп беруі мыналарды қамтиды:

осы Кодекске сәйкес республикалық бюджет туралы заңның және мәслихаттар шешімдерінің жобаларын әзірлеу кезінде және бюджеттердің атқарылуының қорытындысы бойынша өкілді органдарда мемлекеттік органдардың өкілдерін тыңдау; осы Кодекстің 40-бабына сәйкес құжаттарды жариялау және талқылау;

осы Кодекстің 41-бабына сәйкес бюджет процесіне қатысушылардың жауаптылығы

40-бап. Бюджет процесінің құжаттарын жариялау және талқылау

1. Бюджет процесінің материалдары, ақпараты мен құжаттары осы бапта аталған қатысушылардың өз ресми интернет-ресурстарында, оның ішінде міндетті түрде ашық бюджеттердің интернет-порталында Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу, мемлекеттік құпиялар туралы, әкімшілік рәсімдер, қоғамдық кеңестер, ақпараттандыру туралы заңнамасының талаптары сақтала отырып, жариялауына жатады.

2. Бюджет процесінің құжаттарын талқылау осы Кодекске, Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, Қазақстан Республикасының қоғамдық кеңестер туралы, ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасына сәйкес өкілді органдарда, қоғамдық кеңестерде, жергілікті қоғамдастықтың жиналысында, ашық бюджеттердің интернет-порталында жүзеге асырылады.

3. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган:

Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамын;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын;

бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

40-баптың 3-тармағының бесінші абзацы осы Кодекстің 172-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

салықтық шығыстар туралы талдамалық есепті;

жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасын;

қаржы жылының қорытындысы бойынша мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуы туралы жиынтық есепті және мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау нәтижелерін;

мемлекеттік инвестициялық жобалардың жүргізілген экономикалық сараптамаларының нәтижелері бойынша ақпаратты;

байланысты гранттардың пайдаланылуы туралы жиынтық есепті және байланысты гранттардың пайдаланылуын бағалау нәтижелерін жариялауды қамтамасыз етеді.

4. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

республикалық бюджет туралы заңның жобасын қосымшаларымен бірге;

республикалық бюджет туралы заңды қосымшаларымен бірге, Қазақстан Республикасы Президентінің алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы жарлығын қосымшаларымен бірге;

азаматтық бюджетті;

шығыстарға шолу жүргізу қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды жариялауды қамтамасыз етеді.

5. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

шығыстарға шолу жүргізу қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды; мемлекеттік органдардың бекітілген даму жоспарлары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты;

мемлекеттік органдардың даму жоспарларының іске асырылуы туралы шоғырландырылған есепті жариялауды қамтамасыз етеді.

6. Өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының іске асырылуы туралы шоғырландырылған есепті жариялауды қамтамасыз етеді.

7. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді; азаматтық бюджетті;

шоғырландырылған, мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ай сайынғы есепті;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижелері және аудит жүргізу нәтижелері бойынша жылдық қаржылық есептілікті;

мемлекеттік борыштың, квазимемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыштың ағымдағы жай-күйі, мемлекеттік борышты өтеу есебіне төленген ақша сомасы, берілген мемлекеттік кепілдіктер және экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктер, мемлекеттің кепілдіктері мен экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттің кепілдіктері бойынша төленген ақша сомасы туралы статистикалық ақпарат нысанындағы мәліметтерді;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді ;

мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің жай-күйін жыл сайынғы бағалауды;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі есепті;

"толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді жариялауды қамтамасыз етеді.

8. Қазынашылық мониторингтің нәтижелерін жариялауды мемлекеттік қазынашылық қамтамасыз етеді.

9. Облыстық әкімдік, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі:

әлеуметтік-экономикалық даму болжамын;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарын;

шығыстарға шолу жүргізу қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды;
облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есепті жариялауды қамтамасыз етеді.

10. Облыстық әкімдік, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі, аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдік, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты:

осы Кодекстің 87 және 88-баптарының 5-тармағында, 91-бабының 2-тармағында көрсетілген қосымшаларымен, құжаттарымен және материалдармен бірге жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасын;

жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін қосымшаларымен бірге, жергілікті атқарушы органның кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспары туралы қаулысын (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімін) қосымшаларымен бірге;

шығыстарға шолу жүргізу қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды;
азаматтық бюджетті;

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы ай сайынғы есепті;

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті;

жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы мәслихат шешімінің жобасын жариялауды қамтамасыз етеді.

11. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері:

бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын;

бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты;

азаматтық бюджетті;

бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерді жариялауды қамтамасыз етеді.

12. Мемлекеттік орган:

мемлекеттік органның даму жоспарын;

мемлекеттік органның инвестициялық жоспарын;

республикалық немесе жергілікті бюджеттен бюджет қаражаты бөлінген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының орындалуы бойынша есептілікті, олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау нәтижелерін;

мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу бойынша есептерді;

мемлекеттік органдардың даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептерді;
шығыстарға шолу жүргізу қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды;

бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстары туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

13. Мемлекеттік мүлік жөніндегі орталық уәкілетті орган Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы жариялауды қамтамасыз етеді.

14. Квазимемлекеттік сектор субъектісі:

алынған бюджет қаражаты бойынша азаматтық бюджетті;

іс-шаралар жоспарларын немесе даму жоспарларын және олардың іске асырылуы туралы есептерді;

іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының іске асырылуын мониторингтеу және бағалау нәтижелерін;

квазимемлекеттік сектор субъектісі борышының жай-күйі туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

15. Дербес білім беру ұйымдары дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларын және олардың іске асырылуы туралы есептерді жариялауды қамтамасыз етеді.

16. Республикалық бюджеттен трансферттер немесе мемлекеттік тапсырманы орындауға бюджет қаражатын алатын заңды тұлғалар немесе квазимемлекеттік сектор субъектілері, тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері республикалық бюджеттен алынған трансферттердің пайдаланылуы немесе мемлекеттік тапсырманың орындалуы туралы есептерді жариялауды қамтамасыз етеді.

17. Бағалау жүргізуге уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар нәтижелерді бағалау қорытындысын жариялауды қамтамасыз етеді.

18. Осы Кодекске сәйкес мониторингті жүзеге асыратын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, квазимемлекеттік сектор субъектілері, тиісті саланың (аяның) уәкілетті органдары және өзге де заңды тұлғалар мониторинг нәтижелерін жариялауды қамтамасыз етеді.

19. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар, мемлекеттік қазынашылық осы Кодекстің 133 және 134-баптарына сәйкес жасалатын жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жариялауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

41-бап. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзғаны үшін бюджет процесіне қатысушылардың жауаптылығы

1. Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бірінші басшысы:

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттердің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылмағаны;

бюджеттік сұранымды және бюджеттік бағдарламаның паспортын тиісті уәкілетті органдарға, оның ішінде ақпараттық жүйе арқылы уақтылы ұсынылуы;

Арнаулы мемлекеттік қор қаражатының Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сай жұмсалмағаны; мынадан:

бекітілген заттай нормалардан асып кетуден;

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген құжаттардың (инвестициялық ұсыныстың, техникалық-экономикалық негіздеменің, қаржылық-экономикалық негіздеменің, жобалау-сметалық құжаттаманың) және (немесе) олар бойынша тиісті органдар және (немесе) ұйымдар шешімдерінің (қорытындыларының, сараптамаларының) болмауынан;

егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің балансында есепте тұрмаған объектілерді күтіп-ұстауға бюджет қаражатын жұмсаудан;

егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға енгізілмеген объектілерді күтіп-ұстауға бюджет қаражатын жұмсаудан;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудан экономикалық тиімділіктің болмауынан көрінген, бюджет қаражатының тиімсіз жоспарланғаны және (немесе) тиімсіз пайдаланылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Бюджеттік бағдарламаның басшысы:

бюджеттік бағдарлама паспортының жасалуы, бюджеттік бағдарлама паспортының негізділігі мен толықтығы, бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) есеп-қисаптардың анықтығы үшін, оның ішінде ақпараттық жүйе арқылы, осы Кодекстің 148-бабы 8-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін мемлекеттік инвестициялық жобалардың енгізілгені;

осы Кодекстің 75-бабының 8-тармағында белгіленген талаптардың сақталуы;

бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз орындалғаны;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру жоспарларының және жеке қаржыландыру жоспарларының анықтығы, ресімделуінің дұрыстығы және мемлекеттік

қазынашылыққа немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылуы;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржыландыру жоспарларына өзгерістердің уақтылы енгізілуі;

бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бюджет қаражатын қайта бөлудің негізділігі;

мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторингтің уақтылы жүргізілмегені және оның нәтижелерінің тиісті мемлекеттік органдарға уақтылы ұсынылмағаны және (немесе) жобаларды басқару кезінде оның нәтижелерінің пайдаланылмағаны;

осы Кодексте белгіленген жағдайларда бюджет қаражатын тиісті бюджетке қайтарудың уақтылы қамтамасыз етілмегені;

келесі қаржы жылында қаражатын пайдалануға (толық пайдалануға) рұқсат етілетін бюджеттік бағдарламалардың тізбесін қалыптастыруға негіз болатын ақпараттың анықтығы;

бюджеттік бағдарламаның іске асырылуы туралы есептің анықтығы мен толықтығы ;

қарыз шартында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізбеуге алып келген, мемлекеттік сыртқы қарыздың қарыз шартында белгіленген мерзімде игерілмегені не мемлекеттік сыртқы қарызды игеру мерзімінің ұзартылғаны;

мемлекеттік сыртқы қарыз бойынша қаражатты үнемдеу себебінен болған жағдайларды қоспағанда, қарыз шартында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізбеуге алып келген, мемлекеттік сыртқы қарыздың толық және (немесе) ішінара күші жойылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

3. Бюджет комиссиясының төрағасы комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Бюджет комиссиясы осы Кодекстің 73-бабында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау кезінде:

нормативтік құқықтық актіні әзірлеуші орталық мемлекеттік органның немесе әзірлеуші жергілікті мемлекеттік органның бірінші басшысы қаржыландыру көздері көрсетілген қаржылық-экономикалық есеп-қисаптардың және негіздемелердің толықтығы мен анықтығы, тиісті жергілікті бюджет комиссиясы қорытындысының болмауы үшін;

Республикалық немесе жергілікті бюджет комиссиясының хатшысы Республикалық немесе жергілікті бюджет комиссиясының қарауына жұмыс органының қаржыландыру көздері көрсетілген қаржылық-экономикалық есеп-қисаптары мен негіздемелері жоқ

немесе тиісті жергілікті бюджет комиссиясының қорытындысы жоқ қорытындылардың шығарылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы:

мемлекеттік органның даму жоспары мазмұнының анықтығы мен толықтығы;
республикалық бюджетте көзделген қаражат шеңберінде жоспарланған мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізілуі;

мемлекеттік органның даму жоспарының іске асырылуы туралы есептің анықтығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

6. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі және тиісті жергілікті мемлекеттік органның бірінші басшысы:

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының анықтығы мен толықтығы;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есептің анықтығы мен толықтығы;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары борышы лимитінің сақталмағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

7. Тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшылары:

квазимемлекеттік сектор субъектісінің даму жоспары немесе іс-шаралар жоспары мазмұнының толықтығы және оның уәкілетті органдарға уақтылы ұсынылуы;

ұсынылатын инвестициялық ұсыныстардың және техникалық-экономикалық және (немесе) қаржылық-экономикалық негіздемелердің негізділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

8. Жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау және оларды пайдалану кезінде:

орталық салалық мемлекеттік органның бірінші басшысы ағымдағы, оның ішінде күрделі шығындарды және дамуға арналған шығындарды қаржыландыру әдістемелерінің уақтылы әзірленуі, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде қабылданған көрсеткіштердің анықтығы мен негізділігі;

тиісті салалардың (аялардың) орталық және жергілікті уәкілетті органдарының басшылары және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері жалпы сипаттағы трансферттерді есептеуге ұсынылатын ақпараттың негізділігі, анықтығы;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық

округтің әкімі жалпы сипаттағы трансферттердің жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заңға және тиісті мәслихаттың шешіміне сәйкес пайдаланылмағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

9. Жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер бөлу және оларды пайдалану кезінде:

жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бірінші басшысы төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес төмен тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттердің аударылмағаны;

нысаналы даму трансферттерін аударатын жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің бірінші басшысы тиісті жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларының паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмегені үшін;

мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың бірыңғай ұйымдастырушысы болып табылатын жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің бірінші басшысы конкурстық рәсімдердің уақтылы өткізілмегені үшін;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілерінің бірінші басшысы нысаналы трансферттердің бюджеттік бағдарламаның паспортына сәйкес пайдаланылмағаны, нәтижелерге, оның ішінде бюджет қаражатын толық пайдалану кезінде қол жеткізілмегені, алынған нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген нәтижелер туралы есептің ұсынылмағаны үшін;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі, төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бірінші басшысы нәтижелерге қол жеткізбеуге алып келген, жоғары тұрған бюджеттен алынған нысаналы трансферттердің игерілмегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

10. Заңды тұлғаларға берілетін трансферттерді немесе мемлекеттік тапсырманы орындауға бюджет қаражатын алатын заңды тұлғалардың немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшылары:

мемлекеттік органдардың даму жоспарларында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларында, іс-шаралар жоспарларында, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларында және (немесе) тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттарында айқындалған нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізілуі;

бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) есеп-қисаптардың негізділігі мен анықтығы, бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) толық және уақтылы ұсынылуы;

заңды тұлғаларға берілетін трансферттердің пайдаланылуы туралы немесе мемлекеттік тапсырманың орындалуы туралы есептердің негізділігі мен анықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

11. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы пилоттық жобаны іске асыру (енгізу) және (немесе) оны басқару жөніндегі міндеттемелердің орындалмағаны немесе толық орындалмағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

12. Жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде тиісті қаржы жылына қаражат көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшылары:

бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына уақтылы мониторинг жүргізілмегені;

жобаларды басқару кезінде бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын мониторингтеу нәтижелерінің пайдаланылмағаны;

бюджеттік даму бағдарламаларының паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмегені;

қаржылық-экономикалық негіздемеде көзделген, оның ішінде бөлінген бюджет қаражатын толық пайдалану кезінде бюджеттік инвестициялардың нәтижелеріне қол жеткізілмегені;

дивидендтер (таза кірістің бір бөлігі) төленгеннен кейін квазимемлекеттік сектор субъектісінің иелігінде қалған қаражаттың дивиденд саясатына сәйкес пайдаланылмағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

13. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы:

азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы талаптарының сақталуын;

төлеуге берілетін шот ұсынудың заңдылығы мен негізділігін;

төлеуге берілетін шот пен растайтын құжаттарда көрсетілген деректемелердің және сомалардың анықтығын;

төлемдерді ақша алушылардың пайдасына жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді орындаудың уақтылығы мен толықтығын;

жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес тауарлар беруді, орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметтерді растаудың анықтығын;

тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың мемлекеттік қазынашылық органына ұсынылуын қамтамасыз етеді және олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

14. Қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің, бас мердігердің бірінші басшысы, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар:

төлем тапсырмаларын ұсынудың заңдылығы мен негізділігін;

төлем тапсырмаларында көрсетілген деректемелердің анықтығын;

төлемдерді ақша алушының пайдасына жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді орындаудың уақтылығы мен толықтығын;

жасалған операциялардың анықтығын;

төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың мемлекеттік қазынашылық органдарына ұсынылуын қамтамасыз етеді және олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

15. Мемлекеттік кепілдігі бар қарыз бойынша қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген қарыз бойынша алынған қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны үшін және қарыз алушы қарыз бойынша борыштық міндеттемелерін орындамаған жағдайда, мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражаттың қайтарылуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыз бойынша қарыз алушы алынған қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны және қарыз алушы қарыз бойынша борыштық міндеттемелерін орындамаған жағдайда, мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражаттың қайтарылуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

16. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы:

ішкі және сыртқы қарыздар мен борыш бойынша ақпараттың толықтығы және оның уәкілетті органдарға уақтылы ұсынылуы;

қарыз шартында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізбеуге алып келген, мемлекет кепілдігімен берілген мемлекеттік емес қарыздың қарыз шартында белгіленген мерзімде игерілмегені не мемлекет кепілдігімен берілген мемлекеттік емес қарызды игеру мерзімінің ұзартылғаны;

мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыз бойынша қаражатты үнемдеу себебінен болған жағдайларды қоспағанда, қарыз шартында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізбеуге алып келген, мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздың толық және (немесе) ішінара жойылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

17. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындалған заңды тұлғалар экономикалық сараптаманың сапасы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

18. Бюджеттік кредит бойынша қарыз алушы мен түпкілікті қарыз алушы:

бюджеттік кредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбағаны;

бюджеттік кредитті өтемегені, уақтылы өтемегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

19. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшылары тиісті қаржы жылына көзделген бюджет қаражаты шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша, "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелердің орындалуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

20. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, бюджет қаражатын алатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, заңды тұлғалардың бірінші басшылары осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жарияланатын материалдардың, ақпарат пен құжаттардың анықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-тарау. НӘТИЖЕЛЕРДІ БАСҚАРУ

42-бап. Нәтижелерді басқару жөніндегі жалпы ережелер

1. Нәтижелерді басқару Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын жоспарлаудан, бюджеттерді жоспарлау мен атқарудан, шығыстарға шолу, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері, мониторинг нәтижелері, нәтижелерді бағалау жүйесі қолданылатын есептілік жасаудан тұрады.

2. Нәтижелерді басқаруды мемлекеттік органдар, уәкілетті органдар бюджетті жоспарлау және атқару кезеңдерінде жүзеге асырады.

43-бап. Шығыстарға шолу

1. Шығыстарға шолу – бұл бюджет қаражатының жұмсалуын бақылауды қамтамасыз ету және оларға басымдық беру сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және бюджетте, сондай-ақ мемлекеттік органның салалық саясатында жоспарланатын немесе көзделген шығыстарды талдау.

2. Шығыстарға шолу осы Кодексте көзделген жағдайларда және өзге де жағдайларда, оның ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу кезінде тиісті бюджет комиссиясының, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бейінді тұрақты комитеттерінің ұсынысы бойынша және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүргізіледі.

3. Шығыстарға шолу жүргізу кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

шығыстарға шолудың мақсаты мен тақырыбына сәйкестігі;

шығыстарға шолу жүргізудің негізгі өлшемшарттары (нәтижелері) нақты айқындалуға тиіс;

шығыстарға шолу көлемі (қамту) – құжаттардың, шығыстарды шолуға арналған шығыстардың түрлері айқындалуға тиіс;

шығыстарға шолу деңгейі – шығыстарға шолу үшін мемлекеттік басқару деңгейі және (немесе) деңгейлері, сала (ая) айқындалуға тиіс;

уақытпен шектелуі, кезеңділік.

4. Шығыстарға шолуда:

шығыстарға шолу тақырыбы болған проблемалық мәселелерді шешу жолдары;

бюджет шығыстарының жүргізіліп жатқан салалық саясатқа сәйкестігі;

бюджеттің басымдығы төмен және тиімсіз шығыстарын оңтайландыру мүмкіндіктері (нұсқалары);

жүргізіліп жатқан саясаттың басымдықтарына байланысты бюджет қаражатын басқа немесе жаңа шығыстарға қайта бөлу мүмкіндіктері (нұсқалары) бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар қамтылуға тиіс.

5. Шығыстарға шолу:

шығыстарға стратегиялық шолу;

шығыстарға бюджеттік шолу;

шығыстарға инвестициялық шолу болып бөлінеді.

Шығыстарға стратегиялық шолу:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының шынайылығы, орындылығы, өзектілігі;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында айқындалған мақсаттар мен міндеттердің үйлесімділігі;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары арасында қайталанудың, фрагменттіліктің, қиылысудың және қайшылықтардың болуы (болмауы) ;

жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа сәйкестігі;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттары мақсаттарының және (немесе) нысаналы индикаторларының басымдығы мен шынайылығын айқындау тұрғысынан жүргізіледі.

Шығыстарға бюджеттік шолу:

бюджет шығыстарының тиімділігі, негізділігі, нәтижелілігі және орындылығы;

шығыстарды ықтимал оңтайландыру және (немесе) қайта бөлу;

мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы

индикаторларына қол жеткізу үшін бюджет қаражатының жеткіліксіз болуына байланысты сомалардың жинақталған айырмасын одан әрі жоспарлаудың қажеттілігі мен орындылығы тұрғысынан жүргізіледі.

Шығыстарға инвестициялық шолу басталған (жалғасатын) мемлекеттік инвестициялық жобаларды басым қаржыландыру қажеттілігі ескеріле отырып:

мемлекеттік инвестициялық жобалардың қымбаттау, толық қаржыландырылмау, аяқталмау себептерін анықтау және талдау;

мемлекеттік инвестициялық жобаларды мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларымен байланыстыру;

мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қолданыстағы даму жоспары шеңберінде мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға әсер еткен факторларды анықтау;

мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау кезінде осы Кодекстің 45 және 46-баптарына сәйкес жүргізілетін мониторинг және нәтижелерді бағалау қорытындыларын қолдану тұрғысынан жүргізіледі.

6. Шығыстарға шолу жүргізудің тақырыбы мен мақсаттарын негізге ала отырып, осы баптың 5-тармағында көрсетілген шығыстарға шолудың бір немесе бірнеше түрі қолданылады.

7. Шығыстарға шолуды оның мақсаты мен тақырыбына қарай мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар, тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізеді.

8. Шығыстарға шолу, оны жүргізу қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе жергілікті атқарушы органға және егер осы шолу Қазақстан Республикасы Парламенті Палатасының бейінді тұрақты комитетінің ұсынысы бойынша жүргізілген жағдайда, оған жіберіледі.

9. Шығыстарға шолу жүргізудің қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар:

әкімшілік және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қолданылады;
осы Кодекске сәйкес бюджет процесінде қолданылады;
осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

10. Шығыстарға шолу жүргізу, мақсаттарды, тақырыптарды, объектілерді, өлшемшарттарды, көлемді (қамтуды), деңгейді, уақытпен шектелуін, кезеңділікті айқындау тәртібін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

44-бап. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау

1. Бюджеттік қатынастарда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы

заңнамасына сәйкес сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органдарының сараптамалық-талдамалық қызметін сараптамалық-талдамалық іс-шаралар, сондай-ақ бюджетке алдын ала, ағымдағы және кейінгі бағалау жүргізу түрінде жүзеге асырады.

2. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Кодекстің 86, 87, 90, 91, 95, 96, 119 – 128, 153-баптарына сәйкес сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметін қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының ішкі аудит қызметтері осы Кодекстің мақсаттары үшін тиісті мемлекеттік органда:

бюджет процесінің барлық кезеңінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында консультациялық көмекті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда бұзушылықтарды жою және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес келтіру үшін консультациялық көмекті жүзеге асырады;

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары ұсынымдарының орындалуын бақылайды, қабылданған шаралар туралы оларды хабардар етеді;

өкілді органдарда республикалық немесе жергілікті бюджеттің жобасын және оның атқарылуы туралы жылдық есепті талқылау үшін қабылданған шаралар туралы ақпарат дайындайды.

45-бап. Мониторинг

1. Мониторинг – бұл әкімшілік және басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін қолданылатын және нәтижелерді бағалауға негіз болып табылатын, белгілі бір салада (аяда) ақпаратты жинау мен талдаудың тұрақты процесі.

2. Мониторингті орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, квазимемлекеттік сектор субъектілері, тиісті саланың (аяның) уәкілетті органдары жүзеге асырады.

3. Мониторинг мынадай салаларда (аяларда) жүргізіледі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес оның құжаттарын мониторингтеу;

мемлекеттік қаржының жай-күйін мониторингтеу;

бюджетаралық қатынастар саласындағы мониторинг;
қазынашылық мониторинг;
бюджеттік мониторинг;
мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерін мониторингтеу;
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді мониторингтеуді қоса алғанда, мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу;
бюджеттік кредиттер мониторингі;
байланысты гранттардың пайдаланылуын мониторингтеу;
"толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді мониторингтеу.

4. Мониторинг нәтижелері:

бюджетті жоспарлау процесінде қолданылады;
қоғамдық кеңестердің отырыстарында, Қазақстан Республикасының Парламентінде және мәслихаттарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджет қаражатын бөлу туралы мәселелерді талқылау кезінде талқыланады және республикалық бюджет туралы заң жобасымен және жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Парламентіне және мәслихатқа ұсынылатын құжаттар мен материалдардың құрамына енгізіледі;
тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі;
осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап. Нәтижелерді бағалау жүйесі

1. Нәтижелерді бағалауда мынадай бағалау түрлері:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуын бағалау;
мемлекеттік органдардың даму жоспарларының және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау бөлігінде Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы және мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау бөлігінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың,

республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесіне сәйкес мақсаттарға қол жеткізу бойынша операциялық бағалау;

мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау;

мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін бағалау қамтылады.

2. Нәтижелерді бағалауда міндетті түрде мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін жоспарлау мен пайдаланудың нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру және мемлекеттің ресурстарын тиімді бөлу жөніндегі ұсынымдар қамтылады.

3. Нәтижелерді бағалау қорытындылары:

бюджетті жоспарлау процесінде қолданылады;

қоғамдық кеңестердің отырыстарында, Қазақстан Республикасының Парламентінде және мәслихаттарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджет қаражатын бөлу туралы мәселелерді талқылау кезінде талқыланады және республикалық бюджет туралы заң жобасымен және жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Парламентіне және мәслихатқа ұсынылатын құжаттар мен материалдардың құрамына енгізіледі;

тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі;

осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

4. Бағалау жүргізуге уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар нәтижелерді бағалау қорытындыларын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органға ұсынады.

3-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ

11-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ

47-бап. Мемлекеттік қаржыны басқару туралы жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қаржыны басқарудың мақсаты бюджет саясатын айқындау және тәуекелдерді бағалау ескеріле отырып, оны іске асыру арқылы оның ұзақ мерзімді орнықтылығын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін ұзақ мерзімді және орта мерзімді перспективада ішкі және (немесе) сыртқы экономикалық және (немесе) макроэкономикалық және басқа да факторлардың әсері салдарынан туындайтын, мемлекеттік қаржыны басқаруды қиындататын белгісіздік тәуекел болып табылады.

Бюджет саясатында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен бекітілетін, мемлекеттік қаржыны басқару жөніндегі пайымдауды, тәсілдер мен шараларды айқындайтын құжаттар әзірлеу және нысаналы бағдарлар қамтылады.

Мемлекеттік органдардың бюджет саясатын айқындау жөніндегі қызметін үйлестіруді бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қаржыны басқару мынадай құралдар:

- 1) Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамы;
- 2) әлеуметтік-экономикалық даму болжамы;
- 3) бюджеттік қағидалар жүйесі;
- 4) бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есеп;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

47-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы осы Кодекстің 172-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

- 5) салықтық шығыстар туралы талдамалық есеп;
- 6) болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік;
- 7) шоғырландырылған қаржылық есептілік;

8) мемлекеттік қаржы статистикасы туралы есеп пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерде:

республикалық, мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің параметрлері;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстары;

мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелері;

бюджеттік қағидалар мен нысаналы бағдарларды сақтау туралы ақпарат;

басқа да деректер қамтылады.

Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтер ашық болып табылады және осы Кодекстің 40-бабына сәйкес статистикалық ақпарат нысанында жыл сайын жариялануға жатады.

Мемлекеттік қаржының жай-күйін болжауды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстанның ұзақ мерзімді даму болжамы және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму болжамы шеңберінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы болжамды мәліметтердің есеп-қисаптарын , осы Кодекстің 137-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген лимиттерді айқындауды, сыртқы қарыздарды тарту құқығы берілген квазимемлекеттік сектор субъектілері тізбесінің өлшемшарттарын айқындауды және оларды қалыптастыруды әдіснамалық қамтамасыз етуді бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік қаржының жай-күйін мониторингтеуді және ол туралы мәліметтер қалыптастыруды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық салалық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

48-бап. Бюджеттік қағидалар жүйесі

1. Мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік қағидалар мен нысаналы бағдарлардың жиынтығы бюджеттік қағидалар жүйесі болып табылады.

Бюджеттік қағида – республикалық бюджетті бекіту және нақтылау кезінде қолданылатын, бюджет параметрлеріне қатысты олардың шекті мәндері (бюджеттік қағидалар бойынша шектер) нысанындағы шектеу.

Нысаналы бағдарлар – мемлекеттік қаржының шекті параметрлері және ұзақ мерзімді кезеңдегі бюджет саясатына қатысты өзге де шарттар.

2. Бюджеттік қағидалардың түрлері:

1) кепілдендірілген трансферт туралы қағида;

2) республикалық бюджет шығыстары туралы қағида болып бөлінеді.

Бюджеттік қағида кепілдендірілген трансферт туралы қағида болып табылады, оған сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферттің көлемі кесімді баға кезінде мұнай секторының ұйымдарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына болжанатын түсімдердің көлемінен аспайтын мөлшерде жоспарланады.

Кесімді баға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалады.

Бюджеттік қағида республикалық бюджет шығыстары туралы қағида болып табылады, оған сәйкес қарыздарды өтеуді есепке алмағанда, республикалық бюджет шығыстарының (жоспарлы кезеңге арналған) өсу қарқыны инфляция бойынша нысаналы бағдарға ұлғайтылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейімен шектеледі.

Ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейі жоспарлы кезеңнің алдындағы он жылдағы нақты жалпы ішкі өнімнің орташа өсу мәні ретінде айқындалады.

Инфляция бойынша нысаналы бағдарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

3. Нысаналы бағдарлар осы Кодекстің 47-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін құжатта айқындалады.

4. Бюджеттік қағидалар бойынша шектерді және нысаналы бағдарларды сақтау туралы ақпарат Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрамында көрсетіледі.

5. Бюджеттік қағидалар мен нысаналы бағдарлардан ауытқуға:

экономикалық өсудің болмауына және бюджет кірістерінің төмендеуіне, мемлекет міндеттемелерінің және бюджет кірістерімен жабылмайтын бюджет шығыстарының өсуіне алып келген дағдарыс жағдайларында;

Қазақстан Республикасындағы төтенше немесе соғыс жағдайы ахуалында;

осы Кодекстің 59-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда жол беріледі.

Қазақстан Республикасындағы дағдарыс жағдайларында және төтенше немесе соғыс жағдайларында бюджеттік қағидалардан және нысаналы бағдарлардан ауытқу болған жағдайда бюджеттік қағидалардың бастапқы шектеріне және нысаналы бағдарларға оралу Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрамында түзетілетін көрсеткіштер көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп бекітетін іс-қимылдар жоспарын әзірлеу арқылы кейінгі үш жыл ішінде жүзеге асырылады.

49-бап. Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелері

1. Мыналар мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелері болып табылады: мемлекеттік борыш;

шартты борыштық міндеттемелер – мемлекет кепілдік берген борыш, экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттеме, мемлекет кепілгерлігі;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышы;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер;

"толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелер.

Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелері мемлекеттік қаржыны басқару үшін талдамалық мақсаттарда шоғырландырылады және пайдаланылады.

2. Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерін болжау және бағалау осы Кодекстің 137-бабына сәйкес жүзеге асырылады және осы Кодекстің 51-бабына сәйкес жасалатын Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына енгізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышына қолданылмайды.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

50-бап. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамы

1. Салық-бюджет саясатын қалыптастыру үшін экономикалық, макроэкономикалық көрсеткіштердің және мемлекеттік қаржының болжамды жай-күйін айқындайтын құжат Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамы болып табылады және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу кезінде олардың қаржылық қамтамасыз етілуін айқындау кезінде қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамы үш жылда бір рет он жылдық кезеңге әзірленеді.

3. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамында:

әлеуметтік-экономикалық дамудың сыртқы және ішкі жағдайларының нұсқалары;

бюджет қаражатын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын қаржыландырудың өзге де көздерін пайдаланудан нақты және (немесе) күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсерді бағалауды, нәтижелер көрсеткіштерінен ауытқулар және олардың себептері туралы ақпаратты, таңдалған мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, міндеттердің, нәтижелер көрсеткіштерінің шынайылығын талдауды қамтитын әлеуметтік-экономикалық әсерді бағалау;

ұзақ мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдері;

ағымдағы салық-бюджет саясатының орнықтылығын бағалауды, барлық болашақ өзгерістер салдарының бюджетке әсерін бағалауды, мемлекеттік сектордың борышын бағалауды қамтитын мемлекеттік қаржының орнықтылығын бағалау;

ұзақ мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдері ескерілген және жүргізіліп жатқан инвестициялық саясатпен, экономика салалары бойынша саясатпен, өңірлік саясатпен, мемлекеттік активтерді басқару саясатымен, мемлекеттік қолдау шараларымен байланыстырылған Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді кезеңге арналған даму болжамының нұсқалары және дамудың сыртқы және ішкі жағдайларының өзгеруі есепке алынатын басқа да нұсқалар;

мемлекеттік қаржының жай-күйінің болжамы;

өзге де ережелер қамтылады.

4. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп әзірлейді, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдайды және ол осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

5. Бюджетті нақтылау және түзету кезінде Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамын нақтылауға немесе түзетуге болмайды.

6. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамын әзірлеу тәртібін, мерзімдерін, құрылымы мен мазмұнын, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

7. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамын әзірлеу кезінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

51-бап. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

1. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамы негізінде Қазақстан Республикасының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму параметрлерін айқындайтын құжат әлеуметтік-экономикалық даму болжамы болып табылады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жылжымалы негізде жылына бір рет жоспарлы кезеңге әзірленеді.

2. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамында міндетті түрде есепті қаржы жылында мақұлданған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының болжамды деректерімен және Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамымен салыстырғанда болжамды деректердің ұқсас кезеңдегі алшақтық сомалары мен себептері туралы ақпарат қамтылады.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының параметрлері ескеріле отырып, жылжымалы негізде жылына бір рет жоспарлы кезеңге әзірленеді.

4. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы экономиканы дамытудың ішкі және сыртқы жағдайларының өзгерістері ескеріле отырып нақтылануы мүмкін.

5. Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің және бюджеттік параметрлердің болжамы индикативтік сипатта болады және негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамының өзгерістері, мониторинг және нәтижелерді бағалау, басқа да ішкі және сыртқы факторлар ескеріле отырып, кезекті жоспарлы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында мақұлданады.

6. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамның бөлімдерін әзірлеу тәртібін, мерзімдерін және құрылымын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Әлеуметтік саланың жоспарлы кезеңге арналған болжамды көрсеткіштеріне қойылатын талаптарда гендерлік аспект ескеріле отырып, олардың міндетті түрде көрініс табуы қамтылады.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы көрсеткіштерінің есеп-қисаптарын әдіснамалық қамтамасыз етуді осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген

әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу тәртібіне сәйкес тиісті орталық уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

7. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын тиісінше бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы әзірлейді, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы мақұлдайды және ол осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

8. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бюджетті жоспарлау процесінде қолдану үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынылады.

52-бап. Бюджет түсімдерін болжау

1. Мемлекеттік және республикалық бюджеттерге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжауды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган әлеуметтік-экономикалық даму параметрлері, алдыңғы және ағымдағы жылдардағы бюджеттің атқарылуын талдау, осы баптың 3, 4, 5 және 6-тармақтарында айқындалған уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынатын мәліметтер және басқа да деректер негізінде жүзеге асырады.

Бюджет түсімдерін талдау мемлекеттік кірістер органдары мен салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдар ұсынған деректер негізінде жүзеге асырылады.

2. Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары, сыныптары және кіші сыныптары бойынша мемлекеттік және республикалық бюджеттерге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына кірістерді болжауды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бюджет кірістерін болжау бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін бюджет кірістерін болжау әдістемесі негізінде жүзеге асырылады.

Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары, сыныптары және кіші сыныптары бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжау осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес әзірленетін әдістеменің негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Салықтық және салықтық емес түсімдерді мемлекеттік кірістер органдары және салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдар қамтамасыз етеді және әкімшілендіреді.

4. Бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган айқындайды.

5. Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен бірлесіп айқындайды.

6. Қарыздардың түсімдерін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен бірлесіп айқындайды.

7. Мемлекеттік кірістер органдары, салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдар және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды алуға жауапты және олардың түсуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар:

төлемдердің, алымдардың, баждардың, айыппұлдардың және басқа да төлемдердің республикалық немесе жергілікті бюджетке уақтылы әрі толық түсуін қамтамасыз етеді ;

олардың түсуіне, түсімдердің артық (қате) төленген сомаларының қайтарылуына немесе олардың берешектерді өтеу есебіне бюджетке есепке жатқызылуына бюджеттік мониторингті жүзеге асырады;

олардың түсімдері туралы есептілікті, оның ішінде талдамалық есептілікті жинақтау және тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке енгізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган салықтық емес түсімдер бөлінісінде республикалық бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдардың және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды алуға жауапты және олардың түсуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар тізбесін айқындайды.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқарушы органы салықтық емес түсімдер бөлінісінде жергілікті бюджеттің салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдарының және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды алуға жауапты және олардың түсуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар тізбесін айқындайды.

53-бап. Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есеп

1. Бюджеттік тәуекел – бұл орта мерзімді перспективада ішкі және (немесе) сыртқы экономикалық және (немесе) макроэкономикалық және басқа да факторлардың әсері салдарынан мемлекеттік қаржыны басқаруды қиындататын және бюджеттің шынайылығын төмендететін белгісіздік.

2. Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті жыл сайын кезекті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын әзірлеу кезінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, олар айқындаған тәртіппен қалыптастырады және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

3. Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есеп:

макроэкономикалық, квазифискалдық тәуекелдерді, қаржы секторының тәуекелдерін, мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерімен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелермен байланысты тәуекелдерді және басқа да ерекше тәуекелдерді қамтиды;

салық және (немесе) бюджет саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру, ұзақ мерзімді және орта мерзімді болжау, кезекті жоспарлы кезеңге бюджетті жоспарлау кезінде ескеріледі;

бюджеттік тәуекелдердің бюджеттік параметрлерге әсерін бағалау үшін қолданылады;

республикалық бюджет туралы заң жобасына қоса берілетін материалдардың құрамына енгізіледі;

осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

54-бап осы Кодекстің 172-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

54-бап. Салықтық шығыстар туралы талдамалық есеп

1. Салықтық шығыстар – бұл Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық төлеушілерге берілетін салықтық жеңілдіктер.

2. Салықтық шығыстар туралы талдамалық есепте салықтық жеңілдіктердің тиімділігін және оларды одан әрі қолданудың орындылығын бағалау қамтылады.

3. Салықтық шығыстар туралы талдамалық есептің құрамына салықтық алшақтық көрсеткіші енгізіледі.

Салықтық алшақтық – бұл салықтық әлеует пен нақты түскен салықтар арасындағы айырма.

Салықтық әлеует – салықтық шығыстар мен қадағаланбайтын экономиканы қоса алғанда, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерінің ықтимал сомасы.

Салықтық алшақтық есепті қаржы жылы бойынша есептеледі және салық саясатын, салықтық әкімшілендіруді және салықты жинаудың тиімділігін талдау үшін пайдаланылады.

4. Талдамалық есепті қалыптастыру мақсатында жыл сайын ағымдағы жылдың 1 маусымынан кешіктірмей салық саясаты саласындағы орталық уәкілетті органға:

уәкілетті мемлекеттік органдар – жетекшілік ететін салалар бойынша салықтық шығыстарды мониторингтеу және бақылау жөніндегі мәліметтерді;

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – салық төлеушілер қолданған салықтық жеңілдіктердің көлемі және олардың бюджетке түсетін түсімдерге әсері туралы мәліметтерді ұсынады.

Салықтық алшақтық салықтық түсімдердің толық жиналуын талдау кезінде қолданылады және салық саясаты саласындағы орталық уәкілетті орган жүзеге асыратын экономиканың дамуына саланың әсерін талдау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік кірістер органдары мен салық саясаты саласындағы уәкілетті орган қызметінің нәтижелері көрсеткіштерінің бірі салықтық алшақтықты азайту (қысқарту) болып табылады.

5. Салықтық шығыстар туралы талдамалық есеп:

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен салық саясаты саласындағы орталық уәкілетті орган кезекті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын әзірлеу кезінде жыл сайын қалыптастырылады және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі;

салық және (немесе) бюджет саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру, ұзақ мерзімді және орта мерзімді болжау, бюджетті кезекті жоспарлы кезеңге жоспарлау кезінде ескеріледі;

осы Кодекстің 73-бабының 2-тармағына сәйкес енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау кезінде талдамалық ақпарат ретінде қолданылады;

республикалық бюджет туралы заң жобасына қоса берілетін материалдардың құрамына енгізіледі;

осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

55-бап. Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің бюджеттен тыс қызметі

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың мемлекетке немесе өңірге мүліктік және мүліктік емес игіліктер, оның ішінде ақшалай нысанда беруге бағытталған міндеттемелері көзделсе, уәкілетті салалық мемлекеттік органдар және (немесе) жергілікті атқарушы органдар:

орталық салалық мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен сомаларын көрсете отырып, жоспарланған іс-шараларды іске асырудың тиісті есептілігін қалыптастыру арқылы мониторингтеуді;

мониторинг пен есептілік нәтижелерін тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке қосуды;

мониторинг пен есептілік нәтижелерін ресми интернет-ресурста жариялауды жүзеге асырады.

2. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функциялары Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес бәсекелес ортаға берілген жағдайда, тиісті орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар аутсорсинг, мемлекеттік тапсырма, заңды тұлғаларға арналған трансферттерді беру, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, пайдаланушылар есебінен беру, міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу арқылы орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының тізіліміне сәйкес бәсекелес ортаға берілген функциялардың жүзеге асырылуын мониторингтеу нәтижелерін тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке қосады.

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органның функцияларын бәсекелес ортаға беру нәтижесінде қызметтер көрсететін және қоғамдық маңызы бар мақсаттарды көздейтін жекелеген заңды тұлғалардың (бұдан әрі осы тармақта – заңды тұлға) пайдасына жеке және заңды тұлғалар төлейтін, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін міндетті нысаналы төлемдер парафискалдық төлемдер болып табылады.

Заңды тұлғаның өкілеттіктері және қызметінің мазмұны, функциялары, парафискалдық төлемдердің мақсаты және олардың жұмсалуды Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Заңды тұлға және парафискалдық төлемдерді алып қою тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Салық саясаты саласындағы орталық уәкілетті орган және тиісті жергілікті атқарушы орган түсімдердің сомаларын көрсете отырып, парафискалдық төлемдердің тізілімін жүргізеді және олардың сақталуы, таратылуы немесе бюджетке берілуі тұрғысынан оларды талдауды жүзеге асырады.

Парафискалдық төлемдердің тізілімі Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы орталық уәкілетті орган қалыптастыратын, парафискалдық төлемдерге алып келетін, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының тізілімі негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібін және осы тармақтың алтыншы бөлігінде көрсетілген тізілімді салық саясаты саласындағы орталық уәкілетті органға ұсыну мерзімдерін мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

56-бап. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджет процесіне қатысуы туралы жалпы ережелер

1. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджет процесіне қатысуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Кодекстің 8-тарауында көзделген тәртіппен әзірленетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары немесе оларды іске асыруға арналған іс-шаралар жоспарлары арқылы жүзеге асырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары немесе оларды іске асыруға арналған іс-шаралар жоспарлары бойынша құжаттама осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

2. Жалғыз акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын квазимемлекеттік сектор субъектісі акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органдары мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акционерлердің (қатысушылардың) жылдық жалпы жиналыстарын өткізу кезінде – квазимемлекеттік сектор субъектісінің жылдық қаржылық есептілікте, ал еншілес ұйым (еншілес ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген, таза кіріс сомасының кемінде жетпіс пайызын дивидендтерді (кірісті) төлеуге бағыттау және оларды уақтылы аудару үшін шаралар қабылдайды.

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы мен оның ведомстволарының өздеріне жүктелген функцияларды жүзеге асыруына ықпал ететін салада қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорынның таза кірісі сомасының кемінде елу пайызы мөлшерінде таза кірістің бөлігін мемлекеттік кәсіпорындардың бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін өздері айқындайды.

Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің күші мемлекеттің "Астана" халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлғалардың құрылтайшысы (қатысушысы, салымшысы, акционері, мүшесі) ретінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының актілеріне қайшы келмейтін бөлікте әрекет етуі жағдайларына қолданылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық әл-ауқат қорына қатысты акциялары (қатысу үлестері) Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі заңды тұлғалардан есепті кезеңдегі алынған дивидендтердің кемінде елу пайызы мөлшеріндегі сомаларды дивидендтер ретінде бағыттау және оларды уақтылы аудару үшін шаралар қабылдайды.

Ұлттық әл-ауқат қорының республикалық бюджетке дивидендтер төлеу сомасын есептеу кезінде Ұлттық әл-ауқат қоры жалғыз акционерінің шешімдеріне сәйкес жобаларды қаржыландыру қаражатының көлемі ескеріледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген төлемдердің мөлшерін азайту немесе түсімдерді төлеуден босату:

1) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарға, акционерлік қоғамдарға, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысты – бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган;

2) Ұлттық әл-ауқат қорына қатысты – Қазақстан Республикасының Үкіметі;

3) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарға, акционерлік қоғамдарға, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысты – жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты айқындайтын тәртіппен және тізбе бойынша тиісті бюджет комиссиясының міндетті қарауына жатады.

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілері тиісті бюджетке дивидендтер немесе аударымдар төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатының пайдаланылуы туралы ақпаратты тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына қосу үшін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органға, жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына ұсынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке дивидендтер немесе аударымдар төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатының пайдаланылуы туралы ақпаратты беру тәртібі мен нысанын мемлекеттік активтерді басқару саласындағы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды және бекітеді.

5. Республикалық меншікті жекешелендіруден, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер толық көлемде номиналды мәнде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызылады.

6. Коммуналдық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер толық көлемде номиналды мәнде жергілікті бюджетке есепке жатқызылады.

7. Квазимемлекеттік сектор субъектілері қарыз алуды Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Кодекске сәйкес жүзеге асырады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы осы Кодекстің 137-бабына сәйкес белгіленетін, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борышының лимитімен шектеледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының жай-күйі туралы, оның ішінде борышқа қызмет көрсетуге және оны өтеуге арналған шығыстардың көлемдері туралы ақпарат осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

Қарыз қаражатын пайдалану кезінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

8. Мемлекеттік мүлік жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару тиімділігін кешенді талдауды қамтитын Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы қалыптастырады.

Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы қалыптастыру тәртібін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.

Мемлекеттік мүлік жөніндегі орталық уәкілетті орган Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы республикалық бюджет туралы заң жобасына және республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке қоса берілетін материалдардың құрамына енгізу үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндама туралы ақпарат осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

9. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қалдықтарды толық пайдалану және бюджетке қайтару осы Кодекстің 115-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Кодекстің 113-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыйақы алу мақсатында бюджет қаражатын және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынған қаражатты депозиттерге және басқа да қаржы құралдарына, оның ішінде шетелдегі қаржы құралдарына орналастыруына тыйым салынады.

12-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫ

57-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, материалдық емес активтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттарында шоғырландырылатын қаржылық активтері, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалатын мөлшерде жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдер мен салықтарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемелерді орындау есебіне заттай нысанда берілетін пайдалы қазбалар немесе оларды өткізуден түскен ақша түріндегі, сондай-ақ өзге де мүлік түріндегі мемлекет активтерін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін пайдалану, талдау және болжау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтерінің, яғни нысаналы талаптар сомасын қамтитын міндеттемелерді шегергендегі активтердің мөлшері пайдаланылады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, материалдық емес активтерді қоспағанда, қаржылық активтерді және өзге де мүлікті жинақтау, экономиканың мұнай секторына тәуелділігін және қолайсыз сыртқы факторлардың ықпалын төмендету арқылы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге арналған.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жинақтау және тұрақтандыру функцияларын жүзеге асырады.

Жинақтау функциясы, материалдық емес активтерді қоспағанда, қаржылық активтерді және өзге де мүліктің жинақталуын және тәуекелдің қалыпты деңгейінде ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры активтерінің кірістілігін қамтамасыз етеді.

Тұрақтандыру функциясы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстап тұруға арналған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тұрақтандыру функциясын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын бөлігі кепілдік берілген трансфертті қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, материалдық емес активтерді қоспағанда:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сақталуын;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстап тұруды;
- 3) ұзақ мерзімді перспективада инвестициялық кірістер алуды қамтамасыз ету мақсатында рұқсат етілген қаржы құралдарына орналастырылады.

Материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат етілген қаржы құралдарының және олармен жасалатын мәмілелердің тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп айқындайды.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша, сондай-ақ оның көлемдері мен пайдалану бағыттары бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының жұмсалуды ұлттық және шетел валюталарымен жүргізіледі.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алып қойылатын активтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен айырбасталуға немесе қайта айырбасталуға жатады.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының операциялары бойынша есепке алу мен есептілік ұлттық валютамен жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарт негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижелері бойынша жылдық қаржылық есептілік осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

10. Активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есептің нысандары мен оны жасау қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

58-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру көздері

1. Мыналар Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру көздері болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер:

1) мұнай секторы ұйымдарының тікелей салықтарынан (жергілікті бюджеттерге есепке жатқызылатын салықтарды қоспағанда) тұрады, оларға мыналар жатады:

- корпоративтік табыс салығы;
- шикі мұнайға, газ конденсатына акциздер;
- үстеме пайда салығы;
- бонустар;
- пайдалы қазбаларды өндіру салығы;
- экспортқа рента салығы;

Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша үлесі;

жер қойнауын пайдалануға балама салық;

өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі.

Осы тармақшаның ережесі салықтық тексерулер нәтижелері бойынша тікелей салықтар түсімдеріне қолданылмайды;

2) мұнай секторының ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдерден (жергілікті бюджеттерге есепке жатқызылатын түсімдерді қоспағанда), оның ішінде мұнай келісімшарттары талаптарының бұзылғаны үшін түсетін түсімдерден (жергілікті бюджеттерге есепке жатқызылатын түсімдерді қоспағанда);

- 3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерден;
- 4) республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдерден;

5) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдерден;

6) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның активтерді сатуынан түсетін түсімдерден;

7) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдерден тұрады.

3. Мыналар мұнай секторының ұйымдарына жатады:

1) шикі мұнай, газ конденсатын өндірумен айналысатын заңды тұлғалар;

2) шикі мұнайды, газ конденсатын барлауға келісімшарттар жасасқан заңды тұлғалар;

3) жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда берген пайдалы қазбаларды мемлекет атынан алушы.

Келесі қаржы жылына арналған мұнай секторы ұйымдарының тізбесі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен мен жер қойнауын пайдалану, мұнай келісімшарттарын жасасу және орындау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыратын құзыретті органмен бірлесіп, ағымдағы қаржы жылының желтоқсанында бекітіледі.

4. Материалдық емес активтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қаржы құралдарына орналастырудан құралады.

5. Мұнай секторының ұйымдарына шығындарды өтеу шартымен іс-шаралар мен жобаларды қаржыландыру мақсатында құқықтық актілерді қабылдауға тыйым салынады.

59-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферт түрінде;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілетін нысаналы трансферттер түрінде;

3) нысаналы талаптарды төлеу және нысаналы жинақтарды аударуға, есепке жатқызу мен төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды жабу түрінде;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға және жыл сайын аудит жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға жұмсалады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын жұмсау:

осы Кодекстің 47-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін құжаттарда белгіленген нысаналы бағдарлармен;

нысаналы талаптар көлемімен шектеледі.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын:

жеке және заңды тұлғаларға кредит беруге;

мемлекеттік және мемлекеттік емес қарыздар бойынша борыштық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде;

қазақстандық эмитенттерді ішкі қаржы құралдарына орналастыруға;

ұлттық жобаларды іске асыру шеңберінде тартылатын қарыздарды субсидиялауға бағытталатын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттерді қоспағанда, республикалық бюджеттің ағымдағы шығыстарын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер түрінде қаржыландыруға және (немесе) қоса қаржыландыруға пайдалануға болмайды.

Осы тармақтың ережелері Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған Ұлттық басқарушы холдингтің жалпы ел үшін маңызы бар жобаларды іске асыру үшін эмиссияланатын борыштық бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен сатып алуға қолданылмайды.

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған Ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобалар осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғы тұрғысынан қаралуға және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және бекітетін тәртіппен сараптамаға жатады.

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған Ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобалар сараптама қорытындыларымен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің қарауына жатады.

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған Ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен іске асырылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобалардың тізбесі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың нысаналы, заңды және тиімді пайдаланылуын мониторингтеуді Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша құрылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды мониторингтеу жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды мониторингтеу жөніндегі комиссияның құрамын, ережесін және жұмыс тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

60-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферт

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін өтеусіз және қайтарымсыз түсімдер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферт болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферттің мөлшерін осы Кодекстің 48-бабында айқындалған кепілдендірілген трансферт туралы бюджет қағидасына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің ұсынысын ескере отырып, абсолюттік тіркелген мәнде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферттің мөлшері және кесімді баға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамында белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферттің мөлшері республикалық бюджет туралы заңда бекітіледі.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке тартылатын кепілдендірілген трансферттің ай сайынғы көлемінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген тәртіппен мемлекеттік қазынашылық белгілейді.

61-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілетін нысаналы трансферттер

1. Қаржыландырудың балама көздері болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша осы Кодекстің 148-бабы 8-тармағының жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктеріне сәйкес айқындалатын аса маңызды объектілер мен жалпы ел үшін маңызы бар жобаларды қаржыландыруға жіберілетін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін түсімдер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша жобалар және оларды қаржыландыру көлемдері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің ұсынысы ескеріле отырып айқындалады және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітіледі.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тек олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттер түрінде бөлінген бюджет қаражатын пайдалану мен толық пайдаланудың ерекшеліктері осы Кодекстің 115-бабында реттеледі.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттерді пайдаланғаны үшін жауаптылық осы Кодекстің 41-бабында белгіленеді.

Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

62-бап. Нысаналы талаптар және нысаналы жинақтар

1. Есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташаланған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің елу пайызы есебінен жыл сайын есепке жазылатын, мемлекеттің он сегіз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары алдындағы міндеттемелері нысаналы талаптар болып табылады.

2. Өткен жылдардың нысаналы талаптарына жыл сайын есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташаланған инвестициялық кіріс есепке жазылады.

3. Жыл сайын нысаналы талаптардың бір бөлігі ағымдағы күнтізбелік жылы он сегіз жасқа толған (толатын), есепті жылы қайтыс болған не заңды күшіне енген сот актісімен қайтыс болды деп жарияланған Қазақстан Республикасының азаматтарына төлемдер жүргізу үшін нысаналы жинақтарға аударылады.

Нысаналы жинақ шотынан нысаналы жинақтарды алушыға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұрагерлерге төленетін нысаналы жинақтардың сомасы нысаналы жинақтар төлемі болып табылады.

4. Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақтар төлемін қалыптастыру және есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

63-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану мәселелерін қарау ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану мәселелерін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес:

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің жай-күйін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақталған қаржылық активтерін инвестициялаудан түсетін инвестициялық кірісін;

кепілдендірілген трансферт туралы бюджет қағидасын;

осы Кодекстің 47-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін құжаттарда белгіленген нысаналы бағдарларды;

мәлімделетін бюджеттік инвестициялардан түсетін бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасының нәтижелерін;

нысаналы талаптар көлемдерін;

Ұлттық әл-ауқат қорының борыштық бағалы қағаздарын сатып алу жолымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама нәтижелерін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың нысаналы, заңды және тиімді пайдаланылуын мониторингтеу нәтижелерін ескере отырып, бетпе-бет және (немесе) сырттай өткізілетін отырыстарда қарайды.

64-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті жасау, ұсыну және бекіту

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға байланысты қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын аудит жүргізіледі.

Аудиторлық ұйымды таңдау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы аудитінің жүргізілуін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Аудит жүргізу нәтижелері осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры аудитінің нәтижелерін қоса алғанда, жыл сайын есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 мамырына дейін жасайды.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті жыл сайын ағымдағы жылдың 1 маусымынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті бекіткеннен кейін

Қазақстан Республикасының Үкіметі оны ақпарат ретінде Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынады.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті жасаудың нысандары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша бекітеді.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есеп осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті жасау шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің жай-күйі туралы, жинақталған қаржылық активтерді инвестициялаудан түсетін инвестициялық кіріс туралы, нысаналы талаптарды есепке жазу және оларды төлеу туралы ақпаратты қалыптастырады, ол есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі.

13-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТТЕН ТЫС ҚОРЛАРЫ

65-бап. Қазақстан Республикасының бюджеттен тыс қорлары туралы жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында бюджеттен тыс қорлар құрылады, олар мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

катаң нысаналы бағыттылығы болады;

бюджетке енгізілмеген шығыстарды қаржыландыру үшін пайдаланылады;

қорлардың ақшасы мемлекеттік меншік болып табылады, бюджеттер мен басқа қорлардың құрамына кірмейді.

2. Бюджеттен тыс қорлардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі.

3. Бюджеттен тыс қорлардың аудитін "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы жүзеге асырады.

66-бап. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры

1. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры – әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды, асыраушысынан айырылған жағдайда отбасы мүшелерін – асырауындағыларды қоса алғанда, өздеріне қатысты әлеуметтік тәуекел жағдайы туындаған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемдерді тағайындау мен жүзеге асыруды жүргізетін заңды тұлға.

2. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметі туралы есептілік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының болжамды және нақты түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат:

шоғырландырылған бюджеттің құрамына енгізіледі;

республикалық бюджет туралы заң жобасына қоса берілетін материалдардың құрамына енгізіледі;

шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есептің құрамына енгізіледі;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі;

осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

67-бап. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры

1. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым.

2. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметі туралы есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 14.07.2025 № 206-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының республикалық бюджетпен өзара қатынасы заңды тұлғаларға берілетін трансферттер арқылы жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаларға берілетін трансферттерді бөлу арқылы бюджеттен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына шығыстарды жоспарлау, бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы есептілік жасау тәртібін, оның нысандары мен ұсынылу мерзімдерін, сондай-ақ бюджет қаражатын пайдаланудың барысы мен нәтижелері туралы берілетін ақпаратқа қойылатын талаптарды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

4. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының болжамды және нақты түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат:

шоғырландырылған бюджеттің құрамына енгізіледі;

республикалық бюджет туралы заң жобасына қоса берілетін материалдардың құрамына енгізіледі;

шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есептің құрамына енгізіледі;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі;

осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

68-бап. Жәбірленушілерге өтемақы қоры

1. Жәбірленушілерге өтемақы қоры – Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ақша түсімдерін есепке жатқызу және жәбірленушілерге өтемақы төлемін жүргізу үшін мемлекеттік қазынашылықта ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты.

2. Мыналар Жәбірленушілерге өтемақы қорына салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) сот өндіріп алатын мәжбүрлі төлемдер;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 71, 78, 80, 81, 82, 90, 142, 156 және 165-баптарында көзделген процестік міндеттерді орындамағаны және сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін, адвокатты, прокурор мен сотталушыны қоспағанда, жәбірленушіге, куәға, маманға, аудармашыға және өзге де адамдарға сот салатын ақшалай өндіріп алулар;

3) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген және түзеу жұмыстары түрінде жаза тағайындалған сотталған адамнан ақшалай өндіріп алулар;

4) "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес регрестік талаптар тәртібімен өндіріп алынған ақша;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер.

3. Жәбірленушілерге өтемақы қорының нақты түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат:

шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есептің құрамына енгізіледі;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі;

осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

69-бап. Арнаулы мемлекеттік қор

1. Арнаулы мемлекеттік қор – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық жобаларын, сондай-ақ заңсыз иемденілген активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органның шығыстарын қаржыландыру мақсатында ақша түсімдерін есепке жатқызу және оларды жұмсау үшін осы Кодекске сәйкес мемлекеттік қазынашылықта ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты.

Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатын трансферт түрінде өтеусіз және қайтарымсыз негізде республикалық бюджетке жіберуге жол беріледі.

2. Мыналар Арнаулы мемлекеттік қорға салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) жеке және (немесе) заңды тұлғалардан Арнаулы мемлекеттік қордың мақсаттарына мемлекеттік меншікке өтеусіз берілетін ақша;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот актісі негізінде тәркілеу нәтижесінде мемлекеттік меншікке түскен ақша;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот актісі негізінде тәркіленген мүлікті өткізуден мемлекеттік меншікке түскен ақша;

4) ақша, оның ішінде "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында белгіленген тәртіппен қайтарылған мүлікті өткізуден түскен ақша;

5) басқарушы компанияның меншігіне өзге мүлікті өткізуден түскен не Қазақстан Республикасының активтерді қайтару туралы заңнамасына сәйкес оның активтерді басқару жөніндегі қызметі нәтижесінде түскен ақша.

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Арнаулы мемлекеттік қордың нақты түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат: шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есептің құрамына енгізіледі; республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі; осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

ЕРЕКШЕ БӨЛІК

4-БӨЛІМ. БЮДЖЕТТІ ӘЗІРЛЕУ, ҚАРАУ, БЕКІТУ, НАҚТЫЛАУ, ТҮЗЕТУ, СЕКВЕСТРЛЕУ

14-тарау. БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

70-бап. Бюджетті жоспарлау негіздері туралы жалпы ережелер

1. Бюджет жүйесінің қағидаттарын сақтауға негізделген, бюджетті әзірлеу, қарау, бекіту, нақтылау, түзету, секвестрлеу жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау бюджетті жоспарлау болып табылады.

2. Бюджет түсімдерін жоспарлау осы Кодекстің 52-бабына сәйкес айқындалатын түсімдер болжамының негізінде жүзеге асырылады.

Байланысты гранттарды өтеусіз техникалық көмек түрінде алған кезде ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген жағдайларда бюджетке түсетін түсімдерді тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) құны түрінде көрсетуге жол беріледі. Бұл ретте шығыстарда алынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) құнына тең көлемде бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) көзделуге тиіс.

3. Бюджет шығыстарын жоспарлау Қазақстан Республикасының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму параметрлері, мемлекеттік органдардың даму

жоспарлары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарлары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің болжамды шоғырландырылған есептілігі, заттай нормалар, ең төмен әлеуметтік стандарттар, инженерлік-коммуникациялық, көліктік және өзге де инфрақұрылым стандарттары, елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі негізінде шығыстарға шолу, осы Кодекстің 43, 44, 45 және 46-баптарына сәйкес жүргізілетін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мониторингтеу және нәтижелерді бағалау қорытындылары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Жергілікті бюджетті жоспарлау кезінде азаматтардың бюджет қаражатын бөлуге қатысуы (халық қатысатын бюджет) қамтамасыз етіледі.

Халық қатысатын бюджетті іске асыру тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Заттай нормалар қажетті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді тұтынудың немесе пайдаланудың заттай көрсеткіштерін білдіреді.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, заттай нормаларды орталық мемлекеттік органдар бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

Орталық мемлекеттік органдар бекіткен заттай нормалардың ережелері жергілікті атқарушы органдарға қолданылады.

Жергілікті атқарушы органдардың тиісті салаға (аяға) жетекшілік ететін орталық салалық мемлекеттік органдармен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша заттай нормаларды орталық мемлекеттік органдардың заттай нормаларымен нормаланбаған шығыстар бойынша әзірлеуіне жол беріледі.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін заттай нормаларды жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

Заттай нормаларды әзірлеу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Ең төмен стандарттар – кепілдіктер мен құқықтардың іске асырылуын қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген көрсетілетін қызметтердің, ақшалай төлемдердің және өзге де талаптардың ең аз көлемі.

Ең төмен стандарттар желінің ең төмен нормативтері міндетті түрде қолданыла отырып әзірленеді.

Ең төмен әлеуметтік стандарттар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Инженерлік-коммуникациялық, көліктік инфрақұрылымдардың ең төмен стандарттарын тиісті орталық салалық мемлекеттік органдар әзірлейді және бекітеді.

Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу тәртібін және оған мониторинг жүргізу тәртібін өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді.

4. Бюджетті жоспарлауды ұйымдастыру және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдардың қызметін үйлестіру бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдарға жүктеледі.

5. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар тиісті бюджеттердің теңгерімділігін қамтамасыз етеді.

6. Ағымдағы қаржы жылында қабылданған, әкімшілік-аумақтық бірліктерді құруға және таратуға, олардың шекараларын белгілеуге және өзгертуге, оларға атау беру мен олардың атауын өзгертуге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарын, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларын, жергілікті өкілді органдардың шешімдерін, жергілікті атқарушы органдардың актілерін іске асыруға республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің шығыстарын жоспарлау кезекті жоспарлы кезеңге арналған республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастыру шеңберінде жүзеге асырылады.

Мемлекет міндеттемелерін орындауға байланысты шығыстар осы Кодекстің 148 және 149-баптарында белгіленген талаптар сақтала отырып жоспарланады, бюджетті қалыптастыру, нақтылау, түзету кезінде міндетті түрде қаржыландырылады және секвестрлеуге жатпайды.

7. Бюджетті жоспарлау тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

8. Бюджетті жоспарлаудың негізгі кезеңдері мыналар болып табылады:

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау және оларды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізу;

заттай нормаларды әзірлеу;

бюджеттік сұранымды жасау және ұсыну;

республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу;

бюджетті нақтылау, секвестрлеу және түзету.

71-бап. Бюджетті жоспарлау процесі

1. Бюджетті жоспарлау процесінің рәсімдеріне:

1) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның республикалық бюджеттің түсімдерін бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары, сыныптары, кіші сыныптары бойынша айқындауы және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберуі;

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің түсімдерін бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары, сыныптары, кіші сыныптары бойынша айқындауы;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің түсімдерін бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары, сыныптары, кіші сыныптары бойынша айқындауы және тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жіберуі;

2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындауы және оларды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізуі;

3) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік сұранымды жасауы;

4) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік сұранымды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

5) мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға қарауға ұсынуы;

6) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік сұранымдарын қарауы, лимиттерге және осы Кодекстің талаптарына сәйкестігіне талдауды жүзеге асыруы;

7) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның белгіленген лимит пен бюджеттік сұраным арасындағы алшақтықтарды жою үшін шаралар қабылдауы және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымына қорытындыны қалыптастыруы;

8) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік сұранымдарына қорытындыларды тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруы және тиісті бюджет комиссиясының олар бойынша ұсыныстар әзірлеуі және қажет болған кезде пысықтауы;

9) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның тиісті бюджет комиссиясының

ұсыныстары негізінде бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты қалыптастыруы;

10) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органның республикалық бюджет туралы заң жобасын, облыстық бюджет туралы, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеуі ;

11) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның республикалық бюджет жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына енгізуі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

71-баптың 1-тармағының 12) тармақша осы Кодекстің 172-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес 01.01.2028 бастап қолданысқа енгізіледі.

12) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органның тиісті жергілікті бюджеттің жобасын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігіне, ревизиялық комиссиясына енгізуі;

13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе әкімдіктің тиісті бюджеттердің жобаларын Қазақстан Республикасының Парламентіне немесе мәслихатқа енгізуі;

14) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе тиісті мәслихаттың республикалық бюджет туралы заңды немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін бекітуі;

15) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру үшін бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің деңгейіне дейінгі есеп-қисаптары бар бюджеттік сұранымдар жасауы жатады.

2. Бюджетті жоспарлау кезінде болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік қалыптастырылады.

3. Жалпы сипаттағы трансферттер мен нысаналы трансферттер осы Кодекстің 15-тарауына сәйкес жоспарланады және бюджет жобасына енгізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферттің мөлшері осы Кодекстің 60-бабына сәйкес жоспарланады және бюджет жобасына енгізіледі.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттің мөлшері осы Кодекстің 61-бабына сәйкес жоспарланады және бюджет жобасына енгізіледі.

6. Қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету көлемдері осы Кодекстің 28-тарауына сәйкес болжанады және бюджет жобасына енгізіледі.

7. Мемлекеттік инвестициялық жобалар осы Кодекстің 29-тарауына сәйкес жоспарланады және бюджет жобасына енгізіледі.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеу осы Кодекстің 148-бабында белгіленген талаптар міндетті түрде сақтала отырып жүзеге асырылады.

8. Бюджеттік кредиттер осы Кодекстің 30-тарауына сәйкес жоспарланады және бюджет жобасына енгізіледі.

9. Бюджетті атқару процесінде осы Кодекстің 18 және 19-тарауларына сәйкес бюджетті нақтылау, түзету, секвестрлеу жүргізілуі мүмкін.

10. Қазақстан Республикасында төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы ахуалында осы Кодекстің 20-тарауына сәйкес төтенше мемлекеттік бюджет әзірленеді.

11. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарды әзірлеу мен қарау рәсімдері Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес және осы Кодекстің 70-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында белгіленген талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

72-бап. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру

1. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік бюджеттік және қаржылық есептілік негізінде қалыптастырылатын, есепке жазу әдісі бойынша макроэкономикалық көрсеткіштермен байланыстырылған таза активтердің қаржылық жағдайы, қозғалысы мен нәтижелері, міндеттемелер, кірістер және шығыстар туралы ақпаратты білдіреді.

2. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікте мыналар қамтылады:

- 1) қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есеп;
- 2) қаржылық қызмет нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есеп;
- 3) ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есеп;
- 4) таза активтердің (капиталдың) өзгерістері туралы болжамды шоғырландырылған есеп;

5) түсіндірме жазба.

3. Республикалық бюджет бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік сұраныммен бір мезгілде ұсынады.

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бюджеттік сұраныммен бір мезгілде ұсынады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікте қамтылған ақпарат пен есеп-қисаптардың толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігі шығыстар көлемдерін негіздеу үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік сұраныммен бір мезгілде қаралады.

4. Республикалық бюджет немесе облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік параметрлерді бағалау мен болжамның сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік параметрлерде мынадай көрсеткіштер:

операциялық қызмет нәтижесі;

операциялық қызмет нәтижесі (мұнайға қатысты емес);

таза кредиттеу (қарыз алу);

бюджеттің жалпы сальдосы;

бюджеттің жалпы сальдосы (мұнайға қатысты емес);

ақшаның профициті (тапшылығы);

ақшаның жалпы профициті (тапшылығы);

ақшаның жалпы профициті (тапшылығы) (мұнайға қатысты емес);

борыш;

таза борыш ескеріле отырып, тиісті бюджеттің кірістері мен шығыстарының, қаржылық нәтижесінің болжамы қамтылады.

5. Республикалық бюджет бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік республикалық бюджет туралы заң жобасының құрамында ұсынылады.

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік облыстық бюджет туралы, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті туралы мәслихат шешімі жобасының құрамында ұсынылады.

6. Республикалық бюджет немесе облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жасалады.

7. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

73-бап. Бюджеттің кірістері мен шығыстарына әсер ететін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау процесі

1. Мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы болған кезде ғана Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілуі мүмкін.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін заңдардың жобаларына Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысын алу қажеттілігі туралы талап республикалық бюджет туралы, республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы және республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың жобаларын қоспағанда, заң жобаларын Қазақстан Республикасының Парламентінде қарау процесіне де қолданылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары, құрылымына ведомство кіретін мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары жобаларының ережелері Республикалық бюджет комиссиясының міндетті қарауына жатады.

2. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу кезінде материалдарға мыналар қоса беріледі:

республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттер шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары, оның ішінде іске асырылуы тиісті бюджет шығыстарын ұлғайту, қысқарту және (немесе) қайта бөлу есебінен ұсынылатын жобалар бойынша – тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру көздері көрсетілген қаржылық-экономикалық есеп-қисаптары мен негіздемелері;

республикалық немесе жергілікті бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістерін қысқартуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен қалыптастырылатын республикалық немесе жергілікті бюджет, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры шығындарының есеп-қисаптары мен негіздемелері;

мемлекеттік органдарға қосымша функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер берілуіне байланысты республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің кірістерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша – Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін қызметті функционалдық талдау нәтижелері және мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметін функционалдық талдауға арналған қорытындысы; жергілікті бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша – тиісті жергілікті бюджет комиссиясының қорытындысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

73-баптың 2-тармағының екінші бөлігі осы Кодекстің 172-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау кезінде осы Кодекстің 54-бабына сәйкес жасалатын салықтық шығыстар туралы талдамалық есеп қолданылады.

Республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің кірістерін қысқартуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау осы Кодекстің 29-бабына сәйкес шығыстарды бөлу және осы Кодекстің 83-бабының 2-тармағына сәйкес ағымдағы нысаналы трансферттерді беру қажеттілігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Жергілікті өкілді органдардың жергілікті бюджеттердің кірістерін қысқартуды немесе жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана мәслихаттардың қарауына енгізілуі мүмкін. Әкімнің қорытындысы тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып қалыптастырылады.

Жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды көздейтін актілері жобаларының ережелері тиісті бюджет комиссиясының міндетті түрде қарауына жатады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ережелер тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып, әкімнің оң қорытындысы болған кезде келесі қаржы жылынан кейін қолданысқа енгізілуі мүмкін.

4. Республикалық немесе жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар және (немесе) бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар түріндегі кірістер мен республикалық және жергілікті бюджеттерге және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін басқа да болжанбайтын салықтық емес түсімдерді қысқартуды көздейтін, осы баптың 1 және

3-тармақтарында көрсетілген актілер үшін тиісті қорытындының болуы талап етілмейді

74-бап. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттері және оларды айқындау тәртібі

1. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі шығыстарының лимиті осы Кодекстің 70-бабының 3-тармағында белгіленген талаптар сақтала отырып айқындалатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі шығыстарының алдын ала шекті жылдық сомасын білдіреді.

2. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттері мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарлары немесе даму жоспарларының жобалары, мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер, осы Кодекстің 45 және 46-баптарына сәйкес жүргізілетін мониторинг пен нәтижелерді бағалау қорытындылары негізінде бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру үшін айқындалады.

3. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын және осы Кодекстің 80-бабына сәйкес бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған, алдағы үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін ескере отырып айқындайды.

4. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары айқындайтын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін қоспағанда, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын ескере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар айқындайды.

5. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстары лимитінің құрамында шығыстардың мынадай міндетті блоктары айқындалады:

1) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастыратын тізбе бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ағымдағы әкімшілік шығыстары және ағымдағы қаржы жылына бекітілген (нақтыланған, түзетілген) республикалық бюджеттің өзге де шығыстары қамтылатын тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар;

2) осы Кодекстің 73-бабына сәйкес тиісті бюджет комиссиясының оң ұсыныстары бар шығыстардың жаңа бағыттарын қаржыландыруға бағытталған жаңа бастамаларға арналған шығыстар;

3) қолданыстағы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің, құзыреттердің және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көлемін кеңейту) көздейтін шартсыз базалық шығыстарды ұлғайту;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резерв және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві.

6. Осы баптың 5-тармағының 1) тармақшасына жатқызылған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттері:

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жыл сайынғы индекстеу ескеріле отырып, соңғы есепті үш қаржы жылындағы шығыстар және ағымдағы қаржы жылының бекітілген (нақтыланған) бюджетінде көзделген шығыстар ескеріле отырып айқындалған, республикалық бюджет шығыстарының орташа жылдық көлемінің пайызымен жылдар бойынша бөлініп, жоспарлы кезеңге үш жылда бір рет белгіленеді;

нысаналы индикаторлары жоқ республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер негізінде айқындалады;

осы Кодекстің 43-бабына сәйкес шығыстарға міндетті түрде шолу жүргізіле отырып айқындалады;

жоспарлы кезең ішінде өзгерту құқығынсыз бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратта көрсетіледі.

Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысы ескеріле отырып айқындалған, осы баптың 5-тармағының 1) тармақшасына жатқызылған шығыстардың лимиттері республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының қолданыстағы лимиттері аяқталатын жылдың 7 маусымына дейін жеткізіледі.

Осы баптың 5-тармағының 1) тармақшасына жатқызылған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жоспарлы кезеңнен кейін келесі жылға арналған шығыстарының лимиті осы республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ағымдағы қаржы жылының бюджетінде бекітілген (нақтыланған, түзетілген) тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстарын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген индекстеу арқылы айқындалады.

7. Осы баптың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларына жатқызылған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттері Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып, осы Кодекстің

48-бабы 2-тармағының төртінші, бесінші және алтыншы бөліктеріне сәйкес айқындалған республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны негізінде жылжымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге белгіленеді.

8. Осы баптың 5-тармағының 4) тармақшасына жатқызылған шығыстар бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттері осы Кодекстің 19 және 20-баптарына сәйкес айқындалады.

9. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстары лимитінің құрамында шығыстардың мынадай міндетті блоктары айқындалады:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті орган қалыптастыратын тізбе бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің ағымдағы әкімшілік шығыстары және ағымдағы қаржы жылына бекітілген (нақтыланған, түзетілген) тиісті жергілікті бюджеттің өзге де шығыстары қамтылатын тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар;

2) осы Кодекстің 73-бабына сәйкес тиісті бюджет комиссиясының оң ұсыныстары бар шығыстардың жаңа бағыттарын қаржыландыруға бағытталған жаңа бастамаларға арналған шығыстар;

3) қолданыстағы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің, құзыреттердің және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көлемін кеңейту) көздейтін шартсыз базалық шығыстарды ұлғайту;

4) жергілікті атқарушы органның резерві.

10. Осы баптың 9-тармағының 1) тармақшасына жатқызылған шығыстар бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттері:

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жыл сайынғы индекстеу ескеріле отырып, соңғы есепті үш қаржы жылындағы шығыстар және ағымдағы қаржы жылының бекітілген (нақтыланған) бюджетінде көзделген шығыстар ескеріле отырып айқындалған, жергілікті бюджет шығыстарының орташа жылдық көлемінің пайызымен жылдар бойынша бөлініп, жоспарлы кезеңге үш жылда бір рет белгіленеді;

нысаналы индикаторлары жоқ жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер негізінде айқындалады;

осы Кодекстің 46-бабына сәйкес шығыстарға міндетті түрде шолу жүргізіле отырып айқындалады;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратта көрсетіледі.

Тиісті бюджет комиссиясының ұсынысы ескеріле отырып айқындалған, осы баптың 9-тармағының 1) тармақшасына жатқызылған шығыстардың лимиттері бюджеттік

бағдарламалардың әкімшілеріне жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының қолданыстағы лимиттері аяқталатын жылдың 7 маусымына дейін жеткізіледі.

Осы баптың 9-тармағының 1) тармақшасына жатқызылған жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жоспарлы кезеңнен кейінгі жылға арналған шығыстарының лимиті осы жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ағымдағы қаржы жылының бюджетінде бекітілген (нақтыланған, түзетілген) тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстарын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген индекстеу арқылы айқындалады.

11. Осы баптың 9-тармағының 2) және 3) тармақшаларына жатқызылған шығыстар бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттері тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып, жылжымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге белгіленеді.

12. Осы баптың 9-тармағының 4) тармақшасына жатқызылған шығыстар бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттері осы Кодекстің 20-бабына сәйкес айқындалады.

13. Шығыстар лимиттері бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісі үшін айқындалады.

14. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау және жеткізу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.

75-бап. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымы және оны қарау тәртібі

1. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымы – мемлекеттік органның функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттердің іске асырылуын, мемлекеттік органның даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының тиісті мақсатына және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізілуін немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларының іске асырылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметін ашып көрсететін, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі шығыстар көлемдерін негіздеу үшін кезекті жоспарлы кезеңге жасайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік құжаттамасы.

2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді және ол мынадай құжаттардан тұрады:

1) жоспарланатын кезеңге арналған:

жетекшілік ететін саладағы (аядағы) мемлекеттік саясаттың мазмұны мен негізгі бағыттары туралы ақпаратты;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қызметінің нормативтік-құқықтық негізін;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары немесе функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер туралы мәліметтерді; жауапты орындаушы немесе бірлесіп орындаушы бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылатын, қызметтің күтілетін нәтижелері көрсетілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының тізбесін;

функцияларды, өкілеттіктерді, құзыреттерді іске асыруға жоспарланатын шығыстар көлемдерінің қысқаша сипаттамасын немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын қамтитын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қызметінің паспорты;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары туралы жалпы мәліметтерді:

осы Кодекстің 74-бабының 5 және 10-тармақтарында белгіленген блоктар бойынша бюджеттік бағдарламаның әкімшісі шығыстарының лимиттерін;

бюджеттік бағдарламалардың, нысаналы индикаторлардың және түпкілікті нәтижелердің жалпы санын;

көзделген бюджет қаражатымен өзара байланысын қамтитын бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат;

3) мемлекеттік органның бекітілген даму жоспары немесе даму жоспарының жобасы (мемлекеттік органдардың даму жоспарын әзірлейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін);

4) бюджеттік бағдарламалардың паспорттары;

5) есеп-қисаптар.

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының паспорты шығыстар лимиттері негізінде және шегінде әзірленеді және онда міндетті түрде мыналар қамтылады:

бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі), ағымдағы мәртебесі;

бюджеттік бағдарламаның мақсаты;

іске асырылуына бюджеттік бағдарлама бағытталған мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторлары немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторлары (мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары үшін);

мемлекеттік органдар функцияларының тізіліміне сәйкес мемлекеттік орган функциясының (функцияларының) коды мен атауы;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің коды мен атауы;

бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштері, шығыстар көлемдері көрсетілген іс-шаралар.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері жүзеге асыратын шығыстар қамтылатын бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары немесе даму жоспарларының жобалары немесе іс-шаралар жоспарлары және осы Кодекстің 119-бабына сәйкес жүргізілетін бюджеттік мониторинг нәтижелері қоса беріледі.

Даму жоспарларын әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттарына осы Кодекстің 148-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленген мемлекеттік органның инвестициялық жоспары қоса беріледі.

4. Бюджеттік бағдарлама бюджет қаражаты шығыстарының бағыттарын нақтылайтын кіші бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

5. Жаңа бастамаларға арналған шығыстар осы Кодекстің 73-бабына сәйкес бюджет комиссиясының оң ұсынысы негізінде бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) енгізіледі.

6. Бюджеттік бағдарламаларға есеп-қисаптар – шығыстар көлемдерін негіздеуге арналған құжаттар мен материалдар жиынтығы жасалады.

7. Есеп-қисаптар бюджеттік бағдарламалар паспорттарының түпкілікті нәтижелеріне және (немесе) мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге арналған шығыстарды бағыттау қажеттілігі ескеріле отырып жасалады.

Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасына есеп-қисаптар бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі функцияларының, өкілеттіктері мен құзыреттерінің іске асырылуын қамтамасыз етудің жеткіліктілігі ескеріле отырып жасалады.

Тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар бойынша есеп-қисаптар толық көлемде жасалады және тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар бойынша қолданыстағы лимиттер аяқталатын жылы ұсынылады.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарында, мыналарды:

тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар бойынша есеп-қисаптарды;

республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде осы бағдарламалар бойынша бекітілген (нақтыланған) сомамен салыстырғанда өзгермейтін есеп-қисаптарды қоспағанда, барлық шығыстар бойынша есеп-қисаптар жасалады және ұсынылады.

Осы бюджеттік бағдарламалар бойынша есеп-қисаптар үшінші жылға ғана жасалады.

Есеп-қисаптар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын, тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған бағалардың дерекқоры ескеріле отырып жасалады.

Егер бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламада қосымша шығыстарды талап ететін немесе бюджет кірістерін қысқартуды талап ететін нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынса, онда бюджеттік бағдарламамен бір мезгілде тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасы ұсынылады.

8. Бюджеттік бағдарламаның паспортын әзірлеу кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының тиісті мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізуге немесе функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыруға бағдарлануы қажет;

шығыстар көлемі мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларына (мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары үшін) қол жеткізу қажеттілігі немесе функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыру қажеттілігі ескеріле отырып көзделеді;

осы Кодекстің 45-бабына сәйкес жүзеге асырылатын мониторингтеу нәтижелері қолданылады;

түпкілікті нәтижелер мен олардың көрсеткіштерін тұжырымдауда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының мақсаттарына және (немесе) нысаналы индикаторларына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларына (мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары үшін) қол жеткізу дәрежесі немесе функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттердің іске асырылу дәрежесі сипатталуға тиіс;

түпкілікті нәтижелер мен олардың көрсеткіштерінде жоспарланатын шығыстар көлемдері пайдаланыла отырып, мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларына (мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары үшін) қол жеткізу дәрежесі айқындалуға тиіс;

мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының жоспарланатын

шығыстар көлемінің және индикаторларының, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларының (мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары үшін) негізінде түпкілікті нәтижелердің шынайылығы ескеріледі;

іс-шараларда жоспарланатын шығыстардың барлық көлемі қамтылуға тиіс; есеп-қисаптардың шынайылығы қамтамасыз етіледі.

9. Мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының (мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары үшін) нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін тиісті бюджеттік бағдарламада көзделген бюджет қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін қажетті сома мен түпкілікті нәтижеге (түпкілікті нәтижелерге) қол жеткізу үшін бюджеттік бағдарламаның паспорттыңда көзделген соманың айырмасы Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзу болып табылмайды.

Нысаналы индикаторлар мен түпкілікті нәтижелердің сәйкес келмеу себептері бюджеттік бағдарламаның сипаттамасында жазылады.

10. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымын ведомстволық бюджет комиссиясы осы баптың 1 – 8-тармақтары талаптарының сақталуы тұрғысынан қарайды.

11. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған, ведомстволық бюджет комиссиясының оң ұсынысы бар бюджеттік сұранымына шығыстар лимиттері жеткізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қол қойылады және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік сұранымына шығыстар лимиттері жеткізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қол қойылады және:

облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға;

ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері – аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына ұсынады.

12. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған, ведомстволық бюджет комиссиясының оң ұсынысы бар бюджеттік бағдарламасының паспорттыңа шығыстар лимиттері жеткізілген күннен бастап он

жұмыс күні ішінде қол қойылады және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар паспорттарының нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізбесін және түпкілікті нәтижелерді таңдаудың дұрыстығы, бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелердің мемлекеттік органның даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларымен өзара байланысы бар-жоғы тұрғысынан қарау нәтижелері бойынша қорытынды қалыптастыру үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалар паспорттарына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы мемлекеттік органдардың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі және бюджеттік бағдарламалар паспорттарының нәтижелеріне қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау қорытындылары ескеріле отырып, сондай-ақ даму жоспарларын әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары үшін мақсаттар мен нысаналы индикаторлардың басымдығы көрсетіле отырып қалыптастырылады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар паспорттарының нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізбесі және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар паспорттарына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындылары ағымдағы қаржы жылының 5 шілдесінен кешіктірілмей, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі.

13. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Кодекстің 35-бабына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік органдардың даму жоспарларына және мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттарына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындыларын, бюджеттің атқарылуын талдау, осы Кодекстің 45-бабына сәйкес жүргізілетін мониторинг нәтижелерін, осы Кодекстің 43-бабына сәйкес жүргізілетін шығыстарға бюджеттік шолу қорытындыларын ескере отырып, мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымын:

Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына;

функцияларға, өкілеттіктер мен құзыреттерге;

бюджеттік бағдарламалар паспорттары іс-шараларының бюджеттік бағдарламалар паспорттарының түпкілікті нәтижелеріне;

іс-шаралардың жоспарланатын бюджет қаражатының көлемдеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

14. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган:

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаларының паспортын түпкілікті нәтижелерді таңдаудың дұрыстығы, бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелердің облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторларымен өзара байланысы бар-жоғы тұрғысынан қарайды және бюджеттің атқарылуын талдау, осы Кодекстің 45-бабына сәйкес жүргізілетін мониторинг нәтижелерін, осы Кодекстің 43-бабына сәйкес жүргізілетін шығыстарға бюджеттік шолу қорытындыларын, осы Кодекстің 37-бабына сәйкес жасалатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының өзін ескере отырып, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар паспорттарының нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізбесін және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің паспорттарына қорытынды қалыптастырады;

жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымын;

Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкестігі;

функцияларға, өкілеттіктер мен құзыреттерге сәйкестігі;

түпкілікті нәтижелерді таңдаудың дұрыстығы;

бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелердің облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларымен өзара байланысы бар-жоғы;

түпкілікті нәтижелердің шынайылығы мен қолжетімділігі;

бюджеттік бағдарламалар паспорттары іс-шараларының түпкілікті нәтижелерге сәйкестігі;

бюджеттік бағдарламалар паспорттары іс-шараларының жоспарланатын бюджет қаражатының көлемдеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

15. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымдарын қарау кезінде осы баптың 1 – 8-тармақтарында көзделген талаптардың сақталуы ескеріледі, бюджеттік бағдарлама паспорттарының толықтығы және есеп-қисаптардың негізділігі тексеріледі.

16. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік сұранымдарын қарау нәтижелері бойынша қорытындыларды қалыптастырады және оларды тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін бюджет қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін қажетті сома мен түпкілікті нәтижеге (түпкілікті нәтижелерге) қол жеткізу үшін бюджеттік бағдарламаның паспортында көзделген сома айырмасына бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органның қорытындысында шығыстардың, оның ішінде жоспарлы кезеңде бюджет қаражатын бөлу мүмкін болмайтын мемлекеттік инвестициялық жобалар шығыстарының тізбесі айқындалады.

17. Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің бюджеттік сұранымы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға қарау үшін жіберіледі, ол оған қорытынды дайындайды және өзгерістер енгізбей, республикалық бюджет жобасына енгізеді.

Ревизиялық комиссиялардың бюджеттік сұранымы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қарау үшін жіберіледі, ол оған қорытынды дайындайды және өзгерістер енгізбей, жергілікті бюджет жобасына енгізеді.

18. Тиісті бюджет комиссиясы осы баптың 16-тармағында көрсетілген материалдарды қарайды және олар бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Егер Республикалық бюджет комиссиясы жекелеген шығыстарды жергілікті бюджетке беру туралы ұсыныс әзірлесе, жалпы сипаттағы трансферттер жоспарланған жылы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган үш жылдық кезеңге арналған шығыстар сомаларын көрсете отырып, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісінде тиісті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін қалыптастырады және оны жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер көлемдеріне қосу үшін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

19. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде мақсаттар, нысаналы индикаторлар мен түпкілікті нәтижелер, оларға қол жеткізу дәрежелері және көзделген бюджет қаражатымен өзара байланысы туралы сандық мәліметтер қамтылатын тиісті бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты қалыптастырады.

20. Бюджеттік сұраным республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне сәйкес келтіріледі, оған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы мен бюджеттік бағдарламаның басшысы қол қояды және жоспарланатын жоспарлы кезеңнің алдындағы жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірілмей бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті

органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізіледі

21. Бюджеттік бағдарламаның басшысы – бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаның жоспарлануы мен орындалуын қамтамасыз ететін лауазымды адамы.

Бюджеттік бағдарламаның басшысы:

бюджеттік бағдарламаның паспортын жасауды;

бюджеттік бағдарлама паспортының негізділігі мен толықтығын;

бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) есеп-қисаптардың анықтығын;

осы баптың 1 – 8-тармақтарында белгіленген талаптардың сақталуын;

бюджет қаражатының бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру процесіндегі іс-шараларға және түпкілікті нәтижелерге сәйкес тиімді пайдаланылуын;

бюджеттік бағдарламаның іске асырылуы туралы есептің анықтығы мен толықтығын қамтамасыз етеді.

Бюджеттік бағдарламаның басшысы осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

22. Бюджеттік бағдарламалардың паспорттары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

23. Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

15-тарау. БЮДЖЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

76-бап. Бюджетаралық қатынастар туралы жалпы ережелер

1. Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттердің аражігін нақты ажыратуға, түсімдер мен шығыстарды ашық бөлуге негізделген әртүрлі деңгейдегі бюджеттер арасындағы қатынастар бюджетаралық қатынастар болып табылады.

2. Мыналарға:

республикалық бюджеттің аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттермен, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерімен;

облыстық бюджеттердің аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерімен;

осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бір деңгейдегі жергілікті бюджеттердің бірімен-бірінің өзара қатынастарына жол берілмейді.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша бір деңгейдегі жергілікті бюджеттердің бірімен-бірінің өзара қатынасына:

облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің өтінішхаты бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайлар туындаған жағдайда;

әкімшілік-аумақтық бірліктер құрылған және (немесе) таратылған, олардың шекаралары белгіленген, оларға атау берілген және олардың атауы өзгертілген жағдайда жол беріледі.

Бір деңгейдегі жергілікті бюджеттердің бірімен-бірінің өзара қатынасына:

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;

Қазақстан Республикасының агломерацияларды дамыту туралы заңнамасына сәйкес облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар (аудандық маңызы бар қалалар) әкімдерінің өтінішхаты бойынша агломерация аумағында жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу кезінде жол беріледі.

4. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және орталық мемлекеттік органдардың облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджет процесіне;

облыстардың жергілікті атқарушы органдарының аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджет процесіне;

аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджет процесіне араласуына жол берілмейді.

Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жергілікті бюджеттерді атқару барысында қосымша алынған кірістерді жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жол берілмейді.

77-бап. Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандары

1. Бюджетаралық қатынастар бюджеттер деңгейлері арасында:

трансферттермен;

бюджеттік кредиттермен;

кірістерді бөлу нормативтерімен реттеледі.

2. Бір бюджет деңгейінен екінші бюджет деңгейіне төленетін төлемдер бюджеттер деңгейлері арасындағы трансферттер болып табылады.

Бюджеттер деңгейлері арасындағы трансферттер жалпы сипаттағы трансферттер, оның ішінде нысаналы және нысаналы емес трансферттер, ағымдағы нысаналы трансферттер, нысаналы даму трансферттері болып бөлінеді.

3. Бюджеттік кредиттер жергілікті бюджеттерге:

бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;

өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге;

қаржы жылы ішінде жергілікті бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығын жабуға беріледі.

4. Кірістерді бөлу нормативі – тиісті мәслихаттар белгілейтін бюджет кірістерінің түрлерін әртүрлі деңгейдегі бюджеттер арасында бөлудің пайыздық арақатынасы.

5. Жергілікті атқарушы органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жалпы сипаттағы нысаналы трансферттерді, ағымдағы нысаналы трансферттерді, нысаналы даму трансферттерін және бюджеттік кредиттерді тек олардың тиісті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында айқындалған нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланады.

6. Жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттер және бюджеттік кредиттер түрінде бөлінген бюджет қаражатын пайдалану мен толық пайдалану ерекшеліктері осы Кодекстің 115-бабында реттеледі.

78-бап. Бюджетаралық қатынастардың қағидаттары

Бюджетаралық қатынастар мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің республикалық бюджетпен өзара қатынастардағы, аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттердің жоғары тұрған облыстық бюджетпен өзара қатынастардағы, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің жоғары тұрған аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетпен өзара қатынастардағы теңдігі;

2) аражігін ажыратудың мынадай өлшемшарттарының сақталуы ескерілетін түсімдерді тиімді бөлу:

салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді бюджетке бекітіп беру кезінде оларды жинаудың неғұрлым жоғары дәрежесін қамтамасыз ететін бюджет деңгейіне артықшылық беріледі;

салықтық база әркелкі орналастырылған салықтар неғұрлым жоғары деңгейдегі бюджеттерге бекітіліп беріледі;

тұрақты сипаттағы, сыртқы факторлардың әсеріне тәуелді емес салықтар, нақты аумақтық байланыстылығы бар салықтық базадан алынатын салықтар төмен тұрған бюджеттерге бекітіліп беріледі;

3) бірдей деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың мемлекет кепілдік берген мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуын қамтамасыз ету.

79-бап. Жалпы сипаттағы трансферттер және оларды жоспарлау туралы негізгі ережелер

1. Бюджеттік субвенциялар мен бюджеттік алып қою жалпы сипаттағы трансферттер болып табылады.

Республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетте бекітілген сомалар шегінде жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер бюджеттік субвенциялар болып табылады.

Республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетте бекітілген сомалар шегінде төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер бюджеттік алып қою болып табылады.

2. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері:

республикалық бюджет пен облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасында – Қазақстан Республикасының жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заңында;

облыстық бюджеттер мен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында – жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихаттың шешімінде;

аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер мен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері арасында облыстық мәслихаттың жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы шешімінде белгіленген жалпы сипаттағы трансферттер көлемдерін өзгерту құқығынсыз аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы мәслихаттың шешімінде белгіленеді.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері әрбір үш жыл сайын өзгертілуге жатады.

3. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін белгілеу кезінде тиісті саланың (аяның) орталық немесе жергілікті уәкілетті органдарының ұсынысы бойынша шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдері көзделеді.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдері белгіленетін шығыстардың бағыттары олардың басымдығы мен әлеуметтік маңыздылығы ескеріле отырып айқындалады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бюджетті атқару барысында шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдері белгіленген бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша қаражатты шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдерін айқындаған тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органымен және (немесе) жергілікті атқарушы органымен келісу бойынша жергілікті бюджет шығыстарының басқа бағыттарына қайта бөлуге құқылы.

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттен шығыстардың жекелеген бағыттарын жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заңда және (немесе) облыстық мәслихаттың шешімінде белгіленген ең төмен көлемдерден төмен

қаржыландырған жағдайда, бюджетті атқару барысында оған енгізілген өзгерістер ескеріле отырып белгіленген соманың өткен қаржы жылының қорытындысы бойынша тиісті қаржы жылының соңындағы төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының жылдық сомасынан асып кеткен сомасы келесі үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін айқындау кезінде ескеріледі.

4. Жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттер мемлекет кепілдік берген көрсетілетін қызметтерді ұсынуды, жергілікті атқарушы органның міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған және оларды пайдалану бағыттары белгіленбей, өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі.

Жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттерде ағымдағы шығындар мен дамуға арналған шығындар қамтылады. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған шығындар дамуға арналған шығындарға жатады.

Қалған шығындар ағымдағы шығындарға жатады.

5. Жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер осы Кодекстің 75-бабы 18-тармағының екінші бөлігіне сәйкес қалыптастырылады және онда жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемдерінің қолданылуы кезеңінде олардың нысаналы мақсаты сақтала отырып, тиісті бюджетте нысаналы трансферттер түрінде бекітілген төмен тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер қамтылады.

6. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін, тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үшін қажетті нысандарды, көрсеткіштер тізбелерін ұсыну және келісу тәртібін және олардың пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібін қамтитын жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау тәртібін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

7. Жалпы сипаттағы трансферттерді аударудың тәртібі мен кезеңділігін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

8. Жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау және оларды пайдалану кезіндегі жауаптылық осы Кодекстің 41-бабында айқындалады.

80-бап. Жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау процесі

1. Жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау процесі жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы қолданыстағы заң немесе мәслихаттың шешімі аяқталатын жылы басталады.

2. Жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдері бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін жалпы сипаттағы трансферттерді есептеудің үлгілік әдістемесі негізінде есептеледі.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер

бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдері осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес әзірленетін үлгілік әдістеме негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы айқындайтын тәртіппен есептеледі.

3. Жергілікті бюджеттер кірістерінің болжамды көлемінде өңірдің кіріс әлеуеті ескеріледі.

Өңірдің кіріс әлеуеті – үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін белгілеу кезінде өңірдің кірістерін айқындау үшін есептелетін, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерінің ең жоғары ықтимал сомасы;

Кірістердің болжамды көлемдеріне жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымы жөніндегі міндеттемелерді орындау шеңберінде облыстық әкімдік, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі мен жер қойнауын пайдаланушылар арасында жасалған меморандумдар бойынша сомалар бөлек қоса беріледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мәліметтер орталық салалық уәкілетті органдар мен жергілікті атқарушы органдар ұсынатын есептік деректер негізінде қалыптастырылады.

4. Жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемдері осы Кодекстің 43-бабына сәйкес шығыстарға міндетті түрде шолу жүргізіле отырып айқындалады.

Жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемдерінде нысаналы трансферттер, жергілікті атқарушы органның борышына қызмет көрсетуге және оны өтеуге арналған шығындар, бюджеттік кредиттер, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер, имидждік шығыстар, гранттар, зерттеулер, консалтингтік көрсетілетін қызметтер, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар ескерілмейді.

Осы Кодекстің 84-бабының 3-тармағына сәйкес жүргізілетін мониторингтеу нәтижелері ескеріле отырып айқындалатын бюджеттік алып қою болжанатын және тиісті бюджет комиссиясының оң ұсынысы бар жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлеміне қосымша көрсеткішті қолдануға жол беріледі.

Жергілікті бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемдері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген индекстеу және өңірдегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың болжамды саны ескеріле отырып есептеледі.

Жергілікті бюджеттердің күрделі шығындары мен дамытуға арналған шығындарының болжамды көлемдері тиісті орталық салалық мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдармен, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу

бойынша әзірлейтін және бекітетін, оларды қаржыландырудың салалық әдістемелеріне сәйкес есептеледі және осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған жалпы сипаттағы трансферттерді есептеудің үлгілік әдістемесіне сәйкес абсолюттік сомалармен жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттердің көлемдеріне енгізіледі.

Осы тармақтың бесінші бөлігінде көзделген салалық әдістемелерді әзірлеу кезінде: осы Кодекстің 70-бабының 3-тармағында және 84-бабының 3-тармағында көзделген, ең төмен стандарттар және елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі; осы Кодекстің 37-бабы 5 және 6-тармақтарының, 148-бабы 8-тармағының, 149-бабы 3-тармағының талаптары;

Қазақстан Республикасының салалық заңнамасына сәйкес басқа да талаптар ескеріледі.

5. Жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау үшін аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары осы баптың 2-тармағында айқындалған жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесі негізінде есептелген жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдері бойынша ұсыныстарды қалыптастырады.

6. Жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау процесі жылдың 1 ақпанында басталады және онда:

1) осы баптың 3-тармағына сәйкес:

аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының аудандар (облыстық маңызы бар қалалар);

бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері кірістерінің болжамды көлемдерін айқындауы;

2) осы баптың 4-тармағына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарымен бірлесіп, жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттер шығындарының болжамды көлемдерін айқындауы;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарымен бірлесіп, мәслихаттың жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы қолданыстағы шешімі аяқталатын жылдың 1

сәуіріне дейінгі мерзімде жалпы сипаттағы нысаналы және нысаналы емес трансферттер бойынша жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдері жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыруы қамтылады.

Жалпы сипаттағы нысаналы трансферттердің болжамды көлемдері осы Кодекстің 75-бабы 18-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдеріне енгізу туралы шешім қабылдау үшін алдыңғы қаржы жылдарына нысаналы трансферттер, оның ішінде кезекті үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау кезінде жергілікті бюджеттердің шығындарына енгізілгендері есебінен қаржыландырылған шығыстарға олардың жүргізіліп жатқан салалық саясатқа сәйкестігі тұрғысынан міндетті түрде талдау жүргізіле отырып, тиісті орталық салалық мемлекеттік органдармен – республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен және (немесе) жоғары тұрған жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бірлесіп айқындалады;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жалпы сипаттағы нысаналы және нысаналы емес трансферттер бойынша жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдері жөніндегі ұсыныстарды жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы қолданыстағы заң аяқталатын жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізуі;

5) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның алдағы үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін айқындауы және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау кезінде есепке алу үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынуы;

6) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау кезінде ескерілген және Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы бар, алдағы үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы қолданыстағы заң аяқталатын жылдың 7 маусымына дейін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға жеткізуі;

7) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін айқындауы және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жеткізуі;

8) жалпы сипаттағы трансферттер туралы заң жобасын және жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын қалыптастыру қамтылады.

7. Орталық салалық мемлекеттік органның бірінші басшысы осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Ескерту. 80-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

81-бап. Республикалық бюджет пен облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасын әзірлеу

1. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасын әзірлейді және оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

2. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасының мәтінінде жылдар бойынша бөлінген, үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері абсолютті мәнде қамтылуға тиіс.

3. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасына жылдар бойынша бөлінген және өңірлер бөлінісінде үш жылдық кезеңге:

нысаналы емес және нысаналы мақсаты көрсетіле отырып нысаналы болып бөлінген жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері қоса беріледі.

Жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер көлемдерінің нысаналы мақсаты, осы бағыттың мақсаттарына қол жеткізу шегінде оларды қайта бөлу жағдайларын қоспағанда, өзгертілуге жатпайды;

дамуға арналған шығындар;

тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының ұсынысы бойынша шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдері қоса беріледі.

4. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасын жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы қолданыстағы заң аяқталатын жылдың 15 тамызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға ұсынады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасын жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы қолданыстағы заң аяқталатын жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізеді.

6. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасы және жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыс мәслихаты, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты шешімінің жобасы осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

82-бап. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу

1. Облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын жасайды және оны республикалық бюджет пен облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілгеннен кейін тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

2. Облыстың жергілікті атқарушы органы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын республикалық бюджет пен облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң бекітілгеннен кейін мәслихатқа енгізеді.

3. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихаттың шешімі жобасының мәтінінде жылдар бойынша бөлінген және өңірлер бөлінісінде үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері абсолюттік мәнде қамтылуға тиіс.

4. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасына жылдар бойынша бөлінген және өңірлер бөлінісінде үш жылдық кезеңге:

нысаналы емес және нысаналы мақсаты көрсетіле отырып нысаналы болып бөлінген жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері;

дамуға арналған шығындар;

тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдарының ұсынысы бойынша шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдері қоса беріледі.

5. Жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер көлемдерінің нысаналы мақсаты, осы бағыттың мақсаттарына қол жеткізу шегінде оларды қайта бөлу жағдайларын қоспағанда, өзгертілуге жатпайды.

6. Облыстың жергілікті атқарушы органы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 қазанынан кешіктірмей тиісті мәслихатқа енгізеді.

83-бап. Нысаналы трансферттер

1. Нысаналы трансферттер ағымдағы нысаналы трансферттер және нысаналы даму трансферттері болып бөлінеді.

2. Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемдерінің қолданылуы кезеңінде республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сомалар шегінде:

1) жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін, төмен тұрған бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды және (немесе) кірістерін азайтуды көздейтін Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және

Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарын, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларын, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарын, облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) өкілді және атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілерін қабылдаудан туындайтын, төмен тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған;

2) төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджеттерге беретін, мемлекеттік органдар функцияларының мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрған деңгейіне берілуіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығыстарын ұлғайтуды көздейтін заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін қабылдаудан туындайтын, жоғары тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған трансферттер ағымдағы нысаналы трансферттер болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

83-бабы 3-тармағының бірінші бөлігі осы Кодекстің 172-бабының 3-тармағына сәйкес 31.12.2025 дейін қолданылады.

3. Жоғары тұрған бюджеттер жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық, облыстық, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетте бекітілген сомалар шегінде төмен тұрған бюджеттерге беретін трансферттер нысаналы даму трансферттері болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

83-бабы 3-тармағының екінші бөлігі осы Кодекстің 172-бабының 3-тармағына сәйкес 31.12.2025 дейін қолданылады.

Жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері бюджеттік инвестицияларды төмен тұрған жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен бөлінеді.

Нысаналы даму трансферттерін жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге қаржыландырудың балама көздері болмаған кезде осы Кодекстің 148-бабының 8-тармағына сәйкес аса маңызды объектілерді және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларды қаржыландыруға береді.

4. Нысаналы трансферттерді жоспарлау үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарымен бірлесіп, инвестициялық жоспарды және осы Кодекстің 73-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес тиісті нормативтік құқықтық актілерді қарау қорытындыларын ескере отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарлары негізінде нысаналы трансферттердің болжамды көлемдерін айқындайды және бюджет жобасын жоспарлау шеңберінде қарау үшін салалық мемлекеттік органдарға – республикалық

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне және (немесе) жоғары тұрған жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жібереді.

5. Жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін нысаналы даму трансферттерінің көлемдерін төмен тұрған бюджеттерді атқару барысында қосымша алынған кірістерге байланысты азайтуға жол берілмейді.

6. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жергілікті бюджеттердің кірістерін қысқартуды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоспағанда, жергілікті атқарушы органдар нысаналы трансферттерді тек бюджеттік бағдарламалардың тиісті паспорттарында айқындалған нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланады.

Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жергілікті бюджеттер кірістерін қысқартуды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер төмен тұрған бюджеттердің түсімдерінде ғана көрсетіледі.

7. Нысаналы трансферттерді аудару, бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген түпкілікті нәтижелер туралы есепті жасау және ұсыну тәртібін, сондай-ақ бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген түпкілікті нәтижелер туралы есептің нысанын және жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерге мониторинг жүргізу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

8. Нысаналы трансферттерді бөлу және пайдалану кезінде лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылығы осы Кодекстің 41-бабында айқындалған.

84-бап. Бюджетаралық қатынастар саласындағы мониторингтеу

1. Жалпы сипаттағы трансферттер бойынша тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдары:

жалпы сипаттағы нысаналы трансферттерді;

дамуға арналған шығындарды;

жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заңда белгіленген қаржыландырудың ең төмен көлемдерін мониторингтеуді қамтамасыз етеді.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мониторингтеу нәтижелері жыл қорытындылары бойынша есепті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті дайындау шеңберінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізуді бағалау үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ревизиялық комиссияларына, есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті дайындау шеңберінде тиісті бюджеттік

бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы бойынша талдамалық ақпарат дайындау үшін өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға, орталық салалық мемлекеттік органдарға ұсынылады.

2. Жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді мониторингтеу осы Кодекстің 119-бабына сәйкес жүргізілетін бюджеттік мониторинг шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган мүдделі орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп, елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі шеңберінде елді мекендердің типіне (қала, ауыл) және мөлшеріне (халық санына) қарай объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) ең төмен міндетті деңгейімен елді мекендердің қамтамасыз етілуіне жыл сайынғы мониторингті жүргізеді.

Мониторинг жүргізу тәртібін өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

16-тарау. БЮДЖЕТТІ ӘЗІРЛЕУ ПРОЦЕСІ

85-бап. Бюджетті әзірлеу туралы жалпы ережелер

1. Республикалық бюджетті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді.

2. Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді.

3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді.

86-бап. Республикалық бюджет туралы заң жобасын әзірлеу

1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің жобасын жасайды және оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

2. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес республикалық бюджет жобасы шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу үшін республикалық бюджеттің жобасын ағымдағы қаржы жылының 1 тамызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына қарауға ұсынады.

3. Жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджеттің жобасы осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жоспарлы кезеңнің әрбір жылы бойынша жекелеген қосымшалармен қалыптастырылады.

Түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған шығыстарда шартсыз базалық шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады, ал жаңа бастамаларға арналған шығыстар бір бюджеттік бағдарламада көрсетіледі.

"Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

4. Кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасының мәтінінде мыналар қамтылуға тиіс:

кірістердің, трансферттер түсімдерінің, шығындардың, таза бюджеттік кредиттеудің, қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдоның көлемдері, бюджет тапшылығының (профицитінің), мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің), тапшылығын қаржыландырудың (профицитін пайдаланудың) көлемдері ;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамында айқындалған жалақының, зейнетақының ең төмен мөлшерлері, айлық есептік көрсеткіштің, ең төмен күнкөріс деңгейінің және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерлері;

мемлекеттің әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленуге жататын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарының мөлшері;

жасына байланысты зейнетақы төлемдерін және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін арттыру мөлшерлері;

жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заңда айқындалған, жергілікті бюджеттерден республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюдың көлемдері;

жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заңда айқындалған, республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамында айқындалған, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферттің көлемі;

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервтің мөлшері;

Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің мөлшері;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті;

экспортты қолдау бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті;

үкіметтік борыштың лимиті;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті;

мемлекет кепілгерлігін беру лимиті;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борышының лимиті және сыртқы қарыздарды тарту құқығы берілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тізбесі;

жергілікті атқарушы органдар борыштарының лимиттері;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттері;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті;

жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті;

басқа да ережелер.

5. Республикалық бюджет туралы заң жобасына:

1) осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жоспарлы кезеңнің әрбір жылы бойынша жекелеген қосымшалармен қалыптастырылған, жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджеттің жобасы қоса беріледі.

Бұл ретте түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша жазылады, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін, кезекті қаржы жылына арналған түсімдердің көлемдері;

3) бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын, кезекті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі;

4) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар паспорттарының нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізбесі;

5) басқа да деректер қоса беріледі.

6. Республикалық бюджет туралы заң жобасының мәтінінде кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің бекітілетін тапшылығының (профицитінің) және мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің) мөлшерлері ақшалай мәнде және жалпы ішкі өнімге пайызбен көрсетіледі.

7. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет туралы заң жобасын ағымдағы қаржы жылының 15 тамызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға ұсынады.

Республикалық бюджет туралы заң жобасын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту. 86-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

87-бап. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу

1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын жасайды және оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

87-баптың 2-тармағы осы Кодекстің 172-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес 01.01.2028 бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес жергілікті бюджет жобасы шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу үшін облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын ағымдағы қаржы жылының 15 қыркүйегінен кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ревизиялық комиссиясына қарауға ұсынады.

3. Жоспарлы кезеңге арналған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасы осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жоспарлы кезеңнің әрбір жылы бойынша жекелеген қосымшалармен қалыптастырылады.

Түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған шығыстарда тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады, ал

жаңа бастамаларға арналған шығыстар бір бюджеттік бағдарламада көрсетіледі. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

4. Кезекті қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті туралы шешім жобасының мәтінінде мыналар қамтылуға тиіс:

1) кірістердің, трансферттер түсімдерінің, шығындардың, таза бюджеттік кредиттеудің, қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдонның көлемдері, бюджет тапшылығының (профицитінің), тапшылығын қаржыландырудың (профицитін пайдаланудың) көлемдері;

2) облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюдың көлемдері;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы резервінің мөлшері;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы борышының лимиті;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті;

6-1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті;

7) басқа да ережелер.

5. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті туралы шешімнің жобасына:

1) осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жоспарлы кезеңнің әрбір жылы бойынша жекелеген қосымшалармен қалыптастырылған, жоспарлы кезеңге арналған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасы қоса беріледі.

Бұл ретте түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша жазылады, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған шығыстарда тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады, ал жаңа бастамаларға арналған шығыстар бір бюджеттік бағдарламада көрсетіледі;

2) кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын, оның ішінде республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі;

3) қаладағы әрбір ауданның бюджеттік бағдарламалары;

4) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар паспорттарының нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізбесі;

5) басқа да деректер қоса беріледі.

6. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің бекітілетін тапшылығының (профицитінің) мөлшері ақшалай мәнде көрсетіледі.

7. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын ағымдағы қаржы жылының 1 қазанынан кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына қарауға ұсынады.

Ескерту. 87-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

88-бап. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу

1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің жобасын жасайды және оны ауданның (облыстық маңызы бар қала) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет жобасын қарау және айқындау ағымдағы қаржы жылының 1 қазанынан кешіктірілмей аяқталады.

3. Жоспарлы кезеңге арналған аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің жобасы осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жоспарлы кезеңнің әрбір жылы бойынша жекелеген қосымшалармен қалыптастырылады.

Түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша жазылады, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған шығыстарда тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады, ал жаңа бастамаларға арналған шығыстар бір бюджеттік бағдарламада көрсетіледі.

4. Кезекті қаржы жылына арналған аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы мәслихат шешімі жобасының мәтінінде мыналар қамтылуға тиіс:

1) кірістердің, трансферттер түсімдерінің, шығындардың, таза бюджеттік кредиттеудің, қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдоның көлемдері, бюджет тапшылығының (профицитінің), тапшылығын қаржыландырудың (профицитін пайдаланудың) көлемдері;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері;

3) аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бюджеттік алып қоюдың көлемдері;

4) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы резервінің мөлшері;

5) басқа да ережелер.

5. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасына:

1) осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жоспарлы кезеңнің әрбір жылы бойынша жекелеген қосымшалармен қалыптастырылған, жоспарлы кезеңге арналған аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің жобасы қоса беріледі.

Бұл ретте түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша жазылады, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған шығыстарда тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады, ал жаңа бастамаларға арналған шығыстар бір бюджеттік бағдарламада көрсетіледі;

2) жылдар бойынша бөлінген және өңірлер бөлінісінде үш жылдық кезеңге:

нысаналы емес және нысаналы мақсаты көрсетіле отырып нысаналы болып бөлінетін жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері;

дамуға арналған шығындар;

шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдері;

3) жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын, оның ішінде облыстық бюджетті бекіту туралы облыстық мәслихаттың шешімімен белгіленген, кезекті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі;

4) ауданның, қаладағы әрбір ауданның бюджеттік бағдарламалары;

5) басқа да деректер қоса беріледі.

6. Кезекті қаржы жылына арналған аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің бекітілетін тапшылығының (профицитінің) мөлшері ақшалай мәнде көрсетіледі.

7. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет жобасын ағымдағы қаржы жылының 15 қазанынан кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына қарауға ұсынады.

89-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің жобасын жасайды және оны жергілікті қоғамдастық жиналысымен келіскеннен кейін ағымдағы қаржы жылының 1 қыркүйегінен кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына қарауға ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің жобаларын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

2. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің жобасын қарау және айқындау ағымдағы қаржы жылының 15 қазанынан кешіктірілмей аяқталады.

3. Жоспарлы кезеңге арналған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің жобасы осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жоспарлы кезеңнің әрбір жылы бойынша жекелеген қосымшалармен қалыптастырылады.

Түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша жазылады, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған шығыстарда тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады, ал жаңа бастамаларға арналған шығыстар бір бюджеттік бағдарламада көрсетіледі. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

4. Кезекті қаржы жылына арналған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті туралы мәслихат шешімі жобасының мәтінін ауданның (облыстық

маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарымен бірлесіп әзірлейді және онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) кірістердің, трансферттер түсімдерінің, шығындардың, таза бюджеттік кредиттеудің, қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдонның көлемдері, бюджеттер тапшылығының (профицитінің), тапшылығын қаржыландырудың (профицитін пайдаланудың) көлемдері;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері;

3) аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінен аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке бюджеттік алып қоюдың көлемдері;

4) басқа да ережелер.

5. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері туралы мәслихат шешімінің жобасына әрбір жергілікті бюджет бойынша:

1) осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жоспарлы кезеңнің әрбір жылы бойынша жекелеген қосымшалармен қалыптастырылған, жоспарлы кезеңге арналған бюджет жобасы қоса беріледі.

Бұл ретте түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша жазылады, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған шығыстарда тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады, ал жаңа бастамаларға арналған шығыстар бір бюджеттік бағдарламада көрсетіледі;

2) жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын, оның ішінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті бекіту туралы аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың шешімімен белгіленген, кезекті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалардың тізбесі;

3) басқа да деректер қоса беріледі.

6. Кезекті қаржы жылына арналған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің бекітілетін тапшылығының (профицитінің) мөлшері ақшалай мәнде көрсетіледі.

17-тарау. БЮДЖЕТ ЖОБАСЫН ҚАРАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ПРОЦЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

90-бап. Республикалық бюджет жобасын қарау және бекіту туралы жалпы ережелер

1. Республикалық бюджет туралы заң жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы қаржы жылының 1 қыркүйегінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджет туралы заң жобасымен бір мезгілде мынадай құжаттар мен материалдарды:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын;

2) бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

90-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы осы Кодекстің 172-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

3) салықтық шығыстар туралы талдамалық есепті;

4) есепті екі қаржы жылындағы және ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне борыш түрлері бойынша мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің жай-күйі, мемлекеттік борышты өтеу есебіне төленген ақша сомалары және мемлекет кепілдіктері мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекет міндеттемелері бойынша төленген ақша сомалары туралы деректерді;

5) жоспарланатын қаржы жылына арналған үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен іске асырылатын әрбір жоба бөлінісінде қарыз шарттарына сәйкес негізгі борышты өтеу және оған қызмет көрсету, сыйақылар, комиссиялық және өзге де төлемдер сомаларының көлемдері бойынша деректерді;

6) есепті екі қаржы жылындағы және ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне түрлері мен нысандары бойынша, тартылған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар туралы деректерді;

7) есепті екі қаржы жылындағы және ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіндегі қарыздардың түрлері, алынған көздері, шарттары бөлінісінде үкіметтік борышқа қызмет көрсету және оны өтеу жөніндегі ақпаратты;

8) үкіметтік сыртқы қарызды тарту үшін ықтимал мүмкіндіктерді айқындайтын, борыштық капиталдың халықаралық нарықтарының конъюнктурасын талдауды;

9) республикалық бюджет жобасында орындалуына бюджет қаражаты көзделетін мемлекеттік тапсырмалар туралы жиынтық ақпаратты;

10) мемлекеттік органдардың бекітілген даму жоспарлары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты;

11) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты;

12) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстарының болжамын;

13) республикалық бюджет бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті;

14) шығыстарға шолуды, оны жүргізу қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды;

15) нәтижелерді бағалау қорытындысын;

16) Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы;

17) республикалық бюджет жобасына енгізілген шешімдерді ашып көрсететін түсіндірме жазбаны ұсынады.

Түсіндірме жазбаға:

мемлекеттік органдардың даму жоспарларының нысаналы индикаторлары мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелердің сәйкес келмеуі туралы біріктірілген жиынтық ақпарат;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін қажетті сома мен түпкілікті нәтижеге (түпкілікті нәтижелерге) қол жеткізу үшін бюджеттік бағдарлама паспорттында көзделген сома айырмасына республикалық бюджет жобасында бюджет қаражаты көзделмеген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мәлімдеген шығыстардың көлемі туралы ақпарат та енгізіледі;

18) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мыналарды:

мемлекеттік органдардың даму жоспарларын немесе даму жоспарларының жобаларын;

есеп-қисаптары жоқ бюджеттік сұранымды;

республикалық бюджет жобасында бюджет қаражаты көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларын (іс-шаралар жоспарларының жобаларын) немесе даму жоспарларын (квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларының жобаларын);

дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларын;
мынадай:

мемлекеттік органдардың даму жоспарларының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу сипаттамасы;

мемлекеттік органдардың даму жоспарларының нысаналы индикаторларымен өзара байланыстырылған нысаналы индикаторлардың және бюджеттік бағдарламалар паспорттарының жоспарланатын түпкілікті нәтижелерінің, оның ішінде нысаналы индикаторлар мен түпкілікті нәтижелердің сәйкес келмеу себептерінің сипаттамасы;

бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік кіші бағдарламалар бөлінісінде бюджет қаражатының жұмсалу бағыттары, бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген іс-шаралардың қысқаша сипаттамасы;

бюджеттік бағдарламалар орындалуының және есепті екі қаржы жылындағы қол жеткізілген нәтижелер көрсеткіштерінің сипаттамасы, сондай-ақ жоспарлы кезеңге

жоспарланатын бюджет қаражаты көлемінің алдыңғы жоспарлы кезеңде республикалық бюджет туралы заңда бекітілген бюджет қаражаты көлемінен ауытқуы (себептері, салдары) туралы мәліметтер;

алдыңғы қаржы жылдарында республикалық бюджет қаражаты есебінен бөлінген және пайдаланылған шығыстардың сомалары көрсетіле отырып, мемлекеттік органның даму жоспары шеңберінде осы Кодекстің 148-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленетін мемлекеттік органның инвестициялық жоспарына сәйкес жоспарлы кезеңге арналған бюджет жобасына енгізілген, басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобалар туралы ақпарат;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары шеңберінде осы Кодекстің 148-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленетін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарында көзделген жергілікті бюджеттік инвестициялардың атауы және шығыстар сомалары көрсетіле отырып, төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде есепті екі қаржы жылындағы республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің пайдаланылуы туралы ақпарат бар түсіндірме жазбаны қамтитын құжаттарын ұсынады.

3. Қазақстан Республикасы Парламентінің республикалық бюджетті бекітуі ағымдағы қаржы жылының 1 желтоқсанынан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

4. Егер Қазақстан Республикасының Парламенті ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін республикалық бюджет туралы заңды қабылдаса, Қазақстан Республикасының Президенті кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы жарлық шығаруға құқылы, ол Қазақстан Республикасының Парламенті республикалық бюджет туралы заңды бекіткенге дейін қолданылады. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы жарлығының жобасын, сондай-ақ оны іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді.

Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет болжамының төрттен бір бөлігі көлемінде ағымдағы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі.

Республикалық қаржы жоспарының атқарылуы осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары бекітілген жағдайда, осы қаржы жылына арналған республикалық бюджет сол жылдың 1 наурызынан кешіктірілмей бекітілуге тиіс.

Бұл ретте осы қаржы жылына арналған республикалық бюджет сол жылдың бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары ескеріле отырып бекітіледі.

6. Республикалық бюджет туралы заң осы баптың 2-тармағына сәйкес республикалық бюджет туралы заң жобасына қоса берілетін қосымшалармен,

құжаттармен және материалдармен бірге, Қазақстан Республикасы Президентінің алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы жарлығы қосымшаларымен бірге осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

91-бап. Жергілікті бюджет жобасын қарау және бекіту туралы жалпы ережелер

1. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ағымдағы қаржы жылының 15 қазанынан кешіктірмей тиісті мәслихатқа енгізеді.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің жобасын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы ағымдағы қаржы жылының 1 қарашасынан кешіктірмей тиісті мәслихатқа енгізеді.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің жобаларын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы ағымдағы қаржы жылының 10 қарашасынан кешіктірмей аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихатқа енгізеді.

2. Жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджет жобасымен бір мезгілде мынадай құжаттар мен материалдарды:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын;

2) облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасын;

4) шығыстарға шолуды, оны жүргізу қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты;

6) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты;

7) кірістерді бөлу нормативтері жөніндегі ақпаратты;

8) есепті екі қаржы жылындағы және ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне борыш түрлері бойынша жергілікті атқарушы орган борышының ағымдағы жай-күйі, жергілікті атқарушы органның борышын өтеу есебіне төленген ақша сомалары және жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелері бойынша төленген ақша сомалары туралы мәліметтерді;

9) жергілікті атқарушы орган есепті екі қаржы жылындағы және ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне түрлері мен нысандары бойынша тартқан қарыздар туралы деректерді;

10) қарыздардың түрлері, алынған көздері, шарттары бөлінісінде жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету және оны өтеу жөніндегі ақпаратты;

11) жергілікті бюджеттің жобасына енгізілген шешімдерді ашып көрсететін түсіндірме жазбаны ұсынады.

Түсіндірме жазбаға:

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының нысаналы индикаторлары мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелердің сәйкес келмеуі туралы біріктірілген жиынтық ақпарат;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін қажетті сома мен түпкілікті нәтижеге (түпкілікті нәтижелерге) қол жеткізу үшін бюджеттік бағдарлама паспорттында көзделген сома айырмасына жергілікті бюджет жобасында бюджет қаражаты көзделмеген, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мәлімдеген шығыстардың көлемі туралы ақпарат енгізіледі;

12) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мыналарды:

есеп-қисаптары жоқ бюджеттік сұранымды;

жергілікті бюджет жобасында бюджет қаражаты көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларын (іс-шаралар жоспарларының жобаларын) немесе даму жоспарларын (квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларының жобаларын);

мынадай:

есепті қаржы жылындағы қол жеткізілген нәтижелер көрсеткіштерінің қысқаша сипаттамасы;

ағымдағы жағдайдың, орын алып отырған проблемалардың қысқаша сипаттамасы;

жағдайды жақсарту және проблемаларды шешу, мақсаттар мен жоспарланатын нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдарының, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін жоспарланатын бюджет қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда нысаналы индикаторлар мен түпкілікті нәтижелердің сәйкес келмеу себептерінің сипаттамасы;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының мақсаттарымен және нысаналы индикаторларымен өзара байланыстырылған бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген нысаналы индикаторлар мен жоспарланатын түпкілікті нәтижелердің сипаттамасы;

бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік кіші бағдарламалар бөлінісінде бюджет қаражатының жұмсалу бағыттары, бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген іс-шаралардың қысқаша сипаттамасы;

алдыңғы қаржы жылдарында бөлінген және пайдаланылған шығыстардың сомалары көрсетіле отырып, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары шеңберінде осы Кодекстің 148-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленетін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарына сәйкес жоспарлы кезеңге арналған бюджет жобасына енгізілген, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен бюджеттік кредиттер есебінен іске асырылатын, басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобалар туралы ақпарат бар түсіндірме жазбаны қамтитын құжаттарын ұсынады.

3. Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін тиісті мәслихат Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде бекітеді.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихат облыстық бюджетті бекіту туралы облыстық мәслихаттың шешіміне қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде бекітеді.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерін аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихат аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті бекіту туралы аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың шешіміне қол қойылғаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде бекітеді.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерін аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың жекелеген шешімдерімен бекітуге жол беріледі.

4. Егер мәслихат осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімде жергілікті бюджет туралы шешім қабылдаса, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспары туралы қаулы немесе шешім шығарады, ол жергілікті бюджетті мәслихат бекіткенге дейін қолданылады. Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспары туралы жергілікті атқарушы орган қаулысының жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган әзірлейді.

Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспары кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет болжамының төрттен бір бөлігі көлемінде ағымдағы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі.

Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспары туралы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі шешімінің жобасын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппараты әзірлейді.

Жергілікті қаржы жоспарының атқарылуы осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспары бекітілген жағдайда, осы қаржы жылына арналған жергілікті бюджет сол жылдың 1 наурызынан кешіктірілмей бекітілуге тиіс.

6. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерді, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерін бекіту туралы аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттар шешімдер қабылдағаннан кейін он жұмыс күні ішінде бекітілген жергілікті бюджеттердің негізінде жинақталған облыстардың бюджеттерін, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

7. Жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімі қосымшаларымен бірге және жергілікті атқарушы органның кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспары туралы қаулысы (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімі) қосымшаларымен бірге осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

92-бап. Өкілді органдардың республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын, жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын немесе облыстық мәслихат шешімінің жобасын бекітуі туралы жалпы ережелер

1. Бюджеттердің жобаларын қарау кезінде өкілді органдар мынадай қағидаттарды:

- 1) ұсыныстардың негізділігі қағидатын;
- 2) бюджеттің теңгерімділігін сақтау қағидатын ұстанады.

Ұсыныстардың негізділігі қағидаты депутаттардың бюджет жобасына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы кез келген ұсыныстары осы түзетулерді енгізу қажеттілігін, оларға тиісті есеп-қисаптар мен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының көрсеткіштерін, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар паспорттарында көзделген көрсеткіштерді түзету жөніндегі ұсыныстар қоса беріле отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкестігі жазбаша баяндалып берілуге тиіс екендігін білдіреді.

Бюджеттің теңгерімділігін сақтау қағидаты депутаттар бюджет жобасына кез келген өзгеріс немесе толықтыру енгізген кезде бюджет тапшылығының мөлшерін бюджет жобасында белгіленгеннен асырмай сақтау үшін түсімдердің қосымша көздері не қысқартылатын шығыстар айқындалуға тиіс екендігін білдіреді.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе әкімнің оң қорытындысы бар, жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдеріне өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы

депутаттардың ұсыныстары жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер ретінде жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасына немесе облыстық мәслихат шешімінің жобасына енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының жалпы отырыстарында республикалық бюджеттің жобасын талқылауда:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының ақша-кредит саясаты жөніндегі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген адамның (адамдардың) республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, мемлекеттік қаржының жай-күйі, мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару және республикалық бюджет туралы заң жобасы жөніндегі;

Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары уәкілеттік берген адамдардың заң жобасы жөніндегі қорытындыларымен қоса баяндамалары қамтылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының жұмыс топтары мен тұрақты комитеттерінің отырыстарында республикалық бюджет жобасын талқылауда:

орталық мемлекеттік органдар басшыларының мемлекеттік органдардың даму жоспарларының жоспарланған нысаналы индикаторлары және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелер туралы;

республикалық бюджет жобасында бюджет қаражаты көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының жоспарланған нысаналы индикаторлары туралы;

республикалық бюджет жобасында заңды тұлғаларға берілетін трансферттер көзделген ұйымдар басшыларының даму жоспарларының, іс-шаралар жоспарларының, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларының жоспарланған нысаналы индикаторлары туралы баяндамалары қамтылады.

4. Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі мен Сенатының жалпы отырыстарында жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасын талқылауда:

Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген адамның (адамдардың) жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасы жөніндегі, оның ішінде жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығындарының көлемдері туралы;

Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары уәкілеттік берген адамдардың заң жобасы жөніндегі қорытындыларымен қоса баяндамалары қамтылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының жұмыс топтары мен тұрақты комитеттерінің отырыстарында жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заң жобасын талқылауда:

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің немесе жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген адамның (адамдардың) жергілікті бюджет шығындарының көлемдері жөніндегі;

орталық мемлекеттік органдардың басшылары – республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ағымдағы шығындардың, оның ішінде күрделі шығындардың болжамды көлемдері және жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер көлемдеріндегі дамытуға арналған шығындарының болжамды көлемдері туралы баяндамалары қамтылады.

5. Тиісті мәслихат сессиясында жергілікті бюджет жобасын талқылауда:

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің немесе жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген адамның (адамдардың) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті бюджет жобасы бойынша әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жөніндегі;

мәслихат уәкілеттік берген адамдардың жергілікті бюджет жобасы жөніндегі қорытындысымен қоса баяндамалары қамтылады.

6. Облыстық мәслихат сессиясында жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын талқылауда:

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің немесе жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген адамның (адамдардың) жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері жөніндегі;

мәслихат уәкілеттік берген адамдардың жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасы жөніндегі қорытындысымен қоса баяндамалары қамтылады.

7. Тиісті мәслихат сессиясында аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің жобаларын талқылауда:

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің немесе жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген адамның (адамдардың) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің жобалары жөніндегі;

мәслихат уәкілеттік берген адамның (адамдардың) аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің жобалары жөніндегі қорытындысымен қоса баяндамалары қамтылады.

8. Тиісті мәслихаттың тұрақты комиссияларында жергілікті бюджет жобасын талқылауда жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері басшыларының жергілікті бюджеттік бағдарламалардың жоспарланған түпкілікті нәтижелері туралы баяндамалары қамтылады.

93-бап. Республикалық бюджет туралы заңды және жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдерін іске асыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың қаулылары, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде қабылданады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулысы мәслихат жергілікті бюджетті бекіткеннен кейін күнтізбелік жеті күн ішінде қабылданады.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері туралы аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың шешімін іске асыру туралы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімі аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихат аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерін бекіткеннен кейін ағымдағы қаржы жылының соңына дейін қабылданады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджет туралы заңды және жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулыларының жобаларын тиісінше бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган әзірлейді.

Жергілікті бюджет туралы аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың шешімін іске асыру туралы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі шешімінің жобасын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппараты әзірлейді.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджет туралы заңды және жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулыларында (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімінде) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппаратына, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне – бюджеттің уақтылы атқарылуын қамтамасыз ету жөнінде, жергілікті атқарушы органдарға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппаратына жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер мен кредиттерді пайдалану бөлігінде тапсырмалар көзделеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына:

1) облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер мен кредиттер бөлу;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервтің және Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің жалпы сомасын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен резерв түрлері бойынша бөлу;

3) объектілер бөлінісіндегі бюджеттік инвестицияларды, сондай-ақ облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісіндегі нысаналы даму трансферттері мен бюджеттік кредиттерді қоса алғанда, жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесі;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді республикалық бюджеттен қаржыландыруды талап ететін, іске асырылуы жоспарланатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі;

5) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және республикалық бюджет туралы заңда мемлекеттік тапсырмаларды орындауға бюджет қаражаты көзделген заңды тұлғалар көрсетілген, жоспарлы кезеңге арналған мемлекеттік тапсырмалардың тізбесі;

6) айқындалуы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктелген, республикалық бюджет туралы заңды іске асыруға қажетті басқа да деректер немесе көрсеткіштер қоса беріледі.

Жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулысына:

1) нысаналы трансферттер мен кредиттерді тиісінше аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттеріне бөлу;

2) жергілікті атқарушы орган резервінің жалпы сомасын резерв түрлері бойынша бөлу;

3) объектілер бөлінісіндегі инвестициялық жобаларды, сондай-ақ аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бөлінісіндегі нысаналы даму трансферттерін қоса алғанда, жоспарлы кезеңге арналған басым жергілікті бюджеттік инвестициялардың тізбесі;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді жергілікті бюджеттен қаржыландыруды талап ететін, іске асырылуы жоспарланатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі;

5) айқындалуы жергілікті атқарушы органға жүктелген, жергілікті бюджет туралы аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың шешімін іске асыруға қажетті басқа да деректер немесе көрсеткіштер қоса беріледі.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы шешіміне:

1) объектілер бөлінісіндегі инвестициялық жобаларды қоса алғанда, жергілікті бюджеттік инвестициялардың тізбесі;

2) айқындалуы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппаратына жүктелген, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері туралы

мәслихаттың шешімін іске асыруға қажетті басқа да деректер немесе көрсеткіштер қоса беріледі.

3. Бюджетті бекіту кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына, жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органдардың қаулысына, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешіміне осы Кодекстің 115-бабының 2-тармағына сәйкес бюджет қаражатын келесі қаржы жылында толық пайдалануға рұқсат етілетін бюджеттік бағдарламалардың тізбесі қоса беріледі.

4. Республикалық бюджет нақтыланған жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде бекітіледі.

Жергілікті бюджет нақтыланған жағдайда, жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешіміне) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жергілікті атқарушы органның қаулысы (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімі) жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихаттың шешімі бекітілгеннен кейін екі апта мерзімде бекітіледі.

18-тарау. БЮДЖЕТТІ НАҚТЫЛАУ

94-бап. Бюджетті нақтылау туралы жалпы ережелер

1. Республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау – қаржы жылы ішінде республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы республикалық және жергілікті бюджеттердің бекітілген (нақтыланған) көрсеткіштерін өзгерту процесі.

2. Ағымдағы қаржы жылы ішінде республикалық немесе жергілікті бюджетті нақтылау:

1) Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығына қауіп төндіретін ахуалды жою қажет болған;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру қажет болған;

3) осы Кодекстің 99-бабының 7-тармағында, 116-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің және (немесе) Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының, әкімдердің, мәслихаттар

депутаттарының және (немесе) жергілікті қоғамдастық жиналыстары мүшелерінің ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тиісті бюджет комиссиясының республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджет қаражатын қысқарту туралы шешім қабылданған бюджеттік бағдарламалар бойынша операцияларды тоқтата тұруға құқылы.

4. Республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау туралы заң жобасын әзірлеу кезінде осы Кодекстің 70-бабының 2, 3, 5 және 7-тармақтарында белгіленген талаптар сақталады.

95-бап. Республикалық бюджетті нақтылау

1. Республикалық бюджетті нақтылау кезінде республикалық бюджет туралы заңға Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

2. Республикалық бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстарды Республикалық бюджет комиссиясы қарайды.

3. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілері Республикалық бюджет комиссиясының ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті нақтылау туралы ұсынысын ескере отырып, Республикалық бюджет комиссиясының отырысынан кейін бес жұмыс күні ішінде бюджеттік сұранымдарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде бюджеттік сұранымдарды қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

4. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысын ескере отырып, бес жұмыс күні ішінде нақтыланған республикалық бюджет жобасын жасайды және оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

5. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының нақтыланған республикалық бюджет жобасы бойынша ұсынысы негізінде республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын жасайды және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға ұсынады.

6. Республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасына:

1) осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жекелеген қосымшамен қалыптастырылған, ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасы қоса беріледі.

Бұл ретте түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша жазылады, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады.

"Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің) мөлшері ақшалай мәнде көрсетіледі;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін ағымдағы қаржы жылына арналған түсімдердің көлемдері;

3) бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын, ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі;

4) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат қоса беріледі.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Парламентіне мынадай құжаттар мен материалдарды:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының нақтыланған болжамын;

2) нақтылаған республикалық бюджет жобасына енгізілген шешімдерді ашып көрсететін түсіндірме жазбаны;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мыналарды:

бюджеттік сұранымдарды;

мыналар:

бюджеттік бағдарламаларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың сипаттамасы, олардың мемлекеттік органның даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін қажеттілігі;

даму жоспарының мақсаттарымен және нысаналы индикаторларымен өзара байланыстырылған, өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бюджеттік бағдарламалар паспорттарында көзделген мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың және жоспарланатын түпкілікті нәтижелердің сипаттамасы;

бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік кіші бағдарламалар бөлінісінде бюджет қаражатын жұмсау бағыттарының өзгерістері, бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген іс-шаралар өзгерістерінің қысқаша сипаттамасы бар түсіндірме жазбаны қамтитын құжаттарын ұсынады.

Ескерту. 95-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

96-бап. Жергілікті бюджетті нақтылау

1. Жергілікті бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстарды:

облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет үшін – тиісті бюджет комиссиясы;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті үшін – жергілікті қоғамдастық жиналысы, содан кейін тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы қарайды.

2. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес облыстық бюджет пен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында бөлінетін түсімдер бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті нақтылау облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органымен келісу бойынша жүргізіледі.

3. Жергілікті бюджеттерді нақтылау жоғары тұрған бюджетті нақтылауға байланысты жүргізілген жағдайда, мәслихаттың тиісті шешімі республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулыларына қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.

4. Жергілікті бюджетті нақтылау кезінде жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

5. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының немесе әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі аппаратының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті нақтылау туралы ұсынысын ескере отырып, бюджет комиссиясының отырысынан кейін бес жұмыс күні ішінде бюджеттік сұранымдарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде бюджеттік сұранымдарды қарайды, олар бойынша қорытындыларды дайындайды және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың немесе әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі аппаратының бюджет комиссиясының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

6. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың немесе әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі аппаратының бюджет комиссиясының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының ұсынысын ескере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган нақтыланған жергілікті бюджеттің жобасын жасайды және оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың немесе әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі аппаратының бюджет комиссиясының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

7. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың немесе әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі аппаратының бюджет комиссиясының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының нақтыланған жергілікті бюджет жобасы жөніндегі ұсынысы негізінде он жұмыс күні ішінде жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихат шешімінің жобасын жасайды және оны жергілікті атқарушы органға қарауға ұсынады.

8. Жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихат шешімінің жобасына:

1) осы Кодексте және бірыңғай бюджеттік сыныптамада айқындалған құрылымға сәйкес жекелеген қосымшамен қалыптастырылған, ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жобасы қоса беріледі.

Бұл ретте түсімдер санаттар, сыныптар және кіші сыныптар бойынша жазылады, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жазылады.

"Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады.

Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің) мөлшері ақшалай мәнде көрсетіледі;

2) бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын, ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі;

3) қаладағы әрбір ауданның бюджеттік бағдарламалары;

4) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат;

5) басқа да деректер қоса беріледі.

9. Жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихат шешімінің жобасымен бір мезгілде мәслихатқа мынадай құжаттар мен материалдарды:

1) нақтыланған жергілікті бюджет жобасына енгізілген шешімдерді ашып көрсететін түсіндірме жазбаны;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мыналарды:

бюджеттік сұранымдарды;
мыналар:

бюджеттік бағдарламалар паспорттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың сипаттамасы, олардың облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін қажеттілігі;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларымен өзара байланыстырылған, өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бюджеттік бағдарламалар паспорттарында көзделген мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың және жоспарланатын түпкілікті нәтижелердің сипаттамасы;

бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік кіші бағдарламалар бөлінісінде бюджет қаражатын жұмсау бағыттарының өзгерістері, бюджеттік бағдарламалар паспорттарында көзделген іс-шаралар өзгерістерінің қысқаша сипаттамасы бар түсіндірме жазбаны қамтитын құжаттарын ұсынады.

Ескерту. 96-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-тарау. СЕКВЕСТРЛЕУ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІ ТҮЗЕТУ

97-бап. Секвестрлеу

1. Секвестрлеу бюджет қаражатының шығыстарын белгілі бір шектерде қысқартуды көздейтін арнаулы тетікті білдіреді, ол республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару кезінде бекітілген түсімдердің республикалық және жергілікті бюджеттерге толық түспеуі салдарынан бекітілген бюджеттік бағдарламаларды толық көлемде қаржыландыру мүмкін болмаған жағдайларда енгізіледі.

2. Секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) шығыстарын қоспағанда, шығыстардың жылдық бекітілген (нақтыланған) көлемін он пайыздан аз сомаға секвестрлеу – Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің) шешімімен, он пайыздан жоғары сомаға секвестрлеу республикалық бюджет туралы заң немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның секвестрлеу жүргізу туралы қаулысы негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы Кодексте белгіленген тәртіппен бюджеттің түсімдері мен шығыстарын өзгерту арқылы тиісті бюджетті түзетуді жүзеге асырады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің секвестрлеу жүргізу туралы шешімі негізінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппараты осы Кодексте белгіленген тәртіппен бюджеттің түсімдері мен шығыстарын өзгерту арқылы тиісті бюджетті түзетуді жүзеге асырады.

4. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қысқарту кезінде олардың басымдығы мен әлеуметтік бағыттылығы, сондай-ақ осы Кодекстің 70-бабы 6-тармағы екінші бөлігінің талабы ескеріледі.

Бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын, кезекті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі республикалық бюджет туралы заңда бекітіледі.

5. Тиісті бюджет комиссиясының секвестрлеу туралы шешім қабылдауымен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыруды және секвестрлеу белгіленіп отырған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төлемдер жүргізуді тоқтата тұрады.

6. Секвестрлеу жүргізу кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік сұранымдарды жасайды және оларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

7. Секвестрлеу кезінде бюджет қаражаты есебінен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша туындаған қатынастарды реттеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

98-бап. Бюджетті түзету

1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің шешімдері және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері негізінде түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, кезекті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бекітілген (нақтыланған) бюджеттің көрсеткіштерін өзгерту процесі бюджетті түзету болып табылады.

Егер жүргізілген түзетуден кейін бюджетті нақтылау жүргізілсе, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, бюджеттің түзетілген көрсеткіштері нақтыланған бюджетте көрсетіледі.

2. Республикалық бюджетті түзету:

1) орталық мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелері құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, функциялары мен штат санының лимиттері өзгертілген жағдайларда жүзеге асырылады.

Бұл ретте бюджетті түзету аталған жағдайларға байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаларды республикалық бюджет туралы заңда бекітілген (нақтыланған) осы бюджеттік бағдарламалардың жалпы сомасы шегінде біріктіруді, бөлуді, қысқартуды (ұлғайтуды), беруді білдіреді;

2) Республикалық бюджет комиссиясында міндетті түрде қарала отырып, бюджет құрылымын өзгертпей, қаражат бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында және (немесе) бюджеттік бағдарламалар арасында ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің он бес пайызынан аспайтын көлемде қайта бөлінген жағдайларда жүзеге асырылады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген жағдайларда республикалық бюджетті түзету жүргізілгеннен кейін бекітілген (нақтыланған) республикалық бюджет көрсеткіштерінің өзгерістері туралы ақпаратты бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламентіне береді.

Қарыздар мен гранттарды пайдалануға бағытталған қаражатты қайта бөлуге жол берілмейді.

Осы тармақшаның бірінші абзацының бюджетті түзету кезінде қайта бөлінетін қаражат көлемін шектеу бөлігіндегі ережелері Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервке және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервіне қолданылмайды;

3) бекітілген бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында бөлінген;

4) осы Кодекстің 20-бабының 4 және 9-тармақтарында көзделген;

5) осы Кодекстің 97-бабының 3-тармағында көзделген;

6) осы Кодекстің 115-бабының 1, 2 және 5-тармақтарында көзделген;

7) осы Кодекстің 116-бабының 5 және 6-тармақтарында көзделген;

8) осы Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Жергілікті бюджетті түзету:

1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар мен олардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелері құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, функциялары мен штат санының лимиттері өзгертілген жағдайларда жүзеге асырылады. Бұл ретте бюджетті түзету аталған жағдайларға байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаларды жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген (нақтыланған) осы бюджеттік бағдарламалардың жалпы сомасы шегінде біріктіруді, бөлуді, қысқартуды (ұлғайтуды), беруді білдіреді;

2) жоғары тұрған бюджеттен қосымша нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер бөлінген және (немесе) бөлінген көлемдері өзгерген;

3) қаржы жылы ішінде төмен тұрған бюджетке Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервтен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстың және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының резервтерінен қаражат бөлінген, сондай-ақ қаржы жылы ішінде төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджетте көзделген бөлінетін бюджеттік бағдарламадан қаражат бөлінген;

4) жергілікті бюджет комиссиясында міндетті түрде қарала отырып, бюджет құрылымын өзгертпей, жоғары тұрған бюджеттен берілетін қаражат есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, қаражат бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында және (немесе) бюджеттік бағдарламалар арасында ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің он бес пайызынан аспайтын көлемде қайта бөлінген жағдайларда жүзеге асырылады.

Қарыздарды пайдалануға бағытталған қаражатты қайта бөлуге жол берілмейді;

5) бекітілген бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында бөлінген;

6) осы Кодекстің 20-бабының 4 және 9-тармақтарында көзделген;

7) осы Кодекстің 97-бабының 3-тармағында көзделген;

8) осы Кодекстің 115-бабының 1, 2 және 5-тармақтарында көзделген;

9) осы Кодекстің 116-бабының 5 және 6-тармақтарында көзделген;

10) осы баптың 4-тармағында көзделген;

11) жергілікті атқарушы органның борышы өтелген және оған қызмет көрсетілген жағдайларда жүзеге асырылады.

4. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджетін түзету аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бюджеттік мониторинг қорытындылары бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджет қаражаты игерілмеген және (немесе) бюджеттік бағдарламалар тиімсіз орындалған кезде, бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің жиырма пайызынан аспайтын көлемдегі қаражат бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөлінген жағдайда жергілікті қоғамдастық жиналысымен міндетті түрде келісіле отырып, бюджет құрылымын өзгертпей жүзеге асырылады.

20-тарау. ТӨТЕНШЕ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІ ӘЗІРЛЕУ, ЕНГІЗУ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫН ТОҚТАТУ

99-бап. Төтенше мемлекеттік бюджетті әзірлеуге, енгізуге немесе оның қолданысын тоқтатуға негіз

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының аумағында төтенше немесе соғыс жағдайын енгізу немесе оның күшін толық немесе ішінара жою туралы жарлықтары төтенше мемлекеттік бюджетті әзірлеуге, енгізуге немесе оның қолданысын тоқтатуға негіз болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының бірнеше өңірінің аумағында бір мезгілде төтенше жағдайды енгізу төтенше жағдайдың салдары республиканың ұлттық мүддесі мен экономикалық қауіпсіздігіне нақты қатер төндіруі мүмкін болған жағдайда ғана төтенше мемлекеттік бюджетті енгізуге негіз болып табылуы мүмкін.

3. Төтенше мемлекеттік бюджетті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және ол Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітіледі.

4. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қабылданғаны туралы Қазақстан Республикасының Парламенті дереу хабардар етіледі.

5. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылу уақытында республикалық бюджет туралы заңның және жергілікті бюджеттің барлық деңгейдегі бюджеттері туралы мәслихаттар шешімдерінің қолданылуы тоқтатыла тұрады.

6. Төтенше мемлекеттік бюджет төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген мерзім ішінде қолданылады.

7. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылуы тоқтатылысымен республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау жүргізіледі.

100-бап. Төтенше мемлекеттік бюджеттің жобасын әзірлеу

1. Қазақстан Республикасының Президенті төтенше немесе соғыс жағдайын енгізген кезде тиісті мемлекеттік органдар төтенше немесе соғыс жағдайы қолданылуы кезеңінде жүзеге асырылатын іс-шараларды қаржыландыру жөніндегі бюджеттік сұранымдарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізеді.

2. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган төтенше немесе соғыс жағдайындағы іс-шараларды қаржыландыруға арналған бюджеттік бағдарламалардың тізбесі мен көлемдерін жасайды және оларды Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

3. Республикалық бюджет комиссиясы осы баптың 2-тармағында көрсетілген бюджеттік бағдарламалардың тізбелері мен көлемдерін мақұлдағаннан кейін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше мемлекеттік бюджет туралы жарлығының жобасын жасайды. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше мемлекеттік бюджет туралы жарлығының жобасына:

1) осы Кодексте белгіленген құрылым бойынша жасалатын төтенше мемлекеттік бюджет;

2) төтенше мемлекеттік бюджеттің құрамына енгізілген және төтенше немесе соғыс жағдайындағы іс-шараларды қаржыландыруға арналған қажеттілік ескеріле отырып түзетілген республикалық және жергілікті бюджеттердің көрсеткіштері қоса беріледі.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше мемлекеттік бюджет туралы жарлығының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі, егер Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше немесе соғыс жағдайын енгізу туралы жарлығында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізеді.

5-БӨЛІМ. БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ

21-тарау. БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

101-бап. Бюджеттің атқарылуы туралы жалпы ережелер

1. Бюджетке түсімдердің түсуін, бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуын қамтамасыз ету, бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау бюджеттің атқарылуы болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің өздеріне арналған бюджет қаражатын осы Кодекстің талаптарына және тиісті нормативтік құқықтық актілердің ережелеріне сәйкес нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында өздерінің пайдалануы бюджеттің шығыстар бойынша атқарылуы болып табылады.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын Қазақстан Республикасының Үкіметі қамтамасыз етеді.

3. Жергілікті бюджеттердің атқарылуын жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппараты қамтамасыз етеді.

4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару саласында басшылықты жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бухгалтерлік және бюджеттік есепке алу, қаржылық және бюджеттік есептілік саласында әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады.

5. Бюджеттің атқарылуы ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарында басталып, 31 желтоқсанында аяқталады.

Бюджетке түсетін түсімдерді есепке жатқызуға және бюджеттен төлемдерді жүзеге асыруға байланысты ағымдағы қаржы жылының барлық операциясы ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанында аяқталады.

Ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кейін бюджетке есепке жатқызылған түсімдер жаңа қаржы жылының түсімдері болып есептеледі.

Ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсаны аяқталғанға дейінгіні қоса алғанда пайдаланылмаған жоспарлы мақсаттардың қалдықтары жойылады.

Ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайда болған бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражатының қалдықтарын аккредитивтік және өзге де бюджеттен тыс шоттарға аударуға жол берілмейді.

6. Бюджеттің атқарылуы республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген, тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражатының көлемдері шегінде жүзеге асырылады.

Бюджеттің атқарылуы кезінде жоспарлы кезеңнің екінші және (немесе) үшінші қаржы жылдарында көзделген бюджет қаражатын ағымдағы қаржы жылында пайдалануға жол берілмейді.

7. Бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті атқару жөніндегі қызметін үйлестіру бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органға жүктеледі.

8. Арнаулы мемлекеттік органдар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайтын арнаулы мемлекеттік органдардың бюджетті атқару рәсімдерін, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайтын білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру кезіндегі бюджеттің атқарылу рәсімдерін қоспағанда, бюджеттің қазынашылық атқарылуы рәсімдерін және оларға кассалық қызмет көрсетуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

102-бап. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін, өз иелігінде қалатын ақша бойынша атқару ерекшеліктері

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ 01.07.2025 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде осы Кодекстің 172-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес редакцияда қолданыста болады.

1. Ғылым, білім беру, дене шынықтыру және спорт, сұрыптарды сынақтан өткізу, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларында мемлекеттік мекемелер, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету саласында арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық

қорғау органдарының мемлекеттік мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік мекемелері, мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар және мемлекеттік архивтер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджетке есепке жатқызылуға тиіс.

2. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін, өз иелігінде қалатын ақша есебінен тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін, өз иелігінде қалатын ақша есебінен азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу осы Кодекстің 109-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алатын, өз иелігінде қалатын ақша бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін, сондай-ақ республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын тауарлары (жұмыстары, көрсетілетін қызметтері) тізбесінің сыныптауышын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

5. Өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану тәртібін тиісті саланың (аяның) орталық мемлекеттік органы айқындайды.

6. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін, өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын және мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін, өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын жасау, бекіту, ұсыну және орындау тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

103-бап. Бюджеттің атқарылу процесі

1. Бюджеттің атқарылу рәсімдеріне:

1) мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын жасауы және оларды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне ұсынуы;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын жасауы және оларды мемлекеттік қазынашылыққа және (немесе) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізуі;

3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның республикалық бюджет түсімдері бойынша жиынтық жоспарды, мемлекеттік қазынашылықтың және (немесе) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның тиісінше міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасауы;

4) түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есепке жатқызу арқылы түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуы;

5) мемлекеттік мекемелердің тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерге және басқа да міндеттемелерге сәйкес төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыруы нәтижесінде бірыңғай қазынашылық шоттан қаражатты есептен шығару арқылы шығыстар бойынша бюджеттің атқарылуы жатады.

22-тарау. БЮДЖЕТТІҢ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ АТҚАРЫЛУЫ

104-бап. Бюджеттің қазынашылық атқарылуы туралы жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету және жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың атқарылуына кассалық қызмет көрсету жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау бюджеттің қазынашылық атқарылуы болып табылады.

2. Қазынашылық сүйемелдеу – қолма-қол ақшаны бақылау шоттары арқылы төлемдер жүргізу кезінде құрылыспен байланысты бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде аванс беруге бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын осы Кодекстің 110-бабына сәйкес ағымдағы бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызмет.

Қазынашылық сүйемелдеу дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған бюджеттік инвестицияларға қолданылмайды.

3. Бюджеттің қазынашылық атқарылуын мемлекеттік қазынашылық және мемлекеттік қазынашылық органдары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қамтамасыз етеді.

4. Бюджеттің қазынашылық атқарылуы рәсімдеріне мыналар жатады:

1) түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есепке жатқызу;

2) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, республикалық бюджет бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық

жоспарын қалыптастыру, бекіту және жүргізу, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын, республикалық бюджет бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері жөніндегі қаржыландыру жоспарларын қабылдау және жүргізу және оларға өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды қабылдау;

3) түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, жергілікті бюджеттердің міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын, жергілікті бюджеттердің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын қабылдау және жүргізу және оларға өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды қабылдау;

4) кодтарды, қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын және шоттарды ашу, жүргізу және жабу;

5) осы Кодексте белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу, ұлттық және шетел валютасымен төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру, ағымдағы бақылауды жүзеге асыру;

6) өтімділікті басқару;

7) мемлекеттік сыртқы қарыздардың, байланысты гранттардың қаражатын және қоса қаржыландыру қаражатын алу мен есепке алу жөніндегі қаржылық рәсімдерді жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген және нысаналы трансферттерді тарту;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да рәсімдерді жүзеге асыру.

105-бап. Мемлекеттік мекеменің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспары, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары

1. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарлары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарлары, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары:

кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға және жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдеріне;

кезекті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы

органдардың қаулыларына, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешіміне;

мемлекеттік органдардың даму жоспарларына;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларына;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларына және (немесе) іс-шаралар жоспарларына;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларына сәйкес әзірленеді.

2. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын мемлекеттік мекемелер бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамалары бойынша әзірлейді және оларды бекіту және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын әзірлеу үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне береді.

3. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарлары бойынша шығыстардың жиынтық сомалары міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес келуге тиіс.

4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамалары бойынша әзірлейді және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен қаржыландырылатын, оларды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің аппараттарына беретін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар деңгейінде мемлекеттік қазынашылыққа немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға береді.

5. Міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасауды, бекітуді және жүргізуді тиісінше мемлекеттік қазынашылық және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады, бұған жоғарыда санамаланған рәсімдерді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің аппараттары жүзеге асыратын аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері кірмейді.

6. Бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бюджетке түсетін төлемдер түсімдерінің мерзімдерін, алдыңғы жылдардағы бюджетке түсетін төлемдер түсімдерінің серпінін, мемлекеттік бағалы қағаздар кірістілігінің серпінін және бағалы қағаздар нарығындағы сұраныс пен ұсыныстар деңгейін талдау нәтижелерін, кредиттік шарттардың, қарыз шарттарының,

байланысты гранттар туралы келісімдердің талаптарын негізге ала отырып, бюджет түсімдерінің санаттары, сыныптары, кіші сыныптары, сыныпталу ерекшеліктері бойынша жасалады.

Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарлары бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарлары негізінде функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының бюджеттік бағдарламалары бойынша жасалады.

Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары теңгерімді болуға тиіс, бұл жыл басынан бастап өспелі қорытындысымен айлар бойынша түсімдерден шығыстардың асып кетуіне жол бермеуді білдіреді.

7. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктеріне қатысты және бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың жылдық және ай сайынғы көлемдерін өзгертпейтін өзгерістерді өздері дербес енгізеді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне қажетті бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың ай сайынғы көлемдерін өзгерту мемлекеттік қазынашылық немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.

8. Бюджеттің атқарылуы барысында бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламаның паспортында көзделген түпкілікті нәтижені сақтай отырып, бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың жылдық көлемін өзгертпей, бір бюджеттік бағдарлама шегінде кіші бағдарламалар арасында, бір бюджеттік кіші бағдарлама шегінде іс-шаралар, жобалар, өңірлер арасында қайта бөлу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттердің қаражатын бір бюджеттік бағдарлама шегінде кіші бағдарламалар арасында, сондай-ақ бір бюджеттік кіші бағдарлама шегінде іс-шаралар, жобалар, өңірлер арасында қайта бөлу міндетті түрде Республикалық бюджет комиссиясында қаралып және олардың нысаналы мақсаты сақтала отырып жүзеге асырылады.

9. Бюджеттік бағдарламаның басшысы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру жоспарларының және жеке қаржыландыру жоспарларының анықтығын, дұрыс ресімделуін және мемлекеттік қазынашылыққа немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылуын және осы баптың 6-тармағында көзделген бюджет қаражатын қайта бөлудің негізділігін қамтамасыз етеді.

10. Міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру

жоспарларын, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын жасау және жүргізу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

106-бап. Бірыңғай қазынашылық шот, қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және мемлекеттік мекемелердің шоттары

1. Бірыңғай қазынашылық шот аударым операцияларын орталықтандырып жүзеге асыру және оларды есепке алуды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ұлттық валютамен ашылады.

Бірыңғай қазынашылық шот Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген тәртіппен мемлекеттік қазынашылыққа ашылады.

Бірыңғай қазынашылық шотта қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы ақша қалдықтары қамтылады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі операцияларды шетел валютасымен жүзеге асыру және оларды есепке алуды жүргізу үшін мемлекеттік қазынашылыққа Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген тәртіппен шетел валюталарының түрлері бойынша шоттар ашады.

3. Мемлекеттік қазынашылықта:

1) республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерді есепке жатқызуға және республикалық және жергілікті бюджеттерден төлемдер жүргізуге;

2) мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдерді есепке жатқызуға және олар бойынша төлемдер жүргізуге (ақылы көрсетілетін қызметтердің қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін түсімдерді есепке жатқызуға және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттарына аударуға (Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемелер алатын, оларға арналған филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) туып-өскен жеріне қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін түсімдерді есепке жатқызуға және ақшаны жұмсауға (қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемеге жеке және (немесе) заңды тұлғалар белгілі бір талаптар басталған кезде олардың қайтарымдылығы не тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен беретін ақша түсімдерін есепке жатқызуға (ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

6) бюджет қаражатын есепке жатқызуға және оларды ерекше шығыстарды жүргізуге пайдалануға (нысаналы қаржыландырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

7) тікелей инвестициялар қорлары және (немесе) венчурлік қорлар арқылы инвестициялауды жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын ұлғайту жағдайларын қоспағанда, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен мөлшерде қалыптастыру кезінде республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға тиісті қаржы жылына көзделген қаражатты есепке жатқызуға және оларды инвестициялық жобаларды іске асыруға не мемлекеттік тапсырманы орындауға пайдалануға (квазимемлекеттік сектор субъектісінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

8) Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік қарыздар туралы халықаралық шарттарға немесе байланысты гранттар туралы шарттарға сәйкес сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнаулы шотынан ұлттық валютаға қайта айырбасталатын үкіметтік сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың ақшасын есепке жатқызуға және жұмсауға (сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

9) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне арналған трансферттерді және әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры аударған қаражатты есепке жатқызуға және оларды жұмсауға (әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

10) қаражатты есепке жатқызуға және оларды қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде бас мердігердің пайдалануына (мемлекеттік сатып алудың қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

11) бюджет қаражатын есепке жатқызуға және оларды қаржылық қолдауды жүзеге асыруға пайдалануға (қаржылық қолдау операторының қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

12) Жәбірленушілерге өтемақы қорына жіберілетін түсімдерді есепке жатқызуға және Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасында көзделген өтемақы төлемін жүргізуге (Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

13) Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сәйкес Арнаулы мемлекеттік қорға жіберілетін ақша түсімдерін есепке жатқызуға және оларды жұмсауға (Арнаулы мемлекеттік қордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

14) Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сәйкес Арнаулы мемлекеттік қордың ақша түсімдерін есепке

жатқызуға және оларды жұмсауға (тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органының қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

15) бюджет қаражатын есепке жатқызуға және оларды пилоттық жобаны іске асыру (ендіру) жөніндегі квазимемлекеттік сектор субъектісінің пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстар, көрсетілетін қызметтер кешенін жүзеге асыруға пайдалануына (пилоттық жобаны іске асыру жөніндегі квазимемлекеттік сектор субъектісінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

16) бюджет қаражатын есепке жатқызуға және оларды дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған бюджеттік инвестицияларды іске асыруға дербес білім беру ұйымдарының жұмсауына (дербес білім беру ұйымдарының қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

17) мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздардың қаражатын мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздардың шарттарына сәйкес есепке жатқызуға және жұмсауға (мемлекеттік емес қарыздардың қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

18) мемлекеттік кепілдік беру туралы келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсетуге және оларды өтеуге арналған қаражатты есепке жатқызуға және қарыз алушылардың жұмсауына (ұлттық валютамен қызмет көрсетудің қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

19) Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес "жасылға" жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының сыртқы қарыз қаражатын есепке жатқызуға және жұмсауға (ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың сыртқы қарызының қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

20) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында белгіленген нормативтер бойынша бөлінген түсімдерді есепке жатқызуға және оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған шоттарға аударуға (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

21) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына бюджеттік инвестициялық жобаны бюджеттік кредиттеуге, қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көзделген қаражатты есепке жатқызуға және жұмсауға (бюджеттік кредиттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоты);

22) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілердің электрондық әмиянынан ақшаның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында оны мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган

айқындаған тәртіппен есепке жатқызуына және (немесе) аударуына (мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты) байланысты операцияларды есепке алуға арналған қолма-қол ақшаны бақылау шоттары ашылады.

4. Тиісті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер және (немесе) жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша операциялар бірыңғай бюджеттік сыныптамаға және мемлекеттік мекемелердің кодтарына сәйкес есепке алынады.

Қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, нысаналы қаржыландырудың, сыртқы қарыздарды немесе байланысты гранттарды қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және шетел валютасындағы шоттар бойынша түсетін түсімдер мен жүргізілген төлемдер бойынша операциялар мемлекеттік мекемелердің кодтарына сәйкес есепке алынады.

Ақшаны бір мемлекеттік мекеменің кодынан екінші мемлекеттік мекеменің кодына аударуға жол берілмейді.

5. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

6. Мемлекеттік мекемелердің осы Кодексте белгіленген төлемдерді жүзеге асыру және операцияларды жүргізу үшін мынадай шоттары болуы мүмкін:

1) мемлекеттік мекеменің шетел валютасымен операциялар жүргізуі үшін оған валюталардың түрлері бойынша мемлекеттік қазынашылық ашатын шетел валютасындағы шот;

2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік қарыз туралы халықаралық шартта айтылған немесе байланысты гранттар бойынша шетел валютасында ашылатын, екінші деңгейдегі банкте немесе мемлекеттік қазынашылықта үкіметтік сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың аванстық төлемдері арқылы жаңартылатын сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнаулы шоты;

3) төлемдерді ұлттық (шетелдік) валютамен жүзеге асыру үшін екінші деңгейдегі банкте немесе мемлекеттік қазынашылықта ашылатын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың шотына арналған шот;

4) мемлекеттік қазынашылықта шетел валютасымен ашылатын, ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы сыртқы қарызының қолма-қол ақшаны бақылау шотына арналған шот;

5) қарыз алушылар үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен берілген кредит бойынша негізгі борышты өтеу шотына қайтаратын ақшаны есепке жатқызу және пайдалану үшін бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде екінші деңгейдегі банкте ашылатын бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылатын шоты;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет ақшасын есепке жатқызу және оларды шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеуге пайдалану үшін сыртқы саяси қызметті немесе Қазақстан Республикасының заң шығару функцияларын жүзеге асыратын жоғары өкілді органын қаржылық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға екінші деңгейдегі банкте валюталар түрлері бойынша ашылатын шетел валютасындағы шот;

7) банктің чектері бойынша және (немесе) корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып, екінші деңгейдегі банктегі қолма-қол ақша алуға арналған ағымдағы шот.

Мемлекеттік мекемелердің екінші деңгейдегі банктерде осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделмеген, оның ішінде үшінші тұлғалардың атына шоттар ашуына жол берілмейді.

Мемлекеттік қазынашылықта мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жүргізу және жабу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Екінші деңгейдегі банктерде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жүргізу және жабу Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың мынадай шоттары болуы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен берілген қарыз шарттарына сәйкес мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздардың ақшасын есепке жатқызу және қарыз алушының жұмсауы үшін мемлекеттік қазынашылықта валюта түрлері бойынша ашылатын, шетел валютасындағы мемлекет кепілдік берген қарыз шоты;

2) мемлекеттік кепілдік беру туралы келісімдерге сәйкес қарыз алушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсету және оларды өтеу жөніндегі операцияларды жүргізуі үшін мемлекеттік қазынашылықта валюта түрлері бойынша ашылатын, шетел валютасындағы қызмет көрсету шоты.

8. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың шоттарын ашу, жүргізу және жабу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

107-бап. Бюджеттің түсімдер бойынша қазынашылық атқарылуы

1. Бюджеттің түсімдер бойынша қазынашылық атқарылуы мемлекеттік қазынашылықтың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетке түсетін

түсімдердің толық және уақтылы есепке жатқызылуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуі болып табылады.

2. Бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы:

1) түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есепке жатқызуды;

2) түсімдерді республикалық, жергілікті бюджеттер, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлар және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлуді;

3) бюджеттен артық (қате) төленген түсімдер сомаларын қайтаруды не оларды берешекті өтеу есебіне есепке жатқызуды қамтиды.

3. Бюджетке түсетін түсімдер ақшалай нысанда жүзеге асырылады және бюджетке түсетін түсімдердің сыныптамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен толық көлемде ұлттық валютамен бірыңғай қазынашылық шотқа есепке жатқызылады.

Сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнаулы шоттарына және сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнаулы шоттарына арналған шоттарға түсетін түсімдерді қоспағанда, бюджетке шетел валютасымен түсетін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттік қазынашылықтың шоттарына шетел валютасымен есепке жатқызған түсімдер қайта айырбасталуға және бірыңғай қазынашылық шотқа есепке жатқызылуға тиіс.

Мемлекеттік қазынашылық шоттарынан шетел валютасын қайта айырбастау тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша айқындайды.

Мемлекеттік мекемелердің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың мемлекеттік қазынашылықтағы шоттардан шетел валютасын қайта айырбастауы мен есепке жатқызуы тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

4. Мемлекеттік қазынашылық пен мемлекеттік қазынашылық органдары салықтық емес түсімдер бойынша уәкілетті органдардың төлеушілер бөлінісінде өздері әкімшілендіретін түсімдер туралы мәліметтерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

5. Түсімдерді бөлу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін, бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі, тиісті мәслихаттың шешімімен белгіленетін, кірістерді жергілікті бюджеттер арасында бөлу нормативтері, сондай-ақ мұнай секторы ұйымдарының тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

6. Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының кодтары бойынша түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын

бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырмалары негізінде мемлекеттік қазынашылық органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік кірістер органдары әкімшілендіретін негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды қоспағанда, бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін салықтық емес түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға арналған төлем тапсырмасы оларды алып қоюға жауапты уәкілетті органдардың қорытындысы негізінде жасалады.

Мемлекеттік кірістер органдары әкімшілендіретін негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды қоспағанда, бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін салықтық емес түсімдерді алып қоюға жауапты уәкілетті орган артық (қате) төленген сомаларды бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға арналған қорытындыны жасайды және мемлекеттік кірістер органдарына ұсынады.

Осы қорытындылардың анықтығын және олардың ұсынылу негізділігін уәкілетті органдардың басшылары қамтамасыз етеді.

Төлем тапсырмалары Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

Түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтару және (немесе) есепке жатқызу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

108-бап. Бюджеттің шығыстар бойынша қазынашылық атқарылуы

1. Республикалық және жергілікті бюджеттерді қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру мен жүргізу, міндеттемелерді тіркеу және бюджет заңнамасының талаптары мен рәсімдерін сақтай отырып, төлем құжаттарын жүргізу қамтылатын нормативтік құқықтық актілерге және мәслихаттардың шешімдеріне сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару бюджеттің шығыстар бойынша қазынашылық атқарылуы болып табылады.

2. Лауазымды адамдардың бюджеттің шығыстар бойынша қазынашылық атқарылуы талаптарын сақтау жөніндегі жауаптылығы осы Кодекстің 41-бабында айқындалған.

109-бап. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері

1. Мемлекеттік мекемелер азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасумен де және оларсыз да шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша міндеттемелер қабылдайды.

2. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының бюджет және азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген мерзімнен аспайтын мерзімге жасайды.

Мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік қарыздар туралы халықаралық шарт шеңберіндегі немесе байланысты грант туралы азаматтық-құқықтық мәмілелерін мемлекеттік мекемелер:

қарыз қаражаты немесе байланысты грант есебінен – қарыз қаражатының немесе байланысты гранттың қолжетімділік мерзімінен аспайтын мерзімге;

республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражаты есебінен қарыз қаражатының қолжетімділік мерзімі аяқталатын қаржы жылының соңына дейінгі мерзімге жасайды.

4. Тіркеуді талап етпейтін азаматтық-құқықтық мәмілелерді қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің және бюджеттік инвестицияларды іске асыру шеңберінде дербес білім беру ұйымдарының азаматтық-құқықтық мәмілелері мемлекеттік қазынашылық органдарында олар міндетті түрде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Азаматтық-құқықтық мәмілелер бүкіл қолданылу мерзімі ішінде тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында бекітілген сомалар және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастыратын тізбеге енгізілген жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші қаржы жылдары бюджетінің тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстары шегінде тіркелуге жатады.

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларды, сондай-ақ жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын дайындау құны шарт құнына енгізілген объектілерді қоспағанда, ғимараттарды, құрылысжайларды, жолдарды салуға не реконструкциялауға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылысжайларды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу

мынадай құжаттардың бірі: жобалау-сметалық құжаттама бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы, техникалық-экономикалық негіздеме бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы немесе "толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құны міндетті түрде болған кезде жүргізіледі.

Лизинг қызметтері бойынша азаматтық-құқықтық мәмілелер лизингтік төлемдерді өтеу графигіне сәйкес мемлекеттік қазынашылық органдарында тіркелуге жатады.

Мерзімі үш жылдан асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тіркеу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысымен бекітілген мемлекеттік тапсырмалар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған бюджеттік инвестицияларды іске асыруға байланысты бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мен дербес білім беру ұйымы арасындағы азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысымен бекітілген республикалық бюджеттік инвестициялар тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу жөніндегі азаматтық-құқықтық мәміле бойынша ақы төлеу жөніндегі міндеттемесі осы мемлекеттік мекеменің уәкілетті адамы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және тауарды беру (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін растайтын құжатқа (тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету актісіне) қол қойғаннан кейін басталады.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша сатып алу жөніндегі азаматтық-құқықтық мәмілелер шеңберіндегі міндеттемелерге ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін шетел валютасымен тіркеу үшін шарттың сомасы шетел валютасымен келтіріледі, тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген, тіркеу күнгі валюта айырбастаудың ресми бағамы бойынша жүргізіледі.

7. Шартты тіркеу туралы хабарлама азаматтық-құқықтық мәміленің тіркелгенін растайтын құжат болып табылады.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервтен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервінен бюджет ақшасын бөлу, сондай-ақ қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын шарттарды және мемлекеттік қазынашылық органында бұрын тіркелген

азаматтық-құқықтық мәмілелерге қосымша келісімдерді тіркеу жағдайларын қоспағанда, азаматтық-құқықтық мәмілелерді ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанынан кейін тіркеуге жол берілмейді.

9. Мемлекеттік мекемелердің және бюджеттік инвестицияларды іске асыру шеңберінде дербес білім беру ұйымдарының азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеуді жүзеге асыру тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 109-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

110-бап. Төлемдер мен ақша аударымдарын ұлттық валютамен және шетел валютасымен жүзеге асыру

1. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер бойынша төлемдері төлеуге берілетін шоттар негізінде жүзеге асырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың, қаржылық қолдау операторларының, пилоттық жобаны іске асыру (ендіру) жөніндегі квазимемлекеттік сектор субъектісінің, қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде бас мердігерлердің, бюджеттік инвестицияларды іске асыру бойынша дербес білім беру ұйымдарының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың төлемдері Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында белгіленген нысан бойынша төлем тапсырмалары негізінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік мекеменің төлеуге берілетін шоты және квазимемлекеттік сектор субъектісінің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының, қаржылық қолдау операторларының, пилоттық жобаны іске асыру (ендіру) жөніндегі квазимемлекеттік сектор субъектісінің, қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде бас мердігерлердің, бюджеттік инвестицияларды іске асыру бойынша дербес білім беру ұйымдарының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың төлем тапсырмасы мемлекеттік қазынашылық органы үшін ақша алушының пайдасына төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға негіз болып табылатын құжаттарды білдіреді.

3. Мемлекеттік мекемелердің төлемдері мен ақша аударымдары төлемнің негізділігін растайтын құжаттар негізінде, қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы немесе мемлекеттік мекемелердің шоттарындағы қалдықтар шегінде, сондай-ақ төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жоспарлы мақсаттар сомалары мен шартты тіркеу туралы хабарламаның пайдаланылмаған қалдығы шегінде жүргізіледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік субсидияларды аударуы бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері айқындаған рәсімдерге сәйкес ағымдағы

қаржы жылына көрсетілген сомалар шегінде төлемнің негізділігін растайтын құжаттар негізінде бюджеттік субсидияларды түпкілікті алушыларға немесе бюджеттік субсидияларды түпкілікті алушыларға аудару үшін қаржылық қолдау операторларының қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаражатты квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық қолдау операторларына, пилоттық жобаны іске асыру (ендіру) жөніндегі квазимемлекеттік сектор субъектілеріне аударуы қаржылық-экономикалық негіздемеге немесе техникалық-экономикалық негіздемеге (жобалау-сметалық құжаттамаға) сәйкес төлемнің негізділігін растайтын құжаттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құжат түрі негізінде, ағымдағы қаржы жылына оларда көрсетілген сомалар шегінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаражатты қаржылық қолдау операторларына және пилоттық жобаны іске асыру (ендіру) жөніндегі квазимемлекеттік сектор субъектілеріне аударуы төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық қолдау операторларының, пилоттық жобаны іске асыру (ендіру) жөніндегі квазимемлекеттік сектор субъектісінің, қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде бас мердігерлердің, бюджеттік инвестицияларды іске асыру бойынша дербес білім беру ұйымдарының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың төлемдері мен ақша аударымдары төлемнің негізділігін растайтын құжаттар негізінде, олардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қалдықтар шегінде жүргізіледі.

Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың төлемдері мен ақша аударымдары төлемнің негізділігін растайтын құжаттар негізінде мемлекет кепілдік берген қарыз шоттарындағы және қызмет көрсету шоттарындағы қалдықтар шегінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қазынашылық органы төлемдерді жүргізу кезіндегі ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлеуге берілетін шоттарды:

- төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына;
- тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерге;
- бірыңғай бюджет сыныптамасына;

нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеруді білдіреді.

Аванстық төлем сомасын қоспағанда, тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлем жүргізу кезінде мемлекеттік қазынашылық органы тауарларды беру туралы шот-фактураның немесе жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінің көшірмелерінің бар-жоғына ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын дайындау құны шарт құнына енгізілген ғимараттарды, құрылысжайларды, жолдарды салуға не реконструкциялауға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылысжайларды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шығыстар бойынша мемлекеттік қазынашылық органы аванстық төлемнен кейінгі төлем жүргізу кезінде құрылысқа арналған жобалардың (техникалық-экономикалық негіздеме немесе жобалау-сметалық құжаттама) ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысының бар-жоғына ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік қазынашылық органы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық қолдау операторларының төлемдерін жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлем тапсырмаларын:

1) төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: тауарларды беру туралы шот-фактура немесе жүкқұжат (акт) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі көшірмелерінің бар-жоғына;

2) бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган куәлігінің не квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын ұлғайтуға ақша аударылған жағдайда басқару органдарының тиісті шешімінің бар-жоғына;

3) нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеруді білдіреді.

Мемлекеттік қазынашылық органы қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде мемлекеттік сатып алудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан төлемдер жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлем тапсырмаларын:

1) төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: төлем сертификатының және электрондық шот-фактураның бар-жоғына;

2) нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеруді білдіреді.

Мемлекеттік қазынашылық органы Арнаулы мемлекеттік қордың, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органының қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан төлемдер жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлеуге берілетін шоттарды:

1) төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: тауарларды беру туралы шот-фактура немесе жүкқұжат (акт) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі көшірмесінің бар-жоғына;

2) нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеруді білдіреді.

Мемлекеттік қазынашылық органы пилоттық жобаны іске асыру жөніндегі квазимемлекеттік сектор субъектісінің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан төлемдер жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлем тапсырмаларын:

1) төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: электрондық шот-фактураның және орындалған жұмыстардың құны туралы анықтаманың бар-жоғына;

2) нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеруді білдіреді.

4. Жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілесіз мемлекеттік мекемелердің төлемдері мен ақша аударымдарын жүргізуге жол берілмейді.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің, оның ішінде жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу міндетті болып табылатын шығыстар түрлерінің тізбесін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Бюджеттік операцияларды жүргізу кезінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәсілдері Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалады.

Бюджеттік операцияларды жүргізу кезінде төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

5. Мемлекеттік мекемелер, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар төлемдер мен ақша аударымдарын валюталардың түрлері бойынша шетел валютасымен Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің пайдасына шетел валютасын айырбастау және аудару жөніндегі операцияларды жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Валюталардың түрлері бойынша шетел валютасын айырбастау немесе қайта айырбастау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалған, айырбасталатын немесе қайта айырбасталатын күнгі валюта айырбастаудың ресми бағамы бойынша жүзеге асырылады.

Валюталардың түрлері бойынша шетел валютасымен мемлекеттік мекеменің шотына немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан айырбасталған шетел валютасы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мерзімдерде мақсаты бойынша пайдаланылуға тиіс.

Пайдаланылмаған не толық пайдаланылмаған шетел валютасы мемлекеттік мекеме шығыстарының бюджеттік сыныптамасының кодына немесе шетел валютасын айырбастау жүзеге асырылған квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына ұлттық валютадағы сома кейіннен қалпына келтіріле отырып, көрсетілген мерзім өткен соң қайта айырбасталуға тиіс.

Бюджеттік операцияларды жүргізу кезінде төлемдер мен ақша аударымдарын шетел валютасымен жүзеге асыру тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

111-бап. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуді және төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізуді тоқтата тұру

1. Мемлекеттік қазынашылық органы азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу және төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу үшін мемлекеттік мекемелердің құжаттарын қабылдауды:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізілген;

2) осы Кодекстің 112-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, инкассолық өкімдер шығарылған;

3) егер мемлекеттік мекеме айырбасталған шетел валютасының мақсаты бойынша пайдаланылмаған не толық пайдаланылмаған қалдығын қайта айырбастау рәсімін жүзеге асырмаған;

4) егер жергілікті атқарушы орган бюджеттік кредит сомасын оны бөлген жоғары тұрған бюджетке кредиттік шарттың талаптарында көзделген мерзімде қайтармаған;

5) секвестрленген;

6) егер бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жылдық қаржылық есептілікті мемлекеттік қазынашылық белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ұсынбаған;

7) осы Кодекстің 112-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органдарға тыйым салынған және (немесе) сот органының актісі шығарылған;

8) 112-баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық органы мен ішкі мемлекеттік аудит органының өкімі шығарылған;

9) бюджеттік алып қою сомаларын аудару мерзімдері бұзылған;

10) республикалық бюджетке нысаналы трансферттерді аудару мерзімдері бұзылған ;

11) тиісті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша болмаған не жеткіліксіз болған жағдайларда тоқтата тұрады.

2. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу және мемлекеттік мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде бас мердігердің төлемдерін жүргізу жөніндегі операцияларды тоқтата тұру бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

112-бап. Инкассолық өкім

1. Инкассолық өкім республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде тиісті қаржы жылына мемлекеттік тапсырманы орындау үшін немесе жарғылық капиталын ұлғайтуға (қалыптастыруға) қаражат көзделген мемлекеттік мекеменің, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушылық құжатты, сондай-ақ пайда болған салық берешегін, міндетті зейнетақы

жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар немесе әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті, Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген жағдайларда пайда болған берешекті өтеуге байланысты құжатты мәжбүрлі түрде орындауына негіз болып табылатын құжатты білдіреді.

Инкассолық өкім мемлекеттік мекеме мен квазимемлекеттік сектор субъектісі төлемінің негізділігін растайтын құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының инкассолық өкімдерін қоспағанда, инкассолық өкім атқарушылық құжаттың негізінде және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да негіздер бойынша жасалады.

Мемлекеттік кірістер органдарының инкассолық өкімдері осы өндіріп алудың негізділігін растайтын құжаттар қоса тіркелмей беріледі.

Инкассолық өкімдерді шығару мемлекеттік мекеменің кодына, ақылы қызметтер көрсетудің, қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына, сондай-ақ республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде тиісті қаржы жылына мемлекеттік тапсырманы орындау үшін немесе жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) қаражат көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына жүзеге асырылуы мүмкін.

Инвестициялық жоба бойынша инкассолық өкімді орындау жөніндегі міндеттемелер туындаған жағдайда, бұл инкассолық өкім осы инвестициялық жобаны қаржыландыру жүзеге асырылатын квазимемлекеттік сектор субъектісінің қолма-қол ақшаны бақылау шотына шығарылады.

2. Инкассолық өкімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ашылған шетел валютасындағы шоттарға, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнаулы шоттарына, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнаулы шоттарына арналған шоттарға, тиісті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Арнаулы мемлекеттік қордың және тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органының, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарыздарды немесе байланысты гранттарды қайта айырбастаудың, пилоттық жобаны іске асыру бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің, мемлекеттік сатып алудың, дербес білім беру ұйымдарының және мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаның бақылау шоттарына шығаруға жол берілмейді.

Қазынашылық сүйемелдеу жағдайында мемлекеттік мекеме мен бас мердігер арасында жасалған шарттың талаптарына байланысты іс бойынша сот актісінен басқа

кезде мемлекеттік сатып алудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы ақшаға инкассолық өкімді шығаруға жол берілмейді.

3. Инкассолық өкім Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

4. Инкассолық өкімдерді орындау бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

113-бап. Өтімділікті басқару

1. Өтімділікті басқару – бірыңғай қазынашылық шоттағы қаражат қалдықтарын басқару, бюджетке түсетін түсімдердің мерзімдеріне сәйкес төлемдердің уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ету үшін ақша қаражатының қозғалысын болжау және уақытша бос бюджет ақшасын әртүрлі қаржы құралдарына орналастыру жөніндегі іс-шаралар.

2. Мемлекеттік қазынашылық пен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган өтімділікті басқаруды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік қазынашылық немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген көлемде төлемдерді қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдайды.

4. Мемлекеттік қазынашылық немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік мекемелердің төлемдерін уақтылы әрі толық жүргізуді және олардың міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін:

бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемдерін және жоспарлы кезеңге арналған шығыстардың атқарылуын, қолма-қол ақша профицитін (тапшылығын) және оны жабу көздерін айқындау жөніндегі процесс болып табылатын қолма-қол ақша легінің болжамын жасайды;

тиісті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысына мониторинг жүргізеді.

5. Республикалық және жергілікті бюджеттерге түсуі күтілетін немесе түсетін нақты түсімдер мен бюджет қаражатының қалдықтары көлемінің ағымдағы қаржы жылы басталғаннан бері күтілетін немесе жүргізілген төлемдер көлемінен асып түсуі қолма-қол ақша профициті болып табылады.

Түсуі күтілетін немесе жүргізілген төлемдер көлемінің ағымдағы қаржы жылы басталғаннан бері республикалық және жергілікті бюджеттерге түсуі күтілетін немесе түсетін нақты түсімдердің және бюджет қаражаты қалдықтарының көлемінен асып түсуі қолма-қол ақша тапшылығы болып табылады.

6. Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда, қолма-қол ақшаның тапшылығын жабу:

осы Кодекстің 139-бабына сәйкес қарыз алу;

түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу;

жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан уақытша бос бюджет ақшасын тарту;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан уақытша бос бюджет ақшасын тарту есебінен жүзеге асырылады.

Жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарынан уақытша бос бюджет ақшасын тарту және оларды қайтару келісім жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарынан уақытша бос бюджет ақшасын тарту және оларды қайтару қағидаларын, келісімдердің нысанын бекітеді.

7. Жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда, қолма-қол ақшаның тапшылығын жабу:

осы Кодекстің 140-бабына сәйкес жоғары тұрған бюджеттен бюджеттік кредиттер алу түрінде қарыз алу;

түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу есебінен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қазынашылық тиісті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында қолма-қол ақшаның профициті болжанған жағдайда, уақытша бос бюджет ақшасының көлемін айқындайды.

Ағымдағы қаржы жылының белгілі бір уақыт кезеңі ішінде пайдаланылмайтын, бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша уақытша бос бюджет ақшасы болып табылады.

Республикалық бюджетке кірістер алу үшін бірыңғай қазынашылық шоттан уақытша бос бюджет ақшасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі, Ұлттық пошта операторындағы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге орналастырылады.

Мемлекеттік қазынашылық бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қалдығына күнделікті сыйақыны республикалық бюджет кірісінің есебіне жатқызады.

Осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджет ақшасын, оның ішінде қайтарымды негізде алынған ақшаны банктік шоттарға орналастыруға жол берілмейді.

9. Мемлекеттік қазынашылық бірыңғай қазынашылық шоттан уақытша бос бюджет ақшасын орналастыруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырады.

10. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыйақы алу мақсатында уақытша бос бюджет қаражатын Ұлттық пошта операторындағы және (немесе) екінші деңгейдегі

банктердегі депозиттерге және басқа да қаржы құралдарына орналастыруына мемлекеттік қазынашылықпен келісу бойынша жол беріледі.

Бұрын бюджеттен бөлінген, бірыңғай қазынашылық шотта болмайтын және ағымдағы қаржы жылының белгілі бір уақыт кезеңі ішінде пайдаланылмайтын бюджет қаражаты квазимемлекеттік сектор субъектілерінің уақытша бос бюджет қаражаты болып табылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің уақытша бос бюджет қаражатын Ұлттық пошта операторындағы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге және басқа да қаржы құралдарына орналастырудан алған сыйақылары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің кірістері болып табылмайды, акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтерді, мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістерді төлеу есебіне есепке алынбайды және республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері уақытша бос бюджет қаражаты туралы ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тізбе, тәртіп және нысан бойынша мемлекеттік қазынашылыққа жібереді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыйақылар алу мақсатында уақытша бос бюджет қаражатын Ұлттық пошта операторындағы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге және басқа да қаржы құралдарына орналастыру мерзімдері мен көлемдерін мемлекеттік қазынашылықпен келісу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

114-бап. Қазынашылық мониторинг

1. Қазынашылық мониторинг Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзу тәуекелдерін анықтау мақсатында деректерді талдау және жинау арқылы жүргізіледі.

2. Мемлекеттік қазынашылық пен мемлекеттік қазынашылық органдары осы Кодекстің 110-бабына сәйкес ағымдағы бақылауды жүзеге асыру барысында қазынашылық мониторингті жүзеге асырады.

3. Қазынашылық мониторинг мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өткізілген және орындалмай қайтарылған қаржылық құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

4. Қазынашылық мониторинг жүргізу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

5. Қазынашылық мониторинг нәтижелері осы Кодекстің 45-бабына сәйкес қолданылады.

23-тарау. ҚАРЖЫ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

115-бап. Бюджет қаражатын пайдалану және толық пайдалану ерекшеліктері

1. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын аудиторлық қорытындыға сәйкес нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер, жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын аудиторлық қорытындыға қол қойылғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей тиісінше Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына немесе тиісті бюджетке міндетті түрде қайтарылуға жатады.

Мемлекеттік аудит немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сай республикалық бюджет қаражатының нысаналы әрі тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруды аяқтау нәтижелері бойынша қабылданатын аудиторлық қорытындыға сәйкес нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған, заңды тұлғаларға берілетін трансферттер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес республикалық бюджет қаражатының нысаналы әрі тиімді пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша қабылданатын аудиторлық қорытындыға қол қойылғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей тиісті бюджетке міндетті түрде қайтарылуға жатады.

2. Осы тармаққа сәйкес қалыптастырылатын тізбе негізінде бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалмауы болжанған жағдайда, ағымдағы қаржы жылында пайдаланылмаған бюджет қаражатын келесі қаржы жылында толық пайдалануға рұқсат етіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті атқарушы орган ағымдағы қаржы жылының 1 желтоқсанына дейін бюджеттік мониторинг және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстары негізінде бюджет қаражатын келесі қаржы жылында толық пайдалануға рұқсат етілетін мемлекеттік инвестициялық жобалар және (немесе) іс-шаралар бөлінісінде бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін жасайды және оны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Бюджет қаражатын келесі қаржы жылында толық пайдалануға рұқсат етілетін мемлекеттік инвестициялық жобалар және (немесе) іс-шаралар бөлінісінде бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі ағымдағы қаржы жылының желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулыларына, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешіміне немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне енгізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес толық пайдалануға рұқсат етілген бюджет қаражаты қайтадан толық пайдаланылмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі оларды толық пайдалану жылының 20 желтоқсанына дейін тиісті бюджетке қайтаруға тиіс.

4. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы қаржы жылында жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттерін пайдалану кезінде үнемдеу қалыптасқан жағдайда, үнемдеу сомасын жоғары тұрған бюджетке қайтаруды қамтамасыз етеді.

5. Есепті кезеңнің соңында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында қалған бюджеттен алынған қаражаттың пайдаланылмаған қалдықтары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ағымдағы қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) қаражаты болып табылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ағымдағы қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) қаражаты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде бюджетке қайтарылуға жатады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына есепке жатқызылған тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуден түскен қаражат әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке жатқызылған тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлды) қоспағанда, тиісті бюджет кірісіне аударылуға жатады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың бекітілген қаржылық-экономикалық негіздемесінде белгіленген мерзім квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінетін бюджеттік инвестициялар үшін есепті кезең деп қабылданады.

6. Заңды тұлғаларға берілетін трансферттер түрінде бөлінген, ағымдағы қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражаты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде бюджетке қайтарылуға жатады.

7. Нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған, пайдаланылмаған, толық пайдаланылмаған бюджет қаражатын толық пайдалану, тиісті жоғары тұрған бюджетке қайтару тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

116-бап. Бюджет қаражатының қалдықтары

1. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында қалған бюджет қаражаты кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары болып табылады.

2. Кезекті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылу қорытындылары бойынша тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында қалған бюджет қаражаты жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары болып табылады.

3. Кезеңнің соңында жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында қалған бюджет қаражатының қалдықтары осы Кодекстің 113-бабы 6-тармағының төртінші абзацында көзделген жағдайды қоспағанда, жоғары тұрған бюджетке алып қоюға (аударылуға) жатпайды.

Бюджетті атқару барысында кірістердің жоспарлы көлемінің нақты көлемінен асып кетуі нәтижесінде пайда болған, кезеңнің соңында жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында қалған бюджет қаражатының қалдықтары басталған (жалғасатын) жобаларды, оның ішінде осы Кодекстің 150-бабына сәйкес бюджеттік инвестициялардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзетуге байланысты жобаларды қаржыландыруға пайдаланылады.

Бюджетті атқару барысында салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша түсімдердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының түсімдердің жиынтық жоспарында көрсетілген жоспарлы мәндерден асып кетуі нәтижесінде пайда болған, кезеңнің соңында жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында қалған бюджет қаражатының қалдықтары:

1) жергілікті атқарушы органның борышын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді бюджет қаражатының осы қалдықтарының кемінде елу пайызы көлемінде мерзімінен бұрын өтеу;

2) бюджет шығыстарының мынадай:

елді мекендерге газ тарту;

сумен жабдықтау объектілерін, тазарту, дренаждық жүйелерді, кәріз, жылу және электр желілерін құру, реконструкциялау және жөндеу;

автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі бағыттарын қаржыландыру үшін пайдаланылады.

4. Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Арнаулы мемлекеттік қордың жыл басындағы ақша қалдықтары бюджетке алып қойылуға (аударылуға) жатпайды.

5. Жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары келесі қаржы жылының бюджетін түзету арқылы мыналарға:

1) алынған қарыздар бойынша негізгі борышқа қызмет көрсетуге және оны өтеуге;

2) толық пайдалануға рұқсат етілген қаражатты қоспағанда, республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын қайтаруға;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт түрінде республикалық бюджетке тартылған, пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) қаражатты Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қайтаруға;

4) активтер мен басқа да тауарларды сатып алу мен беруді, қызметтер көрсетуді, жұмыстар орындауды көздейтін бюджеттік даму бағдарламалары, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша іске асыру мерзімі бір қаржы жылынан асатын өткен қаржы жылының тіркелген міндеттемелерінің төленбеген бөлігін қаржыландыруға пайдаланылуы мүмкін.

Осы тармақтың 4) тармақшасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар және (немесе) кіші бағдарламалар бойынша өткен қаржы жылының тіркелген міндеттемелерінің төленбеген бөлігін қаржыландыруға рұқсат етіледі.

6. Осы баптың 5-тармағында көзделген мақсаттарға бөлгеннен кейін қалған жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары алынған қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жіберіледі.

7. Осы баптың 5 және 6-тармақтарында көзделген мақсаттарға бөлгеннен кейін қалған жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары бюджет қаражатының бос қалдықтары болып табылады және бюджетті нақтылау арқылы ағымдағы қаржы жылының шығыстарын қаржыландыруға жіберілуі мүмкін.

24-тарау. БЮДЖЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ, БЮДЖЕТТІК ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК МОНИТОРИНГ

117-бап. Бюджеттік есепке алу және бюджеттік есептілік жөніндегі жалпы ережелер

1. Бюджеттік есепке алу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен регламенттелген, кассалық негізде бірыңғай қазынашылық шоттан және мемлекеттік мекемелердің шоттарынан операциялар туралы ақшалай мәндегі ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытудың ретке келтірілген жүйесін білдіреді.

2. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, мемлекеттік қазынашылық және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бюджеттік есепке алуды жүргізеді.

3. Бюджеттік есепке алуды жүргізу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

4. Бюджеттік есепке алу деректері бюджеттік есептілік жасауға негіз болып табылады.

5. Бюджеттік есептілік мынадай сапалық сипаттамаларға сәйкес келуге тиіс:

1) жасалған операциялардың төлнұсқалығын және оларды есепке алуда көрсеткен кезде қателердің жоқ екенін білдіретін анықтық;

2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген, талап етілетін барлық ақпараттың көрсетілуін білдіретін толықтық;

3) осы Кодекстің және басқа да нормативтік құқықтық актілердің есептілікті жасау жөніндегі ережелерінің сақталуын білдіретін сәйкестік.

6. Бюджеттік есептілікте алынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бюджетке түсімдері ақшалай мәнде көрсетіледі.

118-бап. Бюджеттік есептіліктің түрлері

1. Мемлекеттік мекемелер, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бюджеттік есептілікті жасайды.

2. Бюджеттік есептілік есептердің мынадай түрлерін қамтиды:

1) мемлекеттік мекемелер жасайтын:

қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп;

тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп;

филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) туып-өскен жеріне қолдау көрсету жөніндегі қызметтен ақшаның түсуі және жұмсалуды туралы есеп;

2) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жасайтын:

қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп;

жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің атқарылуы туралы есеп;

3) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік қазынашылық және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жасайтын:

республикалық, тиісті жергілікті бюджеттің, облыс, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің, мемлекеттік және шоғырландырылған бюджеттердің атқарылуы туралы есеп;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп;

мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп;

мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) туып-өскен жеріне қолдау көрсету жөніндегі қызметтен ақшаның түсуі және жұмсалуды туралы есеп.

3. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өз құзыреті шегінде бюджеттік есептіліктің қосымша нысандарын белгілейді.

4. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуға міндетті.

5. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну тәртібін айқындайды.

119-бап. Бюджеттік мониторинг

1. Бюджет түсімдерінің орындалмауы, міндеттемелерді уақтылы қабылдамау, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақтылы жүргізілмеуі себептерін анықтау, бюджет түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамдарын жасау, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдау мақсатында жүзеге асырылатын бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін тұрақты және жүйелі жинау, қадағалап отыру және талдау бюджеттік мониторинг болып табылады.

2. Мемлекеттік кірістер органдары, салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдар, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, қарыздардан түсімдерді алуға жауапты және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бюджеттік мониторингті жүзеге асырады.

3. Бюджеттік бағдарламаның басшысы бюджеттік мониторинг жүргізуді, оның нәтижелерін талдауды және бюджеттік бағдарламалар паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілуін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

4. Бюджеттік мониторинг бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілігі және мемлекеттік кірістер органдары, салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдар, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, қарыздардан түсімдерді алуға жауапты және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынатын ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік кірістер органдары, салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдар, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, қарыздардан түсімдерді алуға жауапты және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға мемлекеттік қазынашылықтың және мемлекеттік қазынашылық органдарының есепке алу деректері

негізінде қалыптастырылатын бюджет түсімдерінің атқарылуы туралы талдамалық есептерді ұсынады.

6. Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу мониторингінің, кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау көрсету шеңберінде алынған бюджет қаражатын пайдалануының нәтижелері туралы есептерді бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

7. Бюджеттік мониторинг нәтижелері тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарылады.

8. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бірлесіп бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізген бюджеттік мониторинг нәтижелері бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша бюджеттік даму бағдарламалары бойынша пайда болған соманы қайта бөлу туралы шешімін қалыптастырады.

9. Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік мониторинг нәтижелері бойынша тоқсан сайын және жыл қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес республикалық немесе жергілікті бюджеттің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру үшін сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына, жергілікті атқарушы органдарға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалық есепті, сондай-ақ ай сайын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданбаған міндеттемелер туралы және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының уақтылы орындалмауы туралы ақпарат жібереді.

Есепті тоқсанның қорытындылары бойынша салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша түсімдердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының түсімдердің жиынтық жоспарында көрсетілген жоспарлы мәндерден асып кетуіне байланысты қалыптасқан бюджет қаражатының қалдықтарын жергілікті атқарушы органдардың осы Кодекстің 116-бабының 3-тармағына сәйкес шығыстарды қаржыландыруға бағыттауы үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган бюджеттік мониторинг нәтижелері бойынша бюджет қаражатының осы қалдықтары туралы ақпаратты тиісті жергілікті атқарушы органға жібереді.

10. Тиісті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есептің нәтижелері тиісті бюджетті әзірлеу немесе нақтылау кезінде ескеріледі.

11. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік мониторингті жүргізу тәртібін айқындайды.

120-бап. Бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсыну

1. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есепте – есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық және жергілікті бюджеттер, қабылданған, төленбеген міндеттемелер, бюджет түсімдерінің орындалуы және (немесе) тиісті бюджеттің бюджеттік бағдарламалары бойынша төленген міндеттемелер көрсетіледі.

2. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік, шоғырландырылған, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді ай сайын – Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға, тоқсан сайын – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына ұсынады.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдары ай сайын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігіне, ревизиялық комиссиясына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы есепті ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ай сайын және жыл қорытындысы бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Кодекстің 118-бабында көзделген есептерді ұсынады.

4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ай сайын әкімдікке, өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға, облыстың ревизиялық комиссиясына, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына, облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы есепті, сондай-ақ осы Кодексте көзделген басқа да есептерді ұсынады.

5. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты ай сайын өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы есепті, сондай-ақ осы Кодексте көзделген басқа да есептерді ұсынады.

25-тарау. БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

121-бап. Жылдық есеп туралы жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы орган есепті қаржы жылында республикалық немесе тиісті жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасайды.

2. Есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қалыптастыру үшін осы Кодекстің 118-бабының 2-тармағында белгіленген бюджеттік есептілік және есептердің мынадай түрлері қолданылады:

уәкілетті органдар мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жасайтын:

мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есеп;

мемлекеттік органдардың даму жоспарларының іске асырылуы туралы шоғырландырылған есеп;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының іске асырылуы туралы шоғырландырылған есеп;

резервтің (резерв түрлері бойынша) пайдаланылуы туралы есеп;

бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есеп;

қол жеткізілген әлеуметтік-экономикалық әсерді бағалай отырып, үкіметтік сыртқы қарыздар қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуы туралы есеп;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қабылданған мемлекеттік міндеттемелер туралы есеп;

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес, сомаларын көрсете отырып, жер қойнауын пайдаланушылармен жасалған келісімдер, меморандумдар, шарттар, келісімшарттар шеңберінде іс-шаралардың іске асырылуы туралы есеп;

халық қатысатын бюджеттің іске асырылуы туралы есеп;

агломерация аумағында жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің іске асырылуы туралы есеп;

квазимемлекеттік сектор субъектілері мен бюджет қаражатын өзге де алушылар жасайтын:

дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегиялары туралы есептер;

бюджеттен алынған ақшаның жұмсалуды туралы есеп;

мемлекеттік тапсырмалардың орындалуы туралы есептер;

заңды тұлғаларға берілетін трансферттердің пайдаланылуы туралы есеп;

бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстары туралы есептер;

есепті қаржы жылында бюджет қаражаты бөлінген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларының немесе іс-шаралар жоспарларының іске асырылуы туралы есептер.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері мен бюджет қаражатын өзге де алушылар есептерді бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілеріне ұсынады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жиынтық есептерді бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

3. Мемлекеттік органның даму жоспарының іске асырылуы туралы есеп, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есеп және квазимемлекеттік сектор субъектісінің даму жоспарының немесе іс-шаралар жоспарының іске асырылуы туралы есеп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын нысан бойынша және тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес жасалады.

Резервтің (резервтің түрлері бойынша) пайдаланылуы туралы есеп осы Кодекстің 21-бабына сәйкес қалыптастырылады.

4. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп:

1) есепті қаржы жылында республикалық бюджет туралы заң баптарының орындалуы туралы талдамалық есепті;

2) республикалық бюджет туралы заңға қосымшаларға сәйкес республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді білдіретін тиісті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті;

3) осы Кодекстің 45 және 46-баптарына сәйкес жүргізілетін мониторинг нәтижелері, нәтижелерді бағалау және осы баптың 2-тармағында көрсетілген есептілік негізінде жасалған, түсімдер бойынша, шығыстар бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есепті қамтиды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет түсімдері жөніндегі талдамалық есепті мемлекеттік кірістер органдары ұсынған мәліметтер негізінде қалыптастырады және онда:

салықтар бөлінісінде салық берешегінің көлемі;

салықтар бөлінісінде артық төлем көлемі;

қосылған құн салығын қайтару туралы ақпарат қамтылады.

Республикалық бюджеттің шығыстары жөніндегі талдамалық есепте:

бюджет қаражатымен және бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерімен өзара байланыста мемлекеттік органның даму жоспары мақсаттарының іске асырылуы және оның нысаналы индикаторларына қол жеткізу;

бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы және бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу;

мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуы;

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервтің және Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдалану;

бюджеттің бастапқыда бекітілген көрсеткіштерінің, бастапқыда жоспарланған түпкілікті нәтижелер мен нысаналы индикаторлардың өзгеру себептерін көрсете отырып, есепті қаржы жылы ішінде жүргізілген республикалық бюджеттің нақтылаулары мен түзетулерінің себептері мен көлемдері;

Есепті қаржы жылында Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы, оның ішінде "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мемлекеттік аудит мақсаттарына қол жеткізу және қағидаттарын іске асыру ;

Есепті қаржы жылында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы;

есепті қаржы жылында республикалық бюджет жобасын алдын ала бағалау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы ұсынымдарының орындалуы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өткен қаржы жылында республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне берілген Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы ұсынымдарының орындалуы;

бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат қамтылады.

Мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша талдамалық ақпарат Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторлары, түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері және (немесе) іс-шаралар нәтижелері көрсетіліп, бюджеттік бағдарламалар бойынша көрсетіледі;

4) шоғырландырылған бюджет түсімдері жөніндегі талдамалық есепті қамтиды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шоғырландырылған бюджет түсімдері жөніндегі талдамалық есепті қалыптастырады және онда:

экономика салаларының бюджет түсімдерінің жалпы көлеміне әсерін талдау және салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің толық әрі уақтылы түсуін талдау;

шоғырландырылған бюджет құрылымына сәйкес экономиканың мұнайға қатысты және мұнайға қатысты емес секторларының кәсіпорындары бойынша салықтық түсімдер туралы ақпарат;

шоғырландырылған бюджет құрылымына сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган ұсынатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тізбесіне сай квазимемлекеттік сектор субъектілерінен түсетін салықтық түсімдер туралы ақпарат;

шоғырландырылған бюджет құрылымына сәйкес Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын және кәсіпкерлік

жөніндегі уәкілетті орган ұсынатын кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне сәйкес кәсіпкерлік субъектілері бойынша салықтық түсімдер туралы ақпарат қамтылады;

5) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және бюджет қаражатын өзге де алушылардың жиынтық есептерін;

6) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті;

7) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің осы Кодекстің 55-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілетін, орталық атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг нәтижелері және қабылданған шешімдер мен шаралар туралы есептерін;

8) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің республикалық бюджетке дивидендтер (таза кіріс бөлігі) төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатының пайдаланылуы туралы есептерін;

9) нәтижелерді бағалау қорытындыларын;

10) Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы;

11) түсіндірме жазбаны қамтиды.

Түсіндірме жазбада мынадай талдамалық ақпарат қамтылады:

экономикалық жағдай туралы талдамалық ақпарат, оның ішінде қосылған құнды құрайтын экономика салаларының экономиканың дамуына әсерін талдау және экономика салаларының бюджеттік түсімдердің жалпы көлеміне әсерін талдау;

елдегі салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы;

мемлекеттік сектор міндеттемелерінің ағымдағы жай-күйі туралы талдамалық ақпарат, оның ішінде үкіметтік сыртқы қарыздар қаражаты есебінен іске асырылатын әрбір жоба бөлінісінде қарыз талаптарына сәйкес негізгі борышты өтеу мен оған қызмет көрсетудің, сыйақылар, комиссиялық және өзге де төлемдер сомаларының көлемі туралы деректер.

5. Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп:

1) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімі, жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы мәслихат шешімі тармақтарының орындалуы туралы талдамалық есепті;

2) жергілікті бюджет туралы мәслихаттың тиісті шешіміне және жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы мәслихаттың шешіміне қосымшаларға сәйкес жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді білдіретін, тиісті қаржы жылында облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы есепті;

3) осы Кодекстің 45 және 46-баптарына сәйкес жүргізілетін мониторинг нәтижелері, нәтижелерді бағалау және осы баптың 2-тармағында көрсетілген есептілік негізінде

жасалған, түсімдер бойынша, шығыстар бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есепті қамтиды.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Кодекстің 52-бабының 7-тармағында көзделген есептілік негізінде жергілікті бюджет түсімдері жөніндегі талдамалық есепті қалыптастырады және онда:

экономика салаларының бюджет түсімдерінің жалпы көлеміне әсерін талдау мен салықтық және салықтық емес түсімдердің толық жиналуын талдау;

экономиканың мұнайға қатысты және мұнайға қатысты емес секторларының кәсіпорындары бойынша салықтық түсімдер туралы ақпарат;

шоғырландырылған бюджет құрылымына сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган ұсынатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тізбесіне сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінен түсетін салықтық түсімдер туралы ақпарат;

шоғырландырылған бюджет құрылымына сәйкес Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган ұсынған кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне сәйкес кәсіпкерлік субъектілері бойынша салықтық түсімдер туралы ақпарат;

салықтар бөлінісінде салық берешегінің көлемі туралы ақпарат;

салықтар бөлінісінде артық төлем көлемі туралы ақпарат қамтылады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есепте:

бюджет қаражатымен және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерімен өзара байланыста облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу;

жергілікті атқарушы орган резерві қаражатының пайдаланылуы;

бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы және бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу;

агломерация аумағында жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің іске асырылуы;

халық қатысатын бюджеттің іске асырылуы;

бастапқыда бекітілген бюджет көрсеткіштерінің, бастапқыда жоспарланған түпкілікті нәтижелер мен нысаналы индикаторлардың өзгеру себептерін көрсете отырып, есепті қаржы жылы ішінде жүргізілген жергілікті бюджетті нақтылаулар мен түзетулердің себептері мен көлемдері;

есепті қаржы жылында облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті жобасын алдын ала бағалау қорытындылары бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ревизиялық комиссиясы ұсынымдарының орындалуы;

облыстық әкімдіктің, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің алдыңғы қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есебіне берілген облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың ревизиялық комиссиясы ұсынымдарының орындалуы;

іс-шараларды, жобаларды және шығыстар сомаларын көрсете отырып, арнаулы түсімдердің пайдаланылуы;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдары бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде облыстық әкімдік, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі мен жер қойнауын пайдаланушылар арасында жасалған меморандумдарға сәйкес шығыстар көлемін көрсете отырып, іс-шаралар туралы, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушы жүргізген жұмыстар мен көрсеткен қызметтер бойынша;

кірістерді бөлу нормативінің сақталуы;

мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуы туралы ақпарат қамтылады ;

4) жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті;

5) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің осы Кодекстің 55-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілетін, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг нәтижелері және қабылданған шешімдер мен шаралар туралы есептерін;

6) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жергілікті бюджетке дивидендтер (таза кіріс бөлігі) төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатының пайдаланылуы туралы есептерін;

7) түсіндірме жазбаны қамтиды.

Түсіндірме жазбада экономикалық жағдай және тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы талдамалық ақпарат қамтылады.

122-бап. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну

1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасайды және оны:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне;

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға;

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жыл сайын ағымдағы жылғы 20 сәуірден кешіктірмей:

Қазақстан Республикасының Парламентіне;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес есепті қаржы жылындағы республикалық бюджет туралы заңның атқарылуына мемлекеттік аудит барысында кейіннен бағалауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына ұсынады.

3. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Парламентінде есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті ағымдағы жылғы 15 мамырдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламентіне талқылау мен бекіту үшін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат үшін ұсынады, ол өзінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті есебіне қорытынды болып табылады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну тәртібін айқындайды.

123-бап. Қазақстан Республикасының Парламентінде республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылау және бекіту

1. Қазақстан Республикасының Парламенті Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының есебін алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебін өз кезегімен қарау арқылы Палаталардың бөлек отырысында – алдымен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде, содан кейін Сенатында талқылайды.

2. Қазақстан Республикасының Парламенті республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылау кезінде:

Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген адамдардың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарының орындалуы, мемлекеттік қаржының жай-күйі, оның ішінде мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы баяндамасын;

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы Төрағасының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы баяндамасын;

Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары уәкілеттік берген адамдардың республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытындылары бар қосымша баяндамаларын тыңдайды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылауы кезінде Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бейіндік тұрақты комитеттері орталық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес берілген

функцияларын жүзеге асыратын нарық субъектілерінің басшыларын берілген функцияларды іске асырудың тиімділігі тұрғысынан тыңдайды және (немесе) осы Кодекстің 55-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілетін, орталық атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг нәтижелері және қабылданған шешімдер мен шаралар туралы тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басшыларын тыңдайды.

3. Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының тұрақты комитеттері республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылау кезінде:

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы уәкілеттік берген адамның есепті қаржы жылында Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы, оның ішінде "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мемлекеттік аудит мақсаттарына қол жеткізу және қағидаттарын іске асыру туралы баяндамасын;

сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган басшысының есепті қаржы жылында функцияларды, өкілеттіктерді іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы баяндамасын;

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері басшыларының бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу туралы және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің республикалық бюджеттен алынған нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер жөніндегі, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының осы Кодекстің 47-бабына сәйкес жүргізілетін сараптамалық-талдау қызметінің қорытындылары бойынша берілген ұсынымдарының орындалуы туралы баяндамаларын;

республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына бюджет қаражаты көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының өздерінің даму жоспарларының немесе іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы баяндамаларын ;

ұйымдар басшыларының есепті қаржы жылында заңды тұлғаларға функцияларды, өкілеттіктерді іске асыруға берілетін трансферттердің пайдаланылуы туралы, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларының немесе іс-шаралар жоспарларының нысаналы индикаторларына қол жеткізу туралы, сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат шеңберінде дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегиялары туралы баяндамаларын тыңдайды.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің

атқарылуы туралы жылдық есептері Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен Сенатында талқыланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында бекітіледі.

124-бап. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына есепті қаржы жылында облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсынады.

2. Облыстық әкімдік, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын қоғамдық кеңестің отырысында облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылауды жүргізеді.

3. Облыстық әкімдік, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі есепті қаржы жылында облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге мемлекеттік аудит барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес есепті қаржы жылында жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінің орындалуын кейіннен бағалауды жүзеге асыру үшін ағымдағы жылғы 20 сәуірден кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ревизиялық комиссиясына, ағымдағы жылғы 1 мамырдан кешіктірмей облыстық мәслихатқа, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатына жыл сайын ұсынады.

125-бап. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау және бекіту

1. Мәслихат облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ревизиялық комиссиясының облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есебін алғаннан кейін бір ай ішінде мәслихаттың тұрақты комиссияларында облыстық әкімдіктің, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің есепті қаржы жылындағы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есебін қарайды.

2. Мәслихат жылдық есепті қарау кезінде:

әкімнің не оны алмастыратын адамның облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы және тиісті кезеңге арналған

әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған өңірдің салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы, ревизиялық комиссияның осы Кодекстің 44-бабына сәйкес жүргізілетін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сараптамалық-талдамалық қызметінің қорытындылары бойынша берілген ұсынымдарының орындалуы туралы баяндамасын;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ревизиялық комиссиясы төрағасының облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы және есепті қаржы жылында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ревизиялық комиссиясының функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы, оның ішінде "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мемлекеттік аудит мақсатына қол жеткізу және қағидаттарын іске асыру туралы баяндамасын;

әкімнің не оны алмастыратын адамның облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру туралы баяндамасын;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшыларының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы баяндамаларын;

мәслихат уәкілеттік берген адамның (адамдардың) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытындысы бар баяндамасын тыңдайды.

Мәслихаттың тұрақты комиссиялары облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылау кезінде депутаттардың ұсыныстары бойынша жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес берілген функцияларын жүзеге асыратын нарық субъектілерінің басшыларын берілген функцияларды іске асырудың тиімділігі тұрғысынан тыңдайды және (немесе) осы Кодекстің 55-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілетін, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг нәтижелері және қабылданған шешімдер мен шаралар туралы тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басшыларын тыңдайды.

3. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есеп мәслихаттың тұрақты комиссиялары қарағаннан кейін мәслихат сессиясында бекітіледі.

126-бап. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну

1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей есепті қаржы жылындағы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдік "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын қоғамдық кеңестің отырысында аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылауды жүргізеді.

3. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдік есепті қаржы жылындағы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге, құрамына тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) өкілі кіретін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ревизиялық комиссиясына – ағымдағы жылғы 20 наурыздан кешіктірмей, аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихатқа ағымдағы жылғы 1 сәуірден кешіктірмей жыл сайын ұсынады.

127-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты есепті жылдан кейінгі жылғы 20 ақпаннан кешіктірмей есепті қаржы жылындағы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге жергілікті қоғамдастық жиналысына, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына ұсынады.

2. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жергілікті қоғамдастық жиналысында аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылауды жүргізеді.

3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жыл сайын жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісілгеннен кейін есепті қаржы жылындағы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге облыстың ревизиялық комиссиясына – ағымдағы жылғы 10 наурыздан кешіктірмей, аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихатқа ағымдағы жылғы 20 наурыздан кешіктірмей ұсынады.

128-бап. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау және бекіту

1. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихат облыстың ревизиялық комиссиясының аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы есебін алғаннан кейін бір ай ішінде мәслихаттың тұрақты комиссияларында аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің есепті қаржы жылындағы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есебін қарайды.

2. Мәслихат жылдық есепті қарау кезінде:

әкімнің не оны алмастыратын адамның аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы, ревизиялық комиссияның осы Кодекстің 44-бабына сәйкес жүргізілетін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сараптамалық-талдамалық қызметінің қорытындылары бойынша берілген ұсынымдарының орындалуы туралы баяндамасын;

облыстың ревизиялық комиссиясы төрағасының немесе төрағасы уәкілеттік берген мүшесінің аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы баяндамасын;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшыларының облыстың даму жоспарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы баяндамаларын;

мәслихат уәкілеттік берген адамның (адамдардың) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытындысы бар баяндамасын;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы баяндамасын тыңдайды.

Мәслихаттың тұрақты комиссиялары аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылау кезінде жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес берілген функцияларын жүзеге асыратын нарық субъектілерінің басшыларын берілген функцияларды іске асырудың тиімділігі тұрғысынан тыңдайды және (немесе) осы Кодекстің 55-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілетін, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг нәтижелері және қабылданған шешімдер мен шаралар туралы тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басшыларын тыңдайды.

3. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есеп мәслихаттың тұрақты комиссиялары қарағаннан кейін мәслихат сессиясында бекітіледі.

6-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІН, ОНЫҢ ВЕДОМСТВОЛАРЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ МЕН ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДЫ ҚОСПАҒАНДА, МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІ

26-тарау. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІ

129-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептіліктің мақсаты, қағидаттары және негізгі сапалық сипаттамалары

1. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептіліктің мақсаты мүдделі тұлғаларды мемлекеттік мекемелердің қаржылық жағдайы туралы толық және анық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

2. Есепке жазу және қызметтің үздіксіздігі бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есептілікті жасау қағидаттары болып табылады.

Есепке жазу қағидаты операциялардың нәтижелерін төлем жасау уақытына қарамастан, жасалу фактісі бойынша тану арқылы қамтамасыз етіледі.

Қызметтің үздіксіздігі қағидаты мемлекеттік мекеменің келешекте жұмыс істеуге ниеті бар екенін, оны таратудың немесе қызмет ауқымын едәуір қысқартудың қажеті болмайтынын білдіреді. Егер мұндай ниет немесе қажеттілік болса, онда қаржылық есептілік арнаулы қағидалар бойынша жасалады.

3. Түсініктілігі, орындылығы, ұсынудың анық болуы, салыстырмалылығы, уақтылылығы және тексерілетіндігі қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары болып табылады.

130-бап. Бухгалтерлік есепке алу жүйесі

1. Бухгалтерлік есепке алу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен және есепке алу саясатымен регламенттелген, мемлекеттік мекемелердің операциялары туралы ақпаратты жинаудың, тіркеудің және жинақтаудың ретке келтірілген жүйесін білдіреді.

2. Есепке алу саясаты қаржылық есептілікті жасау және ұсыну кезінде мемлекеттік мекемелер қолданатын, барлық мемлекеттік мекеме үшін бірыңғай болып табылатын қағидаттарды, негіздерді, ережелерді, қағидалар мен практиканы қамтиды.

3. Бухгалтерлік есепке алудағы операциялар мен оқиғалар мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары негізінде көрсетіледі.

Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары мен бірыңғай бюджеттік сыныптама негізінде шоттардың бірыңғай жоспары қалыптастырылады.

4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік мекемелерде есепке алу саясатын, шоттар жоспарын, бухгалтерлік есепке алуды жүргізу, мемлекеттік мекемелерде түгендеуді жүргізу тәртібін, мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарын белгілейді.

5. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша, қажет болған жағдайларда, мемлекеттік мекемелерде өз жүйесінің бухгалтерлік есепке алу жөніндегі жалпы ережелерін қолдану тәртібі туралы нұсқаулар шығара алады, бұл ретте олардың қызметінің өзіндік ерекшелігі ескеріледі және мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің белгіленген тәртібі сақталады.

6. Бухгалтерлік есепке алуды дұрыс жүргізу және қаржылық есептілік жасау мақсатында:

1) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен республикалық бюджетті, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін атқару жөніндегі уәкілетті органдардың;

2) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бухгалтерлік есепке алуды жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адамдары міндетті сертификатталуға жатады.

7. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және республикалық бюджетті, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бухгалтерлік есепке алуды жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адамдарын сертификаттау тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

131-бап. Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі

1. Қаржылық есептілік мемлекеттік мекеменің қаржылық жағдайы және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпаратты білдіреді.

2. Мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігі мыналарды:

1) бухгалтерлік балансты;

2) қаржылық қызмет нәтижелері туралы есепті;

3) таза активтердің (капиталдың) өзгерістері туралы есепті;

4) қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есепті;

5) түсіндірме жазбаны қамтиды.

3. Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу деректеріне негізделген берешегінің жай-күйін мониторингтеу үшін қаржылық есептілік құрамына берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілік қосылады, ол мынадай есеп түрлерінен тұрады:

дебиторлық берешек туралы есеп;
кредиторлық берешек туралы есеп;

ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша кредиторлық берешек туралы есеп.

4. Мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігі бастапқы құжаттармен расталады.

5. Мемлекеттік мекеме барлық операцияны бірыңғай бухгалтерлік есепке алуды жүргізеді.

6. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы қаржылық есептілікті жасайды, ол тиісті қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстан, қаржылық қызметтің нәтижелері туралы есептен, таза активтердің (капиталдың) өзгерістері туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан тұрады.

7. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қаржылық есептілікті жасау және ұсыну нысандарын, кезеңділігін және тәртібін белгілейді.

132-бап. Қаржылық есептілікті ұсыну

1. Мемлекеттік мекемелер қаржылық есептілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұсынады.

2. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы қаржылық есептілікті ұсынады.

3. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік қазынашылыққа қаржылық есептілікті ұсынады.

4. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органға қаржылық есептілікті ұсынады.

5. Қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ұсынылады.

6. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін айқындауға және өзге де, бірақ жылына бір реттен кем емес кезеңділікті белгілеуге құқылы.

7. Жылдық қаржылық есептілік үшін 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады.

Жаңадан құрылған мемлекеттік мекеме үшін бірінші есепті жыл ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап сол жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы кезеңді қамтиды.

27-тарау. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

133-бап. Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы жалпы ережелер

1. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға міндетті.

2. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен квазимемлекеттік сектордың ведомстволық бағынысты субъектілерінің қаржылық есептілігінің деректерімен жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

3. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органға шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар мемлекеттік қазынашылыққа шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынады.

4. Мемлекеттік қазынашылық жергілікті бюджеттер бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті, мемлекеттік бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасайды, олар бекітілуге жатпайды.

5. Шоғырландырылған қаржылық есептілік осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

134-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік

1. Мемлекеттік қазынашылық республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды, ол тиісті қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстан, қаржылық қызметтің нәтижелері туралы есептен, таза активтердің (капиталдың) өзгерістері туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан тұрады.

2. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептіліктен тұратын облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және мемлекеттік қазынашылыққа ұсынады.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды, ол тиісті қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстан, қаржылық қызметтің нәтижелері туралы есептен, таза активтердің (капиталдың) өзгерістері туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан тұрады.

4. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды, ол тиісті қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстан, қаржылық қызметтің нәтижелері туралы есептен, таза активтердің (капиталдың) өзгерістері туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан тұрады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы қаржылық есептілікті қамтиды.

5. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

135-бап осы Кодекстің 172-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

135-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі есебі

Мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі есеп – әкімшілік, басқарушылық шешімдер қабылдау мақсатында және талдамалық мақсаттарда бюджет процесінде, оның ішінде халықаралық салыстыруларда қолдану үшін мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді қамтитын құжат.

Мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі есеп мемлекеттік басқару секторы, мемлекеттік сектор және тиісті кіші секторлар бөлінісінде жасалады, олар Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленген сыныптауыштар негізінде және жалпыға бірдей қабылданған халықаралық стандарттар негізінде айқындалады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі есепті:

1) осы Кодекстің 120 және 121-баптарына сәйкес қалыптастырылатын шоғырландырылған, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептер;

2) осы Кодекстің 133 және 134-баптарына сәйкес қалыптастырылатын республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік;

3) осы Кодекстің 64-бабына сәйкес қалыптастырылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есеп;

4) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары мен іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы есептер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүлік тізілімінде және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінде көрсетілетін қосымша мәліметтер мен өзге де ақпарат негізінде жасайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі есепті жасау, уәкілетті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау және ақпаратты ұсыну тәртібін айқындайды және бекітеді.

Мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі есеп қаржы жылының қорытындысы бойынша жасалады, сондай-ақ осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

7-БӨЛІМ. ҚАРЫЗ АЛУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДЫҢ БОРЫШТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН БАСҚАРУ, МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР, БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ ГРАНТТАР

28-тарау. ҚАРЫЗ АЛУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДЫҢ БОРЫШТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН БАСҚАРУ

136-бап. Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерін басқару және қарыз алу туралы жалпы ережелер

1. Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерін басқару бюджетке түсетін борыштық жүктеменің өсуін шектеу, дефолтқа жол бермеу, валюталық тәуекелдерді төмендету, сондай-ақ сыртқы және ішкі қарыз алуды, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы қарыз алуын пайдаланудың тиімділігі мен тәртібін арттыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелерді басқару тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік қаржыны басқару кезінде талдамалық мақсаттар үшін шоғырландырылған ақпаратты қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды.

2. Тараптардың міндеттемелерді орындауын есепке алу, бақылау және талдау рәсімдерін қоса алғанда, қарыз қаражатын тарту қажеттілігі туралы шешім қабылдау, қарызды тарту, пайдалану, өтеу және оған қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын айқындау рәсімдерін, келіссөздер, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және оған кепілдік беру, қарыз бойынша, қарыз шартын ратификациялау (егер мұндай ратификациялау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген болса) бойынша тиісті құжаттарды ресімдеу және қол қою, қарыз қаражатын алу, пайдалану рәсімдерін қамтитын процесс қарыз алу болып табылады.

3. Қарыз алу нысаны бойынша қарыздар:

- 1) қарыз шарттарын жасасу;
- 2) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару болып бөлінеді.

Қарыз алушының қарыз қаражатын алуына негіз болатын және қарыз берушінің алдында оны қайтару және сыйақы төлеу бойынша және қарызға байланысты басқа да төлемдер бойынша міндеттемені алатын келісім қарыз шарты болып табылады.

Қарыз шарты бойынша мемлекеттік немесе мемлекеттік емес қарыз берген тұлға – қарыз беруші, ал мемлекеттік немесе мемлекеттік емес қарыз қаражатын алған тұлға қарыз алушы болады.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу арқылы бірінші иеленушілерге иеліктен шығару жолымен жүзеге асырылады.

Бағалы қағазды ұстаушының Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар қарыз алушы болатын қарызға қатысты құқықтарын куәландыратын немесе бағалы қағазды ұстаушының жалдау шарты негізінде активтерді пайдаланудан кірістер алуға құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз болып табылады.

4. Есепке жазылатын сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомаларын есепке алмағанда, қарыз берушіден алынған және оған қайтарылмаған қарыздың өтеуге жататын сомасы қарыз бойынша негізгі борыш сомасы болып табылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның немесе банктің қарыз алушының шоттарындағы қарыз қаражатының пайдаланылуын және қарыз алушының сыйақы төлемдерін, комиссиялық төлемдер мен қарыз талаптарына сәйкес өзге де төлемдерді жүзеге асыруын есепке алу жөніндегі қызметі қарызға қызмет көрсету болып табылады.

Қарыз алушының қарыз шартында белгіленген тәртіппен алынған қарыз сомасын қайтаруы, қарыз шартынан туындайтын басқа да міндеттемелерді орындауы борышты өтеу болып табылады.

Қарыз алу талаптарынан туындайтын, белгілі бір уақыт кезеңінде сыйақыны, комиссияларды, айыппұлдарды және өзге де төлемдерді жиынтық төлеу борышқа қызмет көрсету болып табылады.

Қалыптасқан бағамдық айырма нәтижесінде не тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі өткізілген конкурстық рәсімдердің қорытындылары бойынша пайда болған, мемлекеттік не мемлекет кепілдік берген қарыз есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша пайдаланылмаған қаражат қарыздар бойынша қаражатты үнемдеу болып табылады.

Қарыз алушының қарыз шартының талаптарына сәйкес мемлекеттік не мемлекет кепілдік берген қарыз есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша игерілмеген

қарыз қаражатының толық немесе ішінара сомасын жоюы қарыз қаражатының күшін жою болып табылады.

Тараптардың келісуімен қарыз шарты бойынша не шығарылған облигациялар бойынша олардың міндеттемелерді орындау мерзімдерін, қаржылық және өзге де талаптарын өзгерту қарызды қайта құрылымдау болып табылады.

Мемлекет уәкілеттік берген органдардың мемлекет атынан борышты қалыптастыру, өзгерту, оған қызмет көрсету және оны өтеу процесін есепке алу, талдау және бақылау жөніндегі қызметі борышқа мониторинг жүргізу болып табылады.

5. Қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып қабылданған және мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды тарту, пайдалану немесе өтеу талаптарын нашарлататын актілерінің заңдық күші болмайды.

Мемлекеттік борышты немесе мемлекет кепілдік берген борышты басқаруды қоса алғанда қарыз шарттарына, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға, үкіметтік кепілдіктерге, кепілгерліктерге немесе олармен байланысты қызметке қатысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер, мүмкіндігінше, келіссөздер арқылы не қарыз шарттарында, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару қағидаларында белгіленген дауларды шешудің бұрын келісілген рәсімдеріне сәйкес шешіледі.

Шетелдік қарыз берушінің Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен дауларын қоса алғанда, осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделмеген басқа даулардың бәрін, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының соттары шешеді.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қарыз алуы мемлекеттік қарыз алу болып табылады.

Мемлекеттік қарыздар қарыз алушыға қатысты:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыздары;
- 3) жергілікті атқарушы органдар мен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының қарыздары болып бөлінеді.

Мемлекеттік қарыз алу, мемлекет кепілдік берген қарыз алу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қарыз алуы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметін, жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, Қазақстан Республикасы резиденттерінің қарыз алуы мемлекеттік емес қарыз алу болып табылады.

Қазақстан Республикасының резиденттері мемлекеттік емес қарыз алуды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, кез келген мөлшерде, валютада және нысанда дербес жүзеге асырады.

Заңды тұлғалар мемлекеттік емес қарыздарды мемлекеттік кепілдіктермен тарта алады.

8. Несие капиталының нарықтарына қарай қарыздар:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті қарыз беруші болатын сыртқы қарыздар;

2) Қазақстан Республикасының резиденті қарыз беруші болатын ішкі қарыздар болып бөлінеді.

9. Лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қарыз алу жөніндегі жауаптылығы осы Кодекстің 44-бабында айқындалады.

137-бап. Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерін басқару

1. Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерін басқару:

1) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің жай-күйін жыл сайынғы бағалауды жүзеге асыруын қамтиды.

Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің жай-күйін бағалау бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады және мыналарды:

мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің жай-күйі туралы мәліметтер мен оны талдауды (нарықтық құрылымы, валюталық құрылымы, кредиторлар (қарыз алушылар) бойынша, өтеу мерзімдері, сыйақы мөлшерлемелері бойынша құрылымы);

жинақталған және болжанатын борыш портфелі бойынша негізгі тәуекелдерді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышына, жергілікті атқарушы органның борышына жергілікті атқарушы органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борышына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызмет көрсете алуын және өтей алуын талдауды;

осы баптың 3) тармақшасына сәйкес белгіленген лимиттердің сақталуы туралы ақпаратты қамтиды;

2) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және мемлекеттік қазынашылықпен бірлесіп, үкіметтік борышты өтеу және оған қызмет көрсету көлемі сәйкесінше белгіленетін

көрсеткіштерді айқындай отырып, мемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыштың, экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекет кепілгерлігінің, квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекет міндеттемелерінің орта мерзімді кезеңге арналған болжамын жүзеге асыруын қамтиды;

3) нысаналы бағдарларын ескере отырып, бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның республикалық бюджет туралы заңда бекітілетін:

үкіметтік борыштың;

жергілікті атқарушы органдар борышының;

мемлекеттік кепілдіктер берудің;

экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер берудің;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің;

мемлекет кепілгерлігін берудің;

квазимемлекеттік сектор субъектілері сыртқы борышының лимиттерін айқындауын;

4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу көлемдерін, нысандары мен шарттарын, үкіметтік борышты өтеу және оған қызмет көрсету көлемдерін айқындауын;

5) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның өзі айқындаған тәртіппен мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алудың және борыштың, экспортты қолдау жөніндегі мемлекет міндеттемелерінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелердің, мемлекет кепілгерлігінің тоқсан сайынғы мониторингін жүзеге асыруын;

6) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының тоқсан сайынғы мониторингін жүзеге асыруын;

7) мемлекеттік қазынашылықтың Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен мемлекеттік қарыздарды тіркеуді және есепке алуды жүзеге асыруын;

8) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның рәсімдер мен операцияларды регламенттеу, белгіленген лимиттер мен талаптарды сақтау, құралдар мен нарықтарды әртараптандыру, түрлі туынды қаржы құралдарын қолдану әдістерін пайдаланып отырып, тәуекелдерді анықтауды, сәйкестендіруді, бағалауды және барынша азайтуды қоса алғанда, мемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекет алдындағы борыштың тәуекелдерін басқаруды, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы борыштық міндеттемелері мемлекет кепілдіктерімен және

кепілгерлігімен қамтамасыз етілген заңды тұлғалардың борышын басқаруда уақтылы ден қоюды және қажетті шараларды қабылдауды;

9) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік борыштың, квазимемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыштың ағымдағы жай-күйі туралы, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары жөніндегі мемлекет міндеттемелері туралы, мемлекет кепілгерлігі, мемлекеттік борышты өтеу есебіне төленген ақша сомасы, берілген мемлекеттік кепілдіктер мен экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер туралы және мемлекеттік кепілдіктер мен экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары жөніндегі мемлекет міндеттемелері бойынша төленген ақша сомалары туралы мәліметтерді статистикалық ақпарат нысанында осы Кодекстің 40-бабына сәйкес тоқсан сайын ресми жариялауын;

10) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның осы Кодекстің 90-бабы 2-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген деректер мен материалдарды қалыптастыруын және оларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберуін қамтиды.

2. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышына қолданылмайды.

138-бап. Мемлекеттік борыш

1. Өзара талаптарды ескермей, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышына немесе мәслихаттардың шешімдерімен жергілікті атқарушы органдардың борышына жатқызылған, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың алынған (игерілген) және өтелмеген қарыздарының белгілі бір күнге сомасы, сондай-ақ борыштық міндеттемелердің белгілі бір күнге сомасы мемлекеттік борыш болып табылады.

2. Мемлекеттік борыш ішкі және сыртқы мемлекеттік борышты қамтиды.

Мемлекеттік ішкі борыш Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының резиденттері алдындағы ішкі қарыздары мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борыштың құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік сыртқы борыш Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы сыртқы қарыздары мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борыштың құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджет қаражатымен қамтамасыз етілетін үкіметтік борышты өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді алады.

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттердің қаражатымен қамтамасыз етілетін өз борышын өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді алады.

Жергілікті атқарушы органдардың үшінші тұлғалар үшін қарыздар бойынша міндеттемелерді кез келген түрде және кез келген нысанда қабылдауына жол берілмейді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар бір-бірінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

5. Қарыз берушілерге негізгі борыш сомасын қайтарған және борышқа қызмет көрсету бойынша төлемдерді толық мөлшерде төлеген кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелері орындалды деп есептеледі.

6. Мемлекеттік борышты қайта қаржыландыру жаңа қарыз алу қаражаты есебінен борышты өтеу арқылы жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар борышты қалыптастыру, өзгерту және оған қызмет көрсету процесін есепке алуды, талдауды және бақылауды жүзеге асыру арқылы тиісінше үкіметтік борыш пен жергілікті атқарушы органдардың борышына мониторингті жүзеге асырады.

139-бап. Үкіметтік борыш және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы

1. Үкіметтік борыш – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілі бір күнге алған және өтемеген мемлекеттік қарыздардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышына жатқызылған белгілі бір күнге борыштық міндеттемелердің сомасы.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы:

1) республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру;

2) борыштық құралдардың ішкі нарығын дамытуға жәрдемдесу;

3) бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыру және қоса қаржыландыру;

4) институционалдық жобаларды іске асыру арқылы саланы (салаларды) институционалдық дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджет профициті кезінде үкіметтік борышты қайта қаржыландыру үшін қарыз алуды жүзеге асыра алады.

3. Институционалдық жоба – саланы (аяны) институционалдық тұрғыдан дамытуға бағытталған, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі белгілі бір уақыт кезеңі ішінде тікелей іске асыратын, аяқталған сипаты бар және қарыз шартын жасасу арқылы мемлекеттік қарыз алу арқылы қаржыландырылатын іс-шаралар жиынтығы.

Мемлекеттік қарыздарды тарту есебінен іске асырылатын институционалдық жобаларды жоспарлау және іске асыру тәртібін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

4. Қарыз шартын жасасу арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қарыздар тарту, сондай-ақ қарыз қаражатын пайдалану бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік сыртқы қарыздар бойынша есептілікті ұсыну және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

6. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді, мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын немесе мемлекеттік "жасыл" облигацияларды шығару түрінде жүзеге асырады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарының эмитенті болып табылады, ал мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару кезінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құратын мемлекеттік ислам арнаулы қаржы компаниясы эмитент болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз алушы болатын қарызға қатысты бағалы қағазды ұстаушының құқықтарын куәландыратын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз мемлекеттік қазынашылық міндеттеме болып табылады.

Бағалы қағазды ұстаушының жалдау шарты негізінде активтерді пайдаланудан кіріс алуға құқықтарын куәландыратын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз мемлекеттік ислам бағалы қағазы болып табылады.

Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес "жасылға" жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз алушы болатын қарызға қатысты бағалы қағазды ұстаушының құқықтарын куәландыратын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз мемлекеттік "жасыл" облигация болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақтың алтыншы бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі нарықта шығаратын мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, қызмет көрсету және өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ислам бағалы қағазы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес белгіленген исламдық қаржыландырудың негізгі

қағидаттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шығарылады.

Мемлекеттік "жасыл" облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, қызмет көрсету және өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сыртқы нарықта несие капиталын орналастыруға байланысты мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару туралы шешіміне байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға, сондай-ақ бұрын шығарылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуға немесе шарттарын өзгертуге және шығарылатын және (немесе) бұрын шығарылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға қатысты өзге де іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайды.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген үкіметтік борыш лимитімен және үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге жіберілетін бюджет қаражатының көлемімен шектеледі.

Тиісті қаржы жылына алынған және өтелмеген үкіметтік қарыздардың тіркеп-белгіленген сомасы үкіметтік борыш лимиті болып табылады, Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгіленген күнге (тиісті қаржы жылының соңына) нақты борышы одан аспауға тиіс.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышын өтеуді және оған қызмет көрсетуді, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ол шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өзі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы республикалық бюджет туралы заңда көзделген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

140-бап. Жергілікті атқарушы органдардың борышы және жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы

1. Жергілікті атқарушы органның борышы – жергілікті атқарушы органның белгілі бір күнге алынған және өтелмеген қарыздарының сомасы.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы:

- 1) республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер алу;
- 2) қаржы жылы ішінде қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығын жабуға жоғары тұрған бюджеттен бюджеттік кредиттер алу;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесіне сәйкес шығыстарды қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберуге мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде жүзеге асырылады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш саласында бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

4) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберуге мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес "жасылға" жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан ұлттық валютада қарыз алуы түрінде жүзеге асырылады.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін облыстың жергілікті атқарушы органынан қарыз алуы түрінде жүзеге асырылады.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының қарыз алуы тиісті жергілікті бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органынан қарыз алуы түрінде жүзеге асырылады.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы тиісті жергілікті атқарушы орган борышының белгіленген лимитімен және тиісті жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге бағытталатын жергілікті бюджет қаражатының көлемімен шектеледі.

Жергілікті атқарушы органның тиісті қаржы жылына алынған және өтелмеген қарыздарының тіркеп-белгіленген сомасы жергілікті атқарушы орган борышының лимиті болып табылады, жергілікті атқарушы органның белгіленген күнге (тиісті қаржы жылының соңына) нақты борышы одан аспауға тиіс.

Жергілікті атқарушы органдардың тиісті қаржы жылына борыштарының лимиті республикалық бюджет туралы заңда бекітіледі.

Жергілікті атқарушы органның тиісті қаржы жылына борыш лимитін сақтамағаны үшін жауаптылық осы Кодекстің 41-бабында белгіленген.

4. Жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстар көлемі тиісті қаржы жылында жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді есепке алмағанда, жергілікті бюджет кірістерінің он пайызына тең мөлшерден аспауға тиіс.

Жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеуді және оған қызмет көрсетуді олар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен жүзеге асырады.

5. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығаруы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

6. "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес "жасылға" жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес "жасылға" жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан сыртқы мемлекеттік қарыздарының шарттары, көлемі және нысаналы мақсаты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындалады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес "жасылға" жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық қаржы ұйымымен қарыз шартын жасасу арқылы, тиісті жергілікті атқарушы орган борышының белгіленген лимиті шегінде жүзеге асырылады.

7. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының шығарылатын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша борышын өтеу міндетті түрде міндеттемелерде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз шарттары бойынша борышын өтеу міндетті түрде қарыз шарттарында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

141-бап. Мемлекет кепілдік берген борыш және мемлекеттік кепілдік

1. Мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген, белгілі бір күнге алынған және өтелмеген мемлекеттік емес қарыздар сомасы мемлекет кепілдік берген борыш болып табылады.

Қазақстан Республикасының қарыз алушы-резиденті одан тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз берушінің алдындағы берешекті толық немесе ішінара өтеу міндеттемесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі болып табылады.

2. Мемлекеттік кепілдіктер қарыз берушілерге Қазақстан Республикасы резиденттерінің өздері алған мемлекеттік емес қарыздар бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде беріледі.

Мемлекеттік емес қарыз сомасы толықтай немесе оның бөлігі мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілуі мүмкін.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, заңды тұлғалардың өзі қарыз алушы ретінде әрекет ететін қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдік алуға үміткер осы заңды тұлғаларға мынадай талаптар қойылады:

1) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті болу;

2) салалық уәкілетті органның, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындыларының болуы;

3) тиісті кезеңге мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалар тізбесіне енгізілген жобаларды іске асыру;

4) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін, қарыздардың қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын екінші деңгейдегі банк кепілдігінің не сақтандыру шартының болуы;

5) бұрын алынған, мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша берешегінің болмауы және кредиторлар алдында мерзімі өткен берешегінің болмауы;

6) жобаның жалпы құнын жаппайтын қарыз тартылған жағдайда, ұсынылатын инвестициялық жобаны қоса қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерді қамтамасыз ету ;

7) ұсынылатын инвестициялық жобаның құнына қатысты кемінде отыз пайызын құрайтын меншікті капиталының болуы;

8) төлем қабілетті болуы, таратылуға жатпауы, оның мүлкіне тыйым салу қойылмаған болуға тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауға тиіс.

Мемлекеттік емес қарыз бойынша мемлекеттік кепілдік берілгені үшін қарыз алушыдан мемлекеттік кепілдік сомасының екі пайызы мөлшерінде алдын ала біржолғы төлем (алым) алынады.

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілері қарыз алушы ретінде әрекет ететін қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдік алуға үміткер осындай субъектілерге мынадай талаптар қойылады:

1) салалық уәкілетті органның, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындыларының болуы;

2) тиісті кезеңге мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалар тізбесіне енгізілген мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыру;

3) бұрын алынған, мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша берешегінің болмауы және кредиторлар алдында мерзімі өткен берешегінің болмауы;

4) таратылуға жатпауы, олардың мүлкіне тыйым салу қойылмаған болуға тиіс, олардың қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауға тиіс.

Тиісті кезеңге мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жобалардың тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

5. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге немесе түзетуге және оның экономикалық сараптамасына қойылатын талаптарды белгілейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының атынан мемлекеттік кепілдіктер берудің айрықша құқығына ие болады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және нысанда мемлекеттік кепілдік беруді жүзеге асырады.

7. Мемлекеттік кепілдіктер беру осы Кодекстің 142-бабына сәйкес кепілгердің міндеттемелерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмсайтын бюджет қаражатын қарыз алушының қайтаруы шарттарымен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік кепілдіктер республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін лимит шегінде беріледі.

Тиісті қаржы жылына тіркеп-белгіленген, соның шегінде мемлекеттік кепілдіктер берілуі мүмкін сома мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті болып табылады.

Мемлекеттік кепілдіктер беру лимитінің көлемі осы лимит белгіленген тиісті қаржы жылы шегінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

Іске асыру мерзімі бір жылдан асатын инвестициялық жобалар бойынша бас келісімге қол қоя отырып, мемлекеттік кепілдікті транштармен (бөліктермен) беруге жол беріледі.

Мемлекеттік кепілдіктер жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын қайтаруды қамтамасыз ету ретінде берілмейді.

Мемлекет кепілдік берген қарыз қаражатын қарыз талаптарында көзделмеген мақсаттарға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға кредит беруге және заңды тұлғаның жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуына пайдалануға тыйым салынады.

9. Мемлекет кепілдік берген қарызды қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдаған жағдайда, қарыз беруші мен қарыз алушының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Қарыз берушінің талабы бойынша мемлекет кепілдік берген қарызды қайта құрылымдау кезінде бұрын берілген мемлекеттік кепілдікті Қазақстан Республикасының Үкіметі растай алады немесе жаңасымен ауыстыра алады.

Бұл ретте кепілдік берілетін қарыз сомасы бұрын берілген мемлекеттік кепілдік бойынша қарыз сомасынан аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қабылданған жағдайда, қарыз шарты тараптарының келісімімен мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша қарыз алушыны ауыстыруға жол беріледі.

Мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша қарыз алушы ауыстырылған жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік кепілдікті Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде қарыз берушінің талабы бойынша жаңасымен ауыстыра алады немесе растай алады.

Бұл ретте кепілдік берілетін қарыз сомасы бұрын берілген мемлекеттік кепілдік бойынша қарыз сомасынан аспауға тиіс.

Жаңадан берілген мемлекеттік кепілдікке осы баптың 9-тармағында белгіленген шектеулер қолданылмайды.

10. Мемлекеттік кепілдік:

- 1) қарыз алушы немесе кепілгер Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген қарыз бойынша міндеттемелерін толық орындаған;
- 2) егер кепілдік шартында (кепілдік міндеттемесінде) өзгеше ескертілмесе, онда көрсетілген кепілдік мерзімі өткен;
- 3) қарыз шартында және (немесе) кепілдік шартында (кепілдік міндеттемесінде) арнайы ескертілген;
- 4) мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша қайта құрылымдау және (немесе) қарыз алушыны ауыстыру кезінде кепілдік жаңасына ауыстырылған жағдайларда, қолданысын тоқтатады.

11. Берілетін мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілдік беретін қарыздар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік қазынашылықта тіркелуге және есепке алынуға жатады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілдік берген борышты мониторингтеуді және оны басқаруды жүзеге асырады.

Мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушының қаржылық жағдайын мониторингтеу, мемлекет кепілдік берген қарыз қаражатының пайдаланылуын бақылау бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

142-бап. Мемлекеттік кепілдікті орындау

Егер қарыз шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, қарыз алушы мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген қарызды төлем мерзімі басталған күні және республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражаттар шегінде толық немесе ішінара өтемеген жағдайда, қарыз берушінің талабы бойынша мемлекеттік кепілдік төлем күні басталғаннан кейін орындалуға жатады.

Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат шегінде мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде талаптар қойылған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелердің орындалуына бағытталған қаражаттарды қайтаруға, қарызды қайта құрылымдауға, борышкерді ауыстыруға, талап қою мерзімінің өтіп кетуіне, көрсетілген қаражатты қайтару бойынша талаптарды тоқтатуға осы Кодекстің 154 – 162-баптары қолданылады.

Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражат осы Кодекстің 154-бабының 15-тармағына сәйкес белгіленетін сыйақы мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы келісімде айқындалған мерзім ішінде республикалық бюджетке қайтарылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз шартының талаптарына сәйкес және қарыз берушінің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкрот деп танылған және (немесе) таратылған қарыз алушы үшін республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаржы есебінен мемлекеттік кепілдікті орындау арқылы мемлекет кепілдік берген қарызды мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға құқылы.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет туралы заңда өтелуіне және қызмет көрсетілуіне шығыстар көзделген мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша қарыз алушыларды есепке алуды жүргізеді.

143-бап. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік

1. Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі алдындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің экспортты қолдау бойынша кепілдік шартының талаптарына сәйкес сақтандыру және кепілдік төлемдері бойынша оның берешегін толық немесе ішінара өтеу міндеттемесі Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі (мемлекеттік кепілдік) болып табылады.

Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі сақтандыру және кепілдік төлемдерін жүзеге асырмаған, Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген сақтандыру шарттары және кепілдіктер бойынша өтелмеген міндеттемелердің белгілі бір күнгі сомасы экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттеме болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының атынан экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер берудің айрықша құқығына ие болады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және нысан бойынша экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беруді жүзеге асырады.

Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген лимит шегінде беріледі.

Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру лимитін айқындау сомасы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен белгіленеді.

3. Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігіне экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік алу үшін мынадай талаптар қойылады:

1) сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындыларының болуы;

2) төлем қабілетті болуы, таратылуға жатпауы, оның мүлкіне тыйым салу қойылмаған болуға тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауға тиіс;

3) бұрын берілген мемлекеттік кепілдіктерді өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша берешегінің болмауы және кредиторлар алдында мерзімі өткен берешегінің болмауы;

4) нақты жүзеге асырылған сақтандыру және кепілдік төлемдерінің көлемі экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктердің қолданылу кезеңінде меншікті капитал көлемінің қырық пайызынан аспауға тиіс. Бұл ретте сақтандыру және кепілдік төлемдерінің көлемі суброгация, қайта сақтандыру және кепілдік беру шеңберінде өтелген сақтандыру және кепілдік төлемдерінің сомасы шегеріліп көрсетіледі.

4. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру үшін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

5. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмсайтын бюджет қаражатын Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігінің қайтаруы шарттарымен жүзеге асырылады.

Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік берілгені үшін Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігінен экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік сомасының 0,2 пайызы мөлшерінде алдын ала біржолғы төлемақы (алым) алынады.

Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім ресімделгеннен және тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, сенім білдірілген өкіл (агент) және Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі арасындағы тараптардың экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік міндеттемелері орындалған жағдайда бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару жөніндегі құқықтық қатынастарын белгілейтін келісім экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім болып табылады.

6. Экспортты қолдау бойынша берілетін мемлекеттік кепілдіктер Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік қазынашылықта тіркелуге және есепке алынуға жатады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттеменің мониторингін жүзеге асырады.

Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігінің қаржылық жай-күйінің мониторингі бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

144-бап. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдікті орындау және оның қолданылуын тоқтату негіздері

1. Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің меншікті капиталынан асатын сақтандыру және кепілдік жағдайларын біржолғы іске асыру асып түскен кезде, Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің сенім білдірілген өкілінің (агентінің) қорытындылары, екінші деңгейдегі банктер берген оның шоттарынан үзінді көшірмелер, сондай-ақ экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктің орындалуына өтініш жасаудың алдындағы қаржы жылы үшін аудиттелген қаржылық есептілік және экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктің орындалуына өтініш жасалған кезге алынған қаржылық есептілік болған кезде экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік орындалуға жатады.

2. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің меншікті капиталын шегергенде сақтандыру және кепілдік төлемдерінің жабылмаған сомасының бөлігіне ғана орындалады.

3. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелерді орындау республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат шегінде экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік міндеттемелерін орындау жөніндегі талаптар қойылған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.

4. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражатты Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі сақтандыру және кепілдік төлемдерін өтеу қаражаты және өзге де қаржы көздері есебінен республикалық бюджетке қайтаруға тиіс.

5. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдікті орындауға республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты қайтарудың шарттары, мерзімдері, сыйақы мөлшерлемелері және тәртібі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, сенім білдірілген өкіл (агент) және Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі арасында жасалатын экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы келісімде айқындалады.

6. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік мынадай:

1) экспортты қолдау бойынша кепілдік шартында ескертілген міндеттемелер толық орындалған;

2) оның қолданылу мерзімі өткен жағдайларда, қолданысын тоқтатады.

145-бап. Мемлекет кепілгерлігі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілгерлік шартына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты шеңберінде тартылған қарыз бойынша қарыз берушінің алдындағы қарыз алушының борышын толық немесе ішінара өтеу міндеттемесі мемлекет кепілгерлігі болып табылады.

Кепілгерлік бойынша міндеттемелер қарыздың негізгі сомасын және ол бойынша сыйақыны қамтиды.

2. Мемлекет кепілгерлігі республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін лимит шегінде беріледі.

Мемлекет кепілгерлігін беру лимитінің көлемі осы лимит белгіленген тиісті қаржы жылы шегінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

3. Мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыз қаражаты мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерін құруға ғана пайдаланылады.

4. Ұсынылатын мемлекет кепілгерлігі және мемлекет кепілгерлігімен берілетін қарыздар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік қазынашылықта тіркелуге және есепке алынуға жатады.

5. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілгерлігі бойынша борышқа мониторингті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырады.

6. Кепілгерлік берілетін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын айқындау, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Мемлекет кепілгерлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде беріледі.

8. Мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражат бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен республикалық бюджетке қайтарылуға жатады.

9. Мемлекет кепілгерлігі қарыз алушы немесе кепілгер мемлекет кепілгерлігімен қамтамасыз етілген қарыз бойынша міндеттемелерді толық орындағаннан кейін өзінің қолданысын тоқтатады.

146-бап. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы

1. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген қарыздарын қоспағанда, белгілі бір күні алынған (игерілген) және өтелмеген қарыз сомасы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы болып табылады.

2. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі және сыртқы борышы кіреді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі борышы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының резиденттері алдындағы ішкі қарыздары және басқа да борыштық міндеттемелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының құрамдас бөлігі болып табылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борышы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы сыртқы қарыздары және басқа да борыштық міндеттемелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген қарыздарды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы қарыздарды тартуы:

1) республикалық бюджет туралы заңда бекітілетін квазимемлекеттік сектор субъектілері сыртқы борышының лимиті шегінде;

2) республикалық бюджет туралы заңда бекітілетін сыртқы қарыздарды тарту құқығы берілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тізбесіне сәйкес;

3) инвестициялық және (немесе) инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін және сыртқы борышты басқару мақсатында жүзеге асырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің алынған және өтелмеген сыртқы қарыздарының тіркеп-белгіленген сомасы квазимемлекеттік сектор субъектілері сыртқы борышының лимиті болып табылады, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің белгіленген күнге (тиісті қаржы жылының соңына) нақты сыртқы борышы одан аспауға тиіс.

Республикалық бюджет жобасына енгізу үшін квазимемлекеттік сектор субъектілері сыртқы борышының лимитін және сыртқы қарыздарды тарту құқығы берілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тізбесін айқындауды осы Кодекстің 47-бабының 3-тармағында көзделген оларды әдіснамалық қамтамасыз ету шеңберінде, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш саласында бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген тізбеге енгізілмеген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы қарыздарды тартуына жол берілмейді.

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыздарын тіркеуді және есепке алуды осы ұйымдар дербес жүзеге асырады.

5. Квазимемлекеттік сектор субъектілері Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес қарыз алу жобалары мен мақсаттары бөлінісінде сыртқы және ішкі борыш құрылымы туралы мәліметтерді мемлекеттік мүлік тізілімінде көрсетуді қамтамасыз етеді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышын мониторингтеуді және бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мониторинг нәтижелерін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

6. Мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген қарыздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

147-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер – жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша белгілі бір күнге мемлекеттік әріптес, концедент қабылдаған және орындамаған қаржылық міндеттемелердің бюджеттен бөлінетін сомасы бойынша мемлекеттік әріптестің, концеденттің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қабылдайтын мемлекеттік міндеттемелердің көлемдері Қазақстан Республикасының Үкіметі мен тиісті жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер лимиттерімен шектеледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің лимиттері республикалық бюджет туралы заңда бекітіледі.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің лимиттерін айқындау әдістемесін бекітеді.

3. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарына қол қою арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік қазынашылық немесе мемлекеттік қазынашылық органдары оларды тіркегеннен кейін күшіне енеді.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер тиісті бюджет комиссиясының шешіміне немесе мәслихаттың шешіміне, сондай-ақ ерекше маңызы бар жобалар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, шартта белгіленген сомалар мен мерзімдер шегінде ғана әрбір жеке мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша тіркелуге жатады.

4. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер туралы ақпарат тиісті мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

5. Мемлекеттік қазынашылық бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің орындалуын есепке алуды жүзеге асырады.

6. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің мониторингін жүзеге асырады.

7. Мемлекеттік қазынашылық пен мемлекеттік қазынашылық органдары мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қабылданған мемлекеттік міндеттемелер туралы есептерді қалыптастырады және оларды осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялауды жүзеге асыратын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар бір-бірінің мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер бойынша жауап бермейді.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларға қатысты мемлекеттік міндеттемелер толық төленген кезде орындалды деп есептеледі.

147-1-бап. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер

1. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер – "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы жасалған шарттар бойынша тапсырыс беруші қабылдаған және орындамаған қаржылық міндеттемелердің белгілі бір күніне тапсырыс берушінің және өнім берушінің бюджеттен бөлінген сома бойынша, Республикалық бюджет комиссиясы немесе жергілікті атқарушы органның бюджет комиссиясы мақұлдаған құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша қабылдайтын мемлекеттік міндеттемелердің көлемдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің және тиісті жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттерімен шектеледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттері республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.

3. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау Республикалық бюджет комиссиясы немесе жергілікті атқарушы органның бюджет комиссиясы мақұлдаған "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттарға қол қою арқылы жүзеге асырылады.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік қазынашылық немесе мемлекеттік қазынашылық органдары оларды тіркегеннен кейін күшіне енеді.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер "толық бітіріп берілетін" әрбір жеке құрылыс жобасы бойынша шартта белгіленген сомалар мен мерзімдер шегінде ғана тіркелуге жатады және олар тиісті бюджет комиссиясының шешіміне немесе мәслихаттың шешіміне сәйкес мемлекет міндеттемелерін ұлғайту жағына қарай қайта қаралмайды.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарт сомасы мемлекеттің міндеттемелерін ұлғайту жағына қарай қайта қаралмайды.

4. Мемлекеттік қазынашылық бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің орындалуын есепке алуды жүзеге асырады.

5. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің мониторингін жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік қазынашылық және мемлекеттік қазынашылық органдары "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша қабылданған мемлекеттік міндеттемелер туралы есептерді қалыптастырады және оларды осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялауды жүзеге асыратын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар бір-бірінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелері "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы жасалған шарттар бойынша "толық бітіріп

берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер толық төленген кезде орындалған болып есептеледі.

Ескерту. 28-тарау 147-1-баппен толықтырылды – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

148-бап. Мемлекеттік инвестициялық жобалар туралы жалпы ережелер

1. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шаралар жоспарларын, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады.

Даму жоспарларын әзірлемейтін мемлекеттік органдардың мемлекеттік инвестициялық жобаларын жоспарлау Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормаларын орындау және (немесе) бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік инвестициялық жобалар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) бюджеттік инвестициялар;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары;

3) мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздар есебінен квазимемлекеттік сектор субъектілері іске асыратын жобалар;

4) осы Кодекстің 59-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттен тыс қор, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры есебінен іске асырылатын жобалар;

5) бюджеттік кредиттеу;

6) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары.

Бюджеттік инвестициялар – бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарына, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарына мемлекеттің қатысуына бағытталған республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаржыландыру.

Бюджеттік инвестициялық жоба – белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын және аяқталған сипаты бар, жаңа объектілерді құруға (салуға) не бұрыннан бар объектілерді реконструкциялауға, сондай-ақ акпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

Дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарына бағытталған бюджеттік инвестициялар – дербес білім беру ұйымдарының жаңа инфрақұрылым

объектілерін құруға (салуға) не бұрыннан бар объектілерін реконструкциялауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар – жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы квазимемлекеттік сектор субъектісінің даму мақсаттарына бағытталған іс-шараларды іске асыру.

3. Мемлекеттік инвестициялық жобалар республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

Республикалық және жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындау өлшемшарттары:

1) мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде алынған мүлікке туындайтын меншік (республикалық немесе коммуналдық) құқығына қарай республикалық немесе жергілікті ретіндегі меншік түрі бойынша өлшемшарт;

2) егер экономикалық пайда алушылар екі және одан көп облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болса – республикалық ретіндегі және егер экономикалық пайда алушылар бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болса – жергілікті ретіндегі пайда алушылар бойынша өлшемшарт.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды республикалық ретінде айқындау үшін олардың көрсетілген өлшемшарттардың біріне сәйкес болуы жеткілікті.

Жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобаларды облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) деп сыныптау осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік инвестициялық жобалар:

1) техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей және техникалық жағынан күрделі емес және (немесе) үлгілік болуы мүмкін объектілерді құруға (салуға) және реконструкциялауға, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға;

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы, мемлекеттік инвестициялық саясаттың іске асырылуын бюджеттік кредиттеу, квазимемлекеттік сектор субъектісіне мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыз арқылы, жаңа өндірістер құруды, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және (немесе) жаңартуды қоса алғанда, саланы (салаларды) институционалдық тұрғыдан дамытуға бағытталуы мүмкін.

5. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыру тәсілдері:

1) бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыру, оның ішінде мемлекеттік сыртқы қарыздардың қаражаты және республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды қоса қаржыландыру есебінен қаржыландыру;

2) бюджеттік кредиттеу;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау;

5) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартуы;

6) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қаржыландыру және орындау.

6. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыру көздері мыналар болып табылады:

1) республикалық және жергілікті бюджеттер;

2) үкіметтік қарыз, жергілікті атқарушы органдардың қарыздары және квазимемлекеттік сектор субъектісіне мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыз;

3) бюджеттен тыс қор;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры.

7. Егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы ережелерде өзгеше көзделмесе, инвестициялық ұсыныс мемлекеттік инвестициялық жобаны жоспарлауға негіз болып табылады.

Инвестициялық ұсыныс – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру шеңберінде мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың орындылығын негіздейтін, тиісті іс-шаралар жиынтығын қоса алғанда, инвестициялау мақсатын, оған қол жеткізу жолдары мен қаржыландырудың ықтимал тәсілдерін көрсететін, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері әзірлейтін тұжырымдамалық ұсыныс.

8. Мемлекеттік орган инвестициялық жоспарды әзірлейді, ол:

даму жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органның даму жоспарына;

мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларының паспорттарына қоса беріледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарын әзірлейді, ол облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына қоса беріледі.

Инвестициялық жоспар:

даму жоспарын әзірлейтін мемлекеттік орган және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті

атқарушы органдары үшін – мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары;

даму жоспарын әзірлемейтін мемлекеттік орган үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары немесе функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер негізінде әзірленеді.

Мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспары даму жоспарының нысаналы индикаторына қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар туралы мынадай ақпаратты қамтиды:

жоба қол жеткізуге бағытталған, даму жоспарының немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының нысаналы индикаторы (мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін) не тиісті функцияның, өкілеттіктер мен құзыреттердің атауы (мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін);

шығыстарға шолу нәтижелері;

облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісінде (орталық мемлекеттік органдар үшін), облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрамына кіретін әкімшілік-аумақтық бірліктер бөлінісінде (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана үшін) әрбір нысаналы индикатор бойынша жасалатын нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін басым және проблемалық аймақтар картасы;

мемлекеттік инвестициялық жобалар құжаттамасының экономикалық сараптамасына негізделген, мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудан күтілетін экономикалық әсердің болжамды көрсеткіштерін көрсете отырып, мемлекеттік инвестициялық жобалардың болжамды тізбесі.

Осы баптың мақсаттары үшін, белгілі бір нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін бір немесе бірнеше мемлекеттік инвестициялық жобаны іске асыруды қамтитын іс-шаралар кешені жоба болып табылады.

Мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарына:

алдыңғы қаржы жылдарында басталған (жалғасатын) мемлекеттік инвестициялық жобалар;

аса маңызды объектілер;

жалпы ел үшін маңызы бар жобалар;

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын құрылыс жобаларының мемлекеттік банкінен техникалық-экономикалық негіздемелерді, үлгілік жобаларды және жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманы қолдана отырып жүзеге асырылатын жаңа объектілер құрылысы басым тәртіппен қосылады.

Аса маңызды объектілерге:

1) қызметін авариялық тоқтату жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайлардың туындауына әкелуі мүмкін объектілер;

2) ұзақ мерзімді перспективада экономикалық өсу орталықтарының әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуын қамтамасыз ететін жалпымемлекеттік инфрақұрылым объектілері жатады.

Жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға:

1) кемінде екі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономикалық тұрғыдан дамуын қамтамасыз ететін объектілер;

2) белгілі бір саладағы біртекті жобаларды ел ауқымында біржолғы іске асыру жолымен міндеттерді белгіленген мерзімдерде шешуге бағытталған объектілер жатады.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган объектілерді аса маңызды объектілерге және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызу тәртібін айқындайды .

Мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарында мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге байланысты бюджеттік даму бағдарламаларын (кіші бағдарламаларын) іске асыруға, күрделі шығыстарды, ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар көрсетіледі.

Мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарын әзірлеу кезінде елді мекендер үшін ең төмен стандарттар мен өңірлік стандарттар жүйесі ескеріледі және жобалық басқару қолданылады.

Мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспары:

бюджет процесінде, оның ішінде мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлауға басымдық беру бойынша әкімшілік және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қолданылады;

мемлекеттік инвестициялық жобаларды, тиісті құжаттаманы әзірлеуге және сараптамалар жүргізуге негіз болып табылады;

осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жарияланады.

Мемлекеттік органның инвестициялық жоспары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және нысан бойынша әзірленеді.

9. Барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдардың мемлекеттік инвестициялық жобаларын, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған жобаларды қоспағанда, мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру

тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

10. Барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдардың бюджеттік инвестицияларын жоспарлау және іске асыру тәртібін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар айқындайды.

11. Дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және іске асыру тәртібін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша дербес білім беру ұйымдарының басқару органы айқындайды.

Дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған бюджеттік инвестицияларды іске асыру бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мен дербес білім беру ұйымдары арасында азаматтық-құқықтық мәміле жасасу жолымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген конкурстық рәсімдер сақталмай жүзеге асырылады.

Дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған бюджеттік инвестицияларды іске асыру кезінде мемлекеттің дербес білім беру ұйымдарының мүлкіне мүліктік құқықтары болмайды.

12. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру тәртібін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 148-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

149-бап. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау

1. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау төрт кезеңде жүзеге асырылады:

- 1) инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу және сараптама жүргізу;
- 2) мемлекеттік инвестициялық жобаның өзіндік ерекшелігіне қарай құжаттамалар әзірлеу және мынадай:

кейіннен техникалық-экономикалық негіздеме және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама әзірлене отырып, инвестициялық ұсыныс әзірленетін бюджеттік инвестициялық жоба;

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес техникалық тапсырма әзірленетін, ақпараттандыру объектілерін құруды және дамытуды көздейтін бюджеттік инвестициялық жоба;

Қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес техникалық-экономикалық негіздемелер әзірленетін, тартылған үкіметтік қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалар;

осы Кодекске сәйкес қаржылық-экономикалық негіздемелер әзірленетін, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар, қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын бюджеттік кредиттеу, мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыз бойынша сараптамалар жүргізу;

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобалар тізбесіне құрылыс жобасын жатқызу жағдайын қоспағанда, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша инвестициялық ұсыныс және техникалық-экономикалық негіздеме әзірленеді. Қажет болған кезде тапсырыс беруші техникалық-экономикалық негіздеменің орнына техникалық тапсырма әзірлейді және "толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құнын бекітеді;

3) мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру;

4) бюджетті жоспарлау сатысында мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындау.

Жаңа объектілерді салуға инвестициялық ұсынысты әзірлеу Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын құрылыс жобаларының мемлекеттік банкінен техникалық-экономикалық негіздемелерді, үлгілік жобаларды және жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманы қолдана отырып жүзеге асырылады.

1-1. Техникалық жағынан күрделі емес, құрылысы үлгілік жобалар, үлгілік жобалық шешімдер және қайта қолдану жобалары бойынша болжанатын жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу талап етілмейді.

Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді талап етпейтін жобалардың тізбесін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

1-2. "Толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құны – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстық рәсімдерді өткізу және "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар жасасу үшін жобалау алдындағы кезеңде айқындалатын құрылыс жобасын іске асыру құны. "Толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құны ғимараттар мен құрылысжайларды салу құнының объектілердің қуат көрсеткішінің өлшем бірлігіне шаққандағы ірілендірілген көрсеткіштері, желілік құрылысжайдың ұзақтығы және ғимараттың, құрылысжайдың

функционалдық мақсаты ескерілетін басқа да техникалық сипаттамалар пайдаланылып айқындалады. Қажет болған кезде ғимараттардың (құрылысжайлардың) конструкциялық элементтері мен жұмыс түрлері (кешендері) құнының ірілендірілген көрсеткіштері (оның ішінде ұқсас объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасы негізінде құнның ірілендірілген көрсеткіштері) қолданылады.

2. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды дайындайды, мемлекеттік инвестициялық жобаға экономикалық сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік инвестициялық жобаның құжаттамасына экономикалық сараптамаға Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаны тартады.

3. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік инвестициялық жобаларға экономикалық сараптамалар негізінде, орталық мемлекеттік органдар және (немесе) жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджет қаражаты немесе болашақта республикалық бюджеттің шығыстарына әкелетін мемлекеттің міндеттері мен функцияларын қаржыландырудың басқа да көздері есебінен іске асыратын мемлекеттік инвестициялық жобалардың портфелін қалыптастырады.

Мемлекеттік инвестициялық жобалардың портфелі экономика салалары бөлінісінде қалыптастырылады және:

міндетті түрде мемлекеттік инвестициялық жобаның тиімділік көрсеткіштерін және мемлекеттік инвестициялық жобалардың жүзеге асырылатындығы мен тиімділігі туралы шешімдер қабылдауға қажетті басқа да мәліметтерді қамтиды; жариялануға жатады.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жалпы ішкі өнім көлеміне салымның болжамды үлесін, бюджет түсімдерінің болжамды өсімін, салаға инвестициялардың болжамды өсімін және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басқа да параметрлерін айқындау жолымен мемлекеттік инвестициялық жобалар портфеліне енгізілген салалық мемлекеттік инвестициялық жобалардың экономиканың дамуына ықтимал әсерін талдауды жүзеге асырады.

4. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы баптың 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік инвестициялық жобалардың портфелі негізінде республикалық бюджет жобасына енгізу үшін мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджет жобасына енгізу үшін мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындауды жүзеге асырады.

5. Бюджет жобасына мемлекеттік инвестициялық жобаларды енгізу үшін:

мемлекеттік органның инвестициялық жоспарының құрамында жобалардың;
мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытындының;

егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы ережелерде өзгеше көзделмесе, мемлекеттік инвестициялық жобаның құжаттамасына экономикалық сараптаманың оң қорытындысының;

тиісті бюджет комиссиясының оң ұсынысының болуы негіз болып табылады.

6. Мынадай:

инвестициялық жоспарға енгізілмеген;

республикалық немесе жергілікті бюджетке енгізілмеген мемлекеттік инвестициялық жобалар бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге жол берілмейді.

7. Астананың көлік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен ұлғайту осы Кодекстің 27-тарауында белгіленген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес қарыздарға қызмет көрсетуге және өтеуге арналған шығыстар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың басталуы, қаржыландыру мерзімдері мен көлемдері, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мерзімдері және оның көлемдері белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамада көрсетілген қаржыландыру мерзімдері мен көлемдеріне сәйкес келуге тиіс;

іске асырылу мерзімі бір жылдан асатын мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың бірінші жылында бюджет жобасына енгізілетін қаржыландыру көлемі белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамада көрсетілген оның құнының үштен бірінен төмен болмауға тиіс;

құрылыс қызметі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, техникалық-экономикалық негіздемесін, қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру және мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындау тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік инвестициялық жобалар саласында бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

10. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган ақпараттандыру объектілерін құруды және дамытуды көздейтін мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау мен іске асыру тәртібін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

11. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

12. Мемлекеттік инвестициялық жобаларға экономикалық сараптаманы жүзеге асыруға айқындалған заңды тұлғалар осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады және мемлекеттік инвестициялық жобаларға жүргізілген экономикалық сараптамаларының нәтижелері бойынша ақпаратты бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жариялау үшін жібереді.

Ескерту. 149-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

150-бап. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету

1. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету тәртібін:

инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық негіздемені және қаржылық-экономикалық негіздемені түзетуге байланысты бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган;

жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге байланысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган;

ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту жобалары бойынша техникалық тапсырманы түзетуге байланысты бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге немесе оған үлгілік жобада көзделмеген қосымша құрамдастарды енгізуге байланысты жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін ұлғайту тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Техникалық-экономикалық негіздемені немесе жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге немесе оған қосымша құрамдастарды енгізуге байланысты, аса маңызды объектілерді немесе жалпы ел үшін маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған

жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін ұлғайтуды Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысы бойынша республикалық бюджет есебінен қаржыландыруға жол беріледі.

Егер жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерінің сомасын азайту ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасынан аванстық (алдын ала) төлемнің отыз пайыздық мәнінен асып кетуді көздесе, мұндай азайтуға жол берілмейді.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды ағымдағы қаржы жылының төртінші тоқсанында түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерін төмендетуді көздейтін түзетуге жол берілмейді.

151-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру жөніндегі реттілікпен болатын іс-шаралар жиынтығы.

2. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі шеңберінде жүргізілетін елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесіндегі елді мекендердің типіне (қала, ауыл) және мөлшеріне (халық санына) қарай ең төмен әлеуметтік стандарттарды, инженерлік-коммуникациялық, көліктік инфрақұрылымдардың ең төмен стандарттарын, елді мекендердің объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) ең төмен міндетті деңгейімен қамтамасыз етілуіне мониторинг нәтижелерін міндетті түрде қолдана отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

152-бап. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына және бюджеттік даму бағдарламаларының паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілуіне мониторинг

1. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты жинауын және өңдеуін;

2) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы мен нәтижелері туралы есептерді тиісінше бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға ұсынуын көздейді.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік инвестициялық жобаларды мониторингтеу барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауға және талдауға Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаны тартады.

2. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері республикалық мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады.

3. Жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобалардың, оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері, бюджеттен тыс қорлар есебінен іске асырылатын жобалардың іске асырылуына мониторингті жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына мониторинг Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік даму бағдарламаларының паспорттарында және мемлекеттік инвестициялық жобалар құжаттамаларында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілуіне мониторингті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, жобалар аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде жүзеге асырады.

6. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімдерін және нысандарын, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп айқындайды.

7. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар осы баптың 2 – 5-тармақтарында көзделген мониторинг негізінде, қаржы жылының қорытындылары бойынша мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг нәтижелері бойынша жиынтық есепті қалыптастырады.

8. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг нәтижелері осы Кодекстің 45-бабына сәйкес қолданылады.

9. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына және бюджеттік даму бағдарламаларының паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілуіне мониторинг жүргізу үшін жауаптылық осы Кодекстің 41-бабында белгіленеді.

153-бап. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау

1. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау жобалар аяқталғаннан кейін үш жылдан соң инвестиция салынғаннан кейінгі кезеңде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалау Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаны тарта отырып республикалық мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғаны тарта отырып жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобалардың, оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері, бюджеттен тыс қорлар есебінен іске асырылуын бағалауды жүзеге асырады.

3. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалауды қоспағанда, мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

4. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау нәтижелері осы Кодекстің 46-бабына сәйкес қолданылады.

30-тарау. БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ

154-бап. Бюджеттік кредиттеу туралы жалпы ережелер

1. Бюджеттік кредиттеу бюджеттік кредитті беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және оны өтеу туралы шешім қабылдау рәсімдерін қамтитын процесті білдіреді.

2. Бюджеттік кредиттер:

- 1) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;
- 2) мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыруға;
- 3) қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына;
- 4) төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қолма-қол ақшаның тапшылығын жабуға;
- 5) республиканы немесе өңірді дамытудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешуге;

6) ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады.

3. Бюджеттік кредиттер заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу мақсаттарына, қарыз алушылардың шаруашылық қызметінің залалдарын жабуға, сенім білдірілген өкілдердің (агенттерге) көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге берілмейді.

Шаруашылық қызметтің залалдары деп шаруашылық қызмет нәтижесінде пайда болған, материалдық және ақшалай ресурстардың азаюына алып келетін ақшалай нысанда көрсетілген шығындар, заңды тұлға шығыстарының кірістерден асып кетуі түсініледі.

Қарыз алушыларға республикалық және жергілікті бюджеттерден қайтарымды негізде берілген бюджет қаражатын екінші деңгейдегі банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда депозиттерге және басқа да құралдарға орналастыруға тыйым салынады.

4. Бюджеттік кредиттерді беру мынадай:

1) өндіріп алу үмітсіз берешектерді қоспағанда, бюджеттік кредитті кредиттік шартқа сәйкес өтеу міндеттілігін көздейтін қайтарымдылық;

2) міндеттемелердің орындалуын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәсілдермен қамтамасыз етудің болуын көздейтін қамтамасыз етілу;

3) бюджеттік кредиттің берілгені үшін қарыз алушының сыйақы төлеуін көздейтін ақылылық;

4) бюджеттік кредитті беру мерзімін белгілеуді көздейтін мерзімділік қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Бюджеттік кредиттер мынадай шарттары сақталған кезде:

1) салық берешегі болмаса;

2) қарыз алушының бюджеттік кредит бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету болса;

3) қарыз алушының бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі болмаса, беріледі.

6. Бюджеттік кредиттер мынадай өлшемшарттар сақталған кезде беріледі:

1) іс-шараларды бюджеттік кредиттеу арқылы іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі;

2) бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы;

3) бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын өлшемшарттарға сәйкес қарыз алушының кредит қабілеттілігі.

7. Кредитор, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі және қарыз алушы арасындағы бюджеттік кредитті беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және оны өтеу кезінде тараптардың құқықтық қатынастарын белгілейтін келісім кредиттік шарт болып табылады.

Кредиттік шарт ақпараттық жүйеде электрондық нысанда жасалады және шарт тараптарының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

Кредиттік шарттарды электрондық түрде жасасу мүмкін болмаған жағдайда, кредиттік шартты қағаз жеткізгіште ресімдеуге жол беріледі.

8. Кредитор, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі, қарыз алушы, соңғы қарыз алушы және сенім білдірілген өкіл (агент) бюджеттік кредиттеу субъектілері болып табылады.

Бюджеттік кредиттеу субъектілерінің құқықтары мен міндеттері осы Кодекске және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес кредиттік шарттарда және (немесе) тапсырма шартында айқындалады.

Қазақстан Республикасының бюджет және азаматтық заңнамасына сәйкес бюджеттік кредит беретін кредит шартының тарапы кредитор болып табылады.

Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі кредитор болып табылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік кредиттеу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан кредитор болады.

Жергілікті бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде тиісті жергілікті атқарушы орган кредитор болып табылады.

Кредитор осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік кредиттеуді қамтамасыз етеді, кредит шарты талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бюджеттік кредиттеу кезінде кредиттік шарттың тарапы болып табылады және:

1) қаржы агенттіктерін және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияны қоспағанда, мамандандырылған ұйымдар мен сенім білдірілген өкілдерді (агенттерді) конкурстық негізде айқындауды;

2) бюджеттік кредиттердің нысаналы әрі тиімді пайдаланылуын, өтелуін және оларға қызмет көрсетілуін бақылауды және мониторингтеуді;

3) бюджеттік кредиттерді қайтару бойынша талап-арыз жұмысын жүзеге асырады.

Бюджеттік кредитті алатын, кредиттік шартқа сәйкес негізгі борышты өтеу және сыйақыны, сондай-ақ басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді алатын кредиттік шарт тарапы қарыз алушы болып табылады.

Мыналар қарыз алушылар бола алады:

1) мамандандырылған ұйымдар – Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ акцияларының бақылау пакеті мемлекетке не ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар;

2) жергілікті атқарушы органдар, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерінің аппараттары;

3) шет мемлекеттер;

4) жеке тұлғалар.

Кредитор немесе қаржы агенттігі айқындаған талаптарда берілетін бюджеттік кредитті соңғы алушы соңғы қарыз алушы болып табылады.

Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар соңғы қарыз алушылар бола алады.

Соңғы қарыз алушыларды іріктеуді және кредиттеуді бюджеттік бағдарламаның нысаналы мақсатына, сондай-ақ өздерінің кредиттік саясатына сәйкес мамандандырылған ұйымдар немесе жергілікті атқарушы органның атынан қарыз алушы жүзеге асырады.

Тапсырма шартының негізінде кредитордың (сенімгердің) немесе бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атынан және есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредиттеуге байланысты белгілі бір тапсырмаларды жасайтын тұлға сенім білдірілген өкіл (агент) болып табылады.

Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйым сенім білдірілген өкілдер (агенттер) болады.

Сенім білдірілген өкілді (агентті):

республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде – қаржы агенттігін қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе бюджеттік бағдарламаның әкімшісі;

жергілікті бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде қаржы агенттігін қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі айқындайды.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) өкілеттіктерін, сенім білдірілген өкілдің (агенттің) тапсырмаларды орындағаны үшін сыйақы төлеу мөлшері мен тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе бюджеттік бағдарламаның әкімшісі айқындайды.

9. Бюджеттік кредиттің негізгі шарттары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе тиісті жергілікті атқарушы органның шешімімен белгіленеді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісті бюджеттер бекітілгеннен кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе тиісті жергілікті атқарушы органға кейіннен бекіту үшін бюджеттік кредиттің негізгі шарттарын жібереді.

10. Бюджеттік кредит беру тәсілдері:

1) біржолғы бюджеттік кредит – қарыз алушыға бюджет қаражатын бөлу қаржы жылы ішінде қаражатты аудару графигіне сәйкес біржолғы түрде не бөліктермен жүргізіледі;

2) бюджеттік кредиттік желі – қарыз алушыға қаражат бөлу бекітілген қаржылық-экономикалық негіздемеге сәйкес бірнеше қаржы жылы ішінде бөліктермен жүргізіледі.

Бюджеттік кредиттік желі шеңберінде қабылданған міндеттемелер бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау және тиісті бюджетті жоспарлау кезінде ескеріледі.

Бюджеттік кредиттік желі осы баптың 13-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес қаржы агенттіктеріне ғана беріледі.

11. Қарыз алушы бюджеттік кредитті алатын, пайдаланатын, оған қызмет көрсететін және оны өтейтін уақыт кезеңі бюджеттік кредит мерзімі болып табылады.

Бюджеттік кредит мерзімі кредитор бюджеттік кредит қаражатын бюджеттік бағдарлама әкімшісінің шотынан аударған кезден бастап есептеледі.

Бюджеттік кредиттер беру мерзіміне қарай қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

12. Қарыз алушы бюджеттік кредитті беру мақсаттарына сәйкес іс-шараларды іске асыру үшін бюджеттік кредитті пайдалана алатын уақыт кезеңі бюджеттік кредитті игеру кезеңі болып табылады.

13. Бюджеттік кредит бойынша міндеттемелердің орындалуы кепілмен, кепілдікпен, кепілгерлікпен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделген басқа да тәсілдермен қамтамасыз етіледі.

Жергілікті атқарушы органдарға, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарына, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияға және тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қаржы агенттіктеріне республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер міндеттемелердің орындалуы қамтамасыз етілмей бөлінуі мүмкін.

Қаржы агенттіктерін республикалық бюджеттен қамтамасыз етілмейтін бюджеттік кредиттер алатын қаржы агенттіктерінің тізбесіне енгізу тәртібін бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Бюджеттік кредиттің қайтарылуын қамтамасыз ету құны өтеу графигіне сәйкес негізгі борышты бірінші жоспарлы өтеуге дейін есепке жазылатын сыйақы сомасы ескеріле отырып, бюджеттік кредит мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Бюджеттік кредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджеттік кредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді бағалау бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді қарыз алушы немесе соңғы қарыз алушы жүргізеді.

14. Қарыз алушы бюджеттік кредитті пайдаланғаны үшін жүзеге асыратын төлемақы сыйақы болып табылады.

15. Жылдық пайызбен көрсетілген сыйақы шамасы сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган сыйақы түрлерін, оның мөлшерлемелерін айқындау және белгілеу тәртібін бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

16. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік кредит беру тәсілдерін, бюджеттік кредитті өтеу және оған қызмет көрсету графигін, бюджеттік кредитті қайта құрылымдау және қарыз алушыны ауыстыру рәсімдерін, талап қоюдың ескіру шарттарын, бюджеттік кредит бойынша борышты аудару шарттарын, кредиторлардың талаптарын тоқтатуды және бюджеттік кредиттер бойынша кепілдікті тоқтатуды, бюджеттік кредиттер бойынша бақылау рәсімдерін айқындайды.

Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау бюджеті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның жанындағы консультативтік-кеңесші органның оң қорытындысы болған кезде әрбір кредиттік шарт бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе тиісті жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

155-бап. Бюджеттік кредит беру туралы шешім қабылдау рәсімдері

Бюджеттік кредит беру туралы шешім қабылдау:

1) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталатын бюджеттік кредиттерді қоспағанда, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындауын;

2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың бюджеттік бағдарламаларның әкімшісі бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыруды ұсынатын бюджеттік бағдарламаларды бюджеттік кредиттеу өлшемшарттарына сәйкестігі тұрғысынан қарауын қамтиды.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеудің және қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруының орындылығын айқындауы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаның экономикалық сараптамасының қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеудің және қаржы агенттіктерінің жергілікті бюджет

қаражаты есебінен мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруының орындылығын айқындауы экономикалық сараптаманың қорытындысы ескеріліп жүзеге асырылады;

3) бюджет комиссиясының бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік сұранымы мен қорытындысын қарауын;

4) бюджет комиссиясының бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаны бюджет жобасына енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуін қамтиды.

156-бап. Бюджеттік кредит беру рәсімі

1. Бюджеттік кредит беру рәсімі мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) бюджеттік кредиттің негізгі шарттарын айқындау;
- 2) қарыз алушыны, оның ішінде бар болса, соңғы қарыз алушыны айқындау;
- 3) кредиттік шартты және онымен байланысты шарттарды жасасу;
- 4) қарыз алушыға бюджеттік кредит беру.

2. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік кредиттерді беру жөніндегі рәсімдерді, оның ішінде оларды беру кезіндегі қажетті құжаттардың тізбесін бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

3. Шет мемлекетті бюджеттік кредиттеудің тәртібі мен талаптары бюджеттік кредит беру туралы халықаралық шартта белгіленеді.

157-бап. Бюджеттік кредитті пайдалану

Қарыз алушы бюджеттік кредит қаражатын бюджеттік бағдарламада және кредиттік шартта көзделген мақсаттарға ғана пайдаланады.

Соңғы қарыз алушы бюджеттік кредит қаражатын бюджеттік бағдарламаға және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес кредиттік шартта көзделген мақсаттарға ғана пайдаланады.

Қарыз алушы мен соңғы қарыз алушы бюджеттік кредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына және кредиттік шарттың талаптарына сәйкес жауаптылықта болады.

158-бап. Бюджеттік кредитке қызмет көрсету

1. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, мемлекеттік қазынашылықтың немесе сенім білдірілген өкілдің (агенттің) бюджеттік кредит қаражатының пайдаланылуын есепке алу және қарыз алушының кредиттік шарт талаптарына сәйкес негізгі борышты, сыйақыны және басқа да төлемдерді өтеуге төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі қызметі бюджеттік кредитке қызмет көрсету деп танылады.

Есепке жазылатын сыйақы, комиссиялық төлемдер, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) сомаларын есепке алмағанда, алынған және өтелмеген бюджеттік кредит сомасы негізгі борыш болып табылады.

2. Негізгі борышқа қызмет көрсету кредиттік шарт талаптарына сәйкес белгілі бір уақыт кезеңіндегі сыйақының, өзге де төлемдердің жиынтық төлемдерін білдіреді.

3. Бюджеттік кредитті өтеу және оған қызмет көрсету графигіне (кредиттік шартқа) сәйкес мерзімі басталған, қарыз алушы мен соңғы қарыз алушы төлемеген төлемдер сомасы берешек (мерзімі өткен берешек) болып табылады.

4. Сыйақыны есепке жазу тәртібі кредиттік шартта белгіленеді.

159-бап. Бюджеттік кредитті өтеу

1. Қарыз алушының кредиттік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік кредит бойынша негізгі борышты өтеуі бюджеттік кредитті өтеу болып табылады.

2. Қарыз алушы мен соңғы қарыз алушы бюджеттік кредитті өтемеген, уақтылы өтемеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына және кредиттік шарттың талаптарына сәйкес жауаптылықта болады.

3. Бюджеттік кредитті өтеу талаптарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

160-бап. Кредитордың бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі талаптарының тоқтатылуы және кепілдіктің тоқтатылуы

1. Кредитордың бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі талабы қарыз алушы мен кредитор бір тұлға болған жағдайда, қарыз алушы кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған кезде не қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе сот актісі негізінде таратылған кезде тоқтатылады.

Өндіріп алу үмітсіз деп танылған бюджеттік кредиттер бойынша берешекті өтеу жүзеге асырылмайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік кредиттерді өндіріп алу үмітсіз деп тану тәртібін айқындайды.

Қарыз алушы қайтыс болған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда, кредитордың мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттер бойынша талаптарын тоқтату сенім білдірілген өкілдің (агенттің) деректері негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Қарыз алушы таратылған жағдайда, кредитордың бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі талабының тоқтатылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында

көзделген міндеттемелердің орындалуын бағалау жөніндегі алдын ала рәсімдер жүргізілгеннен кейін:

1) республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша – кредитордың шешімі негізінде;

2) жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша мәслихат шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген, таратылған қарыз алушылардың берешегі, кредитордың немесе бюджеттік бағдарлама әкімшісінің талап қоюын қанағаттандырудан бас тарту немесе ішінара қанағаттандыру туралы заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде талаптар тоқтатылған қарыз алушылардың берешегі, сондай-ақ өндіріп алу үмітсіз деп танылған бюджеттік кредиттер бойынша берешек кредитордың есептен шығаруына жатады.

161-бап. Бюджеттік кредиттерді бақылау

1. Кредитор, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі және (немесе) сенім білдірілген өкіл (агент) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын және ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің болуын бақылауды бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Бюджеттік кредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбау фактілері анықталған кезде кредитор, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі немесе сенім білдірілген өкіл (агент) қарыз алушыдан кредиттің құқыққа сыйымсыз пайдаланылған сомасын кредиттік шартта белгіленген мөлшерде айыппұл ала отырып өндіріп алады.

162-бап. Бюджеттік кредиттерді мониторингтеу және есепке алу

1. Бюджеттік кредиттер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен міндетті түрде тіркелуге, есепке алынуға және мониторингтелуге жатады.

Бюджеттік кредиттер бойынша осы Кодекске сәйкес бюджеттік мониторинг және нәтижелерді бағалау жүзеге асырылады.

2. Кредиторлар қарыз алушылар мен сенім білдірілген өкілдер (агенттер) бөлінісінде берілген барлық бюджеттік кредиттердің тізілімдерін жүргізеді.

3. Қарыз алушылар, сенім білдірілген өкілдер (агенттер), соңғы қарыз алушылар ақпарат нысандарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен береді.

31-тарау. ГРАНТТАР

163-бап. Байланысты және байланысты емес гранттар туралы жалпы ережелер

1. Грант – донорлар Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына беретін өтеусіз қаржылай немесе техникалық көмек.

Өтеусіз қаржылай көмек – донорлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына тауарлар беруді, жұмыстар орындауды және қызметтер көрсетуді қаржыландыру үшін ақша беруі.

Өтеусіз техникалық көмек – донорлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына тауарлар беруді, жұмыстар орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыруы немесе ұйымдастыруы.

Донорлар – шет мемлекеттер, олардың үкіметтері мен агенттіктері, халықаралық және шетелдік мемлекеттік ұйымдар, қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар.

2. Байланысты емес гранттар – Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант берген донордан одан әрі қарыз алуын немесе республикалық және жергілікті бюджеттерден қоса қаржыландыруды көздемейтін гранттар.

Байланысты емес гранттарды тарту, пайдалану, мониторингтеу және пайдаланылуын бағалау бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Байланысты гранттар – Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант берген донордан одан әрі қарыз алуын немесе байланысты грантты іске асыруға бағытталған тиісті бюджеттік бағдарлама шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттерден қоса қаржыландыруды көздейтін гранттар.

Байланысты грант туралы келісім – Қазақстан Республикасына өтеусіз қаржылай немесе техникалық көмек беру көзделген, мемлекеттік орган мен донор арасындағы шарт.

164-бап. Байланысты гранттарды жоспарлау

1. Орталық мемлекеттік органдардың донорлардың өтеусіз қаржылай және техникалық көмек беру туралы ұсыныстарына негізделген байланысты гранттар тартуға арналған өтінімдерді қалыптастыру, беру және іріктеу жөніндегі қызметі байланысты гранттарды жоспарлау болып табылады.

2. Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді орталық мемлекеттік органдар жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өтінімдерін ескере отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Ақпараттық жүйелерді құруға немесе дамытуға бағытталған немесе оларды көздейтін байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерге ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның салалық қорытындысы қоса беріледі.

3. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган байланысты грантты тартуға арналған өтінімнің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, донорлардың байланысты гранттар беру саясатына сәйкестігі негізінде, байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді іріктеуді жүзеге асырады.

165-бап. Байланысты гранттарды тарту

1. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган байланысты гранттарды тартуға іріктелген өтінімдер негізінде донорларға байланысты гранттарды беруге арналған өтінімдерді жібереді.

2. Донор байланысты грантты тартуға арналған өтінімді мақұлдаған жағдайда, оны тартудың орындылығын тиісті бюджет комиссиялары айқындайды.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті бюджет комиссияларының өтінімдерді мақұлдау қорытындылары бойынша байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесін бекітеді.

3. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті бюджет комиссияларының ұсыныстары негізінде бір жыл ішінде байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің бекітілген тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

4. Байланысты грант туралы келісім республикалық немесе жергілікті бюджеттер бекітілгеннен кейін жасалады.

166-бап. Байланысты гранттарды пайдалану

1. Мемлекеттік ұйымдар – гранттарды алушылар байланысты грант туралы келісімге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес байланысты гранттарды пайдалануды жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік ұйымдар – байланысты гранттарды алушылар:

1) байланысты грант туралы келісімде көзделген, өздеріне қабылдаған міндеттемелерді уақтылы орындауға;

2) алынған байланысты гранттардың нысаналы әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

3) байланысты гранттар есебінен сатып алынған жабдықтар мен материалдардың балансқа қойылуын қамтамасыз етуге;

4) гранттар есебінен сатып алынатын тауарлар импорты кезінде кедендік декларациялауды уақтылы жүзеге асыруға;

5) ай сайын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға байланысты гранттарды пайдалану туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

3. Байланысты грантты пайдалану аяқталған соң мемлекеттік ұйымдар – байланысты гранттарды алушылар – бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті

органға, ал ақпараттық жүйелерді құруға және дамытуға бағытталған немесе оларды көздейтін байланысты гранттар бойынша – сонымен қатар ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға донордың уәкілетті өкілі және өтінімі бойынша байланысты грантты тарту жүзеге асырылған орталық мемлекеттік немесе жергілікті өкілді немесе атқарушы органның бірінші басшысы қол қойған байланысты гранттың пайдаланылуы туралы түпкілікті есепті ұсынады.

167-бап. Байланысты гранттардың пайдаланылуын мониторингтеу және бағалау

1. Байланысты гранттардың пайдаланылуын мониторингтеу:

1) орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың байланысты гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты жинауын және өңдеуін;

2) орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың байланысты гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы есептерді – бюджет саясаты және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдарға, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларда, ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органға ұсынуын көздейді.

2. Есептілікті ұсыну тәртібін, мерзімдерін және нысандарын, сондай-ақ байланысты гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайлар үшін ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган байланысты гранттардың пайдаланылуын бағалауды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган мен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

4. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган байланысты гранттарды бағалау нәтижелеріне негізделген оларды пайдалану туралы жиынтық есепті қалыптастырады және оны бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

5. Байланысты гранттарды пайдалану туралы жиынтық есеп және байланысты гранттардың пайдаланылуын бағалау нәтижелері осы Кодекстің 40-бабына сәйкес жариялануға жатады.

8-БӨЛІМ. ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

32-тарау. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

168-бап. 2025 қаржы жылында республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару, нақтылау, секвестрлеу және түзету ерекшеліктері

1. 2025 қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттер бюджет құрылымы бойынша жұмыс істейді, ол мынадай бөлімдерден тұрады:

1) кірістер:

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

трансферттер түсімі;

2) шығындар;

3) таза бюджеттік кредиттеу:

бюджеттік кредиттер;

бюджеттік кредиттерді өтеу;

4) қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо:

қаржылық активтерді сатып алу;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер;

5) бюджет тапшылығы (профициті);

6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті);

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):

қарыздар түсімі;

қарыздарды өтеу;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары.

2. Кірістер, бюджет кредиттерін өтеу сомалары, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер, қарыздар бюджет түсімдері болып табылады.

Салықтық, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, трансферттік түсімдер бюджет кірістері болып табылады.

Нысаналы трансферттерді қоспағанда, кірістер нысаналы мақсатқа ие болмайды. Кірістердің жаңа түрлерін енгізу, қолданылып жүргендерінің күшін жою немесе оларды өзгерту осы Кодекске міндетті түрде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіле отырып жүзеге асырылады.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес белгіленген кедендік баждар, кедендік алымдар, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес белгіленген арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары салықтық түсімдер болып табылады.

Алдағы кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес енгізілетін аванстық төлемдер де салықтық түсімдерге жатады.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге жатпайтын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі), Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделгеннен басқа, осы Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленген бюджетке төленетін міндетті, қайтарымсыз төлемдер, шетелдіктер үшін туристік жарналар, сондай-ақ трансферттерден басқа, бюджетке өтеусіз негізде берілетін ақша салықтық емес түсімдер болып табылады.

Бюджетке:

- 1) мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан;
- 2) мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды сатудан;
- 3) мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін жеке меншікке сатудан немесе оларды тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беруден не оларды Қазақстан Республикасының заңдарында немесе халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен өзге де тәсілмен өткізуден;
- 4) мемлекетке тиесілі материалдық емес активтерді сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады.

Трансферттер түсімдері бюджеттің бір деңгейінен басқасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін трансферттер түсімдері болып табылады.

Бюджеттен алынған кредиттер бойынша негізгі борышты қайтаруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың төленген мемлекеттік кепілдіктер, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер бойынша талаптарды орындауына байланысты бюджетке түсетін түсімдер бюджеттік кредиттерді өтеу сомалары болып табылады.

Заңды тұлғалардың, оның ішінде халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік меншіктегі қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге де мемлекеттік мүлікті сатудан бюджетке түсетін түсімдер мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер болып табылады.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруға және (немесе) қарыз шарттарын жасасуға байланысты бюджетке ақша түсімдері қарыздар болып табылады.

3. Мыналар республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

- 1) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі

орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін корпоративтік табыс салығы.

Осы тармақшаның бірінші абзацында көзделген ірі кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесі алдыңғы жылдың 1 мамырынан кешіктірілмей бекітіледі және жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңның қолданылуы кезеңінде өзгертілуге жатпайды.

2) қосылған құн салығы, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға қосылған құн салығы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға акциздер;

4) ойын бизнесі салығы;

5) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, үстеме пайда салығы;

6) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, бонустар;

7) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіру салығы;

8) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, экспортқа рента салығы;

9) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі үлесі;

10) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі;

11) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін алым;

12) телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым;

13) теле-, радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қойғаны үшін алым;

14) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

15) қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы;

16) радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы;

17) цифрлық майнинг үшін төлемақы;

18) әкелінетін және әкетілетін тауарларға кеден баждары;

19) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес төленетін кедендік алымдар;

20) ішкі нарықты қорғау шараларын қолдануға байланысты төленетін арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары;

21) осы тармақтың бірінші бөлігінің 18), 19) және 20) тармақшаларында санамаланған алдағы төлемдерді, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына импортталатын тауарларға қосылған құн салығы мен акциздерді төлеу есебіне Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес енгізілетін аванстық төлемдер;

22) консулдық алым;

23) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес, Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың апостиль қойғаны үшін мемлекеттік баж;

24) ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым;

25) банк және сақтандыру нарықтарына қатысушылар үшін рұқсат беру құжаттарын , келісім бергені үшін алым;

26) көмірсутектер саласындағы жекелеген кіші қызмет түрлерімен айналысу құқығына байланысты лицензияны бергені үшін лицензиялық алым;

27) "Астана" халықаралық қаржы орталығының инвестициялық резиденті болып табылатын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның резиденттігін растайтын құжатты бергені үшін алым;

28) осы Кодекстің 58-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген, салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша мұнай секторы ұйымдарынан түсетін салықтық түсімдер.

Мыналар республикалық бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) республикалық меншіктен түсетін кірістер:

республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза кірісі бөлігінің түсімдері;

республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

республикалық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне төленетін кірістер;

республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

екінші деңгейдегі банктердегі шоттарда мемлекеттік сыртқы қарыздардың қаражатын орналастырғаны үшін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі депозиттері бойынша және бірыңғай қазынашылық шоттағы ақшаның күн сайынғы қалдығына сыйақылар;

республикалық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

қару-жарақ пен әскери техниканы сатудан түсетін кірістер;

республикалық меншіктен түсетін басқа да кірістер;

2) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) мұнай секторының ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) мүлікті жария еткені үшін алым;

6) мұнай секторының ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

Мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан республикалық бюджетке түсетін түсімдер болып табылады.

Мыналар республикалық бюджетке түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады:

1) облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінен түсетін трансферттер;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін кепілдендірілген трансферт;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін нысаналы трансферт.

Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, үкіметтік қарыздарды өтеуден түсетін түсімдер республикалық бюджетке есепке жатқызылады.

4. Мыналар облыстық бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, келіп түскен салықтық аударымдардың елу пайызынан аспайтын мөлшерде облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;

3) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

4) қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) жерүсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

6) орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым;

8) өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

9) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;

10) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем.

Мыналар облыстық бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

облыстық коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

облыстық коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне төленетін кірістер;

облыстық коммуналдық меншіктің мүлкін жалға беруден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

уақытша бос бюджет ақшасын депозиттерге орналастырудан алынған сыйақылар;

облыстық коммуналдық меншіктен түсетін басқа да кірістер;

2) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) жер қойнауын пайдаланушылардың облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдары;

6) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектілер операторларынан түсетін түсімдер;

7) мұнай секторының ұйымдарынан және салық салу саласындағы құқық бұзушылықтардан түсетін түсімдерді қоспағанда, сот орындаушылары, сот

приставтары және сот төрағасы немесе сот отырысында төрағалық етуші уәкілеттік берген соттардың басқа да қызметкерлері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

8) облыстық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша облыстық бюджетке негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады.

Мыналар облыстық бюджетке түсетін трансферттер түсімдері болып табылады:

- 1) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден түсетін трансферттер;
- 2) республикалық бюджеттен түсетін трансферттер.

Облыстық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, облыстық коммуналдық меншіктегі мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қарыздарынан түсімдер облыстық бюджетке есепке жатқызылады.

5. Мыналар республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) жеке табыс салығы;

2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, корпоративтік табыс салығы;

3) әлеуметтік салық;

4) жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

5) жер салығы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) бірыңғай жер салығы;

7) көлік құралы салығы;

8) мыналарға салынатын акциздер:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектігі бар адамдарға арнайы жасалған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанолаға, мұнай еріткішке, жеңіл көмірсутектер қоспаларына және экологиялық отынға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9) жерүсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

10) орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы;

12) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;

13) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

14) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым);

15) жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

16) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

17) республикалық бюджетке есепке жатқызылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж;

18) жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін алым;

19) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

20) сыртқы (көрнекі) жарнаманы республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

21) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым;

22) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем.

Мыналар республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

республикалық маңызы бар қала, астана әкімдіктерінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінен түсетін түсімдер;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне төленетін кірістер;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

уақытша бос бюджет ақшасын депозиттерге орналастырудан алынған сыйақылар;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары;

б) шетелдіктер үшін туристік жарналар;

7) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектілер операторларынан түсетін түсімдер;

8) мұнай секторының ұйымдарынан және салық салу саласындағы құқық бұзушылықтардан түсетін түсімдерді қоспағанда, сот орындаушылары, сот приставтары және сот төрағасы немесе сот отырысында төрағалық етуші уәкілеттік берген соттардың басқа да қызметкерлері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

9) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

Мыналар республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады.

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен берілген кредиттерді өтеуден, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыздарынан түсетін түсімдер республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің есебіне жатқызылады.

6. Мыналар аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке не нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, келіп түскен салықтық аударымдардың кемінде елу пайызы мөлшерінде облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;

3) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығын қоспағанда, жеке және заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы;

5) жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендердің жерлеріне және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

6) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралы салығын қоспағанда, көлік құралы салығы;

7) мыналарға салынатын акциздер:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектігі бар адамдарға арнайы жасалған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, мұнай еріткішке, жеңіл көмірсутектер қоспаларына және экологиялық отынға;

8) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

9) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым);

10) жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

12) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

13) жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін алым;

14) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

15) республикалық бюджетке есепке жатқызылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақтың екінші бөлігін алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Бірыңғай жер салығы облыстық маңызы бар қаланың бюджетіне түсетін салықтық түсім болып табылады.

Мыналар аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне төленетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар;

5) жер қойнауын пайдаланушылардың облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдары;

6) шетелдіктер үшін туристік жарналар;

7) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

Мыналар аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін немесе аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

Облыстық бюджеттен және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен берілетін трансферттер аудандық (

облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарыздарынан түсетін түсімдер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің есебіне жатқызылады.

7. Мыналар аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке не нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

2) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығы;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) бірыңғай жер салығы;

5) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралы салығы;

6) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы.

Мыналар аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлесіне төленетін кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

Мыналар аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілетін трансферттер аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады.

8. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің

бюджеттік бағдарламаларын мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітеді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарымен келісу бойынша бекітілетін бюджеттік бағдарламаларын қоспағанда, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

Жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер немесе кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері нысаналы трансферттерді немесе кредиттерді аударатын жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісімен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітеді (қайта бекітеді).

Республикалық немесе облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін немесе кредиттерді беруге бағытталған бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаларын бекітілген (қайта бекітілген) күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының назарына жеткізеді.

Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін немесе кредиттерді беруге бағытталған бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаларын бекітілген (қайта бекітілген) күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының назарына жеткізеді.

Бюджеттік бағдарламалар бюджетті нақтылау немесе түзету кезінде олардың қаржыландыру көлемі мен нәтижелер көрсеткіштері өзгерген жағдайда, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша қайта бекітіледі.

Бюджеттік бағдарламаларға осы Кодексте айқындалған жағдайларда және тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

9. Бюджеттік өтінім шығыстар көлемін негіздеу үшін кезекті жоспарлы кезеңге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жасайтын құжаттардың жиынтығын білдіреді.

Бюджет шығыстары базалық шығыстар және жаңа бастамаларға арналған шығыстар болып бөлінеді.

Тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар, сондай-ақ басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестицияларға және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қабылданған мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауға арналған шығыстар базалық шығыстар болып табылады.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді орындауға және мемлекеттік қызметтерді көрсетуге, трансферттерді төлеуге және мемлекеттің басқа да міндеттемелеріне байланысты шығыстар тұрақты сипаттағы шығыстар болып табылады.

Жаңа бастамаларға арналған шығыстарға:

кейіннен жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес жалпыұлттық басымдықтардың жаңа бағыттарын іске асыруға;

макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және бұрыннан бар бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көлемін кеңейтуді) көздейтін базалық шығыстарды ұлғайтуға бағытталған шығыстар жатады.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымға нысаналы аударымға бағытталған бюджеттік бағдарлама бойынша бюджеттік өтінімге есеп-қисаптар мен негіздемелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі мен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұсынады.

10. Дербес білім беру ұйымдарының қызметіне және (немесе) қордың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын коммерциялық емес ұйымға тек қана дербес білім беру ұйымдары мен олардың ұйымдарының қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін бюджеттен төленетін өтеусіз және қайтарымсыз төлемдер нысаналы салым болып табылады.

Нысаналы салым Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған мақсаттарға бағытталады.

Дербес білім беру ұйымдары мен олардың ұйымдары және қордың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын коммерциялық емес ұйым нысаналы

салымды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын нысаналы салымның пайдаланылуы туралы есептілікті тоқсан сайын қалыптастырады және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне ұсынады.

Нысаналы салымның пайдаланылуы туралы есептілікті жасау тәртібін, оны ұсыну нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ нысаналы салымды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері – орталық салалық мемлекеттік органдар айқындайды.

Нысаналы салымды пайдалану туралы ақпарат жариялануға жатады.

11. Халықаралық қаржы орталығының органдары мен олардың ұйымдарының, сондай-ақ қатысушыларының қызметі үшін жағдайды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйымға республикалық бюджеттен төленетін, тек қана ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға, органдар мен олардың ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге және қаржыландыруға арналған өтеусіз және қайтарымсыз төлемдер нысаналы аударым болып табылады.

Халықаралық қаржы орталығының органдары мен олардың ұйымдарының, сондай-ақ қатысушыларының қызметі үшін жағдайды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйым тек қана ұзақ мерзімді активтерді сатып алу, органдар мен олардың ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және қаржыландыру үшін нысаналы аударымды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын нысаналы аударымның пайдаланылуы туралы есептілікті тоқсан сайын қалыптастырады және бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұсынады.

Нысаналы аударымның пайдаланылуы туралы есептілікті жасау тәртібін, оны ұсыну нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ нысаналы аударымды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері – орталық салалық мемлекеттік органдар айқындайды.

Нысаналы аударымның пайдаланылуы туралы ақпарат республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі және жариялануға жатады.

Халықаралық қаржы орталығының органдары мен олардың ұйымдарының, сондай-ақ қатысушыларының қызметі үшін жағдайды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйымның басшысы тек қана органдар мен олардың ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және қаржыландыру үшін, дербес білім беру ұйымдары мен олардың ұйымдарының басшылары және қордың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын коммерциялық емес ұйым:

мемлекеттік органдардың даму жоспарларында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларында, іс-шаралар жоспарларында, сондай-ақ дербес

білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларында және (немесе) тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларында айқындалған нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу;

бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) есеп-қисаптардың негізділігі мен анық болуы, бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) ұсынудың толық әрі уақтылы болуы;

бюджет қаражаттарының пайдаланылуы туралы есептердің негізділігі мен анық болуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

12. Республикалық бюджеттен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтердің көрсетілгеніне ақы төлеу үшін;

2) "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналар төлеуден босатылған Қазақстан Республикасының азаматтары үшін мемлекеттің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналары түрінде;

3) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу үшін берілетін өтеусіз және қайтарымсыз төлемдер нысаналы жарна болып табылады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның даму жоспарында айқындалған нысаналы жарна нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Нысаналы жарнаны салуға бағытталған бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен нысаналы жарнаның пайдаланылуы туралы есептерді қалыптастырады.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган нысаналы жарнаның пайдаланылуы туралы есептілікті жасау тәртібін, оны ұсыну нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ нысаналы жарнаны пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

Нысаналы жарнаны пайдалану туралы ақпарат жариялануға жатады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басшысы, тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері:

мемлекеттік органдардың даму жоспарларында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларында, іс-шаралар жоспарларында және (немесе) тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларында айқындалған нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу;

бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) есеп-қисаптардың негізділігі мен анық болуы, бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) ұсынудың толық әрі уақтылы болуы;

бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы есептердің негізділігі мен анық болуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

13. Міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарлары, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарлары осы Кодексте белгіленген тәртіппен әзірленеді, бекітіледі және өзгертілуге жатады.

14. Түсімдер бойынша бюджеттерді атқару, міндеттемелерді қабылдау, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру, бюджет қаражатының 2025 жылғы 1 қаңтардағы қалдығын пайдалану, 2025 жылы бюджеттерді нақтылау, секвестрлеу және түзету, мониторингтеу осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

15. 2025 жылы республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау, түзету және атқару кезінде:

1) осы Кодекстің 15-бабы мынадай редакцияда қолданылады:

"Барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың мекемелерінің, сондай-ақ күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың шығыстары мынадай бюджеттік бағдарламалар:

мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді орындауға, трансферттер беруге және күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бір бюджеттік бағдарлама;

бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының бір өзіндік ерекшелігі бойынша көрсетіле отырып, бір функционалдық топ бойынша сыныпталады.

Арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен олардың мекемелерінің жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға арналған шығыстары шығыстардың экономикалық сыныптамасының бір өзіндік ерекшелігі бойынша көрсетіле отырып, күрделі шығыстар мен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған шығыстарды қоспағанда, бір функционалдық топ бойынша, мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді орындауға бағытталған бір бюджеттік бағдарлама бойынша сыныпталады.";

2) республикалық бюджеттің шығыстары бойынша осы Кодекстің 30-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады:

"қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің қызметін ұйымдастыру және камтамасыз ету";

3) республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыстары бойынша осы Кодекстің 31-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады:

"3) қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік";

4) облыстық бюджеттің шығыстары бойынша осы Кодекстің 32-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады:

"3) қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік".

16. 2025 қаржы жылында республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау, түзету және атқару осы Кодекстің 36-бабы 4, 5 және 6-тармақтарының, 37-бабы 4, 5, 6 және 7-тармақтарының, 38-бабының, 48-бабы 1-тармағы үшінші абзацының және 3, 4 және 5-тармақтарының, 70-бабы 3-тармағы он үшінші бөлігінің, 79-бабы 1-тармағы төртінші бөлігінің, 4, 5 және 6-тармақтарының, 83-бабы 3-тармағы үшінші бөлігінің, 148-бабы 8-тармағы бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, оныншы, он бірінші, он екінші және он үшінші бөліктерінің, 149-бабы 6-тармағы екінші абзацының ережелері қолданылмай жүзеге асырылады.

Ескерту. 168-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

169-бап. 2024 және 2025 қаржы жылдарындағы республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық есептерді жасау ерекшеліктері

1. 2024 және 2025 жылдардағы республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық есеп мынадай бөлімдерден тұратын бюджет құрылымы бойынша жасалады:

1) кірістер:

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

трансферттер түсімдері;

2) шығындар;

3) таза бюджеттік кредиттеу:

бюджеттік кредиттер;

бюджеттік кредиттерді өтеу;

4) қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо:

қаржылық активтерді сатып алу;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер;

5) бюджет тапшылығы (профициті);

6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті)

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):

қарыздар түсімі;

қарыздарды өтеу;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары.

2. 2024 және 2025 қаржы жылдарындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп:

1) республикалық бюджет туралы заңға қосымшаларға сәйкес республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді білдіретін тиісті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептен;

2) түсімдер бойынша, шығыстар бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есептен тұрады.

Республикалық бюджеттің шығыстары жөніндегі талдамалық есепте бюджет қаражатымен және бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштерімен өзара байланыста мемлекеттік органның даму жоспары мақсаттарының іске асырылуы мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу және бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуы туралы ақпарат қамтылады.

Мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша талдамалық ақпарат нәтижелер көрсеткіштері көрсетілген бюджеттік бағдарламалар бойынша көрсетіледі.

3) түсіндірме жазбадан;

4) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктен тұрады.

3. 2024 және 2025 қаржы жылдарындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп:

1) жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне қосымшаларға сәйкес жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді білдіретін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептен;

2) түсімдер бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есептен тұрады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есепте облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторларына, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелері көрсеткіштеріне қол жеткізу, бөлінген бюджет қаражатының игерілуі, бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуы туралы ақпарат қамтылады;

3) түсіндірме жазбадан;

4) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктен тұрады.

4. 2024 және 2025 қаржы жылдарындағы республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық есеп қосымшаларымен бірге осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жасалады, осы Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады, қаралады және бекітіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

170-бап осы Кодекстің 172-бабының 4-тармағына сәйкес 31.12.2027 дейін қолданылады.

170-бап. Блоктық бюджеттеу

Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджет заңнамасын жетілдіру мақсатында блоктық бюджеттеуді көздейтін пилоттық жобаны іске асыруды жүзеге асыруға (ендіруге) құқылы.

Блоктық бюджеттеу – бюджет процесінің ерекше пилоттық тәртібі, оның негізгі қағидаттары:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің үшжылдық кезеңге арналған шығыстарының тұрақты лимиттерін белгілеу;

2) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне шығыстардың белгіленген тұрақты лимиттері шеңберінде өз шығыстарын дербес жоспарлау және бірінші басшылардың жауапкершілігін күшейте отырып, мемлекеттік органның немесе жергілікті атқарушы органның мақсаттары мен міндеттерін жедел шешу үшін бөлінген бюджет қаражатын пайдалану, оның ішінде бөлу немесе қайта бөлу құқығын беру болып табылады.

Блоктық бюджеттеуді іске асыру (ендіру) қағидаларын және блоктық бюджеттеуге қатысатын мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Осы Кодекстің ережелері блоктық бюджеттеуді іске асыру (ендіру) қағидаларында белгіленетін ерекшеліктер ескеріле отырып, блоктық бюджеттеуге қатысатын мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар үшін қолданылады.

33-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

171-бап. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

172-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Кодекс:

1) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 135-бапты;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 40-баптың 3-тармағының бесінші абзацын, 47-баптың 2-тармағының 5) тармақшасын, 54-бапты, 73-баптың 2-тармағының екінші бөлігін, 90-баптың 2-тармағының 3) тармақшасын, 130-баптың 6-тармағының 2) тармақшасын, 133-баптың 2-тармағын;

3) 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 71-баптың 1-тармағының 12) тармақшасын, 87-баптың 2-тармағын, 121-баптың 5-тармағы 3) тармақшасы үшінші бөлігінің сегізінші абзацын қоспағанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Кодекстің 102-бабы 1-тармағының қолданысы 2025 жылғы 1 шілдеге дейін тоқтатыла тұрсын:

1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 сәуірге дейін осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Ғылым, білім беру, дене шынықтыру және спорт, сұрыптарды сынақтан өткізу, ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларында мемлекеттік мекемелер, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету саласында арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының мемлекеттік мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік мекемелері, мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар және мемлекеттік архивтер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджетке есепке жатқызылуға тиіс.";

2) 2025 жылғы 1 сәуірден бастап 2025 жылғы 1 шілдеге дейін осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Ғылым, білім беру, дене шынықтыру және спорт, сұрыптарды сынақтан өткізу, ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларында мемлекеттік мекемелер, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету саласында арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының мемлекеттік мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік мекемелері, мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар және мемлекеттік архивтер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік мекемелердің

тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджетке есепке жатқызылуға тиіс."

3. Осы Кодекстің 83-бабы 3-тармағының бірінші және екінші бөліктері 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады деп белгіленсін.

4. Осы Кодекстің 170-бабы 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады деп белгіленсін.

5. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасы оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде оған сәйкес келтірілуге тиіс.

6. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 172-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ